

**БЕРКИНБАЕВА ГУЛЬЗАТ ОНГАРБЕКОВНА**

**Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының  
диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі**

6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:

п.ғ.д., доцент Даулетбекова Ж.Т.

ф.ғ.к., доцент Исаева Ж.И.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

доктор, профессор Юджел Гелишли

(Гази Университеті, Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы  
Түркістан, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	6
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 ДИАЛОГТІК СӨЗ МӘДЕНИЕТІН МЕҢГЕРТУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	17
1.1 Диалогтік сөзді оқытудың лингвистикалық негіздері .....	17
1.2 Диалогтік сөз мәдениетінің тілдік тұлғаны қалыптастырудағы рөлі.....	35
1.3 Диалогтік сөз мәдениетін меңгерудің философиялық қағидалары.....	47
1.4 Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері .....	53
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	70
<b>2 ДИАЛОГТІК СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ</b> .....	72
2.1 Жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгерудің қазіргі жайы .....	72
2.2 Диалогтік сөз мәдениетін оқытудың ерекшеліктері .....	82
2.3 Жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде интерактивтік әдістерді пайдалану жолдары.....	104
2.4 Диалогтік сөз мәдениет түрлерін меңгерудің тәжірибелік эксперименттік жүйесі.....	126
Екінші тарау бойынша тұжырым.....	151
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	153
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	155
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	164

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

1. Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы// Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030>

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілде№ 319-III Заңы (ҚР 14.07.2022ж. №141-VII сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы// Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

4. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

6. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-қазақ тілі бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы //Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

7. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы //Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған.

**Бейвербалды коммуникация** – диалогтік қарым-қатынас жағдайында ақпаратты жеткізу үшін ым-ишара, мимика және басқа да тілдік емес құралдарды қолдану.

**Бейімделу:** жаңа жағдайлар мен ортаға сай өзгеру қабілеті.

**Бейіндік мектеп** – жалпы орта білімнің білім беру оқу бағдарламасын іске асыратын оқу орны. Бұл педагогикалық және әлеуметтік жұмыстардың жаңа технологияларын енгізетін және оқушылардың таңдаған саласы бойынша кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізуді іске асыратын бірегей алаң.

**Белсенді тыңдау**- өзара түсіністікті қамтамасыз ету үшін сөйлеушіге толық назар аударуды, нақтылау сұрақтарын қоюды және айтылғандарды қайталауды қамтитын мұқият тыңдау түрі.

**Білім берудегі 4К** – білім берудегі қажетті икемді дағдылар жиынтығы: сыни ойлау (critical thinking); креативтілік (creativity); коммуникация (communication); ынтымақтастық (топтық/жұптық жұмыстарды үйлестіру/ coordinating with others)

**Диалог** - өзара құрметпен, белсенді тыңдаумен және әртүрлі көзқарастардан үйренуге ашықтықпен сипатталатын екі немесе одан да көп адамдар арасындағы әңгіме немесе пікір алмасу.

**Дискурс** - адамдардың ойлауы мен қарым-қатынасын қалыптастыратын белгілі бір контексте немесе мәдениетте қолданылатын тіл мен қарым-қатынас үлгілері.

**Коммуникативтік құзіреттілік** – сөйлеу және тыңдау қабілетін қоса алғанда, тиімді қарым-қатынас жасау үшін тілді пайдалана білу қабілеті.

**Конструктивті қатынас** - реципиенттің жұмысын немесе мінез-құлқын жақсартуға көмектесу ниетімен берілетін кері байланыс.

**Көшбасшылық** - ортақ көзқарасқа немесе мақсатқа жету үшін басқаларды шабыттандыру және бағыттау қабілеті.

**Қатысымдық стратегия** – сөйлеушінің қарым-қатынаста мақсатқа жету үшін тілдік және кейбір тілдік емес құралдарды таңдау тәсілі.

**Қақтығыстарды шешу** - жанжалдар мен келіспеушіліктерді сындарлы және құрметпен шешу мүмкіндігі.

**Қарым-қатынас** (Коммуникация): ауызша, жазбаша және вербалды емес құралдар арқылы ақпаратты тиімді жеткізу және қабылдау қабілеті.

**Мағына** – форманың мазмұны, оның ішкі сипаты.

**Мәдениет** - адамзат баласының өмір сүру кезеңдеріндегі іс-әрекетінен және олардың материалдық, рухани байлықты жасауынан көрініс табатын қоғам мен адамның тарихи даму дәрежесі.

**Өзара түсіністік** - белсенді тыңдау, сыйластық қарым-қатынас және әртүрлі көзқарастардан үйренуге дайын болу арқылы қол жеткізілетін екі немесе одан да көп адамдар арасындағы ортақ түсіністік.

**Проблемаларды шешу** - мәселелерді анықтау, талдау және тиімді шешу

**Сыни тұрғыдан ойлау** - бұл негізделген шешімдер қабылдау және мәселелерді шешу үшін ақпаратты талдау, бағалау және синтездеу

**Топтық жұмыс** - ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп жұмыс істеу әрекеті.

**Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары** басқалармен жағымды қарым-қатынас құру және оны сақтау қабілеті.

**Ұғым-** объективті нақты нәрселерді және олардың қасиеттерін керсететін абстрактілі ойлау формаларының бірі.

**Шығармашылық (Креативтілік)** - бұл қораптан тыс ойлау, жаңа идеяларды тудыру және оларды жаңа тәсілдермен қолдану қабілеті.

**Ынтымақтастық** - бұл ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен тиімді жұмыс істеу қабілеті.

**Ынтымақтастықпен оқыту** - оқушылар мен білім алушылар мен тәрбиешілер арасындағы диалогтің, өзара әрекеттестіктің және ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсететін оқу тәсілі.

**Эмоционалды интеллект** - өзінің, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын тану және басқару қабілеті.

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР ОАМ – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖББМ – жалпы білім беретін мектептер

ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу

ЭС – эксперименттік сыныбы

БС – бақылау сыныбы

UCL - University college London (Лондон университеті колледжі)

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қазіргі білім кеңістігінде өзінің қабілет-қарымын толыққанды пайдалана алатын, өзгермелі өмір жағдайында саналы әрі дұрыс таңдау жасай алатын тұлғаны тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр. Жастардың өмірде өз орнын тауып, әл-ауқатын жақсартуы қоршаған ортадағы тұлғааралық қарым-қатынастарда сауатты әрі мәдени байланыс жасай алуына, өз ойын жүйелі жеткізуіне, көзқарасын дәйектей алуына байланысты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1]. Сондықтан оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту, жалпы сөйлеу мәдениетін көтеру қоғамның мектептегі білім беруге қойып отырған негізгі талаптарының бірі болып табылады. Білім беру саласындағы саясаттың басты мақсаты білім алушыларды қазіргі әлемнің өзгермелі талаптарына дайындау және оларға болашаққа бейімделуге және табысқа жетуге мүмкіндік беретін қажетті білім, білік және іскерліктерді дамыту қарастырылған. Бұл тұжырымдаманың маңызды аспектісі түлектердің қазіргі нарықтың қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес келетін өзекті дағдылар мен қабілеттерге ие болуын қамтамасыз ету үшін білім беру мен еңбек нарығы арасындағы байланысты нығайту көзделген.

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауында еліміздің жағдайын жақсартудың негізгі басымдықтарын анықтап, мемлекетіміздің мәңгі жасауының басты міндеті – білімді, ақыл-парасаты жоғары, мәдени дүниетаным өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу екендігін атап өтеді [2]. Алға қойған міндеттерді орындаудың құқықтық негіздері келесі құжаттардың мазмұнымен сәйкестендірілген: Қазақстан- 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы [3], негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (МЖМБС) [4], Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [5], «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы [6] мен тағы да басқа нормативтік құжаттар.

Қоғамдық дамуға қадам басқан өскелең ұрпақ еліміздің болашақ дінгегі десек, сол дінгек тұрақты да берік, мықты болуы үшін жаһандану кезеңінде ұлттық иммунитеті бекем, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үрдісі арнаулы және орта мектептерден бастау алады. ХХІ ғасырда қарқынды даму үстіндегі өзгермелі дүниеде өмір сүретін тұлғаға қажетті басты құзіреттіліктерді үздіксіз білім беру жүйесінде нақтылап, білім мазмұнына сынамалап енгізу қажеттігі Қазақстан халқына арналған Жолдауда көрініс тапты. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және топ

ішінде жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Білім беру жүйесінің алдына мұндай мақсат қоюға 2016 жылы Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумының басшысы Клаус Швабтың Төртінші технологиялық революцияның басталғанын мәлімдегені негіз болды [7]. Бұл келешек мамандардың кешенді міндеттерді шеше алу, сыни ойлау, шығармашылық тұрғыдан ойлау, адамдарды басқару, топта жұмыс істеу, өзінің және өзге адамдардың эмоциясын тани білу, көзқарастарды талдау мен шешім қабылдау, тұтынушының ыңғайын табу, келіссөздер жүргізе алу дағдыларын меңгеруі қажет деген сөз. Аталған дағдыларды «Икемді дағдылар» – «Soft Skills» деп атау қабылданған. Білім саласының мамандары Давоста қабылданған он дағдыны төртке дейін қысқартып, оған «Білім берудегі 4К моделі» деген атау берілді:

1. Сыни ойлау (Critical Thinking);
2. Креативтілік (Creativity);
3. Коммуникативтілік (Communication);
4. Үйлестіру (топтық/жұптық жұмыстарды үйлестіру/ Coordinating With Others) [8].

Осының барлығы балалардың мектеп қабарғасынан бастап өзгелермен мәдени қарым-қатынас жасауын талап етеді. Оқушылардың диалогтік, полилогтік сөз мәдениетін меңгеруіне түрткі болады.

Бүгінгі технологиялық ғаламда дүниенің мәнін жете түсінбей, сол қалпында қабылдау тенденциясының өріс алуы жалпы мәдениеттің, соның ішінде сөйлеу мәдениетінің төмендеуіне де әсер етіп отыр. Оқушылардың басым бөлігінің өмірінде технология жетістіктері: компьютер мен ұялы телефондардың маңызды орын алатыны жасырын емес. Олардың оқушы интеллектісінің дамуы мен өмірлік қажеттіліктерді өтеудің құралы ретінде рөлін жоққа шығаруға болмайды, дегенмен оқушының өзін қоршаған адамдармен шынайы қарым-қатынас жасауына, өзінің ішкі жан-дүниесімен бөлісуіне, өзгемен ашылып сөйлесуіне, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруіне тосқауыл болатыны шындық. Оқушылар арасында кітап оқу деңгейі бұрынғыдан да төмендеп, ғаламторда сленгтермен сөйлесудің және оны ойын ойнаудың құралы ретінде пайдаланумен шектелу орын алуда. Сол себепті сөйлеу мен қатысымдық мәдениетті жетілдіру оқушының өмірлік қажеттілігіне сай келмей отыр.

Қазақ тілін оқытудың қатысымдық бағыты оқушылардың ана тілінде дұрыс сөйлеу білігі мен дағдысын қалыптастыру мақсатымен сипатталады. Осыған орай тіл мен оның заңдылықтарының сөйлеудегі қызметін меңгертуді көздейтін, яғни ұсынылатын материалды (білім мазмұнын) әрекетке (сөйлеуге) негіздеп беруді мақсат тұтатын сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу ана тілін оқытудың негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Қазақ тілі сабақтарында оқытудың тиімділігін арттыратын, оқушыларды қарым-қатынасқа, сөйлеуге ынталандыратын мазмұнды іріктеу аса маңызды. Бұның барлығы қазақ тілін оқытудың әдіснамалық бағыты ретінде функционалдық-қатысымдық аспектіні жүйелі түрде іске асыруды қажет етеді.

Жаһандану жағдайында болып жатқан өзгерістер, әлемдік өркениеттегі ғылыми-технологиялық жетістік нәтижелері білім беру жүйесінде білім



алушыларға тек ғылыми мәлімет қана беріп немесе оған керекті дағдыны ғана меңгертумен шектелмей, бұған қоса жеке тұлғаның жан-жақты жетілуіне қажетті жүйелі жұмыстарды жүзеге асыруды талап етуде. Мұндай міндеттемелердің білім беру ісінде әдістемелік жұмыстарды жетілдіру маңызды. Заманауи әдістеме саласында білім беру ордалары мен білім жетілдіру орталықтарында тәрбиеленушілердің бойында қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасуға қажетті білім мен тәрбие берудің жаңа әдіснамасын қарастырып, тәжірибеге ендіруде. Адамдардың жеке байланысы, өзара әрекеттесуі тіл арқылы орындалады десек, сол тілдің көмегімен сан алуан мәдениеттердің үйлесім табуы диалог арқылы жүзеге асады. Тіл жеке адамдардың байланыс жасау құралы ғана емес, ол – барлық ұлттың дәстүрлі тарихи мәдениетін жеткізуші көп қырлы, сан сырлы қарым-қатынас құралы. Сондықтан да «тіл мен мәдениет» ұғымы ерте заманнан көптеген оқымыстылар мен ғалымдардың қызығушылығын тудырып, зерттеудің ғылыми нысанына айналған. Әр түрлі көзқарастағы жекелеген пікірталастардың пайда болғанына қарамастан, бұл тақырып аясына қатысты зерттеулердің саны ұлғайып келеді. Мұндай зерттеу жұмыстарын түрлі саланың маман иелері: тілтанушылар, лингвистер, мәдениет зерттеушілері, ұлттық тілді өзге тілді аудиторияда оқытатын оқытушы-әдіскерлер де жүргізуде. Зерттеу жұмысымыздың нысаны «диалогтік сөз мәдениеті» екендігін ескерсек, «тіл мен мәдениет» мәселесі зерттеудің негізгі бастама тұжырымы ретінде қарастырылатыны орынды. Диссертация тақырыбын «сөйлесу мәдениетін қалыптастыру» немесе «әңгімелесу мәдениетін қалыптастыру» деп атауға қарағанда, «диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру» деп алу ғылыми тұрғыдан әлдеқайда ұтымды, әрі зерттеу мазмұнын толық ашып, оған нақтылық береді.

Франциядағы Тур Университетінің ғалымдары Meunier F. және Granger S.-тің еңбегінде «...диалог тілді үйренудің маңызды құралы, өйткені ол білім алушыларға оқылатын тілде шынайы, мазмұнды қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді. Диалог барысындағы әр түрлі көзқарастар мен сан қилы пікірлердің ескерілуі маңыздылыққа ие» деп көрсетілсе [9], Л.Выготскийдің білім беру үлгісі бойынша «оқушы диалогтік байланыс арқылы білімін жетілдіреді» деп тұжырымдалған [10]. Яғни оқу үдерісінде өздері бір-бірімен және мұғалімдермен диалогке түсіп, өзара әрекеттескен жағдайда ғана оқушыларға білім мен біліктерді меңгеру жеңіл болады. Солай бола тұра, бүгінгі күнге дейін жоғары сынып оқушыларына, жалпы мектепте диалогті оқыту ғылыми тұрғыда зерттелмеген, жеке мәселе ретінде қарастырылмаған, сол себепті оны оқытудың әдістемесі де жасалмаған.

Қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері қоғамның мектеп түлектеріне қойып отырған ана тілін жетік білу, өзінің қажеттілігіне сай қолдану керек деген талаптарымен үндестікте айқындалады. Оқыту әдістемесінде бұл талап көп жағдайда нормативтік, стильдік, сөзді эстетикалық талаптарға сай қолдану біліктерімен шектеліп жататыны жасырын емес. Дегенмен ана тілін жетік меңгеру талабының аясына сөздің мазмұндылығы, жүйелілігі, дискурстік, танымдық және прагматикалық қызметтері де енетінін естен шығармауымыз керек.

Өзінің талқылап отырған мәселесі жөніндегі ақпаратты жеткілікті деңгейде меңгергенде ғана сөйлеушінің сөзі тыңдаушының қызығушылығын тудырып, қабылдауға жол ашады. Өтіліп жатқан тақырыпқа байланысты сөйлеудің формалары, диалогтік сөздің тектері мен түрлерін меңгерту жоғарыда аталған оқыту стратегиясына қол жеткізу үдерісінің негізгі қадамы болуы тиіс.

Қазіргі қолданыстағы 10-11-сыныптарға арналған қазақ тілі оқулықтарының білім мазмұнында осы аталған аспектілерді жүйелі түрде іске асыруға жете көңіл бөлінбеген. Ал диалогтік сөз мәдениетін оқыту оқушылардың коммуникативтік мақсатына сай шынайы өмір жағдайларында өздерінің танымдық, тілдік, аялық білімі мен тұлғалық қарым-қатынас мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ана тіліндегі фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жүйелер арқылы сөйлеу тіліне машықтанып, диалогке түсу әрекетін жетілдіреді.

Жалпы ұлттық оқу-ағарту жүйесінде диалогтік сөйлеу мәдениетін зерттеу маңыздылығы бойынша біршама еңбектер жарыққа шыққан. Бірақ қазақ тілін оқытуда диалогті оқыту, соның ішінде диалогтік сөз мәдениетін оқыту арқылы тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселесі ана тілін оқыту әдістемесінде зерттеу нысаны ретінде зерделенбеуі бұл мәселенің ғылыми-теориялық тараптан алғанда да көкейкесті екендігін айқындайды. Зерттеудің ғылыми-әдістемелік бағытында орындалған тілді оқытудың озық әдістемелік үлгілерін сұрыптай отырып, 10-11-сынып бейіндік мектеп оқушыларына диалогтің тектері мен түрлерін оқыту арқылы диалогтік сөз мәдениетін жетілдірудің таңдаулы жолдарын анықтау қажеттілігімен дәйектеледі. Жалпы білім беретін мектептің (ЖББМ) жоғары сыныптарында қазақ тілін оқыту әдістемесінде диалогтік сөздің тектері мен түрлерін меңгертудің маңызы ерекше. Диалог – күнделікті өмірдің шындығы. Диалог – танымдық үдеріс барысында көздеген нәтижеге бір-бірімен сәйкес келе бермейтін түрлі көзқарастар, қатынастар, өзара ұштасатын бағыттарды бір арнаға тоғыстыратын прогрессивтік қарым-қатынастың түрі. Білім алу үрдісінде үйретуші мен үйренуші, мұғалім мен білім алушы арасында айтылған диалог білім алушылардың танымдық қызметін арттырып, білімге құштарлығын оятады.

Диалогтің тектері мен түрлерін оқыту мәселесін алғаш көтерген әдіскер-ғалым – Ж.Дәулетбекова. Ғалымның «Сөйлей білу – өнер» [17] атты құралында білім алушыларға диалогті меңгерту теориялық және практикалық тұрғыдан жүйеленіп берілген. Дегенмен диалогті оқыту арнайы зерттеу нысаны ретінде алынбаған. Сондықтан бұл мәселе әлі күнге дейін өзекті болып саналады. Осыған байланысты жоғары сынып оқушыларына қазақ тілін оқытудың ақырғы нәтижесі дискурстік күзіреттілікке бағыттау екендігін ескерсек, оны жүзеге асырудың шешемі білім алушының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру арқылы пәннің стратегиялық бағдарын өзгерту және күнделікті өмір жағдайларында ана тілін жеке басы мен өз ұлтының дамуы үшін қолдана алатын тілдік тұлға тәрбиелеудің маңыздылығы біздің зерттеу жұмысымыздың *өзектілігін* айқындай түседі.

Жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың әлеуметтік қажеттілігімен, ана тілін оқытуда сөз мәдениетіне бағыттаудың жеткіліксіздігімен, сөйлеудің дискурстік сипатын меңгертуге арналған әдістемелік жүйенің әлсіздігімен анықталады.

**Зерттеу нысаны:** қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгерту үдерісі.

**Зерттеу пәні:** қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі.

**Зерттеу жұмысының мақсаты.** Жоғары сынып (10-11-сынып) оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін саралай отырып, диалогтік сөздің тектері мен түрлерін меңгертудің әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәйектеу.

Айқындалған мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей **зерттеу жұмысының міндеттерін** шешу көзделеді:

- 10-11-сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындау;
- лингвистикалық және педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбектердегі диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға қатысты тұжырымдарды зерделеу арқылы басым бағыттар мен ұстанымдарын анықтау;
- жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің тиімді әдістемесін жасау;
- диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің моделін ұсыну;
- диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға негізделген әдістемелік жүйенің тиімділігін эксперимент нәтижелері арқылы дәйектеу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер жоғары сыныпта қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері зерделеніп, әдістемелік жүйесі жасалса, онда өз болашағын дұрыс болжап, өзгелермен қарым-қатынасқа емін-еркін түсе алатын, әлеуметтік дағдылары қалыптасқан тілдік тұлға қалыптастыруға мүмкіндік кеңейеді, себебі диалогтік сөз мәдениетінің қалыптасуы арқылы ғана оқушының алған білімін әлеуметтік ортада кең қолдана алуына жол ашылады, оқу үдерісінде білім мен біліктің өзара бірлікте үйретілуі толық жүзеге асырылады.

Зерттеу барысында алға қойылған міндеттерді шешу жолында мынадай **зерттеу әдістері** қолданылды:

-теориялық: ғылыми-танымдық зерттеу әдістері (білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды зерделеу, зерттеу тақырыбы бойынша психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ғылыми-зерттеу еңбектеріне талдау, саралау, жинақтау);

- эмпирикалық: эксперимент арқылы білім алушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілдері мен әдістемелік жүйесін анықтау мақсатындағы әлеуметтік-педагогикалық әдістер (сауалнама, әңгімелесу, сұхбат, диагностикалық бақылау, педагогикалық тәжірибе, айқындаушы және

калыптастырушы эксперимент кезеңдерінің нәтижелерін талдау, модельдеу және т.б.).

**Зерттеудің әдіснамалық негіздеріне** диалогтік сөз мәдениетін оқыту бағыты бойынша (П. Якубинский [11], К.И.Саломатов [12], Р.Әмір [13], Ф.Ш.Оразбаева [14], Б.Ш.Мешімбаева [15], Ә.Әлметова [16], Ж.Т. Дәулетбекова [17]); сөз мәдениеті бағыты бойынша (М.Балақаев [18], Р.Сыздық [19]); коммуникативтік бағыт әдіснамасы (Л.С.Выготский [10], З.Қабдолов [20]); қазақ тілін оқыту әдістемесі (Т.Қордабаев [21], Т.Сайрамбаев [22], Ж.А.Манкеева [23], Н.М.Уәли [24]); күзіреттілік бағыт әдіснамасы (В.И.Красик [25], М.Л.Макаров [26], Б.Қалиұлы [27]); әрекеттік бағыт әдіснамасы (Х.Шунк [28], А.Н.Леонтьев [29]) саласындағы ғылыми-теориялық қағидалар мен ой-тұжырымдар алынды.

**Зерттеу көздері.** Философтар, психологтар, педагогтер мен әдіскерлердің, жоғары сынып мұғалімдерінің оқыту әдістемелеріне қатысты еңбектері, білім беру саясаты саласындағы нормативтік құжаттар:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- «Қазақстан-2050» даму стратегиясы;
- Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС;
- Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдаулары;
- Жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік білім беру стандарты (ЖББМ), типтік оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б. құжаттар;
- Мектеп оқулықтары, оқу-әдістемелік еңбектер, қазақ тілін оқыту мәселелері бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдар;
- үздік оқыту технологиялар бойынша ғылыми жұмыстар мен озық тәжірибелер талданды.

#### **Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері:**

*Бірінші кезеңде* (2016-2017) – зерттеу жұмысына сай зерттеу тақырыбы айшықталып, тақырыпқа байланысты философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектер талданды. Бейіндік мектепте қазақ тілін оқытуда оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру барысын анықтау мақсатымен бақылау эксперименті жүргізіліп, сабақтарға сараптама жасалып, мұғалімдер мен оқушылар арасында әңгіме құрып, сауалнама алу арқылы зерттеуге қатысты мәселелер анықталды; ғылыми жұмыстың мақсаты, пәні, міндеттері айқындалды; сондай-ақ зерттеудің қалыптастырушы эксперимент кезеңінде орындалуға тиіс тәжірибелік жұмыстардың материалдары іріктеліп, онымен эксперимент жүргізуге даярлық жасалды.

*Екінші кезеңде* (2017-2018) тілдерді оқыту әдіснамасына қатысты әлемдік ғылыми-әдістемелік еңбектерге, қазақ тілін меңгертудің даму жағдайына, пән мазмұнын оңтайландыру мәселесіндегі басты бағыттарға, бейіндік мектепте

қазақ тілін оқыту саласындағы алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерді үлгі ете отырып, қазақ тілінен оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі (оқыту мақсаты, білім мазмұны, оқыту әдіс-тәсілдері, заманауи технология түрлері, оқыту нәтижесі) қалыптастырушы эксперимент кезеңінде түгелдей дерлік сынақтан өткізілді.

*Үшінші кезеңде (2018-2023)* жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға қатысты эксперимент материалдары сұрыпталып, алынған сараптамалық нәтижелер тұжырымдалып, соңғы зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар жасалды. Оларды қазақ тілін оқыту үдерісіне енгізу бойынша ұсыныстар қабылданып, диссертациялық еңбек рәсімделді.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

1. Зерттеу қорытындылары бойынша жоғары сынып оқушыларына арналған «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау пәнін оқытудың әдістемелік моделі жасалып, келесі жүйе бірлігінде көрініс тапты:

– жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін оқытудың мақсаты мен міндеттері айқындалып берілді;

– «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау пәнінің білім мазмұны анықталды. Білім мазмұны екі модульден тұрады. I модуль: «Диалогтік сөз әдебі: теориясы мен қағидалары»; II модуль: «Диалогтік сөз тектері мен түрлері: қолданым мәдениеті»;

– диалогтік сөз мәдениетін оқыту ұстанымдары нақтыланды: кәсіби бағдарлылық ұстанымы, интерактивтік оқыту ұстанымы, креативтілік ұстанымы және т.б.;

– диалогтік сөз мәдениетін оқыту нәтижесінде оқушылардың әлеуметтік-қоғамдық ортада сыни және шығармашылықпен ойлау, коммуникативтілік, топта жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытудың тиімді әдістерінің моделі жасалды.

2. Интербелсенді әдіс түрлері сараланды:

– диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің тиімділігін арттыратын жаттығулар («ойшақыру», «Блум таксономиясы» деңгейлеріне негізделген жаттығулар, «шығармашылық шабыт», «еріксіз дебат», «сұхбат») және тапсырма түрлері («телеграмма», «тақырыптық теннис», «ойшыл қалпақтар», «инсерт» әдісі, «сөздер банкасы», «желпуіш» әдісі, «блиц кездесу») жүйеленді;

– диалогтік сөз мәдениетін оқытудың интерактивті әдістері мен технологияларының тиімділігі (коммуникативті, ізгілендіру, жобалау, тұлғалық бағдарлау, сыни ойлау, ақпараттық-сандық) эксперимент жүзінде дәлелденді.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары жоғары сыныптарда қазақ тілін оқыту теориясы мен әдіснамасын жетілдіріп, жандандыруға, пән мазмұнын жаңартуға мүмкіндік туғызады. Қазақ тілінен диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық құрылымын анықтауға, білім мазмұны мен оқытудың әдіс-тәсілдерін оңтайландыруға үлес қосады. Зерттеуден алынған қорытынды тұжырымдарын қазақ тілін оқытудың оқу-әдістемелік кешендерін құруда негізге алуға болады.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы.** Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық технологиялар бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері мен түсіндірмелері мұғалімдерге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға негіз бола алады. Зерттеуде ұсынылған инновациялық тәсілдер мен әдістемелерді енгізу арқылы мұғалімдер оқушылар үшін тартымды және интерактивті оқыту тәжірибесін құра алады. Зерттеу жұмысындағы жаттығуларды, тапсырмаларды, сабақ үлгілерін енгізу қазақ тілі сабағының сапасын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Бұл материалдар мұғалімдерге практикалық мысалдар мен стратегияларды жүйелендіре отырып, оларды оқушылардың тілдік дағдылары мен түсінуін арттыруға мүмкіндік береді.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

– «Қазақ тілі» пәнін оқытудың түпкі нәтижесі ретінде коммуникативтік мақсатқа сәйкес өз пікірін сауатты, жүйелі жеткізе алатын тілдік тұлғаны қалыптастырудың басты тетігі – білім алушының диалогтік сөз мәдениетін жетілдіру. Себебі диалогтік сөз мәдениетін меңгерген білім алушының әлеуметтік ортада өзгелермен тіл табыса алу дағдылары дамытылуымен қатар, олардың ойлау және сөйлеу қабілеттері, прагматикалық-коммуникативтік біліктері қатар шыңдалады;

– жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру білім сапасын арттырады. Бұл өз кезегінде диалогтік сөздің тектері мен түрлерін теориялық және практикалық-қолданымдық тұрғыдан арнайы оқытатын таңдау пәнін енгізуді қажет етеді. Таңдау пәні аясында өзара тығыз байланысты әдістемелік жүйеге негізделген тапсырмалар мен жаттығулар кешенін қамтамасыз ету арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізіледі;

– 10-11-сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріне сай диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың басты қағидалары заманауи білім беру жүйесінде өзекті саналатын, коммуникативтік, креативтік, сыни ойлау, өзара ынтымақтастықты ұштастыратын 4К моделі негізінде кешенді түрде жүзеге асырылады;

– «Қазақ тілі» пәнін оқытудың сапасын арттырудың негізгі шарты ретінде оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруды кәсіби-бағдарлылық ұстанымы, интерактивтік оқыту ұстанымы, креативтілік ұстанымдары негізінде ұйымдастыру тиімді. Өйткені диалогтік сөздің тектері мен түрлерін саналы меңгере отырып, оны өзінің болашақ мамандығымен байланыста қолдана білу, сөз тапқырлығына төселу, тосын да ұтымды сөз саптау амалдарын игеру оқушылардың мотивациясын арттырып, сөйлеу мәдениетін меңгеруге деген мүдделілігін тудырады;

– диалогтік сөз мәдениетін оқытуда жоғары сынып оқушыларының зияткерлік әлеуетін дамыту үшін тілді оқытудың маңыздылық, жаңашылдық, қарқындылық, қозғалыс факторлары ескерілуі қажет. Себебі бұл факторлар білім алушының әлеуметтік сұранымға сай қазақ тілін қолдану мәдениетін меңгеру мүмкіндіктерін кеңейтеді;

- 10-11-сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда оқытудың интерактивтік әдістерін қолдану тиімді. Оның ішінде «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегиялары маңызды рөл атқарады. Олар диалогтік сөз мәдениетін жетілдіруге ұтымды ықпал етеді: білім алушылардың сыни көзқарастарын дамытады, ұлттық ділін қалыптастырады, креативті ойлауы мен шығармашылық қабілетін, зияткерлік әлеуетін шыңдап, эмоционалдық интеллектісін күшейтеді.

### **Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:**

Зерттеу жұмысының жетекші идеясын жүзеге асыруға «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілде № 319-III Заңы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы және ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары негізгі тетік ретінде қарастырылып, оның «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісінде көрініс табуына негіз болды.

**Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар.** Диссертациялық зерттеудің мазмұны бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің саны – 16, оның ішінде Скопус базасында -1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 6, шетелдік ғылыми басылымдарда – 3, оқу құралы – 1. Зерттеудің негізгі нәтижелері бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Филология» факультетінің профессор-оқытушылары ғылыми-әдістемелік семинарларында (2016-2019), Түрік елі, Анталия қаласында өткізілген «Әлеуметтік ғылымдардағы инновациялар және жаһандық мәселелер» атты III конгресте (2018), Алматы қаласы, Абай атындағы ҚазҰПУ ұйымдастыруымен «Сөз мәдениеті: ғылым, білім, әдістеме» (2021) тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық семинарда, Көкшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов университетінде «Сөйлеу мен тілдегі сөз: филология ғылымындағы қазіргі зерттеу» (2023) атты VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «Globally Interconnected: New Opportunities And Challenges For Sustainable Development» (2023) атты IV халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция мен т.б. республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалар жасалды.

**Зерттеу базасы.** Жасалған әдістеме бойынша қазақ тілін оқыту Түркістан облысы Кентау қаласындағы №1 мектеп-гимназия, Фараби атындағы №14 мектеп-гимназия және А.С. Пушкин атындағы №6 орта мектептің 10-11-сынып оқушыларына жүргізілді.

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

*Кіріспе* бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі нақтыланып, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеті, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу көздері, ғылыми болжамы, әдіснамалық және теориялық негіздері айқындалып, ғылыми жұмыстың жаңалығы, теориялық әрі практикалық маңыздылығы тұжырымдалып, жүргізілген тәжірибелік жұмыстың кезеңдері мен зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылған басты қағидалар, сынақтан алынған мәліметтер мен зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар ұсынылды.

Диссертацияның «Диалогтік сөз мәдениеті түрлерін жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері» деп аталатын *бірінші тарауы* төрт тараушадан тұрады.

«Диалогтік сөзді оқытудың лингвистикалық негіздері» атты бірінші тараушада диалогтік сөздің қалыптасу тарихына шолу жасалған. Екінші тарауша «Диалогтік сөз мәдениетінің тілдік тұлғаны қалыптастырудағы рөлі» деп аталып, тілдік тұлғаның даму сатысында диалогтік сөзді меңгерудің маңыздылығы көрсетіледі. «Диалогтік сөз мәдениетін меңгерудің философиялық қағидалары» деген үшінші тараушада философиялық тұрғыдан «диалог» ұғымының мәні мен пәлсапасы негізделген. «Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың педагогика-психологиялық негіздері» деп аталатын төртінші тараушада педагогика және психология салаларында диалогтік сөзді меңгерудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарына талдау жасалды.

Зерттеу жұмысының *екінші* «Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі» деген тарауында тақырыптың негізгі нысандары сараланып, «Жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгерудің қазіргі жайы», «Диалогтік сөз мәдениетін оқытудың ерекшеліктері», «Жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгертеуде интерактивтік әдістерді пайдалану жолдары», «Диалогтік сөз – мәдениет түрлерін меңгерудің тәжірибелік-эксперименттік жүйесі» атты төрт тараушада диалогтік сөз мәдениеті аспектілерінің білім мазмұнында қамтылу жайы талқыланады. Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсатына сәйкес қазақ тілі пәні ана тілі ретіндегі мәнімен, қоғамдық әлеуметтік маңызымен, дара тұлғаға басқа пәндерді тану құралы ретінде меңгертетін рөлімен тұжырымдалды.

*Қорытынды* бөлімде ғылыми зерттеу жұмыстарынан алынған ғылыми педагогикалық нәтижелердің маңыздылығы айшықталып, негізгі теориялық және тәжірибелік тұжырымдары, әдістемелік ұсынымдар негізделіп, зерттеу нысанының болашақ уәжділігі айқындалды.

*Қосымшада* зерттеу барысында орындалған сауалнама, тәжірибе нәтижелерінің диаграммалық нұсқалары ұсынылды.



# 1 ДИАЛОГТІК СӨЗ МӘДЕНИЕТІН МЕНГЕРТУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Диалогтік сөзді оқытудың лингвистикалық негіздері

Білім берудің мақсатын адам және оның мәніне бағдар ұстану, білім беру бағдарламаларының мазмұнын тұлғаны дамытуға негіздеп құру, соған сай талаптарды сәйкестендіре отырып, ана тілін оқыту үдерісін саралап, мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан үнемі жетілдіріп отыру қажет екендігі сөзсіз. «Ана тіліміздің мәселесі – мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесі» деп ұлы Ғабит Мүсірепов айтқандай, тілді оқыту мәселесі белгілі бір пәндік мазмұн көлемін үйретумен ғана шектелмейді, ол ұлттың бірлігі мен бүтіндігінің көрінісі ретінде діл, тарих, мәдениет сияқты қасиетті ұғымдарды ұрпақтың санасына сіңіру жолын қарастырады. Мемлекеттің тұтастығы мен мәңгілігін қамтамасыз ететін ұлттық сананы дамытудың қуатты тірегі ету үшін қазақ тілін әлеуметтік өмірдің, күнделікті қолданыстың тілі ретінде оқытуға назар аударудың қажеттігі туындап отыр. Өмірлік жағдаяттарда тілдің жиі қолданылуы, адамдардың бір-бірімен сөйлесуі – диалог арқылы жүзеге асатынын ескерсек, «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнына диалогтік сөз мәдениетін оқытуды енгізу, біріншіден, білімнің рухани-құндылықтық бағдарын күшейтеді, екіншіден, ұлттық сананың жаңғыруын қамтамасыз етеді, үшіншіден, әр оқушының тұлғалық қасиеттері мен сөз мәдениетін дамытуға жол ашады, төртіншіден, тіл үйренушінің тәрбиелік-білімділік-дамытушылық әлеуетін көтеруге ықпал етеді. «Диалогтің ықтимал барлық нысандарын көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс қарым-қатынасын күшейту арқылы біз біртіндеп ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз» [30]. Шын мәнінде, қазіргі кезеңде өзге елдермен теңдей байланыс орнату арқылы дүние жүзінде тәртіп мәселесін шешу, адамның тұлғааралық, мемлекетаралық, жалпы қоғамдық қарым-қатынастардың барлығы диалог арқылы жүзеге асады. Диалог – білім алушыны сөз мәдениетіне үйретудің шарты. Сондықтан бұл мәселе сөз мәдениеті, тұлға мәдениеті, сөз шеберлігі, сөз әдебі ұғымдарымен тығыз байланысты.

Жастардың ана тілінде сөйлеу мәдениеті әрбір адамды толғандыратыны хақ. Жаһандану заманында, өкінішке орай, жастардың біршамасы өз ана тілінде ойын жеткізе алмайтын хәлге жетіп, таза сөйлеуден алшақтап, өзге тілдерден енген сөздерді жиі қолданып, кірме сөздермен орынды-орынсыз араластыра сөйлеп, тіл тазалығының қадірін қашырды. Дегенмен көзі ашық, көкірегі ояу, ана тілі деп жүрегі соғатын қазақ жастары тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы сөйлей білу екенін жақсы білуі қажет. Сөз – ойдың тілі. Сөз арқылы бірнеше ойды жеткізуге болатынын әрбір адам түсіне бермейді. Сөйлеу – адам санасының негізгі белгісі. Тіл біліміндегі «сөз мәдениеті, тіл мәдениеті» деген ұғымдар Аристотельден бастау алады. Ғұлама Аристотель сөйлеу мәдениетінде сөздің айқындылығына аса назар аударған: «Егер сөз айқын болса, ол мақсатына жетеді; кім айқын ойласа, сол анық айтады», – деп тұжырымдаған. Айтылған сөз анық, түсінікті болған кезде адамдардың бірін-бірі ұғыну, сөздің мағынасын түсіну үдерісі жүреді де, диалогтік сөзді ұйымдастырудың негізгі факторларының бірі

– сөйлеу мақсаты іске асады. Адамның қажет сөзді таңдап, орнымен қолдану қабілеті сөйлеушінің танымына тікелей байланысты. Бұл тіл мен адамның біртұтас құбылыс екенін дәйектейді. Осылайша тіл мен жеке тұлғаның, тіл мен әлеуметтік топтардың өзара қарым-қатынас жасауы негізінде мәдени әлеуметтік түртікілер пайда болады.

Көптеген тілші-ғалымдар сөйлеу мәдениетіндегі негізгі ұғым – әдеби тілді басшылыққа алады. Осы мәселені зерделеп жүрген мамандардың сөзіне сүйенсек, әдеби тілдің қалыптасқан нормасы, яғни әдеби стандарт, «...көркем және әсерлі нәтижеге жету үшін сөздерді іріктеп және жинақтау қатар жүреді. Соңғы қадам - мәтіндік сөздік немесе мәтін құрылымын жасау» деген түсініктеме береді [19, б.28]. «Жазушы авторлардың сөз таңдау еркіне байланысты әр алуан ауытқулар пайда болады. Олар әдеби тілдің стандартты нормасына сай келе бермейді. Сондықтан олар уәжді (жөнімен, мотивті) ауытқулар және уәжсіз (жөнсіз, мотивсіз) болып екі топқа бөлінеді», – деп жазады Р.Сыздық. Автордың анықтауы бойынша, «сөз таңдаудағы ауытқулар кейде жалпы әдеби тіл нормасының ауытқуы болса, енді бірде көркем сөз нормасынан ауытқу болып бөлінетін көрінеді. Олар әрі «жалпы жазушы мәнері» дегенге қатысты болса, әрі мәтін түзімінің мүдделеріне байланысты құбылыс болып табылады» [19, б. 129].

Ұлы ағартушы ұстаз А.Байтұрсынұлы сөйлеу мәдениетінің негізгі ережелеріне қатысты мынадай факторларды атайды: сөздің дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл көрнекілігі [31]. Сөйлеуші сөздің мағынасын нақты түсіне отырып пайдаланса, онда ол сөздің дұрыс қолданылғандығы. Егер өзге тілден енген кірме сөздерді араластырмай сөйлесе, тілдің тазалығы сақталады. Айтылған сөз мәнді, тыңдаушының қабылдауына жеңіл тисе, тілдің анық болғаны. Сөйлеу барысында көркемдеуіш тілдік құралдарды, өрнекті сөздерді түрлендіріп пайдаланса, тіл көрнекі болады. Тіл білімін зерттеуші ғалымдардың айтуынша, тіл дегеніміз – адамдардың ойлары мен ақпараттарды бір-бірімен алмасу жолы, ол – сөздер мен грамматикалық құрылымнан тұратын құрал. Тіл арқылы адамдар ойларымен, сезімдері, тәжірибелері және білімімен өзге адамдармен ортақтасады [21]. Ал сөйлеу – тіл, ерін және вокалдық дыбыс шығару мүшелерін қолдана отырып, ауызекі сөйлеу қабілетін білдіру. Сөйлеу қарым-қатынастың маңызды құралы болып табылады және әлеуметтік өзара әрекеттесуде, білім беру мен кәсіби өмірде шешуші рөл атқарады. Сөйлеуді дамыту – күрделі процесс, ол әдетте ерте балалық шақтан басталады және адамның жаңа сөздерді, сөз тіркестері мен тіл ережелерін меңгеруі өмір бойы жалғасады. Сонымен, сөйлеу – тілдің жаны, тіршілігі. Сөйлеу барысында тілдік материалдар түрленіп, өзінің мағыналық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Алайда сол мүмкіндіктерді пайдалану әркімнің қабілеттілігіне байланысты. Яғни дарынды тіл иеленуші сөздің асыл маржандарын сұрыптап алып, сөйлеу мақсатына сай оларды ұтымды қолдана білсе, ал кейбіреулерде мұндай қабілет, шеберлік бола бермейді. Осындай кемшілік салдарынан тіл шұбарлығы, тіл мәдениетсіздігі орын алады. Қоғамдық ортада жеке тұлғаның сөйлеуі даралық ерекше бейнеге ие болады. Сөйлеу мен тілдің өзара

айырмашылығы осында. Тіл сипатына «жақсы», «жаман», «мәдениетті», «мәдениетсіз» деген сын тағу орынсыз. Сондықтан «тіл мәдениеті» деуге қарағанда, «сөйлеу мәдениеті» деген атау ұғымның мазмұнына сай келеді. Бұл айтылғандардан түйетініміз, тіл мамандары тіл мен сөйлеу арасындағы байланыс пен өзгешелікті ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу қажеттігін атап өтеді [32, б. 364-367]. Зерттеуші тіл қоғаммен бірге дамып, өмір сүретін құбылыс десе, сөйлеу тұлғалық сипатқа байланысты жеке мазмұнды құбылыс екендігін ескертеді. «Мәдениет» сөзі тілге қатысты емес, сөйлеуге тікелей байланысты екенін айтады. Осы тұста екі адамның сөйлесуін «диалог» деп қарастырып, сөйлеушілердің әңгіме барысында тілдің материалдарын өзгертіп, сан құбылтуы не оларды жөнсіз, орынсыз қолданып, ойын жұтаң жеткізуі мүмкін. Яғни сөйлеуші сөзінде мазмұндық ауытқу болған жағдайда, айтылған сөздің тыңдаушы тарапқа мағыналық, эмоциялық, эстетикалық тұрғыдан берер әсері әлсіз болып, сөйлеушінің сөз мәдениетсіздігі, сөйлеу тәртіпсіздігі тыңдаушыға өз кезегінде кері әсер етіп, айтылған ойдың қабылдануын әлсіретеді. Осыдан түйетініміз, «диалог» пен «сөз мәдениеті» деген тіркестердің бірігіп, «диалогтік сөз мәдениеті» болып қабысуы заңды.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш.Оразбаева тілдің қоғамдағы маңызын «Тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың, адамдар арасындағы қатынастың кең көлемде қолданылатын күрделі құралы. Оны қоғамдағы күллі адамдар өмірдің, іс-әрекеттің барлық саласында қолданады»– деп айқындайды [14]. Расында, қазіргі таңда тілдік байланыстың ерте заманғы түрінің бірі – «диалогтің» мағынасы кеңейген. Кез келген пәнді оқытудың басты тірек термині болумен қатар, бұл ұғымның қолдану аясы ауқымдалып, қоғамның әр саласында әлеуметтік, саяси, мәдени, ұлттаралық байланыстарға қатысты қолданылып жүр .

Әлем халықтарының тілдік ерекшеліктері мен сол тіл иелерінің, мәдениет өкілдерінің өзгешеліктерін сараптайтын мәдениеттану мен лингвоелтанымдық зерттеулерде «мәдениеттер диалогі» ұғымы қолданысқа енген. Халықтың тілі сол елдің тарихы және мәдениетінен ажыратылмай зерделенетін болғандықтан, тіл мен мәдениетті байланыстыра меңгерту үйреніп жатқан тілдің қырық қабат қыртысын терең бойлап түсінуге мүмкіндік туғызады. Осы жайында профессор Ф.Ш.Оразбаеваның «Тілдік коммуникациядағы елтанымдық мазмұн – этностың замандар бедерінен бүгінгі күнге жеткен, тіл болмысында ел мен жердің ерекшелігін сақтайтын, оны келер ұрпаққа жеткізетін мәдени семантикалық код. Ол – елтаным, жертаным, ұлттаным табиғатын келешек буынға табыстайтын категория» деген тұжырымы ұлттың этномәдени бейнесі диалогтік қарым-қатынаста көрініс таба алатынын меңзейді. Лингводидактикада «мәдениеттер диалогін» оқыту ұстанымдар түрінің бірі ретінде сипатталады. Бұл ұстаным бойынша, «мәдениет диалогі» тілге тиек етілгенде, білім алушылардың ана тілі мен үйреніп отырған тілдердің мәдени болмысы мен фактілерін салыстырумен ғана шектелмей, тіл үйренушінің өмірлік ұстанымдарына айналуы мүмкін біліктер мен дағдыларды меңгеруі де қарастырылады. Аталған ұстаным басымдылыққа ие болған жағдайда: біріншіден, білім алушылар сан алуан мәдениет айырмашылықтарымен қатар ұқсастықтарын да танып үйренеді;

екіншіден, қазіргі замандағы әр түрлі мәдениеттер арасындағы айырмашылықтардың болуын өмір сүрудің жалпы жағдайы ретінде түсінеді; үшіншіден, білім алушылардың түрлі мәдени теңсіздікке қарсы бағытталған көзқарасы мен өзге мәдениетті құрметпен қабылдау дағдысы қалыптасады. Нәтижесінде білім алушының басқа мәдениетке деген құрметін арттырып, өз елінің, ұлтының мәдени ерекшелігін меңгерумен қатар, оны сақтау қажеттігін саралауға мүмкіндік береді.

«Мәдениеттер диалогі» әртүрлілікті түсінуге, құрметтеуге және бағалауға ықпал ету мақсатында әр алуан мәдениеттер арасындағы алмасу мен өзара қарым-қатынас құруды білдіреді. Бұл түрлі мәдени ортада қалыптасып, жетілген адамдар арасындағы өзара оқыту мен сан түрлі пікірлер, құндылықтар және тәжірибелермен алмасу процесін қамтиды. Мәдениеттер диалогі ешбір мәдениет екіншісінен асып түспейтіндігін және әрқайсысы әлемнің дамуына өзіндік ерекше үлес қоса алатынын меңгертеді.

Мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас әр түрлі жағдайда орын алуы мүмкін, мысалы, білім беру бағдарламалары, ұлтаралық бастамалар, мәдени алмасудың бағдарламалық шаралары және тағы басқасы мәдениетаралық коммуникацияның іске асуын ынталандырады. Бұл өз кезегінде түрлі қауымдастықтар арасында көпір құрудың амалы мен бейбітшілік заман орнатып, ынтымақтастықта өмір сүруге ықпал етудің маңызды құралы ретінде қабылданады. Мәдениетаралық түсіністікке ықпал ете отырып, мәдениеттер диалогі алалаушылықты, кемсітушілікті және қақтығыстарды азайтуға, сондай-ақ әлеуметтік келісім мен өзара сыйластықты арттыруға себеп бола алады.

Cambridge философиялық сөздігінде «Мәдениеттер диалогі өзара түсіністік, құрмет пен ризашылықты нығайтуға бағытталған әр түрлі мәдениеттер арасындағы тұрақты алмасу және өзара әрекеттесуді білдіреді. Ол әр түрлі мәдениеттер адамның білімі мен өзара түсіністігіне бірегей үлес қосатын және бұл үрдісті шынайы әрі құрметпен диалог құру арқылы жүзеге асыру мен меңгеруге негізделген» делінген [33].

Ал отандық зерттеулерде бұл ұғымның түсіндірмесі «Мәдениет диалогі деп мәдениеттануда белгілі бір мақсат пен міндеттерді шешуде өзара қайшылықты көзқарасы болса да, соған қатысушылардың байланысын, бірге жұмыс істеуін айтады. Мәдениет диалогі – мәдени жүйенің (құбылыстың) байланыс үдерісі, соның нәтижесінде әрбір мәдениет өзінің ерекшелігін сақтап, өз орнын айқындайды» [34] деп беріледі.

Тұтастай алғанда бұл анықтамалар мәдениеттер диалогі мәдениетаралық қарым-қатынас пен адамзаттың әлеуметтік үйлесімділігі мен өркендеуіне ықпал етудегі ынтымақтастықтың құндылығын көрсететін маңызды философиялық тұжырымдама екенін көрсетеді. Бұл адамзат мәдениеттерінің алуан түрлілігін көбірек түсінуге, құрметтеуге және бағалауға ықпал ете отырып, сондай-ақ түрлі мәдениеттерге ортақ болуы ықтимал жалпы құндылықтар мен мүдделерді ілгерілету құралы ретінде қарастырылады.

Диалогтік қарым-қатынаста екі адамның пікір алмасуы, ортақ ымыраға келуі көзделеді десек, қазіргі таңда аумалы-төкпелі заманда халықаралық және

ұлттаралық шиеліністерді «саяси диалог» тәсілі арқылы тиімді реттеуге мүмкіндік бар. «Саяси диалог» дегеніміз – әр түрлі саяси көзқарастары, мүдделері немесе мақсаттары бар жеке адамдар я топтар арасындағы идеялар және перспективалармен алмасу. Бұл демократиялық басқарудың маңызды құрамдас бөлігі, өйткені ол қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге және әр түрлі қауымдастықтардың мүдделері мен құндылықтарын көрсететін саясатты жасауға мүмкіндік береді», – деген анықтама берілген Оксфорд саяси сөздігінде [35]. Аталмыш түсінікті еліміздегі еңбектерден сараласақ, саяси түсіндірме сөздігі мынадай тұжырымдама береді: «Саяси диалог деп саяси қызметтің бағдарламасы мен тетіктерін қалыптастыруға, келісімге қол жеткізуге мүмкіндік беретін субъектілердің саяси ойлау стилі, баға беру, көзқарасын білдіру тәсілін атаймыз» [36].

Бұл анықтамалардан түйетініміз, саяси диалог демократиялық басқару мен қақтығыстарды бейбіт жолмен шешудің маңызды аспектісі екенін көрсетеді. Ол әр түрлі қауымдастықтардың қажеттіліктері мен құндылықтарын көрсететін саясатты әзірлеу кезінде коммуникацияның, келіссөздердің және ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетеді. Саяси диалог әлеуметтік келісімді ілгерілету мақсатында сан алуан пікірлер мен пайымдаулардың алмасуын қамтамасыз етеді.

Диалог ұғымын қолдану аясына сай «ұрпақтар арасындағы диалог» түсінігі де қоғамдық қарым-қатынаста маңыздылығын арттырып келуде. Әлеуметтану бойынша Oxford Dictionary of Sociology сөздігінің анықтамасында «Ұрпақтар арасындағы диалог дегеніміз – өзара білім алуға, түсінуге және құрметтеуге ықпал етуге бағытталған әр түрлі жастағы адамдар арасында идеялар, пайымдаулар және тәжірибелермен алмасу. Бұл ұрпақтар арасындағы алшақтықты жоюға және ұрпақтар арасындағы ынтымақтастық пен ымыраны дамытуға көмектеседі» [37] делінсе, ұлттық сана түсінігінде ұрпақтар арасындағы диалогті бұл үлкен ата буын, әке буын, аға буын мен жастардың арасында үздіксіз жүріп жататын үдеріс деп танымыз. Ол – қоғам мен технологияның дамыған заманында ұрпақтар арасында пайда болатын алшақтық пен түсініспеушілікке жол бермеу және шынайы байланыстың орнығуына себеп болатын қарым-қатынас.

Әр түрлі жанжалдарды шешуге және ұлттық маңызы бар мәселелерді талқылауға бағытталған қоғамдағы түрлі мүдделі тараптар арасында сындарлы байланыс орнап, мемлекеттік шенеуніктер, саяси партиялар, азаматтық қоғам топтары, діни көшбасшылар және басқа да мүдделі тараптар ұлттық диалог жүргізеді. Collins English Dictionary сөздігі бойынша, «Ұлттық диалог – бұл елдегі әр түрлі топтардың өкілдері қақтығыстарды немесе келіспеушіліктерді бірлескен келіссөздер арқылы шешуге тырысатын процесс» [38]. Сайлау алдында түрлі мемлекетте орын алатын президенттікке, депутаттыққа үміткер адамның сайлаушылармен кездесіп пікір алмасуын, байланыс орнатуын ұлттық диалогтің бірі көрінісі ретінде қарастыра аламыз. Өзінің болашақ жоспарымен бөлісіп, атқаратын жұмыстар жөнінде талқылап, ұлттық диалог жүргізу арқылы халықпен пікір алмасу барысында түрлі көзқарастар бір арнада тоғысып, ортақ

ұлттық мүдде төңірегінде топтасады.

«Диалог» ұғымының «мәдениеттер диалогі», «саяси диалог», «ұрпақтар арасындағы диалог», «ұлттық диалог» тіркестерінде диалог ұғымының қолданылу мақсаты барлық мүдделі тараптар үшін өз көзқарастары мен алаңдаушылықтарын бейбіт және бітімгерлік ниетті білдіруге мүмкіндік беретін алаң құру болып табылады. Яғни диалогтік байланыс арқылы мүдделі тараптар ортақ тіл таба отырып, қоғамның әл-ауқатына әсер ететін мәселелерді шешу жолдарын қарастырады.

Қазіргі уақытта диалог коммуникативтік лингвистиканың басты зерттеу нысаны ретінде зерделеніп, өзге тілдерді оқытудың негізгі әдісі ретінде ғана қарастырылады, ана тілін оқытуда білім алушының сөз мәдениетін қалыптастырудың танымдық саналы әрекеті сипатындағы маңыздылығына мән берілмей келеді.

Жұмыстың негізгі мақсаты білім алушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру болғандықтан, «диалог» және «сөз мәдениеті», «диалогтік сөз мәдениеті» терминдеріне ұғымдық талдау жасалды. Осыған байланысты педагогикалық, психологиялық, философиялық еңбектер талданып, диалог және диалогтік сөз мәдениеті ұғымдарының мәні түсіндірілді.

Тілдерді меңгертуге арналған әдістемелік және психологиялық әдебиеттерде диалогті екі тараптың сөйлеу актісіндегі біріккен әрекет үдерісіндегі ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің негізі ретінде қарастырады. Сөздіктерде «диалог» әр түрлі қырынан сал алуан анықтамалармен түсіндіріледі:

– Диалог – екі адамның кезек сөйлесуін көрсетіп жазатын әдеби көркем шығарманың ерекше түрі [39].

– Диалог – екі я бірнеше адамдар арасындағы әңгіме [40].

– Диалогтік сөйлеу – ауызекі, ауызша сөйлеу сипаты сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей байланысынан туатын, сондай-ақ Адресат пен Адресанттың жалпы ортақ апперцепциялық базасы болатын коммуникацияның вербалды құралдарының рөлін атқарады [10, б. 30].

– Диалогтік сөйлеу өзара тілдесу барысында ауызша, ауызекі тілде сөйлеу формасы ретінде сипатталады [41, б. 26].

– Диалог (грек. dialogue – сөйлесу, әңгімелесу) – екі адамның тіл қатысуы [42, Б 96].

– Диалог – психологиялық позициялары тең адамдардың кезектесіп сөйлеу ережелерін қолданып катынас жасау формасы [43].

– Диалог – ауызекі сөйлесу түрі, екі я одан да көп адамның пікір алысуы [44].

– Диалог – екі немесе бірнеше адамның сұрақ-жауап ретінде сөйлесіп, тіл қатысуы [44].

–Диалог – екі немесе бірнеше тұлға арасындағы әңгіме [46].

–Диалог (лат. dialogos – сөйлесу, әңгімелесу, сұхбат) – жазушының кейіпкерлерді сөйлестіре білу шеберлігі, әдеби шығармада халықтың тіл

байлығын мол пайдаланып, орнымен қолданудың ұтымды тәсілдерінің бірі және т.б. [47]

Диалогке берілген анықтамалардағы ортақ сипаттама – оның адамдар арасындағы әңгіме екендігі. Диалогке түсетін адамдардың санына байланысты бірінде диалог екі адамның арасындағы әңгіме десе, екіншісінде оған екі не бірнеше адам қатысатынын айтады. Біріншіден, диалогтің ауызекі тілде сөйлеу формасы екендігі, екіншіден, сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей байланысынан туатыны, үшіншіден, диалогтің құрылымдық жағынан толымсыз болатыны, төртіншіден, репликалардан тұратыны айтылады.

Ал жекелеген ғалымдардың пікіріне тоқталатын болсақ, тілтанушы З.Қабдолов «Сөз өнері» кітабында: «Адам сөйлесе дегендей, әркімнің сөзі арқылы өзін танимыз. Себебі әркімнің сөйлеген сөзінде оның бүкіл ішкі болмысы, өзіне тән психологиялық өзгешелігі – ақыл-ойы, сезімі, ұғымы, танымы, наным, білімі, мәдениеті түп-түгел тұнып тұрады» [20, б.106-108] – дейді. Ғалым бір ауыз сөзбен дауды шешкен қазақ халқының сөзді жай ғана қарым-қатынас құралы деп қарамай, сөз адамның ең жоғарғы қасиеті екендігін жан-жақты дәлелдейді: сөз – ақыл, сөз – ой, сөз – сезім, сөз – ұғым, сөз – таным, сөз – наным, сөз – білім, сөз – мәдениет. Орыс философы М.Бахтиннің пайымдауынша, шындық жеке адамның санасында пайда болмайды және оның жадында мәңгілікке сақталмайды, ол диалогтік қарым-қатынас барысында шындықты бірлесіп іздейтін адамдар арасында туады [48]. В.Л.Скалкин «Диалогтік сөйлеу коммуникативті әрекет ретінде орындалады, мұнда сөйлеуші және тыңдаушы рөлдері үнемі ауысып отыратыны белгілі» деген сипаттама береді [49, б. 7]. Диалогке берілген М.Бахтин мен В.Л.Скалкиннің анықтамалары бойынша, диалог орындары алма-кезек ауысып отыратын екі адамға тән тілдік қатынас екендігі байқалады. К.И.Саломатова диалогтік сөзді жеке бөлмей, диалогті монологтік сөйлеумен байланыстыра қарап, әр сөйлеу формасының өзгешеліктеріне назар аударып, мынадай тұжырымдама жасайды: «Диалогтік сөйлеу – ауызекі сөйлеудің кең таралған түрлерінің бірі. Сөйлеудің монологтік формасы ауызекі тілде көп орындалмайды, әдетте монологтың алдында диалог болады. Диалог дегеніміз – бірнеше сұхбаттасушының бір-бірімен жасаған мәлімдемелермен алмасуы» [12, б.29.]. К.И.Саломатованың берген түсініктемесі жоғарыда айтылған тұжырымдамалармен толықтырылады. Ғалым диалогтің ерекшелігі бірінен кейін бірі туындайтын пікір алмасулар деген ойға басымдық береді. Олай болса, диалогтің құрамындағы әрбір үнқатым өзінен кейін жауап беруді немесе сұрақ қоюды қажет етіп тұратын сөйлесімдерден тұрады. Профессор О.Г.Гойхман «Речевая коммуникация» еңбегінде ауызша және жазбаша сөзді сөйлесім түрлеріне топтау барысында «қатысушылардың санына қарай екі тараптың сөйлесуі – диалог» деп тұжырымдайды [50, б.13].

Сөйлеу тілі адамға ғана тән ерекше құбылыс болуы себепті диалогтік сөзді тіл білімі мамандарымен қатар психолог-ғалымдар зерттеп келеді. Атап айтсақ, Е.С.Кузьмина және В.Е.Семенова басшылығымен жазылған «Словарь социально-психологических понятий» сөздігінде «Диалог – бірнеше қатысушының арасында бірінен кейін бірі туындайтын репликалардан

тұратын тілдік қарым-қатынас формасы» [51, б.23] деп түсіндірілсе, Т.А.Ладыженскаяның басшылығымен басылған «Педагогическое речеведение» атты түсіндірме сөздікте диалогтің негізгі белгілерін былай көрсетеді: «Диалог – бұл әңгімелесушінің көру және есту қабілетіне байланысты өзара тәуелді мәлімдемелер – үнқатулар алмасатын сөйлеу түрі» [52, б.30]. Сонымен, бұл зерттеулер «диалог» және «диалогтік сөздің» жай ғана әңгімелесу емес, педагогикалық әрі психологиялық ерекше үдеріс екендігін дәлелдейді.

Бұл келтірілген дәйектер диалогке анықтама беруде бірізділіктің жоқ екендігін көрсетеді. Олай болса, жоғарыдағы ұғымдық талдауларды ескере келе мынадай қорытынды жасауға болады: барлық анықтамалар диалогтің екі немесе бірнеше адам арасындағы тікелей ауызша сөйлесу екендігін мойындайды. Демек диалогтік сөйлесім жай ғана сөйлесу емес, сөйлеушілердің сөз саптауынан ішкі болмысы мен өзіне тән ерекшелігін (мінез-құлқы, жан-дүниесі) көрсететін (З.Қабдолов [20]), шынайы жағдаятта іске асатын (М.Бахтин [48]), коммуниканттардың орны ауысып отыратын (В.Л.Скалкин [49]), Адресаттың сөзі Адресанттың сөйлеуіне түрткі болып, жауап қайтаруды қажет ететін үнқатымдардан («реплика» Т.А.Ладыженская [52]) тұратын күрделі тілдік құбылыс. Яғни диалогтік сөз – бұл белгілі бір жағдайда, мақсаты анық, кезектесе сөйлесетін және пікір алмасатын екі адамнан тұратын қарым-қатынас түрі. Диалогтік сөздің туындауына негіз болатын коммуникативтік жағдайларды көрсеткен профессор Р. Әмірдің пікірі де осы ойды меңзейді: «Пікір айту ауызша әрі сөйлеуші мен тыңдаушының жүзбе-жүз отырып қатысуы үстінде болады; пікір айту диалог түрінде, яғни екі немесе бірнеше адамның қатысуы арқылы жүреді; пікір айту ешқандай дайындықсыз, емін-еркін әңгіме үстінде құралады» [13].

Бұл айтылғандардан диалогтің сөйлесім әрекетінің түрі ретінде орынсыз қолданыла бермей, оның жағдаяттылығын, алдыңғы және соңғы айтылған жеке ойларға қатыстылығын, дайындықсыз жүзеге асатын сөйлесім әрекетінің түрі екендігі байқалады.

Тілдік қатынастың іргелі аспектісі ретінде диалогтік сөйлеудің маңызы зор және оның «тірі тілді» сақтаудағы рөлі ерекше. Жеке адамдар арасындағы интерактивті және өзара қарым-қатынасты қамтитын диалогтік сөйлеу шын мәнінде әлемдегі барлық тілдерде кездесетін тілдік қарым-қатынастың ең көне, ең белсенді және әмбебап түрлерінің бірі болып саналады. [17, б. 55].

Қазақ тілін оқытуда диалогтік сөзді оқыту бірқатар зерттеу еңбектеріне арқау болған. Бұл зерттеулерде «диалог» термині осы сөзбен мағыналас «сұхбаттасу», «пікірлесу», «тілдесу», «әңгімелесу», «сөйлесу» сөздерімен алмастырылып қолданылады. «Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде Б.Ш.Мешімбаева «диалог» терминінің орнына қазақ тіліндегі баламасы саналатын «пікірлесім» сөзін ұсынады [15]. Ғалым: «Соңғы жылдары әр түрлі ғылым салаларына қатысты терминдердің, орыс тіліндегі сөздердің қазақша баламаларын тілдік қолданысқа енгізу кеңінен орын алып келеді. Сондықтан арнайы қарастырылып отырған диалог оның ішкі мағынасына сай әрі қазақша



ұғымға түсінікті «пікірлесім» деп алынды. Себебі диалогтің кез келген түрі, біріншіден, ой алмасу процесінде орындалады және ол тілдік байланыс орнату барысында жеке тұлғаның жеткізер пікірін, айтар ойын екінші біреудің пайымдап, түсініп, қабылдауын білдіреді. «Диалог» ұғымына сәйкес мұндай пікір алмасу екі не одан да көп адамның арасында болады», – деп, «пікірлесім» сөзін диалог терминінің орнына қолдануын негіздейді. Дегенмен автордың екі не одан да көп адамның арасында болатын әңгімелесу «полилог сөз» екендігін ескермегендігі байқалады. Сол себепті зерттеу еңбегінде қолданылған «пікірлесім» сөзі «диалогтік сөз» сипатын толық аша бермейтіні анықталды. Еңбекте зерттеуші: «Әдейі ойдан жасалған пікірлесім тудыратын жасанды тілдік жағдаяттар тілді үйрету кезінде көп қолданылады, ол табиғи жағдайларда болатын пікірлесімге оқушыларды жаттықтыруда, дайындауда үлкен қызмет атқарады», – деп, тілдік жағдаяттардың сөйлеуге үйретудегі маңыздылығын толық ашып көрсетеді [15, б.101].

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ә.Әлметова өзінің «Қазақ тілі сабағында сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты монографиясында «диалог» терминін сұхбаттасу сөзімен қатар қою арқылы диалог сөзге қойылатын барлық талап ерекшеліктерді атап өтеді. Ә.С.Әлметова еңбегінде «сұхбат қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде үлкен маңызы бар. Сөйлеу әрекеті түрлері ішінде тіл үйренушіні тілдік қатынасқа алып шығуда ерекше мәні бар» екендігіне тоқталады. Ғалым ғылыми-әдістемелік еңбектерде «диалог», «сұхбат» терминдерінің қатар қолданылып жүргенін айта келе, өзінің «сұхбат» ұғымына тоқталуына мынадай дәйектемелер келтіреді: «Кейде сөздер жылдар бойы тілде пассивті қолданыстан белсенді қолданысқа ауысады. Сондай сөздердің бірі – «сұхбат» сөзі. «Диалог» терминінің «әңгіме», «сөйлесу» деген баламасынан гөрі «сұхбат» деген баламасының мағынасы әрі кең, әрі ресми. «Диалог» терминінің қазақ тілінде «сұхбат» болып аударылатынын сөздіктер де дәлелдейді», – деп, өз ойын белгілі ғалымдардың пікірлерімен толықтырады. «Адам баласы сұхбаттасу арқылы ғана өмір сүреді, тілдесу – адам өмірінің мәні, қайнар көзі және адамзат сұхбаттаса отырып тәрбиесін, ойын, санасын жетілдіреді», – деп дәйектейді автор өз еңбегінде [16, б.134]. Сонымен, сұхбат диалогтің табиғатын анық аша алмайды деп айтуға негіз бар. Мұндай тұжырымдама жасауға бірнеше себеп келтірейік. Біріншіден, жоғарыда келтірілген бірде-бір сөздікте, ғалымдардың берген анықтамасында диалогті «сұхбат» деп қолданған пікір берілмеген (аударма ретінде қолданылғаны болмаса). Екіншіден, сұхбат әдетте ресми басылымдарда, баспасөз беттерінде танымал адамдар не жеке тұлғалар мен журналистердің арасында болатын әңгімеге жақын мазмұнда қолданылады. Бұған күнделікті БАҚ-та «диалог» емес, «сұхбат» деп берілуі дәлел бола алады. Үшіншіден, «interview» ағылшын сөзі, яғни «интервью» (сұхбат) баспасөзде жариялау немесе радиода хабарлама үшін жазылған әңгіме деген мағынада қолданылады. Ж.Дәулетбекованың пікірінше, диалогтік сөз сөйлеу тіліне тән кездейсоқтық және дайындықсыз сипатта болады. Қазіргі заманда диалогтік сөйлеу ғылыми, ресми, іскерлік ортадағы арнайы әңгімелер мен БАҚ-тағы сұхбаттарда орын

алуы мүмкін. Дегенмен, шынайы әңгімелер көбінесе күтпеген сұрақтар мен табиғи түрде пайда болатын ойларды қамтиды. Нәтижесінде, «сұхбат» терминінің өзі диалогтің мәнін толық қамтымауы мүмкін деген пікір айтылады және сұхбатты диалог аясында қарастыруды ұсынады. Бұл пайымдаулар диалогтің динамикалық және интерактивті сипатын көрсетеді, оның дайындықсыз және күтпеген жағдаяттың әлеуетін көрсетеді. Сұхбаттар құрылымдық форматта болуы немесе нақты мақсаттарға құрылуы мүмкін болса, оларды диалог ретінде тану шынайы әңгіменің мәнін ашатын, қайталанбас манмұнының маңыздылығын мойындайды.

Қазақ тіл білімі мен оқыту әдістемесінде сөз саптау тәсілдері мен сөйлесім түрлерінің теориялық негіздерін зерттеп, бір жүйеге түсірген, оларды сөз мәдениеті тұрғысынан қарастырған бірегей зерттеулердің бірі Ж.Т.Дәулетбекованың «Сөйлей білу – өнер» атты еңбегі нұсқаулық ретінде қолданылды. Сөйлеу шеберлігін үйренгісі келетін көпшілік қауымға арналған осы еңбегінде ғалым «Сөйлесім түрлерінің ауызша және жазбаша түрге бөлінуі, монологтік сөз, диалогтік сөз, полилогтік сөз деп ажыратылуына, сөйлеудің функционалдық стильдері мен функционалдық қатысымдық типтері деп топтастырылуына бірнеше фактор негіз болады», – деп [17, б.19], сөйлесім түрлерін, олардың ішкі жіктелімдерін анықтап, ерекшеліктерін талдайды. Зерттеу еңбегінде «диалогтік сөз» ұғымы ресми болуымен қатар, диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатымен толық сәйкес келіп, зерттеудің мән-мазмұнын, көтерген мәселесін айшықтап тұрған, мағынасы кең, әрі ауқымды «диалог» термині қолданылды. Ол ойды ғалымның «Диалогтік сөз – белгілі бір жағдаятқа, нақты бір мақсатқа құрылған, екі адамның кезектесе сөйлесіп, өзара пікірлесуінен тұратын сөйлесім түрі» деген пікірі нақтылай түседі. Сондықтан диссертациялық жұмыста ғалымның бірқатар теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды.

Диалог – бұл күрделі әрі сан қырлы құбылыс. Зерттеушінің алдына қойған мақсатына қарай диалогті зерттеу түрлі бағытта жүргізілгендіктен, диалог сөзіне нақты берілген анықтаманың жоқ екендігіне көз жеткізілді.

Күнделікті өмірде диалогтік сөз монологтік сөзге қарағанда көп қолданылатынына қарамастан күрделі құбылыс. Диалогтік сөз – айтылған сөзді қабылдау, естіген сөзді іштей қайталау және айтылатын жауапты жоспарлау сияқты танымдық әрекеттердің бір мезетте жүзеге асуын қажет ететін үдеріс. Мұндай қажеттіліктер тыңдау мен сөйлеу әрекеттерінің жақсы дамуын талап етеді. Жоспарсыз сөйлеу, әңгіме мазмұнының өзгермелілігі, әңгімелесушінің ой-тұжырымын бақылап отыру, өзара жауап қайтару, диалогті әрі қарай өрбітуге ниетті болу секілді диалогтік сөздің ерекшеліктері әңгімелесушілерге біршама кедергілер жасайды. Мұнда диалогтік сөздің өзгешелігі – әңгіменің жағдаяттылығында. Диалогтің жағдаятқа құрылуы, ым-ишара, дене қимыл-қозғалысы, сөйлесімдік клишелер, анықтауыш сипаттағы қайталаулар диалогті қабылдауды оңтайландырады. Диалогтік сөздің синтаксистік құрылымы да жеңіл. Диалогтік сөз құрылымдық жағынан толымсыз және репликалар тізбегінен тұрады. «Реплика» – сөйлеушінің мақсатына қарай сан алуан мәнге ие

болатын көп сипатты ұғым. «Реплика» (replique) француз тілінің «сөйлеп тұрған кісінің сөзіне қысқаша қарсылық білдіретін қақпа, ілікпе» деген ұғымына сәйкес келеді. Диалогтің бір коммуникантқа тән бөлімі реплика (үнқатым) деп аталады. Екі үнқатымның үйлесуі – «диалогтік бірлік» деп танылады.

Сонымен, диалогтік сөзді ұйымдастыруға мынадай факторлар негіз болатыны белгілі болды: екі адамның сөйлесуі; жағдаят, сөйлеу оқиғасы; сөйлеу мақсатының болуы; өзара пікірлесуі.

«Диалог – екі адамның сөйлесуі». Сөйлесімнің түрі тілдік қатынасқа түсетін адамдардың санына, тілдесу мақсаттарына, қатысушылардың әлеуметтік дәрежесіне байланысты топтастырылады. Яғни «монолог» – жеке адамның, «диалог» – екі әңгімелесушінің, «полилог» – бірнеше адамның тілдік қарым-қатынасқа түсуін білдіретін сөйлесім түрлері. Диалогтік сөз – адамдардың әңгімелесу барысында ортақ пікірге келуге бағытталған және өзара түсінісу мақсаты көзделген әлеуметтік-тілдік қарым-қатынас. Зерттеушілердің келтірген түсіндірмелері мен анықтамалары диалогтің екі адамның арасында болатын сөйлеу әрекетінің бір түрі екендігін көрсетеді. Сөйлеу актісінің аясында диалогке қатысушы әңгімелесушінің екеуі де не сөйлеуші, не тыңдаушы рөлінде болып, алмасып отырады. Диалог – екі жақты қарым-қатынас. Диалогтік сөзде әңгімелесушілердің айтатын сөздері өзара тәуелді болғандықтан, диалогтік репликаларды күні бұрын дайындау мүмкін емес. Диалогтік сөздің сәтті өрбуі екі коммуникантқа да тікелей байланысты. «Сәлем – сөздің анасы» деген халық даналығы диалогтік сөздің сәттілігі сәлемдесу сөздерінен бастау алатынын дәлелдейді. Адами қарым-қатынастағы әдептіліктің негізі саналатын сәлемдесудің өзі әңгімелесушілердің ішкі жай-күйіне әсер етіп, диалогтің дұрыс бағытқа бет бұруына себеп бола алады. Сондықтан әңгімелесушінің репликасы айтылған жауап, қойылған сұраққа тікелей байланысты болады. Екінші әңгімелесуші тараптың берген жауабы қысқа да, ықылассыз болған кезде пікір алмасуды әрі қарай жалғастыру, диалогті өрбіту қиындық тудырады. Яғни диалог екі тараптың өзара әңгімесінен туындайтын, дайындықсыз сипатта орындалатын екі жақты байланыс орнату негізінде пайда болатын пікірлесу деп ой қорытуға әбден болады. Диалог әңгімелесушілердің өзара пікір алмасуы, қарым-қатынас құралы болғандықтан олардың әрқайсысы өз қызметін атқарады. О.Г.Гойхман сөйлесу тәртібін тактіге бөледі. Бірінші – сөз (сөйлеу), екінші – үндемеу (тыңдау). Олар өзара ой алмаса отырып, ритмикалық қатынасқа түседі. Екі тараптың бірі өз репликасынан, пікір алмасуынан бас тартқан жағдайда, диалог біржақты сөз әрекеті – монологке ауысады [50]. Демек монолог және диалог – өзара тығыз байланысты тілдік құбылыстар. Монологті жеке адамның өз пікірін, түсінігін белгілі ортада өзгелермен бөлісуі деп қарастырса, диалогті қос тараптың сөйлеу әрекетінің нәтижесі деп бағаланып, осыған орай диалогке қатысушылардың сөздерін «жеке сөйлесім» деп санайтын ғалымдар да кездеседі. Соның бірі Л.П.Якубинский өз еңбектерінде екі жақты сөйлесімді «монологический диалог» деп таныған [11, б.57].

Сөйлеу формасы ретінде диалогті ұйымдастыруда коммуникативтік ынтымақтастық маңызды болып табылады. Кез келген қатысымдық мақсатты

шешуге бағытталған сөз белгілі бір ережелерге бағынып, үйлесімді құрылуы шарт. Мұнда қарым-қатынасқа түсу мақсаты, мотиві, ерекшеліктері, қатысымның міндеті және т.б. факторлары назарға алынады. Сөйлеушінің қатысымдық міндеттерді орындауы сөздің коннотациялық мәнін анық және дәл түсіну, диалогтің түрлерін қолдана алу, сөйлеу этикетін сақтау секілді қатысымдық күзіреттерді меңгеруі іске асады. Яғни сөйлеуші өзін дұрыс түсінуі үшін тыңдаушының да қызығушылығы мен мүмкіндігін ескергені жөн.

Адресант сөйлемнің жоғарыда айтылған функционалдық түрлері мен сөйлеушінің қатысымдық мақсатын анықтап, тура және жанама сөйлеу актілерінің ерекшеліктерін білуі, дұрыс жауап қайтаруы әрі сөйлеу актілерінің ережелерін (формаларын) меңгеруі тиіс.

Қатысымдық мақсатты шешуге бағытталған сөзді профессор Р.Әмір «сөйлеушінің мақсаты», яғни коммуникативтік талап деп айқындайды. Коммуникативтік талап – сөйлеушінің қарым-қатынасқа түсуі әрі өз ойын анық жеткізуі үшін қажетті басты шарт. Сөйлеушілердің қатысымдық мақсаты адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынаста алдыңғы орынға шығады. Тілші-ғалымдар қатысымдық мақсаттан қатысымдық стратегия мен қатысымдық тактика туындайды деген пікір айтады. Қатысымдық мақсат – сөйлеушінің тілдік қарым-қатынасқа түсу барысындағы көздеген мүддесі, алға қойған мақсаты. Қатысымдық талап сөйлеушінің көздеген мақсатымен тікелей байланысты болады.

Р.Әмір «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем жүйесі» атты еңбегінде қатысымдық талаптың ең қарапайым көрінісі ретінде төмендегілерді атайды:

- 1) хабарлы сөйлем арқылы бір ақпаратты жеткізу іске асады;
- 2) сұраулы сөйлемдер арқылы сұрау, сұрақ қою әрекеті орындалады;
- 3) бұйрықты сөйлемдер арқылы бұйыру, біреуді жұмсау әрекеті іске асады [13, б. 93]. Осылайша бұл талаптарды бірінші дәрежелі қатысымдық талаптар деп атайды. Ал осы талаптарға сай құрылып, жұмсалатын сөйлемдердің құрылысын түпкі (базистік) құрылымдардан тұрады деп көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде сөйлемдер қатысымдық мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты деп бөлінеді. Белгілі бір мақсат пен құрылымға ие болуына байланысты сөйлемдердің түрлерін саралаған тілші-ғалым Р.Әмір болатын [53]. Ғалымның зерттеуінше, хабарлы сөйлем – бұл ақпарат беретін немесе пікір білдіретін мәлімдеме, мысалы: «Аспан көк»; сұраулы сөйлем – ақпарат сұралып, сұрақ белгісімен аяқталады, мысалы: «Сіздің атыңыз кім?»; лепті сөйлем – леп белгісін қолдану арқылы күшті эмоцияны білдіру, мысалы: «Мен лотерея ұтып алдым!» Бұйрықты сөйлем – бұйрық немесе өтініш жасау мақсатында орындалатын тонға байланысты нүктемен немесе леп белгісімен аяқталады, мысалы: «Бөлмеңізді тазалаңыз!»

Сонымен, сөйлемдердің түрлерін меңгеру адамдардың жазбаша және ауызша тиімді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Айтылатын ақпарат, пікір-ой мақсатына сәйкес сөйлем түрін тиісінше қолданса, сөз мағынасы нақты және әсерлі жеткізіледі.

Диалогтік сөз барысында әңгімелесушілер арасында әсерлі сөздер айтылып,

өзара байланыс орнатылады. Тыңдаушыға әсер ету арқылы сөйлеушінің пікір бөлісуге деген ынтасын арттыруға не төмендетуге болады. Ықпал ету кезінде коммуниканттар арасында субъект-объектілік байланыс орнайды. Себебі сөйлемнің функционалдық қызметі адамдарда түрліше әсер қалдырады. Диалог құру барысында адамдардың ішкі жай-күйі сезіліп, оның көңіліне оң-теріс әсер етуі мүмкін.

Диалогтік сөйлеудегі сөйлем түрлері коммуникацияға қатысушылардың позицияларын түсінуге, сөйлеудегі мақсат-ниеттерін анықтауда шешуші рөл атқарады. Диалогтік сөйлеудегі сөйлем түрлеріне қатысты сараптамалық шолулар мен зерттеулерді қарастырсақ. Орыстың лингвист-филологы Л.В.Щербаның зерттеулерінде сөйлемдердің үш түрі және олардың диалогтегі қызметтері талқыланады: өтініш (сұраулы сөйлем) – байланыс орнату және сұхбаттасушының назарын аудару үшін қолданылатын диалогті бастау мақсатындағы әңгімеге кіріспе сөйлем, мысалы: «Сәлеметсіз, амансыз ба?»; хабарлы (мәлімдеме жасау) – ақпарат жеткізу үшін қолданылып, әңгімелесушілер арасында пікір алмасу, мысалы, «Мен бүгін оқуға жаяу бардым»; өтініш (бұйрықты сөйлем) – өтінішті немесе бұйрықты білдіру мақсатында сұхбаттасушыға жауап қайтару, мысал: «Маған көмек етіңізші, өтінемін!» [54]. Автор өз кітабында диалогтегі сөйлем түрлерінің функцияларын және олардың сөйлесу құрылымына тигізетін әсерін талдайды.

Сөйлемдердің түрлілігін түсіну диалогтік сөздің мәрелі жетістігіне жетелейді. McKee R. «Dialogue: The Art of Verbal Action for Page, Stage, and Screen» атты кітабында сөйлем құрылымын және диалог құру барысында сөйлем түрлерін меңгерудің жолдарына назар аударады [55]. Ол диалогтегі ырғақ пен екпін қою, сонымен қатар кейіпкерлердің жеке эмоционалдық күйлерін көрсету үшін сөйлем ұзындығы мен құрылымына мән береді. Автор кейіпкерлердің сезімдері мен уәждемелерінде кездесетін клишелерді немесе тікелей диалогтерді пайдалануға қатысты, диалог құру барысында жиі кездесетін қателіктерді болдырмау болу үшін практикалық кеңестер береді.

Диалогтік сөз барысында тыңдаушыға тікелей пәрмен, сұрау немесе нұсқау беретін бұйрықты сөйлемнің коммуникативті ықпалы әңгіменің мазмұнына, сөйлеушілердің екпініне байланысты өзгеруі мүмкін. Бұйрық сипатты сөйлемдер хабарламаның жеделдігін немесе маңыздылығын жеткізу үшін жиі қолданылады. Қатаң дауыспен, қатқыл екпінмен дыбысталған бұйрықты сөйлемдерді тыңдаушы талап ету сипатында қабылдауы мүмкін. Алайда сөйлем сыпайы немесе нәзік үнмен жеткізілсе, сөйлеу мақсаты бұйрық ретінде емес, өтініш не ұсыныс мазмұнында қабылданады.

Қазақ тілі маманы Т.Сайрамбаевтың еңбегінде бұйрықты сөйлемге берген анықтамасы бойынша, мұндай сөйлем адам баласын бір істі орындауға итермелеу мақсатымен айтылады. Мұндай мақсатпен орындалған сөйлемдер тікелей бұйрық ретінде емес, кісінің ерік-жігерін, талап-уәжін, ақыл-кеңесін, арман-тілегін және т.б. меңзейді [22, 380-381б]. Сонымен қатар ғалым бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштарының түрлілігіне қарай, сөйлемнің құрамына қарай олардың мазмұны да әр түрлі болатынын көрсетеді.

Сөйлесімнің қатысымдық-прагматикалық құрылымы семантикалық құрылым компоненттерінің біріне басымдық беру арқылы көрініс табады.

Диалогтік сөйлемде сөйлеушінің қатысымдық мақсатын іске асыруда сөйлеу жағдаяты, тілдік құралдарды дұрыс (интонация, ым-ишара және т.б.) таңдау қаншалықты маңызды болса, сөйлемнің эмоционалды (сұрақ, тілек, мақұлдау, өтініш, кеңес беру, сөз беру, бұйрық, қорқыту және т.б.), экспрессивті, көркемдеуші сипаттарының толық болуы да маңызды. Сөйлесім түрі тілдік қатынасқа түсетін адамдардың санына байланысты жіктелетіндіктен, диалог – екі адамның тілдік қатынасқа түсуін білдіретін сөйлесім түрі.

Диалогтік сөзді ұйымдастыруға негіз болатын келесі фактор: жағдаят және сөйлеу оқиғасы. Осы тұста ескерілетіні, диалогтік сөз құру үшін сөйлеу оқиғасы болуы керек. Ал сөйлеу оқиғасы деп диалогтік қарым-қатынас кезінде сөйлеу жағдаяты арқылы көрінетін дискурсты айтады. Француз термині «discurs» – сөйлеу, ағылшынша «discourse» – адамдар арасындағы жазбаша немесе ауызша тілде арнайы мақсатта белгілі тақырыпты талқылау, әңгіме құру, сөйлесу» [56] деп түсіндіреді. XX ғасырдың 50-жылдары жеке термин ретінде алғаш рет «дискурс» Э.Бенвенисттің еңбегінде «сөйлеуші тарапынан айтылған сөз» мағынасында қолданылса [57], сол кезеңде неміс философы Ж.Набермас «дискурсті» тілдік қарым-қатынастың ерекше формасы, арнайы орындалған диалог» деп қарастырған. Ғалым «дискурстағы ең басты шарт – диалогке қатысушылардың қол жеткізер мақсаттың айқындылығы және осы мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істеуге дайын болуы. Бұл дайындық әр түрлі формада көрініс табуы мүмкін, мәселен, достар арасындағы әңгіме, кәсіби кездесу немесе саяси пікірталас» деген тұжырым жасайды [58]. Т.М.Николаева «дискурс» терминінің төмендегідей мағыналарын бөліп көрсетеді: а) өзара байланысты мәтін; ә) мәтіннің ауызекі сөйлеу формасы; б) диалог; в) шындықтың сөз арқылы жеткізілуі» [59, б. 467].

Дискурс – бұл әр түрлі мақсаттар мен формаларға ие болатын коммуникативтік үдеріс. Кез келген дискурстың қозғаушы күші әңгімеге қатысушылар, олардың мотивтері мен мақсаттары екені анық. Дискурсқа қатысушылар өздерінің мотивтеріне байланысты әр түрлі мақсаттарға ұмтылуы мүмкін: әңгімелесушілер өз мотивтерінің дұрыстығына сендіріп, ақпарат алмасып, өз пікірлерін білдіреді. Бұл мотивтер жеке де, ұжымдық та болуы мүмкін және олар дискурстың мәнмәтініне байланысты анықталады. Сонымен қатар дискурстың қозғаушы күші әлеуметтік-мәдени контекст, сөйлесудің ресми немесе бейресми дәрежесі, коммуникативті стратегиялар және өзге де факторларды қамти алады. Дискурс, ең алдымен, мәтіндерде көптеп кездеседі. Т.М.Николаева дискурсті «мәтін», «ауызекі сөйлеу», «диалог» деп атап, сөздікте «әр уақыт кезеңіндегі шындықтың сөз арқылы жеткізілуі, айтылуы» деген тұжырым жасайды [59], ал профессор Қ.Есенова «Қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы» атты еңбегінде «Дискурс қарым-қатынасқа түсу және өмірдегі оқиғалар мен идеяларды тілге жеткізу әрекетін білдіреді. Ол мағынаны жеткізу және қарым-қатынасты жеңілдету үшін тілдің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық жүйелерін пайдалануды қамтиды. Сонымен қатар, дискурс

коммуникаторлардың когнитивтік, лингвистикалық және прагматикалық білімі мен қабілеттеріне сүйенеді. Дискурсты жасау кезінде сөйлеу жағдайы, оның ішінде контекст, қатысушылар және коммуникацияның мақсаттары ескеріледі», яғни шынайы өмірдегі диалогке түсу деп түсіндіреді [60]. В.И.Красик дискурсті «сөйлесу», «сөйлесім» деп анықтайды [25, б.112], ал М.Л.Макаровтың дискурс «мәтін, оның ауызекі сөйлеу тіліндегі қалпы» [26] деген байламы жоғарыдағы Т.М.Николаеваның пікірімен сәйкес келеді [59, б.69]. Ғалым Б.Қалиұлы «Дискурс – ауқымы кең, күрделі құрылым. Оған прагматикалық, когнитивтік, этнолингвистикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, ментальдық, психологиялық, семантикалық сипаттар тән» деп, диалогті толық түсінуге әсер ететін маңызды компоненттерді атайды [27]. Ғалымның пікірінше, дискурстың диалогтік сипаты оның бірнеше адамның қатысуымен орындалатын, олардың арасында өзара әрекеттесуге, ақпарат алмасуға негізделген. Монологтік дискурстың сипатына сай бір ғана пікір немесе көзқарас қарастырылмай, диалогтік дискурста қатысушылар арасында байланыс нығайып, әркім өз пікірін білдіруге, сұрақ қоюға немесе түсініктеме беруге мүмкіндік алады. Диалогтік дискурс достар арасындағы бейресми әңгімеден жоғары деңгейдегі ресми келіссөздерге дейінгі әр түрлі формаларда көрініс табады. Кез келген жағдайда диалогтік сөзде қатысушылар бір-бірін жақсы түсінуге, өз ойлары мен идеяларын жеткізуге, сондай-ақ ортақ көзқарастарды табуға және мәселелерді шешуге мүдделі. Диалогтің ұлттық сипатына басымдық берген ғалымның пайымдауынша, диалог құру үшін ұлттық тіл (код), оны қолданушы адресант, түсініп қабылдаушы адресат болған жағдайда тілдік қарым-қатынас орнайды. Келтірілген сан алуан пікірлерден түйгеніміз, «дискурс» ұғымы туралы зерттеушілердің тұжырымдары тиянақты емес. Алайда ғалым Б.Қалиұлының көзқарасы дискурстің табиғатын ашуға жақынырақ деп санауға болады. Себебі ұлттық қазақи мәнерде сөйлеудің бояуы ауызша сөйлеу барысында қоюлана түседі. Тілдік қарым-қатынас ұлттық мәдениетті қалыптастырушы күш десек, мәдениеттің ұлттық сипаты тек сыртқы белгілерде (ұлттық аспаптар, қолөнер бұйымдары, оюмен көмкерілген ұлттық киімдер және т.б.) ғана емес, сөйлеу әдебінде де бой көрсете алады.

Жалпы алғанда, дискурстың диалогтік табиғаты тілдік қарым-қатынасқа қатысушылар арасында ортақ пікірді қалыптастыру және туындауы мүмкін түсініспеушіліктерді шешуді көздейді. Диалогтік қарым-қатынастың негізгі аспектісі ретінде белсенді тыңдау, әр түрлі көзқарастарды құрметтеу және басқалармен мағыналы диалогке түсудің маңыздылығы жоғары.

Сонымен, ауызша сөйлеудің басқа түрлерімен салыстырғанда, диалогтік сөйлеу тілінде әр сөзді «әрлеудің» қажеттігі жоқ. Дайындықты талап етпейтін диалогтік әңгімеде қатысушылар сөздің құрылымына, оның дыбысталуына аса көңіл бөлместен, кейде нормативтік грамматиканы қатаң ескере бермей, тұрмыстық мазмұндағы сөздерді жиі қолдана отырып, өз ойларымен бөлісіп, сұрақтар қойып, бір-бірінің мәлімдемелеріне түсініктеме бере алады. Дегенмен диалогтік сөйлеуде дауыс екпінін дұрыс қою маңызды екендігін ескерген жөн.

Көне грек философы Платонның еңбектерінде диалог туралы жиі сөз

етіледі. Кейінірек диалог ұғымының табиғатын тануға көптеген ғалымдар, оның ішінде қазақ зерттеушілері де қызығушылық білдіре бастады. Мысалы, ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың саралауында шығармада төрт түрлі мәтін болады, атап айтсақ, жай сөйлеу; сөйлестірген мәтін; хат түріндегісі; аралас түрдегі мәтін [31] деген жіктеуінен шығармадағы «сөйлестірген мәтіннің» диалогтік сөздің сипатына сай айтылғаны белгілі. М.Әуезов диалогті «әңгімелестіру» [61, б. 355] деп атаса, Қ.Жұмалиев диалогті шығармалардың басты құралы ретінде бағалап, кейіпкердің бейнесін жасаудың ең негізгі тәсілі диалог деп қарастырған [62]. З.Қабдоловтың еңбектерінде диалогтің сипаты әдебиеттің басқа да көркемдік амал-тәсілдерімен байланыстырыла талданған [20, б. 342]. Аталған еңбектерде көбіне диалогтік сөздің әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің бейнесін ашу қызметіне назар аударады. Диалог мазмұн тұрғысынан тұрлаусыз, кейде шығарма кейіпкерінің әрекеті, өзгелермен қарым-қатынасы өзгеріп отыру себебінен оқиға соңы немен аяқталуын болжау қиын. Бұл тұрғыдан алғанда, кейіпкерлер үшін диалогтің мәні өте зор және диалог арқылы адамдардың ішкі жан дүниесі сыр шертеді. Яғни диалог табиғатына тосындылық тән.

Диалогтік сөзді ұйымдастыруға негіз болатын келесі фактор – сөйлеу мақсатының болуы. Диалог екі адамның қатысуымен орындалатын тілдік қарым-қатынас деп қарастырылса, диалогтік сөздің ауызекі тілдесу тұрғысынан бірнеше белгілерін атауға болады. Олар: диалог адамдардың жүзбе-жүз кездесу жағдайында жүзеге асады; диалогке қатысушылар бір-бірімен таныс не бейтаныс болуы да мүмкін; диалог – өз еркімен орындалатын тілдік әрекет, алайда кейде ерекше жағдайларда, мысалы, сот процесі барысында, жауап беруін талап ету сияқты жағдайларда диалог мәжбүрлі түрде орындалады. Диалогтің тақырып аясына шектеу болмайды, оның тақырыбы сан қилы болуы заңды, себебі диалог қоғамның барлық саласында қолданылады. Диалог – алаңдаусыз, бейқам орындалатын тілдік қатысым түрі, сондықтан диалогтік сөз күнделікті өмір жағдаятына байланысты адамдардың ресми не бейресми тілдесу формасы болып табылады. Диалог – дайындықсыз орындалатын тілдік қатысым ретінде диалогке қатысушылардың көңіл күйіне де байланысты өрбиді. Диалог адамдардың бір мезетте өзара кезектесіп, тыңдаушы-сөйлеуші рөлінде ауысып сөйлесуі ретінде қарастырылса, диалогке қатысушылардың сөйлеу жылдамдығы, тез арада жауап қайтарылуына байланысты диалогке ойдың қысқа, үстіртін айтылуы тән. Айтылмай қалған ойды контекст, бейвербалды құралдар арқылы жеткізуге болады. Диалог ауызша тілдесім түріне жатады, яғни диалогтің мазмұнына, мезгіліне, уақытына, сөйлем санына шектеу жасалмайды. Диалогтің тақырып аясы алдын ала белгіленбейді, себебі диалог барысында әңгіме тақырыбы ауысып, толысып отыруы ықтимал. Кез келген диалог нақты бір кезеңге, кеңістікке қатысты болуы мүмкін, сондықтан диалог күнделікті өмірдегі жағдаймен тікелей байланысты.

Педагогика ғылымдарының докторы Н.Ә.Ильясованың пайымдауынша, адамдар ауызекі сөйлесу арқылы пікір, ой алысады, ал пікір алысу процесі сөйлемдер арқылы ғана орындалады. Ғалымның тұжырымы бойынша, сөйлеушінің сөзі ақпарат не мәлімдеме жасау үшін ғана пайдаланылмай,



тыңдаушының әңгімеге деген қызығушылығын арттырып, оның жауап репликасын тудыруына негіз бола алады [63] деген пікірі ауызекі сөйлеудің диалогке негізделетінін көрсетеді. Сонымен қатар Х.Кәрімовтың пікіріне сүйене отырып, Н.Ә.Ильясова ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөйлемдерді «диалог құрылымды сөйлесім-сөйлемдер» [63, б. 323] деп атайды. Х.Кәрімовтың «Екі адам арасындағы әңгіме, екі адамның өзара сөйлесуі – диалогтің таза түрі. Екі адам арасындағы әңгімеге үшінші адамның араласуы мүмкін. Ол төрт, бес не одан да көп болуы ғажап емес. Қатысушылардың саны екіден көп болып келетін диалогтің күрделі түрін таза диалогтен ажыратып, аралас диалог деп атау орынды» [64, б. 31-32] деген пікірін құптап, диалогті таза диалогті және аралас диалогті сөйлемдер деп жіктейді. Мұндай пікір басқа зерттеушілердің еңбектерінде кездеспейді.

Диалогтік сөзді білім алушының тұлғалық қабілеттерін, жас ерекшелектерін, таным қабілетін байқай отырып ұйымдастыру қажет. Нәтижесінде білім алушы өзін қоршаған дүниеге деген оң бағасын білдіріп, дұрыс шешім қабылдағанын түсініп, өз мүмкіндігін саралап, кейіпкердің болмысын, жай-күйін, уақытқа тәуелділігін сезінеді. Осындай диалогтер арқылы мұғалім диалогке қатысушы үйренушінің сөйлеу қабілетін анықтап, үйренуші өз достарының жауап-репликасын қалай қабылдайтынын, өзінің жеке ой-пайымдауын қалай сараптайтынын түсінеді.

Ұстаздардың тәжірибесінен байқалғандай, диалог жасау барысында оқушылардың айтқан жауап-сұрақтарының бірізділі, жеңілден күрделіге апаратын жүйелілігі диалогтік сөзді құрудың тиімді жолдарын көрсетеді. Білім алушылардың ынта-жігерін, өздігінше танымдық әрекетін ұйымдастыруға бағытталған диалогтік сөз үйренушінің белсенділік танытуына себеп бола алады. Сондықтан диалогті оқытуда оқытушы материалды жүйелі түрде жоспар бойынша күрделендіріп өзгертуге тиіс.

Бейіндік мектеп оқушыларының қазақ тілі сабағындағы оқыту диалог құндылығының негізгі өлшемі ретінде оларға түсінікті әдеби мәтіндер, шығарманың негізгі идеясын талқылау және өзге де таным әрекеттерін дамытуға негізделген. Мұғалімнің оқыту үдерісін ұйымдастыру барысында диалогтік сөзді үйрету мәселесі үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мұндағы маңызды мәселе білім алушының танымдық әрекетінің қалыптасуына жағдай туғызу, үйренушінің өздігінше қорытынды жасай алу қабілеті, талап етілген сәтте шешім қабылдай алу бейімділі, оқу-әрекеті арқылы тұлғалық қабілетіне сай ізгілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкіндігін жасау.

Аталмыш жайыттарға байланысты зерттеу жұмысының нысаны ретінде диалогтік сөзге үйрету үшін өзіндік пікірі қалыптасып жатқан жоғары сынып (10-11-сынып) оқушылары алынды. Диалогке түсетін коммуниканттардың ынтасының болуы, ғылыми танымы мен түсінігінің тереңдігі, белсенді қарым-қатынас жасауға ниеттілігі, өздігінше оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру қабілеті, шешім қабылдау талабының болуы, күнделікті өмірде болып жатқан жағдайларға қатысты өзіндік пікірінің қалыптасуы, саралау, сараптау қабілеттерінің болуы диалогтік сөздің сәтті ұйымдастырылуына түрткі бола

алады.

Оқыту үдерісі – мұғалім мен оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуі. Мұғалім оқушылардың ақыл-ойын, танымдық қабілеттерін (зейін, байқағыштық, ес, қиял), практикалық іскерліктерін, дағдыларын жан-жақты дамытуы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, білім беру жеке тұлғаның дамуы мен оның рухани-адамгершілік негізін қалыптастырудың шарты мен құралы болып табылады.

Зияткерлік білімділігінде ақыл-ой әрекетінің алатын орны маңызды. Олар қарым-қатынасқа түсу барысында сұраққа жүйелі, нақты жауап беру, әңгімелесу, белгілі тақырып бойынша баяндау, басқалардың әңгімесін, өзінің оқығанын, көргенін саналы түсіне білу мен жүйелі түрде айтып беру, белгілі жағдайларға байланысты не белгілі мәселе төңірегінде түрлі диалог түрлеріне түсе алу (диалог-айтыс, диалог-дау, диалог-пікірталас) т.б. әрекеттерді орындау барысында қалыптасады.

Қандай да бір істі, мәселені көптің талқысына салып, солардың көзқарасын ескеру, санасу, өзара пікірлесу – диалогтік сөзге тән белгі. Диалогтің кез келген түрі екі адамның ой-пікір алмасуы арқылы орындалады және диалог қарапайым әңгіме құру ғана емес, тілдік байланыстағы бір сөйлеушінің айтқан ішкі сырын, ой-пікірін екіншісі қабылдай алу, түсінісу жағдайын білдіреді. Диалогтік сөздің сипатына сәйкес мұндай пікір алмасулар екі адамның қатысуымен орындалатындықтан, ол жеке адам ғана емес, екі адам, қос тарап арқылы атқарылатын ортақ іс-әрекет. Сол себепті «диалогтік сөз» ұғымы ортақ атқарылатын танымдық әрекеттер деп түсіндіріледі.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, диалог арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетінің қалыптасып дамуына негіз бола алатындығы байқалды.

Кез келген әлеуметтік ортаға сіңісу үшін шынайы өмірде болып жатқан барлық жағдаяттарға пікір айту, үн қоса білу дағдысын қалыптастыру қажет. Бұл дағды сөз ретінде ауызша сөйлеудің дамуына, соның ішінде диалогке түсуді талап етеді.

Шешен сөйлеу, қоғамдық-әлеуметтік маңызы зор соңғы ақпараттармен қамтылған және жаңа меңгерген мәліметтерді жетік талдай алу қабілеті іскер адамдарға аса қажет. Іскерлік ортада өз ойын жүйелі жеткізіп, түсіндіре алу, дәлелдеу қабілеттері сыналады. Әріптесінің не қарсыласының пікірін тыңдай отырып, оның көзқарасын іштей қабылдай алуға және оны дұрыс түсінуге дағдылану керек. Сондықтан да білім алушылар диалогтік сөзді, пікірталас шеберлігін, сөзталас өнерін меңгеруді мақсат етуі қажет. Зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, бейіндік мектеп оқушыларының диалогтік сөзді жай әңгімелесу деп қабылдамай, диалог арқылы серіктесінің ойын қызығушылықпен тыңдап, кез келген жағдайға түсіністік танытуды үйрету көзделді. Егер білім алушылар диалогтік қарым-қатынасқа ізгі ниетпен түссе, қандай жағдай болса да, диалогке қатысушылар бір-бірінің ойын дұрыс қабылдауға, құрбысының тұжырымы не пікірі, дәлелі өзінікінен өзгеше болған жағдайда, пікірлестер бір-біріне кешіріммен қарап, алауыздыққа жол бермей,

бірін-бірі тыңдай білуге, өзгенің пікіріне шын ниетімен оң көзқараста болуға дағдыланады.

Жаңа қоғамға өмірлік-әлеуметтік маңызды мәселелер жөнінде орынды пікір таластыра білетін, жеке көзқарасын дәйектей отырып, демократиялық қарым-қатынас орната алатын игілікті, толерантты, адамгершілігі мен ізгілігі мол, диалогтік сөз барысында өзінің игі тұлғалық қасиеттерін көрсете алатын білікті азаматтар қажет.

Яғни жас ұрпақтың тұлғалық қабілеттерін қалыптастыруда білім беру жүйесінде ізгілік қасиеттерді дамытудың маңыздылығы ерекше назарға алынып, білім алушыларды диалог арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің ерекшеліктерін айқындап, оны оқыту жүйесінде тиімді пайдалану бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Ғалым Ж.Т.Дәулетбекованың зерттеулерінде сөздерді жеке қолданғанда олар атауыштық сипатта (заттың, сынның, қимылдың атауын білдірген) болса, сөйлесу жағдайында қарым-қатынас құралы ретінде қолданылады. Сөздің ең басты қызметі оның өзге қатысымдық бірліктердің, яғни фразеологизмдердің, сөйлемнің, мәтіннің жасалуына түрткі болу қасиеті деп түсіндіріп, «сөз адамның бүкіл болмысының – ойының, түсінігінің, кісілік қасиетінің, барлық мүмкіндіктерінің көрсеткіші саналады»– деген түйіндеме жасайды [17, б. 13]. Мұндай тиянақты, тыңғылықты берілген анықтама диалог ұғымының тағы да бір қырын ашуға себеп болады.

Сонымен, диалогтік сөз мәдениеті (сөйлеу) – екі адамның кезектесіп ой алмасуы барысында тілдік бірліктерді сөйлеу ережелері мен әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас ережелеріне сай орынды қолдануын білдіретін сөйлесім түрі.

## **1.2 Диалогтік сөз мәдениетінің тілдік тұлғаны қалыптастырудағы рөлі**

Кез келген қоғамдық-гуманитарлық пәндер саласын бір арнаға тоғыстырып, өзара байланыстыратын негізгі мәселе – тұлға қалыптастыру. Тұлға ұғымын әр ғылым саласы өз зерттеу бағытына сай зерделейді. Адамның адамдық қасиеттерін, ділдік, мәдени қырлары мен олардың тұлға өміріндегі маңызын философия ғылымы зерттесе, индивид ретіндегі психо-физиологиялық ерекшеліктері мен олардың дамуын жантану ғылымы қарастырады. Әлеуметтану ғылымы тұлғаны қоғам мүшесі ретінде танып, әлеуметтік дағдыларының жетілуін, қоғаммен біте қайнасуының жолдарын анықтайды [65]. Шынтуайтында, аталған ғылым салалары тұлғаны жалпы адам ретінде танып-білу жолдарын саралайды, ал тіл білімі ғылымы адамның ұлт болып ерекшеленуіндегі мәдени-генетикалық кодын тіл арқылы танытатын тілдік тұлғаның мәнін ашуға күш салады.

Мектеп бітіруші түлектердің өндірісте, қоғамда және басқа да шығармашылық салаларда белсенді әрекет иесіне айналуы өзінің ана тілін толыққанды қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алуына да байланысты. Тіл-ғалымдар ғана зерттейтін дерексіз нәрсе емес, халықтың мәңгі жасауының кепілі болатын тіл сол халықтың тілді күнделікті өмірде жиі қолдануымен өлшенеді [66, б.72]. Тілдің мәңгілік қолданыста болуы ұлттың болашағы саналатын жас

өркендердің өз қажеттерін ана тілінде толық өтей алатындай деңгейде қарым-қатынас жасауына келіп тіреледі. Ана тілі мен оның ерекшеліктерін терең меңгеруі, көркемдегіш құралдары мен олардың стильдік қызметін түсініп орынды қолдануы әрбір адамның қоғамдық-әлеуметтік өмірге белсене араласуына және шығармашылық әрекетінің дамуына жол ашады. Тілдік тұлғаны қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болып отыр. «Тілдік тұлға» деп ана тілінде сөйлесім әрекетінің түрлерін өз мақсатына қарай қолдана отырып, тілдің кумулятивтік қызметін түсінетін, оны әлемнің тілдік бейнесін танудың құралы ретінде пайдаланатын адамды айтады. Әлемнің тілдік бейнесі адамның танымдық әрекеті мен ойлау қабілеті арқылы пайда болады. Тілдік қарым-қатынаста серіктес болып табылатын тілдік тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыру қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты болып табылады.

Шунк Дейл: «Оқыту теориясы: білім көкжиегі» атты еңбегінде «Оқыту дегеніміз – қайталаулардың немесе тәжірибенің нәтижесінде адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыс ерекшелігінде орын алатын, ұзақ уақытқа созылатын өзгеріс», – деп анықтайды [28, б.53]. Ғалым оқытуға тән үш критерийге тоқталады. Оның пікірінше, оқыту, біріншіден, мінез-құлықтағы немесе мінез-құлық қасиеттеріндегі өзгерісті білдіреді. Себебі адамдар бір іс-әрекет жасағысы келген кезде оны жасаудың жолдарын оқып-үйренеді. Сондықтан оқыту емес, оның нәтижесі маңызды дейді. Мақсат еткен іс-әрекетті жасау жолында мінез-құлықта болатын өзгеріс оқыту процесінің негізгі қозғаушы күші болады деп түйіндейді. Екіншіден, оқыту үдерісінің уақытқа тәуелділігі, адамның оқып-үйренгеніне көз жеткізу үшін оқу үдерісі қанша уақытқа созылу керектігі туралы ғалымдардың бір байламға келе алмауы. Дегенмен ол адамның бойында өзгеріс аз ғана уақыт арасында көрініс тапса, оны оқыту деуге болмайды дейді. Үшіншіден, оқытуға тәжірибе арқылы қол жеткізуге болады (мысалы, қайталау, басқа адамдарды бақылау). Олай болса, оқушылар ана тілін жете түсініп, сөйлей алғанымен күнделікті сабақ барысында диалогтік сөздің түрлері мен ерекшеліктерін тапсырмаларды орындау арқылы меңгергенде ғана сөз мәдениеті талаптарына сай сөйлесуге дағдыланады.

Бүгінгі күнге дейін мектепте қазақ тілі үш аспектіде оқытылып келді: тіл теориясы, орфография және пунктуациялық ережелер, сөз мәдениетін дамыту. Алдыңғы тарауларда 10-11-сыныптардағы білім мазмұнын талдауда көрсетілгендей, тіл тарихын танытудан басталған білім мазмұны: әдеби тілдің стильдері, нормалары, ұлттық сөйлеу этикеті, шешендік сөз, оның тарихы, шешендік сөзге қойылатын талаптар, оның түрлері, пікірталас мәдениеті мен түрлері болып жүйеленген. Ғылыми зерттеу еңбегінің объектісі болып отырған диалогтік сөз мәдениеті туралы мүлдем ақпарат берілмейді. Сондықтан қарым-қатынас үдерісін коммуникативтік оқу міндеттеріне бағындыру мақсатында модельдеу білім мазмұнын қайта жүйелеуді, оны іріктеу бірліктерін анықтауды талап етеді. Ондай бірлік тілдік бірлік емес, сөйлеу (диалогтік) бірлігі болуы керек. Өкінішке орай, сөйлеу бірлігі ретіндегі диалогтік сөз мектепте берілетін білім мазмұнынан қалыс қалып отыр. Сөйлесім әрекетінің үдерісінде тілдің

барлық қасиеті көрініс табатындықтан, тілдік құбылыстарды олардың функционалдық мәніне, тілдік қатынастағы рөліне қарай қайта іріктеу қажет болып отыр.

Тіл – адамдар өз ойларын, сезімдері мен идеяларын білдіру үшін қолданатын байланыс жүйесі. Бұл адамдарға мағыналы хабарламалар жасау мен оларды түсінуге мүмкіндік беретін грамматика, синтаксис және сөздік қор сияқты аспектілерден тұрады. Тіл – бұл мәдениет пен аймаққа байланысты өзгеретін күрделі жүйе [67, б. 83]. Тілдің әлеуметтік, эмоционалды және саналы дамуымызда шешуші рөлін ескере отырып, тілді пайдалану арқылы өзіміздің әлеуметтік мәртебеміз, этникалық тегіміз бен шығу тәркіміз туралы маңызды ақпаратты жеткізу құралы ретінде қарастырсақ, кез келген тілді оқытудың нәтижесі «тілдік тұлға» болу керектігі заңды. Олай болса, қазақ тілінің білім мазмұнын диалогтік сөз мәдениетін жетілдіру арқылы оқушылардың тілдік тұлғасын қалыптастыру тұрғысынан жетілдіру бүгінгі оқыту үдерісінің маңызды мәселелерінің бірі болып отыр.

Тілдік тұлғаны қалыптастыру сөйлесім әрекетінің субъектісінен қарым-қатынас жағдаятына сай рецептивті және өнімді сөйлесім әрекетінде түрлі тілдік құралдарды қолдануға дайын болуды білдіреді.

«Тілдік тұлға» ұғымы – қазіргі лингвистика саласында берік орын алған термин. Оның қолданылуы заманауи тіл туралы ғылымның антропологиялық бағыттылығымен шартталған. Бүгінгі күні антропология ғылымы адам және оның мәнін зерттейтін ғылымдарды бірлікте қарастыра отырып, адам дамуын жан-жақты зерттеуде. Маңызды аспектілердің ішінде адамзатты басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін тілдің пайда болуы мен дамуы мәдени антропологияның негізгі зерттеу нысанына айналған.

Әлеуметтік ғылымдардың дамуына байланысты бұл ұғым біртіндеп әлеуметтанудың, психология, философияның, қоғамдық пәндердің зерттеу объектісіне айналып, жан-жақты қарастырыла бастаған. Бірқатар ғылыми зерттеу еңбектерінде «тілдік тұлға» тіркесінің мағынасын ашу мақсатында ұғымдық талдау жасалынды. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде тұлға ұғымын атауда бірізділік жоқ: «дара тұлға», «тұлға», «жеке тұлға», «даралық», «жеке адам», «адам» деп қарастырылады. Американдық психолог Г.Олпорт 1937 жарыққа шыққан «Тұлға – психологиялық интерпретация» атты еңбегінде «тұлға» ұғымына 50-ден астам түсінік беріп, зерттеуінің соңында «тұлға» ұғымын анықтауда бір байламға келе алмай, оған түсінік беруден бас тартады. Нәтижесінде психолог-ғалым «адам – бұл объективті шынайылық» деп тұжырым жасайды [67, б. 215].

Жалпы, тұлға дегеніміз адамның ойлау, сезу және мінез-құлық үлгілерін анықтайтын психологиялық сипаттамалардың бірегей жиынтығын білдіреді. «Тұлға» ұғымына қатысты анықтамаларды келтірсек, тұлға дегеніміз – адамның өзгелерді қабылдау және олармен өзара әрекеттесу тәсілдерінің жиынтығы [68]. Тұлға биологиялық, әлеуметтік және экологиялық факторлардың, соның ішінде генетиканың, тәрбиенің, өмірлік тәжірибенің және мәдени факторлардың әсерінен қалыптасады. Әлеуметтануда тұлға әлеуметтік өзара әрекеттесу мен


мінез-құлыққа әсер ететін жеке деңгей факторы ретінде зерттеледі. Тұлға әлеуметтік сөздікте психикасы белгілі бір деңгейде дамыған, өз өмір тіршілігінің кеңістігін заңды түрде қорғай алатын, дамуға бейімделген, құрылымдық белгілері арқылы сипатталатын әлеумет мүшесі ретінде сипатталады [69]. Тұлғаның қалыптасуын зерттеу нысаны ретінде қарастырған ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, белгілі психолог ғалым Қ.Б.Жарықбаев: «Тұлға дегеніміз – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны», – деп, оның жеке сипаттары мен топтарының саралануын білу мұғалімге білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін тез анықтауға көмек етеді деп есептейді. Тұлға әлеуметтік тіршілік ортасында дара қасиеттерге ие және өзінің ерекше өмір жолын құра алады. Тегі, құрылымы, нысаны жағынан дара сипатта жетіледі. Адам тұлға болып дүниеге келмейді, әлеуметтену барысында тұлға болып қалыптасады [70]. Т.Тәжібаев өз еңбегінде әлеуметтік қатынастар құрушы, іс-әрекеттерді саналы орындаушы, қоғамның белсенді мүшесі бола алатын, өзгелерден өзін ерек көрсететін, өзінің кім екендігін түсінген есі кірген ересек кісіні «жеке тұлға» деп сипаттайды [71]. Яғни адам өз бетімен әрекет ету мүмкіндігіне ие болғанда ғана тұлғаға айналады деп тұжырымдайды. Зерделенген түсіндірмелер бойынша тұлғаны «саналы іс-әрекет иесі», «дербес әрекет етуші» деген анықтамалар арқылы «тұлға» деп қалыптасқан білім аясы және өмірден түйген тәжірибесі бар саналы қоғам мүшесі екендігін түсінеміз.

Орыстың белгілі психолог ғалымы В.П.Тугаринов тұлға ұғымына жан-жақты сипаттама жасап, тұлғаның қалыптасуы әлеуметтік құбылыс екендігін алға тартады. Ғалым тұлға ұғымынан биологиялық және психологиялық мазмұнды алып тастау қажеттілігін атап, дегенмен тірі адам үнемі табиғи, биологиялық факторлардың ықпалында болатынын ескертеді. Тұлғаның барлық әлеуметтік қасиеттері оның өмірлік белсенділігінде көрініп, іс-әрекетте, тәжірибе жүзінде адам сыртқы факторлардың (қоршаған табиғаттың, қоғамның, дененің биологиялық ерекшеліктері) себебінен кейбір шектеулерге тап болады. Мұндай қоғамдық және табиғи сипатты кедергілердің болуына қарамастан, тұлғаның жетілуі әлеуметтік құбылысқа ғана тән [72, б.122-123]. Ол адамға үлкен мақсаттар қойып, идеал ету нәтижесінде нормативтік (құқықтық) мәнге ие тұлға ұғымы пайда болған, бұдан биологиялық және психологиялық ерекшеліктерді іздемеу керек, дегенмен тұлғаның дамуына табиғи биологиялық ерекшеліктердің әсері бар деп мойындайды. Нәтижесінде В.П.Тугаринов «тұлға – тек қана әлеуметтік құбылыс» деп тұжырымдайды.

Тұлға ұғымын терең зерттеген Лондон университеті колледжіндегі (UCL) бизнес психологиясының профессоры, ғалым Т.Chamorro-Premuzic «Personality and individual differences» (Тұлға мен индивидтің айырмашылықтары) атты еңбегінде екі ұғымға салыстырмалық талдау жасап, тұлға мен индивидтің зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін, мотивацияларын, эмоционалдық интеллектісін, көшбасшылық және кәсіптік қызығушылықтарын зерделеп, олардың ерекшеліктерін саралап түсіндірген [73].

Бұл зерттеуде тұлғаны бағалау, дамыту және зерттеу барысында алынған әр түрлі нәтижелер арасындағы байланыс, соның ішінде тұлға мен индивидтің оқу және жұмыс үлгерімдері, қарым-қатынас ерекшеліктері сияқты тақырыптарды қамтып, жеке тұлғаны зерттеудің жеке және кәсіби дамудағы тәжірибелік салдарын талқылайды. Автор «тұлға» деп жеке адамның ойлау, сезім және мінез-құлық үлгілерін анықтайтын психологиялық қасиеттердің, сипаттамалар мен мінез-құлықтардың бірегей жиынтығы деп тұжырымдап, «индивид» термині көбінесе бір адамға немесе ағзаға байланысты қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттерін атап көрсету арқылы оның топтағы өзгелерден айырмашылығын ажырату үшін қолданылатын ұғым деп түйіндейді. Сонымен, адамның тәжірибесі, мәдениеті, қоршаған ортасы және генетикалық құрылымы да оның қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттеріне ықпал етеді.

Тұлға ұғымына өзгелерге ұқсамайтын сипаттама берген атақты орыс ғалымы А.Н.Леонтьев «тұлға» мен «индивид» [29] (дара тұлға немесе даралық) ұғымдарының ара-жігін ашып, айырмашылықтарын көрсете білген (сурет 1).



Сурет 1 – Индивид пен тұлғаның айырмашылығы

Психолог-ғалымның зерттеулеріне сүйенсек, тұлғаның қалыптасуы кезең-кезеңмен сатылай дамыған іс-әрекеттердің өзара әсер етуі арқылы өзгереді. Бұл іс-әрекеттер тұлғаны дамытушы қозғаушы күш ретінде ықпал ете алады. Тұлғаның жетілуінде бастапқы рөлді әр түрлі ғылым салаларынан жинаған білім қоры мен біліктері шоғырланып, одан әрі дағдыға айналып, нәтижесінде іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығына ұласқан құзіреттіліктер пайда болады.

Кез келген іс-әрекет әрдайым тұлғаны дамытудың бастапқы өзегі деген ғалымның пайымдауымен толықтай келісіп, зерттеу жұмысының мазмұнын ашу барысында «тұлға» ұғымы сәтті қолданылады. Себебі қазақ ұлтының

педагогикалық-дидактикалық ой-тұжырымдары бойынша бозбалалық кезеңдегі 14-16 жасар бала «азамат», «тұлға» болып саналады. Бұл жас кезеңі зерттеу жұмысының нысаны саналатын бейіндік мектептің 10-11-сынып оқушыларының жасымен толық сәйкес келеді.

Ендігі кезекте зерделенетін ұғым – тілдік тұлға. Бұл ұғымды зерттеудегі мақсат – тілдік тұлғаны қалыптастыру үдерісіндегі диалогтік сөз мәдениетінің маңыздылығын көрсету. Тіл білімі ғылымында тілдің әлеуметтік қызметін тану барысында тіл мен сөйлеу, тілдік қарым-қатынас, жеке адамның тұлғалық сөйлеу тілі туралы түсініктер жиынтығынан «тілдік тұлға» теориясы пайда болды. Аталған теория тілді адам табиғаты мен мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын антропоэзектік парадигмаға негізделген. Бұл парадигмаға сәйкес, тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге адамның жеке басы мен әлеуметтенудің маңызды аспектісі болып табылады (сурет 2).



Сурет 2 – Индивидтің тұлға болып қалыптасуы

Тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма бойынша тұлғаны тілдік қарым-қатынастың негізгі қатысушысы ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл тәсіл бойынша тілді әлеуметтік-мәдени әрекеттесу тұрғысынан тануға ерекше көңіл бөлінген.

Украиндық лингвист және әдебиеттанушы А.Потебняның зерттеулері «тіл – ойды туғызушы тетік» деген пікірді алға тартады. А.Потебня тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге әлемді түсіну және бейнелеу құралы екеніндігін ескертіп, тіл шындықтың жай ғана көрінісі емес, шындықты құру және ұйымдастыру құралы деп пайымдайды. А.Потебняның идеялары тіл мен мағынаға қатысты құрылымдық және семиотикалық көзқарастардың дамуына ықпал етіп, тіл мен ойлау арасындағы қарым-қатынасқа баса назар аударуы



тілдің әлемді түсінуде және оның қарым-қатынас жасауда қалай қалыптасатынын зерделеуге түрткі болды. Яғни тіл бізді қоршаған әлемді түсіну және қабылдау жолын қалыптастыратын категориялар мен ұғымдарды жасауға мүмкіндік береді деп есептеді [74, б.155-156]. Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттың дамуына байланысты тілді адам тұлғасына қатысты зерттеудің жаңа көкжиегі ашылды: тілдік тұлғаны зерттеудің мақсаттары мен маңызды ұғымдары анықталып, метатілдік теориялық мәселелері қалыптаса бастады. Тілді рух және шығармашылық қызметпен байланыстыра қарастырған зерттеушілер де болды.

Көптеген ғалымдар қарастырған «тілдік тұлға» ұғымы ХХ ғасырдың 30-жылдарында неміс ғалымы Й.Л.Вайсгербер [75] мен орыс зерттеушісі В.В.Виноградовтың [76] еңбектерінде бір мезгілде пайда бола бастаған.

В.В.Виноградов өз еңбегінде «тілдік тұлға» сөз тіркесін пайдаланғанмен (дәл осылай «поэтикалық тұлға» және «әдеби тұлға» терминдері пайдаланылған), оның мағынасын ашпаған [76, б. 5-91]. Тек ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап бұл ұғымға анықтамалар беріле бастады. 1980 жылы Г.И.Богиннің «Заманауи лингводидактика» кітабында тілдік тұлға ұғымы тіл үйрету мен оқыту контекстінде қарастырылады. Г.И.Богин тіл үйретуде оқушының жеке ерекшеліктерін есепке алудың маңыздылығын атап өтіп, тілді тиімді оқытуда оқушының жеке басын, қызығушылықтарын және оқу стилін ескеру қажет деп есептейді. Ғалымның пікірінше, тілдік тұлға биологиялық, әлеуметтік және қоршаған орта факторларының ықпалы арқылы қалыптасып, оның тілдік қолданысы тұлғаның қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсетеді [77]. Яғни тілді оқытуда тұлғаның жеке қажеттілігін ескере отырып, әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін мойындайтын әрі құрметтейтін қолайлы оқу ортасын құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Зерттеушінің «Концепция языковой личности» атты ғылыми еңбегінде тіл үйрету тек грамматика және лексиканы оқытумен шектеліп қалмауы керек, сонымен қатар тілді қолданудың мәдени және әлеуметтік аспектілерін меңгерту қажет. Тілдік тұлғаның мінсіз қасиеттерін саралай отырып автор мынаған ерекше назар аударады: «Адамның тілдік тұлға болып қалыптасуына әсер ететін тектік қабілеті бар болады, алайда бұл кез келген индивидке тән сипат емес», – деген пайымдауын келтіріп, тілдік тұлға «тілдік әрекеттер жасауға дайындығы жағынан қарастырылған және сөйлеу айналымдарын құру мен қабылдауға қабілетті адам» деген түйіндеме жасайды [78, б. 7].

«Ана тілі және рухты қалыптастыру» атты еңбегінде Й.Л.Вайсгербер: «...тіл жалпыға ортақ мәдени құндылық болып табылады. Ешкім тілді өзінің жеке тілдік тұлғасына қарай меңгермейді; керісінше, тілдің меңгерілуі адамда оның белгілі бір тілдік қауымдастыққа жатуы негізінде дамып өседі», – дейді [75, б. 4-81]. Прагматика, әлеуметтік лингвистика, тіл және мәдениет салаларында зерттеулер жүргізетін орыс ғалымы, лингвист әрі мәдениеттанушы В.А.Чудиновтің пікірінше, «тілдік тұлға» ұғымын терминологиялық жағынан «сәтсіз» қолданған [79, б. 3-10] және терминді «асыра сілтеп» көрсеткен («майлы май» секілді), себебі «тілі жоқ тұлға» болмайды. Тұлға тек әлеуметтену арқасында тұлға бола алады, ал ұлттық тілді меңгермей, ол мүмкін емес деп сенген.

Зерттеушілердің «тілдік тұлға» ұғымына берген түсініктемелерін саралай келе, бұл ұғымның қыр-сырын ашу мақсатында сан алуан тұсынан зерделеуді ұсынады. «Тілдік тұлға» – әрекет иесі; адам қасиеттерінің жиынтығы; тілдік емес құраушылардың жиынтығы; ол адамның әлеуметтік-психологиялық және мәдени қасиеттерінің жиынтық ерекшеліктерін сипаттайды. Оларды төмендегідей жинақтау ұсынылды:

1. Әрекет иесі ретінде:

- сөйлеу әрекетін меңгерген;
- тектік қабілеті бар;
- сөйлеу орамдарын құра алатын;
- ақпаратты қабылдауға қабілетті.

2. Адами қасиеттердің жиынтығы ретінде:

- көпжақты, көпдеңгейлі функционалды жүйе;
- индивидтің ақиқатты белсенді меңгеру дәрежесі;
- индивидтің шығармашылық ойлау деңгейінде тілді меңгеру дәрежесі;
- сөйлеу қабілетін меңгеру дәрежесі.

3. Тілдік емес құраушылардың жиынтығы ретінде:

- динамикалық жүйе;
- функционалдық жүйе.

4. Адамның әлеуметтік-психологиялық және мәдени қасиеттерінің жиынтығы ретінде:

- шығармашылықпен әрекет ету;
- ұлттық-тілдік әлем бейнесін көру;
- қоршаған ортамен конструктивті қатынас құру;
- басқа мәдениет түрлерінде ашық болу және бейімделу.

Қазақ тіл білімінің майталманы, профессор, филология ғылымдарының докторы Ж.Манкеева өз еңбектерінде А.Құнанбаев, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды ұлт-ағартушы ұлы тұлғалардың рухани-мәдени мұраларын тануда «ұлт» ұғымын «ұлт өкілі», «тілді тұтынушы», «тұлға» сөздерімен теңдей деңгейде қарастыруды ұсынып, терминнің мұндай сипат алуы ұлт үшін аса маңызды екенін алға тартады. Тілдік тұлға тілді тұтынушы ғана емес, соған қоса сол тілдің қалыптасу, даму көзі болатын белгілі бір ұлттың тіл арқылы таңбаланатын мәдени, этникалық нормаларын да тұтынушы деп бағалайды [80]. Қоғамның әр мүшесі бір-біріне ұқсамайтын, қайталанбайтын жеке тұлғалық ерекшеліктерге ие болады. Қоғамдағы жеке адамның тұлғалық қасиеттерінің жетілуінен әлеуметтік-психологиялық стереотип қалыптасты. Осылайша, тұлғаның тілді меңгеру шарты тұлғалық дамудың негізгі құрамдас бөлшегі ретінде танылды. Зерттеуші тілдік тұлғаның сипаты мынадай компоненттерден тұрады деп есептейді:

1. Құндылықтық (аксиологиялық), дүниетанымдық жүйе, тәрбие мазмұны;
2. Тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі;
3. Жеке тұлғалық (адамдық, терең жекелік) қасиеттер.

Тілтанушы Ж.А.Манкеева «тілдік тұлға» ұғымын үнемі «ұлттық тілдік тұлға» түсінігімен қатар қойып қарастырады, яғни ол тілдік тұлғаның сипаты ұлттық мәдени құндылықтармен тікелей байланысты екендігін дәлелдейді [80, б.281-284]. Ғалымның пікірі бойынша, тілдік тұлғаның қалыптасуына, біріншіден, субъектінің интеллектуалдық (парасат-пайымы, мінез-құлқы, психологиялық ерекшелігі) деңгейі, екіншіден, тұлғаның ұлттық-рухани құндылығы мен болмысын сипаттайтын рухани қажеттілігі, үшіншіден, отбасында алған тәрбие және ана сүтімен санаға сіңірілетін тектілік әсер етеді. Мұның қайсысы болса да диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде ескеріліп отыруы тиіс.

Қазақ ғылымында тілдік тұлғаның табиғатына баса назар аударып, зерттеу нысаны ретінде зерделеген зерттеу жұмыстары қатарынан Б.И.Нұрдәулетованың еңбектерін көруге болады. Зерттеушінің пікірінше, адам мен болмыс тұлғаның табиғатын толық көрсете алмайды, шығармашыл адамның өзі жеке дара тұлға болып есептелмейді дейді. Тұлға – даралық қасиет иесі. Тілдік тұлғаның негізгі үш қасиетіне тоқталып, оларды былай саралайды: 1) өзгелерден ерекшеленіп бөлініп тұратын өзіндік бітім-болмысы анықталған; 2) адам баласына тән құндылықтарды танып, сезініп, қабылдай отырып, сол құндылықтардың мүддесіне сай қызмет ету; 3) зияткерлік қабілетінің (сөз шеберлігі, бейнелеу, әуен, мүсін) белгілі бір таным деңгейінде көрінуі [81, б.148]. Филолог-ғалым З.А.Абдуллинаның зерттеуінде ұлттық тіл ортасында ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген, ұлттық болмысты бойына сіңірген индивидті «тілдік тұлға» делінсе [82, б.15], Ф.Б.Қожахметованың еңбегінде «тілдік тұлға» тілді қолданушының нақты белгілерінің жиынтығы ғана емес, аялық білімі мен ғаламның ілімдік бейнесі негізінде көрініс табатын суреткердің әлем үлгісі ретінде сипатталады [83, б.16].

М.Дулатұлы тіліндегі қазақ ұлтының рухани дүниетанымын зерделеген Г.Е.Имашева кейіпкердің тілдік тұлғасын «ғаламның бейнесі» ретінде қарастырып, «тілдік тұлға» есімі ел есінде мәңгілікке сақталып, ұмытылмай, ескеріліп отыруы керек деп санайды [84, б.7].

Қазақ тіл біліміндегі зерттеулердің ішінде тілдік тұлғаның классикалық үлгісін көрсеткен ғалым Г.Ә.Мұратованың еңбегінде Абайдың қазақ әдеби тіліндегі орнын саралау арқылы ақынның тілдік тұлғасын сипаттайды. Өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгелерге танытатын, тілді қолданушы ғана емес, оны жасаушы, тіл тарихына, тілдің дамуына үлес қосатын, тұлғалық мәртебесін бекіте түсетін, өзіндік болмысын ашатын ұстанымы қалыптасқан «тілдік тұлғаға» тән белгілерді Абайдың болмысынан іздеп дәйектейді [85, б.11].

Б.Хасанұлының пайымдауынша, тілдік қабілет адамға туа бітеді, сол қабілеттің арқасында адам биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік туындысына айналып, тілдік қабілетін жетілдіріп, «тілдік тұлға» болып қалыптасады [86, б.230]. Қазақ ғалымдары «тілдік тұлға» ұғымын сипаттауда тұлғаның бойынан көрініс табуы тиіс мынадай ерекшеліктерге басымдылық береді: біріншіден, тілдік тұлғаның ұлттық және адамзатқа тән мәдени құндылықтар негізінде тәрбиеленуі, екіншіден, отбасында алған тәрбие және ана

сүтімен санаға сіңірілетін тектіліктің болуы. Үшіншіден, ана тілінің (тілдік) құралдары арқылы өз ұлтының рухани-материалдық мәдениетін өзгеге таратуы. Төртіншіден, ана тілін жай ғана қолданушы деңгейінде қолданбай, оны дамытушы әрі таратушы деңгейіне жетуі.

Тілдік тұлға ұғымының қыр-сырын дәйектеп, бір жүйеге түсірген – орыс ғалымы Ю.Н.Караулов. Зерттеуші тілдік тұлға ұғымын үш деңгейге жинақтайды:

1. Вербалдық-семантикалық деңгей (немесе құрылымдық-жүйелік);
2. Когнитивтік деңгей (немесе тезаурустық);
3. Прагматикалық деңгей (уәждемелік) [87, с.129].

Ғалымның пікірінше, бірінші деңгей «нөлдік деңгей» деп аталып, ана тілін меңгеру дәрежесін көрсетеді. Тілдік тұлғаның тілді меңгеруіне шыққан тегі, өскен ортасы, отбасынан көрген тәрбиесі мен алған білімі, соларға сәйкес қалыптасқан өзіндік сөз саптауы, ана тілін қолдану ерекшелігі, тілдің көркемдегіш құралдарын қолдануы (мақал-мәтелдер, метафора, фразеологизмдерді орнымен қолдана алуы) әсер етеді. Екінші, тезаурустық деңгейде, тілдік тұлғаның білім аясын құрайтын түсініктер мен білімі негізделеді, «тілдік тұлғаның өзіндік ғаламының тілдік бейнесі ашылады, өзіндік тілдік әлемі (тезаурус)» қалыптасады. Үшінші, прагматикалық деңгейде сөйлеуші тыңдаушының танымына, психологиясы, көзқарасына барынша ықпал етіп, өз сөзін ұғындыруды және ойын жеткізуді мақсат етеді. Мұндағы негізгі мәселе – сөйлеуші мен тыңдаушының арақатынасы, прагматикасы. Прагматикалық деңгейдегі сөйлеуші субъект пен адресат арасындағы қарым-қатынастың мотиві мен мақсаты тілдік тұлға сатысына көтеретін маңызды фактор болып табылады.

Жоғарыда аталған тілдік тұлғаның деңгейлері (Ю.Н.Караулов бойынша [87]) кез келген сөйлеуші субъектінің тілдік тұлғасын анықтауға, табиғатын ашуға, сөз саптауы арқылы тілдік шеберлігін тануға, өзіндік ерекшеліктерін анықтауға жол ашады.

Сонымен, тілдік тұлға адамның ойлауы мен тәжірибесінің түрлілігінен күрделі және қарама-қайшы ішкі әлемге ие, ол – ішкі диалог жүргізумен қатар өзге адамдармен және қоршаған әлеммен диалог құру қабілеті қалыптасқан, тілді қолдану, оның шынайы болмысы мен құндылықтарын көрсету құралы ретінде қарастырылатын, тілді қолдануда жеке тұлғаның ерекше көзқарасы мен тәжірибесінің көрінісі. Тұтастай алғанда, тілдік тұлға тұжырымдамасы жеке тұлғаны танудың маңыздылығын және тілді қолданудың күрделілігін, сондай-ақ тіл біздің ішкі әлемімізді және басқа адамдармен қарым-қатынасымызды қалай бейнелейтіні мен қалыптастыратынын көрсетеді.

Диалог сөйлеудің ең негізгі әрі классикалық түрі болғандықтан, тілдік тұлғаны қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. «Адам сөйлескенше...» деген халық философиясын ескерсек, ана тілінде сөз саптауы арқылы тұлғаның тілді қолдану білігі, рухани-мәдени деңгейі, шыққан ортасы туралы білуге болады.

Диалогтік сөз негізінде дұрыс, әсем сөйлеуге дағдыландыру арқылы

оқушылардың бойына ізгі адамдық қасиеттер мен ұлттық құндылықтардың дәнегі себіледі. Ал әрбір тілдік тұлға өзіне ғана тән тілдік «білімге» және оны қолдану ерекшеліктеріне ие. Белгілі бір ұлтқа не тілдік ортаға жатпайтын тілдік тұлға болмайтынын ескерсек, зерттеу тұжырымдамалары бойынша, тілдік тұлға – ана тілі арқылы алған әлемнің тілдік бейнесі мен құндылықтар жүйесін ұлттық сана сүзгісінен өткізетін қабілетке ие.

Қорыта келе, тілдік тұлға деп өзінің дйттеген мақсатына қарай сөзін дұрыс ұйымдастыра алатын, ойын еркін жеткізетін, өзіне ғана тән тілдік қабілеті бар, ана тілі арқылы өз ұлтының мәдениетін сақтай алатын және оны басқаларға жеткізе алатын ұлттық мәдениет пен сананың тасушысын атаймыз. Мәдениет ана тілі арқылы жай ғана баяндалатын ақпарат емес, ол – тілдің бөлінбейтін бөлшегі (сурет 3).



Сурет 3 – Тілдік тұлғаның сапалық қасиеттері

Ғылым мен техниканың дамуына байланысты білім берудің мақсаты тілдік тұлғаның:

- коммуникативтік дағдыларды меңгерген әрекет иесі;
- ақиқатты белсенді меңгеру, өзін жетілдіру мақсатында айналасына күмәнмен қарау арқылы сыни көзқарасын дамытуға даяр ой иесі;
- өмірде кездесетін міндеттерді шешуге сезімталдықпен келіп, күтпеген жаңа шешім табуға қабілетті креативті сана иесі;
- басқалармен ынтымақтастықта жұмыс істеуге, бірлесіп тиімді шешім шығаруға даяр белсенді әрекет иесі болып қалыптасуын көздеп отыр. Осыған орай, зерттеу жұмысында диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудағы тілдік тұлғаның өлшеуіштері ретінде коммуникативтік дағды, сыни ойлау дағдысы, креативтік дағды, коллаборативтік дағды (ынтымақтастық) қарастырылып отыр.


Коммуникативтік дағды тілдік тұлғаның қарым-қатынас мақсатына байланысты сөйлеу үлгісін (диалог түрлерін) таңдап қолдануына мүмкіндік беретін білім мен біліктердің жиынтығы болып табылады. D.H.Humes-тың пікірінше коммуникативтік дағдыларды меңгеру қай кезде сөйлеп не үндемей қалу, кіммен, қашан және қандай жолмен сөйлесу керектігін білумен байланысты деп тұжырымдайды [88, p.158]. Оқушы мектепте, мектептен тыс әлеуметтік ортада үнемі басқа адамдармен әрекеттестікте өмір сүреді. Ал бүгінгі 15-17 жастағы мектеп бітіруші түлек – ертеңгі қоғамдық өмірге белсене араласатын, мемлекеттің дамуына үлес қосатын маман. Олай болса, оқушының коммуникативтік дағдыларды меңгеруі оның тұлғалық және әлеуметтік дамуының негізгі тетігі болып табылады.

А.Ф.Зотов өз еңбегінде: «Р.Декарттың «күмәндану» ұстанымы тілдік тұлғаның оқу мен жазу арқылы сыни ойлау дағдысының дамуына негіз болады» деп есептеген [89]. Философтың ойынша, егер де адам айналасын сезіммен ғана таныса, онда оның ойында көбінесе дүние туралы жалған пікір туады. Сондықтан ол «бәріне күмәнмен қарау керек» деп шешім шығарады. Р.Декарт бойынша «Егер мен күмәндансам, демек менің ойлай алатыным сөзсіз. Егер мен ойлайтын болсам, онда менің өмір сүргенім», – деп [89], адамның ойлай алатынын, ал ойлай алатын адам сезінеді, қабылдайды, түсінеді, күмәнданады, тұжырым жасайды, теріске шығарады және т.б. ойлау әрекеттерін саналы орындайды деген пікірге тоқталады. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда тілдік тұлға тілдік бірліктердің (сөз, сөйлем, мәтін) көмегімен қарым-қатынасқа түсіп қана қоймай, оның мазмұнының күдік туғызатын тұстарын анықтай алуы, кереғар пікірлерді талдап, ойға қонымды тұжырым жасай алуы, мәселені жан-жақты бағалай алуы маңызды. Аталған қабілеттер тілдік тұлғаның сыни ойлау дағдысын дамытуға негіз болады.

Тілдік тұлғаның бойында дамытылуы қажет тағы бір маңызды дағды – креативтілік. Ғалымдар шығармашылық қызметті белсенді атқарып, өте жоғары нәтижеге жеткен тілдік тұлғаны креативті тұлға деп атауға болатынын айтады. «Креативті педагогика» атты еңбекте қазақстандық ғалымдар «өте жоғары нәтижелерге» жету тұлғаның өзінің қарастырып отырған мәселесіне қатысты жаңа, ешнәрсеге ұқсамайтын, шығармашылық бағыт алуы деп көрсетеді [65, б.85]. Креативтілікті анықтауда ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Дегенмен ғалымдардың басым бөлігі американдық ғалым J.P. Gilford-тың креативтіліктің параметрлері белгіленген тұжырымдамасын басшылыққа алады. Зерттеуші тұжырымдамасы бойынша, креативтіліктің параметрлері: проблеманы табу, жаңа идея табу, жаңа идеяларды ұсынуға бейім болу, қалыпты жағдайдан тыс, ерекше идеялар ұсынуға қабілетті болу, сезімталдық, бір идеядан екінші идеяға өтуге даярлық, проблемаларды шешуге қабілетті болу (анализ бен синтезге қабілеттілік) түрінде нақтыланған [90, p.93].

Сонымен, креативтілік тілдік тұлғаның білімнің жан-жақты болуына тәуелді емес. Ол тұлғаның қабылдау, мәселелерді түйсініп сезіне алуы, жаңа идеяларды қабылдауға бейімділігі, жаңа нәрсені жасау үшін қоғамда қалыптасқан стереотиптерді өзгертіп, өмірде кездесетін проблемалардың

айрықша және кездейсоқ шешімін табу дағдысын меңгеруін білдіреді. Креативтік дағды тұлғаның диалог арқылы қарым-қатынас жасауында ерекше мәнге ие болады (сурет 4).



Сурет 4 - Тілдік тұлғаның өлшеуіштері (параметрлері)

Білім алушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудағы бірлескен жұмысы тек оқу ғана емес, сонымен қатар ол әлеуметтік мәнге ие. Диалогтік сөйлеу мәдениеті – диалог құра білу, басқалардың пікірін құрметтеу, тыңдауға және өзге көзқарасты түсінуге дайын болу. Бұл дағдылар білім алушылардың қоғамда одан әрі әлеуметтенуі үшін, сонымен қатар олардың тұлғалық өсуі үшін маңызды. Қазақ тілін оқыту үдерісіндегі бірлескен жұмыс оқушылардың қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға, бірлесіп шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға, өз ойын, пікірін анық, сауатты айтуға үйренуге мүмкіндік береді. Білім алушыларға бір-бірін құрметтеуге және достық қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, бұл сыныпта жағымды орта құруға және оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Демек диалогтік сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы білім алушылардың бірлескен жұмысы оқу-тәрбие үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

### 1.3 Диалогтік сөз мәдениетін меңгерудің философиялық қағидалары

Ел іргесінің берік болуы мемлекеттік тілдің дамуымен тығыз байланысты. Себебі тіл – біріншіден, мемлекеттің ішкі бірлігін сақтайтын діңгек. Мемлекеттің бірлігі ұлттың тілі, мәдениеті, діні мен ділі, тарихы, атамекені, экономикасының тұрақты дамуына тәуелді. Аталған ұғымдар ұлттың табиғатын танытады, мемлекеттің болашақ мақсаттарын болжауға мүмкіндік береді. Тіл бар жерде ұлт бар. Тіл тағдырының тек қаулы-қарарлармен шешілмейтіні баршаға аян. Оның ең басты тетігі – болашақ ұрпақты ана тілінде білім нәрімен сусындату. Сонда ғана тіл болашаққа аяқ басып, ұлтты сақтайтын алтын көпірге айналады. Ана тілі

білім берудің негізгі көзіне айналған кезде ұлт рухани, мәдени, сапалық тұрғыдан жаңа даму сатысына көтеріледі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде барша халықты біріктіріп, бітімгершілік қызмет атқаруы тиіс. Сол жағдайда бірлігі бекем, мемлекеті мығым ұлт қалыптасады.

Екіншіден, тіл – қоғамның мәдени тұтастығын сақтаушы құрал. Қоғам қайраткері, философ А.Айталының айтуынша, мәдениеттану тұрғысынан «ұлт» дегеніміз мәдени қауымдастық, қауымдастық мүддесін қолдаушылар, уағыздаушылар үшін ұлттық тілдің маңыздылығы зор [91]. Халықтың рухани байлығы тілі арқылы көрініс табады. В.К.Кюхельбекердің пікірінше, «ұлт – рухани негіздегі қауымдастық, тіл – оның ділі, сондықтан да тіл тарихпен байланысты болғанмен, тілдің тарихи мәні саяси өзгерістерден салмақтырақ» [92] деп бағалап, ұлтты рухани қауымдастық ретінде танып, ана тілінің мәртебесін ұлттың ділі деп қарастырады. Рухани қауымдастық – ұлттың сақталу жолы, қауымдастықтың ұлы идеялар төңірегінде бас қосуы, ұлт үшін саяси-экономикалық, мәдени, ғылыми дами отырып, тәуелсіздікке ұмтылу жолында топтасып әрекет етуді көздейтін әлеуметтік байланысы. Өз ұлтының мүддесі үшін мәңгілік күрестің ең басты құралы ұлттық тіл екенін мойындау керек. Яғни тіл – ұлттың рухын ғасырлар бойы сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ұлы күш.

Тіл өзін-өзі танудың, әлеуметтік сәйкестіктің және мәдени мұраның маңызды аспектісі болып табылады. Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге өз ойларын, сезімдері мен құндылықтарын білдіру, өзгелермен байланыс орнату және мәдени дәстүрлерге қатысу тәсілі. Ол – әлеуметтік болмысымыз бен мәдени мұрамыз әрі құндылықтарымызды қалыптастырушы күш. Өз ойын мазмұнды, жүйелі, сөз мәдениетіне сай жеткізу адамның өзін тану жолында рухани-интеллектуалды дамуының алғышарты болып табылады. Сондықтан ана тілі адамды тұлға ретінде дамыту мен тәрбиелеудің негізгі факторы ретінде қарастырылады. Ұлы жазушы М.Әуезовтің «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адамды толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қай мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» деген сөздері тұлға тәрбиелеудегі ана тілінің маңызын толық ашады [61, б.132]. Өскелең ұрпақ ана тілі арқылы халықтың ғасырлар бойы жүріп өткен жолын, жинақтаған тәжірибесін, рухани байлығының нәрін, тәрбиесін қоса қабылдайды. Философ И.Кант: «Халық өз тілінен айырылған кезде hareketінен де айырылады», – дейді [93]. Себебі тілінен ажыраған халық ұлт ретінде (тарихи, рухани, мәдени және т.б.) дамуын тоқтатып, біртіндеп жоғалады. Ана тілімен танысу адамның дүниеге келген кезеңінен бастау алып (басталуы керек!), ары қарай ол ұлттық тәрбиенің бесігінде жалғасын табады. Осыдан бастап тұлға ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп, сөз құдіретін түйсініп, барлық өркениетті қоғамда қабылданған жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалап үйренеді.

Мектепте диалогтік сөз мәдениетіне баулу да ұлттық қағидалар мен философиялық байламдарды таныту арқылы жүзеге асады. Әрбір сөздің мәні актілермен, жағдаяттық тапсырмалармен сабақтастықта түсіндірілуі тиіс. Қазақ



халқы – сөз құдіретін терең бағалап, сөздің киесіне сенген, сөзге тоқтаған халық. Оған халықтың басынан өткен ірілі-ұсақты оқиғалар, ғасырлар бойы жинақтаған аталы сөздері дәлел болады. Халық қашан да жақсы, жылы сөзді жақсылықтың жаршысы ретінде бағалап, ұрпақты дұрыс әрі мазмұнды сөйлеуге, адам жанын жаралайтын сөз айтпауға тәрбиелеген. Осы мақсатта «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсы сөз жанды қуантар» деген нақыл сөздерді жастардың санасына жеткізуге тырысқан. Қазақ ұғымында жақсы сөз әуелі сәлемдесу әдебінен басталады. Сәлемдесу арқылы адамдар бір-біріне деген достық ниетін білдіреді, мейірімін көрсетеді, адал пейілін танытады. Бұл айтылғандар кез келген ақпарат алмасу, сұрастырып білу, қарым-қатынастан бұрын амандасу, хал сұрасудың тәрбиелік әрі этикеттік мәні зор екендігін көрсетеді. «Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді» деген мақал жақсы адамды кез келген ортада ілтипатпен қабылдап, қадір тұтатынын жеткізеді.

Бүгінгі ұлттар мен мемлекеттер, олардың тілдері, мәдени ерекшеліктері бір-бірімен тығыз байланыса бастаған жаһандану дәуірінде адам мен түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірінің тілін сыйлап, мәдени құндылықтарына түсіністікпен қарауына тіл табысу мәдениеті арқылы қол жеткізуге болады. Сөйлеу, сөз арқылы тіл табысу өнері аяқасты болған жағдайда түрлі мәдени қақтығыстардың орын алатыны өркениетке қадам басқан барлық елге аян. Осыған орай адамдардың тіл табысуы бүгінгі мәдениетаралық қарым-қатынастың өзекті мәселелерінің бірі болуда. Біздің жағдайымызда үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытуды қазақ халқының мәдениетімен, өткен және бүгінгі шынайы әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста оқыту маңызды. Сөз адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, мемлекет пен мемлекетті жақындастыратын қасиетке ие. Сөздің татуластыру, бітімгершілік, ортақ шешімге келу, бейбітшілікке шақыру сияқты ең асыл қасиеттері қазақтың «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», «Жылы-жылы сөйлесең, жылан да інінен шығар», «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» және т.б. нақыл сөздерімен айғақталады. Осы тұста әділ шешімімен танылған шешен Қазыбек бидің Жоңғар шапқыншылығы кезінде жасаған бітімгершілік, елшілік қасиеті еске түседі. Халық мүддесі үшін бітімгершілікке баратын елші табанды да қиындықтан тайсалмай шыға алатын ерекше сезім иесі, сөзге тапқыр шешен болған. Жаугершілік заманда Қазыбек би жас та болса, қазақтың азулы би-шешендеріне еріп, жоңғар ханы Қонтайшыдан дат сұрап барған екен. Жасы үлкен елшілер жасқанып, сөзінен жаңылған тұста бала Қазыбек жоңғардың ханы Қонтайшыға:

«Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең –

шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – деген екен [94].

Осылайша Қазыбек би қазақтың «ешкімге соқтықпай жай жатқан» бейбіт ел, ел басына күн туса, жерін қорғау үшін «найзасына жылқының қылын таққан» батыр ел, жеріне көз алартқан «дұшпан басынбаған» өжет ел, «басынан сөз асырмаған» намысты ел, «достығын сақтай білген» пейілі кең қонақжай ел, пиғылы бұзық қара түгіл хан болса да «ордасын таптай білген» жауынгер, егер аталы сөзге тоқтамаса «шабысқалы, алысқалы» келген ел, бітім сөзге тоқтаса «танысып, еріткелі, қазақ-қалмақты теліткелі» келген достық ниеттегі елдің елшілері екенін жеткізген сөздерінен жауымен алысудан тайынбайтын батырлықты, бейбітшілікке шақырған ізгі ниетті аңғарған Қонтайшы хан аталы сөзбен жеткізілген әділдікке басын иіп, жас та болса, алдына келіп қаймықпай сөйлеген Қазыбектің шешендігіне, өжеттігіне риза болады. Қазақ елшілерінің бар талаптарын орындап, тұтқынға түскен қазақ жауынгерлері мен тоналған мал-мүлікті қайтарып береді.

Әділдікті асыл сөздің төркінінен тапқан атақты Әйтеке бидің «Жігіттің жақсысы - дұрыс сөзге тоқтай білгені, басқаны сөзіне тоқтата білгені» деген нақыл сөзі әділ де жігерлі сөздерімен жауды тоқтата білген Қаздауысты Қазыбек би мен биік парасат пайымынан шыққан сөзге тоқтай білген жоңғар ханы Қонтайшының осал еместігін айғақтайды. Бұл халықтың басынан өткен тарихи оқиға ұлттың тағдырын, мемлекеттің болашағын шешуде тілдің үлкен рөл атқаратынын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлемнің көптеген алпауыт елдерімен терезесі теңесіп, түрлі бағыттардағы келісімшарттар жасасуы, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауы, «Шешен кісі сөз бастар, Адал кісі ел бастар» дегендей, елшілер мен дипломаттардың, мемлекеттің бейбіт саясат жүргізуінің нәтижесі.

Сөзді адам арының өлшемі ретінде таныған қазақ даналығы «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деп, орынсыз сөйлегенді құптамай, әр сөзді өз ыңғайына, ретіне қарай жұмсау қажеттігін баса көрсетеді. Абайсызда ауыздан шыққан қатты сөз адамның жанын жаралайтыны, көңіліне селкеу түсіретіні белгілі. Халық түсінігінде «Дөрекі сөз имансыздан шығады, ал имансыздың мекені тозақ болады» деген ұғым арқылы адамзатқа сөздің қасиеті арқылы ұрпағын имандылыққа тәрбиелеудің жолын көрсетеді. Бұл да диалог тектері мен түрлерін үйретуде басымдылыққа алынады.

Білім мен ғылымның адам өміріндегі маңызын жете түсінген қазақ халқы білім мен ғылым, ақылдың өлшемін де бір ауыз сөзбен түйіндеген. Түркінің түгелін түгендеген Махмұт Қашқаридың «Білімі болса – сөзден жаңылмас», «Білімдіден сөз тындасаң, күшің тасыр», гректің ұлы философы Демокриттің «Ақымақтың ұстазы сөз емес, бақытсыздық» [95], ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі» [31] деген нақыл сөздері – осының дәлелі.

Сөз – адам жанының емшісі. Сөзбен адамды қанат бітіріп өсіруге де болады, тауын шағып өшіруге де болады. Адамзатқа ортақ данышпан Ибн Сина:

«Дәрігерде үш қару бар. Ол: сөз, өсімдік, пышақ», – дейді [94]. Ауру меңдеген адамды ем-дәрінің күшімен қалай емдеп жазса, сөз киесі арқылы көңілін көтеріп, рухын қайрау арқылы да солай емдеуге болатынын айтады. Асан Қайғының «Таза мінсіз, асыл сөз, Ой түбінде жатады. Ой түбінде жатқан сөз, Шер толқытса шығады», Ғабиден Мұстафиннің «Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады» [96] деген нақыл сөздері адам жанының тереңінде жатқан сырлы сезімі өзі тектес адаммен сөйлесу барысында ғана сыртқа шығып, көңіл түбінде жібіместей боп бекіген берішті жақсы сөзбен жұмсартуға болатынын жеткізеді.

Лингвистика ғылымында тілдің табиғи болмысы мен мәні туралы алғаш тұжырым жасаған ғалым Вильгельм фон Гумбольдт болды. Ғалым тіл мен мәдениеттің, тіл мен материалдық және рухани дүниенің, тіл мен ойлаудың байланысы туралы құнды пікірлер қалдырды. В. Гумбольдт тілдің ішкі мәнін халықтың рухани өмірімен, мәдениеті, ой-танымы, тарихымен байланыстыра қарап, тілді зерттеу тарихында жаңа бағыт белгілеп, философиялық тұрғыда төңкеріс жасаған. Ғалымның халықтың ұлттық ерекшеліктері мен мәдениеті сөздер, сөйлемдер арқылы берілетінін дәлелдеген тұжырымдары тіл білімінде өзінен кейінгі зерттеулердің жалғасын табуына негіз болды [97].

Қазақтың заңғар жазушысы Ғабит Мүсірепов ана тілін білмейтін адам өз ұлтының ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге дейін жеткен рухани байлығынан жұрдай болатынын білдіретін «Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады» [98] деген сөзі Гумбольдттың пікірімен ұштасып жатыр. Гумбольдттың «тілге таңбалық сипат тән», «тіл – халықтың рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді» деген концептуалдық тұжырымдары тіл философиясын жаңа деңгейге көтерді.

Қазақтың данышпан ақыны Абай Құнанбаев өз шығармаларында ағартушылық идеямен қоса адамға қажетті қасиеттерді анықтап, ұлт болып ұйысудың қағидаларын түгендеп берген. Онда ұлтқа қажетті тіл, діл, дін, білім, ғылым, тәрбие, адамгершілік, адамды сүю, еңбек және т.б. көптеген құндылықтар түгел қамтылған. Ұлы ақын Он сегізінші қара сөзінде: «...надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтандырып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан» биік қоятын адамдар, олар «ақылдылар, арлылар, артықтар» дейді. Мұндай ақылы мен білімі тең түскен арлы адамдарды «толық адамдар» деп есептейді. Ұлы данышпанның бар шығармаларының негізгі субъектісі – толық адам. Ұлы Абайдың «толық адам» идеясы жалпы білім беру жүйесінің негізі – күзиретті тұлға қалыптастыру мақсатымен ұштасады. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» [99] деген философ ақынның қанатты сөзі жастарды адамгершілік-ізгілік бағытта тәрбиелеудің негізгі қағидасына айналды.

Ш.Құдайбердіұлы отбасында көрген дала тәрбиесін бойына сіңіріп, даналығымен ел құрметіне бөленген атасы Құнанбай қажы мен атадан озып туған, ел мақтанышына айналған ағасы Абай Құнанбайұлының тәрбиесін көріп өскен. «Шежірені» жазудағы ақынның мақсаты – жас ұрпақтың тарихи санасын, өзіндік санасын жетілдіру. Ұстаз-ақын өз шығармалары арқылы ата-ананың бала

тәрбиесіндегі орны, перзенттің ата-анаға деген сүйіспеншілігі, адам өмірінің мәні туралы жырлап, елі үшін қоғамдағы мәселелер жөнінде өз ақыл-кеңесін білдіріп отырды [100].

Тіл мен таным арасындағы байланыс күрделі әрі сан қырлы. Тіл таным әрекетінің өнімі екені рас болса да, тілдің өзі біздің таным жүйеміздің қалыптасуына әсер етеді. Біздің танымдық әрекеттеріміз, соның ішінде ойлау, жоспарлау және мәселелерді шешу қабілеттеріміз қоршаған әлем туралы түсінігімізді қалыптастырып, олар туралы ойлауымызға әсер етеді. Бұл тұрғыда тілді танымдық әрекеттің жемісі, әрі қозғаушы күші ретінде бағалай аламыз. Танымдық қабілеттеріміз тілді дамыту және қолдану үшін қажет екеніндігін ескерсек, тіл біздің санамызда әлемді қалай түсінетінімізді және қабылдайтынымызды қалыптастыруға әсер етеді. Нәтижесінде психология, информатика, лингвистика, философия мен нейробиология ғылымдарының тоғысынан ХХ ғасырдың орта кезеңінде «таным теориясы» жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. «Тіл – инстинкт» атты еңбегінде Пинкер Стивен «Тіл қабілетін зерттеген жаңа ізденістер біздің түсінігіміздегі тілге, оның адам өміріндегі рөлі мен адамзаттың оған деген ұғымына төңкеріс жасады. Білімді адамдардың көпшілігінің тіл туралы қалыптасқан өзіндік пікірі бар. Олар оны адам мәдениетінің өте маңызды өнімі, біздің емеурін-белгілеріміздің, қарым-қабілетіміздің ең мәндісі (квинтэссенциясы) әрі жан-жануардан бөлектеп тұратын теңдессіз табиғи феномен деп біледі» [101, б.15].

Тіл мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады және оның қалыптасуы мен дамуында шешуші рөл атқарады. Олардың арасындағы өзара әрекеттестік бірнеше аспектіде көрінеді. Мәдени құндылықтардың көрінісі ретінде тіл белгілі бір мәдени топқа тән дәстүрлер, нанымдар, құндылықтар мен ойлау тәсілдері туралы ақпараттармен бөліседі. Тілдің лексикасы, фразеологиясы мен стилистикасы мәдениеттің ерекшеліктерін көрсетіп, халықтың тарихын, әдет-ғұрпын, дүниетанымын зерттеуге мүмкіндік береді. Мәдени сәйкестік сипаты бойынша тіл – адамның мәдени болмысының негізгі анықтауыштарының бірі. Белгілі бір тілді білу жеке адамды сәйкес мәдени топпен байланыстырып, қарым-қатынас құруға және мәдени шығармаларда берілетін мағыналарды түсінуге мүмкіндік береді. Мәдени қарым-қатынас тұрғысынан алып қарасақ, тіл әр түрлі мәдениеттегі адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді және олардың білімін, идеялары мен тәжірибелерін сипаттауға мүмкіндік береді. Мәдениетаралық қарым-қатынас барысында тіл ақпарат алмасуға, түрлі мәдени топтардың өзара түсіністік пен ынтымақтастығына ықпал етеді. Мәдениетті дамыту мәселесі туралы сөз етілсе, тілдің мәдени мұраны сақтау, жеткізу және тарату құралы екені айтылады. Тіл арқылы халықтың тарихы мен мәдени ерекшеліктерін танытатын білім, әдеби шығармалар, халық ертегілері мен аңыздар беріледі. Тілдің арқасында мәдениет дамып, жаңа идеялармен, бейнелермен байып отырады. Осылайша, тіл мәдениеттің құрамдас бөлігі, оның көрінісі әрі оны дамыту құралы ретінде қызмет етумен қатар түрлі мәдени топтар арасындағы қарым-қатынас пен түсіністікке ықпал етуші күш болып табылады.

Шын мәнінде, ұлттың мәдениетін оның тілі арқылы тану тілдің ішкі қасиетін, тілдің құбылыс ретіндегі қуатын зерделеуге мүмкіндік береді. Тіл мен мәдениеттің тоғысуы нәтижесінде пайда болған деректер ұлттың мәдени деңгейінің өсуіне, тіл байлығының дамуына ықпал етеді.

Пинкер Стивен тіл біреудің мәжбүрлеуінен не жүйкені тітіркендіру арқылы жасалған іс-әрекеттерден туындамайды, тіл түйсік секілді туа бітетін қабілет, инстинкт деп тұжырымдайды. Оған дәлел ретінде А.Чомскийдің сөзін келтіреді: «Біріншіден, саны шектеулі сөздерден саны шексіз сөйлемдер шығару үшін мида рецепт немесе «ментальды грамматика» деп аталатын бағдарлама болуы тиіс, екіншіден, балаларда туғанда ата-аналарының тіліндегі синтаксистік үлгілерді қалай ажыратуға болатынына көмектесетін барлық тілдердің грамматикасына ортақ «әмбебап грамматика» сияқты қандай да бір сызба, яғни күрделі ұйымдасқан грамматика бар» [101, б. 95]. Сондықтан адамның (балалардың) тілді меңгеруі, негізінен, өздерінің жеке жетістігі деп ой қорытады. А.Чомскийдің, П.Стивеннің адамның тілді меңгеруі өмірдің талабы мен сыртқы жағдайларға тәуелді деген пікірлері орынды деп ойлаймыз. Бұл ойды ғалым Ж.Манкееваның сөзі дәлелдей түседі: «Адамның қалыптасуында тілдің рөлі үлкен. Атап айтқанда, адамның тәлім-тәрбие алған отбасы мен ортасы, тегі, білімі және соған сәйкес қалыптасатын өзіндік сөз қолданысы, яғни тілді қолдану ерекшелігі, тіл көрнекілігі (метафора, мақал-мәтел, фразеологизмдерді орынды қолдану)», – деп [102], тілдік тұлғаның қалыптасуына ортаның әсері үлкен деп тұжырымдайды.

Сонымен, тіл, шын мәнінде, мәдениеттің құрамдас бөлшегі ретінде қарастырылса, диалогтік қарым-қатынаста тіл мәдениеттер арасындағы көпір рөлін атқара отырып, мәдени сипаттамалардың, құндылықтар мен нормалардың алуан түрлілігін түсіндіре алады. Диалогтегі тіл мәдени ықпалдастықта болып, тіл арқылы әр түрлі мәдениеттегі адамдар диалогтік қарым-қатынас жасау барысында ақпарат, тәжірибе және идеялармен алмасуға мүмкіндік алады. Диалогтік сөйлеу барысында нақты мәдени топқа тән мәдени құндылықтары, ойлау ерекшеліктерін, әңгіме тақырыбын таңдауды, қарым-қатынас стилі, идиомаларды қолдану, сәлемдесу және басқа да мәдени өзгешеліктерді ескеру қажет. Осылайша, диалогте тіл мәдениеттің бір бөлігі ретінде әрекет етіп, мәдениетаралық қарым-қатынасқа, өзара түсіністікке және қарым-қатынасқа қатысушылардың мәдени тәжірибесін байытуға ықпал ете алады. Нәтижесінде түрлі мәдени ортадағы адамдар арасындағы диалог түсіністік пен ынтымақтастықтың ұйытқысы ретінде қарастырылады.

#### **1.4 Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері**

Қоғамның дамуы ғылым мен білімге тәуелді. Себебі ғылымы өркендемеген елдің өндірісі кенжелеп, экономикасы тоқырауға ұшырайды. Ғылым өркениетке жетудің кепілі десек, білім оның құралы болмақ. Яғни білім – ғылымға барудың жолы. Сондықтан жүйелі білім беру мен тәрбиелеуді өз нысанында қарастыратын педагогика саласын қоғамның қозғаушы күші деп атау қисынды.

1915 жылы «Айқап» газетіне шыққан «Біздің қазақ баласында не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі хақында біраз кеңес» атты мақаласында қоғам қайраткері Ғ.Мамиков: «Керекті, керексізді білу үшін құрал керек. Бізге әуелі құралға жармасу керек. Ол құрал – ғылым және білім», – деп, сол ғылым жетістіктерін болашақта адамзатқа қызмет қылуға жол ашу қажеттігін түсіндіреді. Автордың пікірінше, жас ұрпақты сол жолға салуда ғылым нәтижелерін үйретіп, оған баулу, оқыту керек. Білім құралымен жабдықталған жанның алары мен берері мол, білімді сүйген жан, авторша айтқанда, «ешкім үйретпей-ақ қалай болатынын біледі». Білімсіз бір адым жер аттау қиын екендігін ескертіп, осы ғылым мүмкіндіктерін меңгеру біздің борышымыз деп түйіндейді [103]. Қайраткердің жүз жыл бұрын айтқан пікірі бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Мектепте берілетін білім негіздерін жасөспірімдерге теориялық білімді берумен шектемей, өзін және ұлтын дамытуға, мектепте берілетін білімді өмір сүру қажеттілігіне бейімдеу арқылы біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағыттау қажет.

Қазақ халқы қайткен күнде іргелі ел болады деген мәселе өткен ғасырдың басында-ақ Алаш арыстарын толғандырды. А.Байтұрсынұлы: «Қазақтың іргелі елдермен терезе теңестіруі үшін үш нәрсе керек. Қазақ мықты, бай һәм білімді болу керек. Мықты болу үшін бірлік керек, бай болу үшін кәсіп керек, білімді болу үшін оқу керек. Осы үш керектің жолында жұмыс істеу керек» [55], – деп, қазақтың өзге ұлттардан кем болмай, терезесі тең болуының шарттарын (білім, кәсіп, бірлік) айқын тұжырымдаған. Қоғам қайраткері әрі ғалым А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымы – мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқы үшін қазіргі кезде де күн тәртібінен түспеген өзекті мәселе. Ұлты ұйысқан мемлекет құру үшін жас ұрпақтың төл тарихына қанық болуы, салт-дәстүрінен сусындауы, дәстүрлі діни нанымына берік болуы, рухы асқақ намысты болуы, білімді әрі өз ісінің шебері болуы қажет. Ал бұл қасиеттер ана тілінің мәйегін бойына сіңірген, оның нәрімен сусындаған ұрпақтың ғана бойынан табылары хақ. Ұлттық құндылықтарды тануға және қадірлеуге тәрбиелеу мектептегі әрбір пәннің білім мазмұнына мұрындық болуы, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің көркем құралдары арқылы берілуі тиіс, себебі тілден асқан қуатты қару жоқ [104]. XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Махмұд Қашқари тілдің тәрбиелік қуатын «Тәрбие басы – тілден» деген сөзбен түйіндеген. Ғ.Мүсіреповтің «...Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі» деген тұжырымы тілін ұлықтаған елдің болашағы мәңгілік деген оймен астасып жатыр [105]. Болашағын ойлайтын ел, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне, біліміне назар аударған. Бұл айтылған ойлар балаға білім мен тәрбие беруде ана тілінің қуатын пайдалану ұстанымы арқылы іске асады. Олай болса, ана тілі диалогтік сөйлеуге үйретуде шешуші рөл атқарады, себебі ана тілінде тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға негіз бола алады. Ана тілі – адамның туғаннан немесе бала кезінен игерген тілі және қарым-қатынас жасау үшін ең қолайлы тіл. Диалогтік сөйлеуге үйрету кезінде ана тілін білім

алушыларға оқытылатын ұғымдарды жақсы түсінуге көмектесетін құрал ретінде пайдаланудың маңызды зор.

Шығыс ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби өз ілімінде білім мен тәрбиенің бірін-бірі толықтыратын дүние екенін ескертіп, оқыту ең алдымен сөз арқылы жүзеге асады, ал білім беру жеке тұлғаны іс-әрекеті арқылы білімді қолдана білуге үйретуден тұратынына назар аударады. Міне, осы әрекеттер арқылы тұлғалар ізгілік пен асыл қасиеттерге тәрбиеленеді. Адамгершілік ілімдерін тәрбиеге кіріктіре отырып, жеке тұлғалар ізгі әрекеттерді өз өмірлерінде тәжірибеде қолдануға үйретіледі. Уақыт өте келе бұл әрекеттер адамның бойына сіңген дағдыларға және адамның мінезінің бір бөлігіне айналады. Ол жеке тұлғаның адамгершілік болмысын қалыптастырады. Бұл көзқарас білім беру тек білім алумен шектеліп қалмай, сонымен қатар ізгі қасиеттерді, мінез-құлықты дамытуды және этикалық мінез-құлықты тәрбиелеуді мақсат етуі керек деген идеямен сәйкес келеді. Адам бойындағы ізгі қасиеттерді тәрбиелеуде сөз арқылы тәлім-тәрбиенің де, сол білімді іс-әрекет арқылы қолданудың да маңыздылығын танытады [106]. Әл-Фарабидің білім мен тәрбиені ұштастыру арқылы этикалық ізгілік пен өнерді дарыту идеясы қай кезде болмасын қоғам мен білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі болып келген *ізгілендіру ұстанымымен* астасып жатыр. Ізгілендіру ұстанымы қарым-қатынас барысында диалогтік сөз этикасын сақтау, ұлттық әдеп нормаларының талаптарын басшылыққа алуды талап етеді. Ізгілендіру ұстанымы диалог түрлерін оқыту барысында этикеттік оралымдарды орынды қолдану арқылы көрініс тауып, оқушыларды диалогтік қарым-қатынас әдебіне тәрбиелейді.

Ы.Алтынсарин – қазақ педагогикасының негізін салушы, ол қазақ жерінде мектеп ашып қана қоймай, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету керек екенін жете түсініп, қазақ балаларына арналған «Оқу құралын» жазды. Сонымен қатар жаратылыстану пәндері кабинеттерін көрнекіліктермен жабдықтау және әдістемелік бағытта шығарылатын «Семья мен мектеп», «Халық мектебі» журналдарын алу мақсатында өз жанынан қаражат бөліп, ізденгісі келген балалар мен мұғалімдерге жағдай жасау қажеттігін құрғақ идеямен емес, нақты іспен дәлелдеген. Кәсіптік білім берудің маңызын жақсы түсінген Ы.Алтынсарин Торғайда қолөнер училищесін ашудың жоспарын жасап, ағаш шебері мен ұста-слесарьлық, тігін бөлімдері бар мамандандырылған оқу орнын ашуға ат салысты (1884 жылы Торғайдағы Яковлев қолөнер училищесі). Ұлы педагог Қостанайда ауылшаруашылық училищесін ашу мақсатында өзінің екі үйін және қыстаудағы жерін берді. Ағартушының ұлт болашағы үшін жасамақшы болған бастамасы сол кездегі түрлі жағдайларға байланысты қазақ қоғамы мен патшалық Ресей тарапынан қолдау таппады. Өз идеясына берік ұстаздың 1886 жылы Орынборда ашқан мұғалім даярлайтын қырғыз мектебі қазақ жерінде кейінгі ашылатын жалпы және кәсіби білім беретін мектептерге негіз болды [107]. Ұлы ұстаздың ұстанған бағыты біздің зерттеуіміздегі дара тұлғаның әлеуметтік-кәсіби бейімділігін диалогтік сөз мәдениетін жетілдіру тұрғысынан дамытуды көздейтін білім берудің *кәсіби бағдарлылық ұстанымымен* сәйкес келеді. Аталған ұстаным

диалогтік сөз түрлерін оқытуда мамандыққа, кәсіпке қатысты іскерлік, рөлдік ойын тапсырмаларын орындату барысында оқушылардың өміріне қажетті қарым-қатынас жасау әдебін қалыптастыруға ат салысады. Мысалы, модальдық диалогтің диалог-құптау түрінде рөлдік ойын ұсынылып, оны орындау барысында әңгімелесушілерден бірін-бірі көтермелеп, қолдауы талап етіледі. Рөлдік ойын нәтижесінде оқушылар кәсіби қарым-қатынас диалогінде әріптесіне сыйластық танытып, ізет көрсетуге дағдыланады. Оқушылар «Бәрекелді», «Жарайсың», «Керемет» деген жалпыадамзаттық, «Елдің бағына туған!», «Нар екенсіз!», «Бар болыңыз!» және т.б. ұлттық этикет оралымдарының мәнін ұғынып, орынды қолданып үйренеді.

М.Жұмабаев қазақ жастарын ұлтжандылыққа, отансүйгіштік сезімге тәрбиелейтін шығармашылығымен қатар ұстаздық етіп, оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол өзінің әрі оқулық, әрі әдістемелік құрал тұрғысынан дайындаған «Педагогика» еңбегінде жан тәрбиесі мен дене тәрбиесін жан-жақты қамтыған.

Педагог-жазушы оқу мен тәрбиені бірлікте қарастырып, баланы бесіктен бастап тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп, нақты ұсыныстар айтады. Автордың «...Әр тәрбиеші қолданатын әдіс - ұлттық тәрбие. Әр ұлттың бала тәрбиесіне өзіндік көзқарасы бар. Ұлттық тәрбие көптеген ұрпақтар сынаған тәлім беру әдісі болғандықтан, әрбір тәрбиеші ұлттық біліммен таныс болуы керек. Әр халықтың баласы өз халқының ортасында, өз халқы үшін қызмет ететіндіктен, тәрбиеші баланы осы халықтың тәрбиесі бойынша тәрбиелеуге міндетті», - деп көрсетіп, бала тәрбиесі халықтың тәрбиесімен бір сатыда тұру қажеттігін ескертеді. Балаға тәрбиелеуші ұлт тәрбиесімен шектелмей, өркениет тәжірибесімен таныс болу қажеттігін айтады: «...оқу-ағарту майданындағы еңбек адамдарының тәжірибесімен, түрлі ұлт ғалымдарының ой-пікірлерімен, яғни тәрбие беру әдістерімен жақсы танысу қажет» [108]. Педагог-жазушы бала тәрбиесінде екі нәрсеге басымдылық береді: біріншісі, баланы болашақ өз заманына лайық қылып тәрбиелеу; екіншісі, баланы өз ұлтының рухында тәрбиелеу. Сондықтан эксперимент барысында жоғары сынып оқушыларына болашақ өміріне қажетті диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде сөйлеу актілеріне керекті сөз орамдарын, клишелерді меңгерту көзделеді. Бұл оқушының тілдік қорды, сөз әдеби нормаларын бірлікте меңгеруіне ықпал етті.

М.Жұмабаевтың баланы болашақ заманға лайықтап тәрбиелеу қағидасы қазіргі заманғы өзекті технологиялық прогреске бағдар ұстанатын *озық білім беру ұстанымымен* толықтай қабысады. Мағжанның еңбектеріне өзек болған озық білім беру мен тәрбиелеу ісін қазақ халқының тұрмысы мен ұлттық ерекшелігіне сәйкестендіру қағидасы «Мәңгілік ел» идеясының басым бағыты болып табылатын *білім мазмұнын ұлттық құндылықтарға негіздеу ұстанымы* аясында жалғасын табуда.

Алаштың біртуар азаматтарының бірі Ж.Аймауытов қазақ әдебиетін классикалық шығармалармен байытып қана қоймай, ғылым, білім беру, тәрбие саласына бүгінгі күннің талаптарымен үндесетін ойларын қалдырды. Ж.Аймауытовтың 1926 жылы жазған «Психология» атты оқу құралы үлігісінде



жазылған еңбегі осы салада жасалған алғашқы еңбектердің бірі. Бұл ғылыми еңбегінде ғалым-ағартушы психология ғылымының мақсатын, зерттеу объектісін анықтап, адамның таным процестері мен дене мүшелері, олардың қызметі, қабілеті, жүйке-ми жүйесінің әрекетін жан-жақты зерттеп, мысал-тәжірибелер арқылы дәлелдейді. Білім беруді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге арналған «Комплексті оқыту жолдары» еңбегінде тәрбие, кешенді оқыту, ана тілін оқыту және т.б. мәселелер жөнінде өзінен кейінгі зерттеулерге бағыт беретін тұжырымдамалық идеялар айтқан.

«Тәрбие» мақаласында дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі деп жіктей отырып, «...жақсы тәрбиелеу керек дейміз. Жақсы тәрбиенің мақсаты не болмақ?» деген сұрақтар қояды және оған ілгерідегі ұлы адамдардың айтқан пікірлерін келтіре отырып жауап іздейді. «Адам баласына дене тәрбиелеудің үстіне жанын (рухын), ақылын, сезімдерін, жігерін-мінезін тәрбие қылу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңаржақтау бола береді», – деп, педагог-зерттеуші рухты тәрбиелеуді алдыңғы орынға шығарады. Одан кейін баланы тәрбиелейтін адамның тұлғасы соған сәйкес болу керектігіне мән береді: «Баланың ақыл-ойы мен жаны туылғанда бос таза парақтай болады. Жазушы ойларын параққа түсіретіні сияқты баланы қалай тәрбиелеу тәрбиешіге тікелей байланысты». Тәрбие беруде ата-ана мен ортаның әсерін қатар қоя отырып, ортаның әсері күштірек екенін мойындайды. Сонымен қатар баланың тәрбиесіне ата-ана, тәрбиешімен (мұғалім) қоса өскен ортасы, жолдас-замандастары, жаратылыс (дүние), туған жұрты, оның діні мен тілі де ықпал етеді дейді. Осы орайда Шунк Дейлдің пікірі бойынша: «Әр адамның мінез-құлқы генетикалық тұрғыдан анықталып қойғанымен, оның әрі қарай қалыптасуына қоршаған орта әсер етеді. Тіл бұған нақты мысал бола алады. Дауыс аппараты қалыптасқаннан кейін адамның сөйлеу қабілеті пайда болады. Бірақ нақты сөздерді басқалармен қарым-қатынасқа түсу барысында үйренеді» [109]. Олай болса, өскен ортасының әсері қаншалықты ықпалды болғанымен, бала есейген сайын оның психикалық дамуына байланысты жоғарыда (Ж.Аймауытов) аталған шарттардың маңыздылығы да өзгереді: «Адам есейген сайын өзгеріп отырмақ, өзгертуге себеп болатын нәрсе – адамның жан сипаттары». Автордың айтуынша осындай «жан сипаттарының адамды толқымалы халға түсіретін уақытында» мұғалім (тәрбиеші) тарапынан мақсатты түрде тәрбие жұмысы жүргізілгені абзал. «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты мақалада педагог-жазушы білім беруде адамның сезім мүшелері, дене мүшелері түгел жұмылдырылуы қажеттігін ескертіп, «Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!)» – деген нұсқаулық береді. Баланың барлық дене мүшелері оқуға жұмылдырылған кезде оқу мазмұнын тез меңгеріп, түсініп алады. Әр сабақ барысында оқушының жадында осындай кеңес сипатты нұсқаулық сайрап тұру керек [110]. Ж.Аймауытовтың бұл тұжырымы ана тілін оқытуда сөйлесім әрекетінің түрлері: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім әрекеттеріне арналған тапсырмаларды кешенді орындату арқылы оқушының ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамытуды көздейтін қатысымдық ұстаным қағидаларымен сабақтасады.

Ж.Аймауытов ана тілін оқытуды сөйлеуге төселдіруден бастау керек деген ой айтады. Оны іске асыруда мұғалімнің (немесе білім алушылардың) дұрыс сұрақ қойып, оқушының дұрыс жауап беруі маңызды. Дұрыс жауап бермеген жағдайда оқушылар бірінің сөзін бірі не мұғалім тарапынан түзетіп отыруы керек. Ғалым шұбалаңқылыққа жол бермеу, аз сөзбен көп мағына беру, өз ойын тартымды сөздермен қысқа жеткізуге үйрету балаларды сөзге төселдірудің бірден-бір дұрыс әдісі деген тұжырым жасайды. Шын мәнінде, оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіру тек тапсырма орындау кезінде ғана ескерілмей, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы барысында да қадағаланғаны абзал.

Адамның әрекеті арқылы жүзеге асатын арнайы әлеуметтік-педагогикалық жүйе болып табылатын қазақ тілін оқыту үдерісі қазақ ғылымы мен білімінің бастауында тұрған ұлы ағартушылар мен Алаш қайраткерлерінің ой-тұжырымдарымен орайластыра айқындалған дидактикалық ұстанымдарға негізделеді. Жоғарыда аталған *ана тілінің қуатын пайдалану, ізгілендіру, озық білім беру, білім мазмұнын ұлттық құндылықтарға негіздеу және қатысымдық ұстанымдары* қазақ тілін оқытудың мақсаты мен нәтижесін, білім мазмұнын анықтауда, оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауда басшылыққа алынады. Аталған жалпы ұстанымдармен қатар оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың *арнайы ұстанымдары* белгіленді. Олардың қатарына *интерактивтік оқыту ұстанымы, креативтік, кәсіби бағдарлылық ұстанымдары* жатқызылды.

Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың арнайы ұстанымдары оқытудың жалпы қағидалары мен берілетін білім мазмұнының ішкі ерекшелігімен байланыста анықталды. Бүгінгі күнге дейінгі педагогикалық зерттеулер мен тәжірибелер білім беруді ұйымдастыру қағидаларының тиімділігін анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Зерттеулер нәтижесінде бұрыннан бар дүниелерге қатысты тың ғылыми тұжырымдар негізделуде. Бұлар оқытудағы шығармашылық оқу үдерісімен біте қайнасқан, барлық пәндердің мазмұнын меңгертудегі жетекші қағида болып табылады.

Оқу-тәрбие үдерісіне шығармашылық элементтерді енгізу педагогикалық модельдеудің икемділігі мен бейімділігіне, ашық әлеуметтік-мәдени кеңістікке қол жеткізуге, субъект-субъектілік қарым-қатынасқа, оқу-тәрбие жұмысында бірлескен серіктестікке бағытталады.

Шығармашылық қағидалар креативтік білім беру парадигмасының іргелі негізін құрайды. Креативтілік – тұлға бойында тікелей өлшеуге келмейтін күрделі қабілет. Оны салыстыратын эталон, өлшейтін өлшем бірлігі жоқ [108]. Ғалымдардың тұжырымы бойынша, оны жанама белгілері арқылы бағалауға болады. Сөз мәдениетін оқытудағы *креативтілік ұстанымы* оқушының проблемаларды шешуде және тапсырмаларды орындауда қолданатын шығармашылық ойлауына негізделді. Бұл ұстанымның мәні бір проблеманы шешудің бірнеше дұрыс жолын қарастыруында. Білім берудегі креативтілік ұстанымы оқу материалдарын таңдауда дивергентті тапсырмаларға (дивергентті тапсырмалар, жаттығулар, практикалық жұмыстар) басымдылық беруді қажет етеді. Мұндай тапсырмалар бір ғана емес, бірнеше дұрыс жауабы бар

проблемаларды шешуге (тапсырмаларды орындауға) қажетті оқушылардың дивергентті (көпвекторлы) ойлауын дамытады. Дивергенттік ойлаудың құндылығы оның әрекет ететін аумағында «алыс» семантикалық түсініктердің арасында байланыс орнататын жанама, ерекше комбинациялардың болатындығында. Оны В.Н.Дружинин: «Дивергенция дегеніміз – семантикалық кеңістіктің шалғай аймақтарының өзектіленуі», – деп атайды [111, с.188]. Жалпы танымдық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде дивергенттік ойлау креативті ойлаудың қырын қамтамасыз етеді. Бір сөзбен айтқанда, креативтілік дегеніміз дивергенттік ойлау болып саналады.

Креативтік қабілеттерді үздіксіз жетілдіру проблемалық жағдаят пен тапсырмаларды күрделендіруді қажет етеді. Сонда ғана оқушылардың жақын арадағы даму аймағы қамтамасыз етіледі. Оқушының өзекті даму аймағынан шыға алмайтын тапсырмалар орындалған жағдайда креативті ойлау дамымайды [112]. Мысалы, оқушыларға рөлге бөлініп, диалогке түсіндер деген бағыттағы актуалды даму аймағынан шыға алмайтын тапсырмалар берілсе, даму жүрмейді. Сондықтан диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде оқушының жай ғана диалогке түсуін талап етпей, өзіндік ойын, көзқарасын, ерекше ойлауын қажет ететін, бір мәселеге қатысты бірнеше тұжырым айтып үйренуін дамытатын әдістер арқылы дайындалған тапсырмалар ұсынылды. Мысалы, төменде берілген тапсырмада тек диалог құруды ғана емес, өз көзқарасын жеткізу, диалог-теріске шығарудың ерекшеліктерін түсініп, өз сөзінде қолдану қажет болады:

**1-тапсырма.** Әрқайсың ұсынылған екі пікірдің бірін қорғаңдар:

- 1) Ұялы телефон мен ғаламтор – «уақытты ұрлаушылар»;
- 2) Астанаға пойызбен барамыз.

Өз пікірлерінді дәйектендер. Диалог-теріске шығаруда ұсынылған сөздерді дәйектеме ретінде пайдаланыңдар:

1) Ұялы телефон мен ғаламтор – «уақытты ұрлаушылар». Сондықтан оларды пайдаланудан бас тарту керек.

2) Ұялы телефон мен ғаламтор уақытты үнемдейді. Өркениеттің жетістіктерінен бас тартуға болмайды.

Өз пікірлерінді ары қарай жалғастырып, диалог-теріске шығару ұйымдастырыңдар. Үлгі жауап:

– *Достарыммен телефон және ғаламтор арқылы сөйлесуге көп уақыт кетеді. Мүмкін, олардан бас тарту керек шығар?*

– *Ұялы телефон мен ғаламтор – уақытты үнемдеуге көмектесетін өркениет жетістіктері. Сондықтан одан бас тартуға болмайды.*

– *Әрине, бас тарту керек. Өйткені олар – «уақыт ұрлаушылар». ...*

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар сұрақ-жауап түріндегі стандартты ойлау шеңберінен шығып, өз көзқарасын айтуға, ойын негіздейтін дәйектемелер табуға тырысады. Яғни оқушылар проблемалық жағдаяттан шығу үшін шығармашылық тұрғысынан ойлауға мәжбүр болады.

Демек диалогтің түрлерін оқыту барысында креативтік ұстанымдарды басшылыққа алу оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға негіз болды. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың арнайы ұстанымдарының бірі – біз

жоғарыда атап өткен *кәсіби бағдарлылық ұстанымы*. Зерттеу жұмысына өзек болып отырған 10-11-сынып оқушылары – өздерінің болашақ өмірін жоспарлап, қай салаға баратынын анықтаған, болашақ мамандықтарын тандауда біршама тоқтамға келген жеткіншектер. Қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың талап-тілектері мен қызығушылықтары ескерілуі тиіс. Оқытудағы кәсіби бағыттылық жоғары сынып оқушыларының пәнге деген ықыласын арттыратыны сөзсіз.

Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда оқушылардың болашақ мамандықтарына қатысты іскерлік пен дағдылардың алғашқы элементтері ұсынылады. Бұл әдістемелік тұрғыдан пәннің мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру тиімді болмақ. Олар көбіне рөлдік ойын, ресми жағдаяттық тапсырмаларда қамтылды [112, p.82].

*Интерактивтік оқыту ұстанымы*. Интерактивті оқыту – бұл білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуы мен белсенділігін арттыруға бағытталған білім беру тәсілі. Интерактивті оқытудың мақсаты оқушыларға ынтымақтастық орнату, сұрақтар қою мен жаңа ұғымдар мен идеяларды зерттеу мүмкіндігін беру арқылы неғұрлым тартымды және тиімді оқу ортасын құру болып табылады. Интерактивті оқыту сыныптағы пікірталастарды, топтық іс-әрекеттерді, проблемаларды шешуге арналған жаттығулар мен практикалық жобаларды қоса алғанда, көптеген нысандарды қамтуы мүмкін. Қазақ тілі сабағында білім алушыларға сөз әдебін меңгертуде әдіснамалық тұжырым ретінде қатысымдық – әрекеттік бағыт ұсынылғандықтан, интерактивті оқыту ұстанымы осы әдістемелік жүйенің барлық деңгейінде қарастырылады. Себебі диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде орындалатын кез келген тапсырманың түрі, жағдаяттық жаттығулар, рөлдік ойындар, диалогтік тапсырмалардың барлығы интерактивті түрде орындалады. Ең бастысы – білім алушыларды жай ғана пассивті түрде ақпаратты қабылдауға емес, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыратын оқу ортасын құру. Интерактивті оқыту тәсілін жүзеге асыру үшін мұғалімдер әр түрлі стратегияларды пайдалана отырып, сыныптағы дискуссиялар мен дебаттарды ынталандыру, топтық әрекеттер мен жобаларды қолдану, интерактивті тақта немесе білім беруде қоданылатын барлық технологияларды біріктіру, тәжірибе жасау және т.б. тәсілдерді қолданады. Жалпы алғанда, интерактивті оқыту әдісі неғұрлым тартымды және тиімді оқу ортасын құруға көмектеседі және білім алушыларды жақсы нәтижелерге жетелей алады. Белсенді қатысу мен ынтымақтастықты ынталандыру арқылы мұғалімдер оқушыларға мектепте және өмірде табысқа жету үшін қажетті дағдылар мен білімді дамытуға көмектесе алады. [113, p. 254-256]

Ана тілін диалогтік сөз арқылы меңгеру адамның жас ерекшелігіне қарамастан танымдық қабілетімен тығыз байланысты. Тіл үйрену қабілеті – есте сақтау, зейін, қабылдау және ақпаратты өңдеуді қоса алғанда, кең ауқымды дағдыларды қамтитын күрделі танымдық процесс. Мысалы, сәбилер мен кішкентай балалардың тілдерді үйренуге керемет қабілеті бар, көбінесе бір уақытта бірнеше тілді меңгереді. Бұл олардың үлкен көлемдегі тілдік ақпаратты өңдеуге және сақтауға мүмкіндік беретін танымдық қабілеттерінің дамуымен

байланысты. Адамдар есейген сайын олардың танымдық әрекеттері тіл үйренуде шешуші рөл атқара береді. Ересек адамда жаңа тілді меңгеру қиынырақ болса да, зейін, есте сақтау және проблеманы шешу сияқты қабілеттері оқу үдерісін жеңілдетуге көмектеседі. Оның үстіне ана тілін үйрену балалық шақпен шектелмейді, өйткені адам өмір бойы тілдік дағдыларын дамытаға мүдделі. Тілге үнемі әсер ету, сондай-ақ арнайы жаттығулар мен нұсқаулықтар арқылы адамдар өздерінің ана тілін қолдану және түсіну қабілеттерін жақсарты алады. Тіл үйренуде диалогтік сөйлеуді пайдалану сыни тұрғыдан ойлау, проблеманы шешу және коммуникативті дағдылар сияқты танымдық қабілеттерді арттыруға көмектеседі. Өз құрбыларымен және мұғалімдерімен белсенді диалогке түсе отырып, оқушылар күрделі идеяларға сыни тұрғыдан ой білдіру, мәселелерді бірлесе шешу, өз ойлары мен идеяларын тиімді жеткізу қабілеттерін дамыта алады. Жалпы алғанда, тілді оқытуда білім алушылардың танымдық қабілеттерін түсіну арқылы педагогтер мен оқушылар тілді оқыту мен дамытудың тиімді әдіс тәсілдерін жасай алады .

Диалог ұғымы жоғары сынып оқушыларына жалпы мағынада таныс болғанымен, диалогтің тектері мен түрлерін, ерекшеліктерін білу, тереңірек түсіну тәжірибелік біліктерді қажет етеді. Білім алушыларды диалогке қатысты жаңа мазмұнмен таныстырғанда мұғалімдерге диалогтің түрлерін суреттейтін негізгі ұғымдар мен мысалдарды түсіндіру, нақты және құрылымдық нұсқаулар беру өте маңызды. Мұғалімдер сонымен қатар рөлдік жаттығулар, топтық талқылаулар және жазбаша тапсырмалар сияқты әр түрлі оқу әрекеттері арқылы оқушыларға өз дағдыларын жаттықтыруға мүмкіндік бере алады. Нәтижесінде мұғалімдердің ұтымды басшылығымен және қолдауымен білім алушылар диалогті тереңірек түсініп, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті дағдыларды дамыта алады.

Түсіну процесі – оқу мотивациясын, білім мазмұнын қабылдауды, ойлауды және есте сақтау үдерістерін қамтитын бірнеше негізгі компоненттерді қамтитын күрделі танымдық процесс. Оқуға деген мотивация түсіну үдерісінің алғашқы қадамы болып табылады, өйткені ол жеке тұлғаның жаңа ақпаратты қабылдау дайындығы мен ынталылығын анықтайды. Мотивацияға әр түрлі факторлар әсер етуі мүмкін, мысалы, тақырыпқа жеке қызығушылық, қабылданған ақпараттың өзектілігі, жеке адамның үміті мен мақсаттары. Білім мазмұнын қабылдау жаңа ақпаратпен белсенді түрде араласу және оны жарамды әрі мағыналы деп қабылдау процесін білдіреді. Бұл ақпаратты талдау мен бағалау сияқты сыни ойлау дағдыларын қамтиды және оған жеке сенім мен алдыңғы білім сияқты факторлар әсер етуі мүмкін.

Ойлау үдерісі – түсіну процесінің маңызды бөлігі, өйткені ол адамдарға жаңа ақпаратты ұйымдастыруға және түсінуге мүмкіндік береді. Бұл санаттау, салыстыру және бағалау сияқты процестерді, сондай-ақ талдау, синтез және бағалау сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қамтиды. Түсіну үдерісінде есте сақтау қабілеті де маңызды, себебі олар адамдарға ақпаратты уақыт өте келе есте сақтау мен еске түсіруге мүмкіндік береді. Бұл қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтау қабілеттерін жандандырып, назар аудару, қайталау мен

қалпына келтіру белгілері сияқты факторларға әсер ете алады. Көрнекті чех ағартушысы Я.А.Коменский оқушының оқуға деген қызығушылығына үлкен мән берді. Философтың «Оқушыға өз әдіс-тәсілдерін үйретпес бұрын, мұғалім, ең алдымен, оның бойында білім алуға деген құштарлығын ояту керек» деген сөзі әлі күнге дейін өзекті. Мұндай тұжырымның мәні тиімді оқу үшін оқушының ішкі ынтасының маңыздылығын көрсетеді. Мұғалім оқушылардың білімге деген құштарлығын, қызығушылығын оятуға ұмтылуы керек, өйткені бұл олардың оқу материалдарын жеңіл әрі тез меңгеруіне көмектеседі. Педагогтің зейінді оқушының назарын белгілі бір объектіге, тапсырмаға немесе ойға аудару, маңызды емес ынталандыруларды жою және оқу үдерісі үшін маңызды нәрсеге назар аудару қабілеті деп бағалап, мұғалім сабақта оқушылардың зейінін сақтау және оны жақсарту шараларын қолдануы керек деп тұжырымдады [114].

Оқыту үдерісінде зейін қабілетінің маңыздылығы туралы зерделесек, отандық зерттеулер де зейінді қалыптастыруда мынадай мәселелерге назар аудару қажеттігін көрсетеді:

– Іс-әрекетке назар аудару және назарды осы әрекеттің талаптарына бағындыру үшін тікелей әрекетке кірісу қажет. Бұл іс-әрекет пен зейіннің бір-бірімен тығыз байланысты екендігін көрсетіп, әрекет зейінді басқару және бағыттау құралы бола алады.

– Тиімді және зейінді жұмыс істеу үшін алаңдаушылық тудырмайтын таныс жұмыс жағдайларын жасау керек. Бұған шусыз, тыныш және бейбіт жұмыс орны сияқты алаңдарда болу.

– Атқарылып жатқан жұмыстың мәні мен маңызын түсінудің ең дұрыс жолы – білімге шын көңілмен қарау. Егер істің мәнін тереңірек түсінсек, онда оны орындауға көбірек көңіл бөленеді.

– Тіпті әр түрлі қолайсыз жағдайларда жұмыс істеу тәжірибесі, мысалы, алаңдататын сыртқы әсерлердің болғанына қарамастан, зейінді шоғырландыруға жаттықтыру, оны күштірек және шыдамды етуге машықтану.

– Зейінді болу туралы үнемі ескерту зейіннің жоғары деңгейін сақтауға көмектеседі. Бұл әсіресе тапсырмадан оңай алшақтататын орталарда жұмыс істеген кезде өте маңызды [115].

Білім алушылар талқыланатын мәселеге қызығушылық танытпаса, жеткілікті көңіл бөлмесе, нәтижелі пікір алмасу орындалмайды. Оқушыларды проблемаға қызықтыру және олардың назарын диалогке аудару үшін әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы, білім алушылар үшін ең қызықты талқылау тақырыптарын таңдауға мүмкіндік беру, мәселені жақсы түсінуге және қызықтыруға көмектесетін ойындар, рөлдік жағдаяттар, топтық жобаларды және т.б. тапсырмаларды пайдалануға болады. Диалогтің дұрыс құрылуы үшін оқушылар кез келген мәселеге зейін қоюға мүдделі болуы керек. Оны оқыту психологиясын зерделеген ғалымдар да ерекшелігін көрсетіп түйіндейді. К.Ушинскийдің пайымдауынша, зейін – адамның ойы мен сезімін түсінудің, сонымен бірге оның ішкі әлеміне қол жеткізудің кілті. Ол зейін арқылы адамның толық бейнесін, оның ой-пікірін, мінезін және сенімін алуға болады деп есептеді. Өзі үшін маңызды нәрсеге қалай көңіл бөлу керектігін

білетін адам жеке және кәсіби мақсаттарға жетуде қажет ішкі күш пен тәртіпке ие деген тұжырым жасайды [116]. Сонымен, К.Ушинский зейін тұлғаның дамуында басты рөл атқарады және балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесінде дамытылуы қажет негізгі қасиеттердің бірі деп есептеді.

Кез келген білім негіздерін ұғындыру зейіннің қатысынсыз іске аспайды. Зейін адамда бірден пайда болмай, есейе келе қоғамдағы үздіксіз байланыстар арқылы жасалған әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Жоғары сынып оқушылары ақыл тоқтатқан, білімнің өз өміріндегі мәнін түсінетін болғандықтан, негізінен зейіндері тұрақты болып келеді. Дегенмен әр оқушының психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай зейіннің тұрақтылығы да түрліше. Осы себептен мұғалім сабақ үдерісінде оқушы меңгеретін білімнің практикалық, қолданбалық сипатын арттыра отырып, үйреншікті әдіс-тәсілдермен қатар оқушыны селт еткізетін интерактивтік әдістерге басымдылық беру қажет [117].

Дейл Х.Шунктің «Оқыту теориясы. Білім беру көкжиегі» еңбегінде когнитивті нейроғылым зерттеулерінің нәтижесі адамдардың зейінін дамытудың түрлі жолдарын анықтағанын айтады. Ғалым зейінді дамытудың төрт факторын анықтайды:

- Маңыздылық факторы;
- Жаңашылдық факторы;
- Қарқындылық факторы;
- Қозғалыс факторы [28, б.56].

Сабақ жоспарын жасау барысында мұғалімдер бұл факторлардың сабақ тақырыбы мен оқушылардың іс-әрекетіне қатысты қолдану жолдарын да қарастыруы тиіс. Тәжірибелік зерттеу кезеңінде оқушыларға диалогтік сөз түрлерінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын меңгерту барысында Дейл Шунк атаған факторлар тапсырмалар дайындауда және оқушылардың зейінін дамытуда ескерілді. Аталған факторларды есепке ала отырып дайындалған тапсырмалар жүйесі жұмыстың әдістемелік бөлімінде (2.3) берілді.

Білім мазмұнын ұғыну үшін оқушының ықыласты болуы мен зейінділігі жеткіліксіз. Білім мазмұнын ұғыну ойлау үдерісінен тыс жүзеге аспайды. Тіл мен ойлау тығыз байланысты. Ойдың сөйлеу үдерісі арқылы жарыққа шығуы тіл мен ойлаудың тығыз байланыста екенін білдіреді. Адам ойын жеткізуге қажетті заттар мен құбылыстарды ой елегінен өткізіп барып сөзін ұйымдастырады. Қазақ тіл білімі ғылымының негізін салған ғалымдардың бірі А.Қ. Жұбанов: «Ой деген адамның өзі жайлы, болмаса төңіректегілер жайлы білгені. Сөз деген сол – білген нәрсенің аты. Сондықтан адамдар заттар мен құбылыстардың аттарын айтып білгенін білдіргісі келеді, ойды сөзбен білдіреді», – деп тұжырымдайды [118]. Мысалы, адам кез келген нәрсені ойлап отырғанда ой адам санасында іштей сөйленетін сөздер негізінде іске асып жатады. Психологтар сөйлеуді екіге бөледі: іштей сөйлеу және сырттай сөйлеу. Іштей сөйлеу ойлау мен сөйлеудің байланысын жүзеге асырады. Іштей сөйлеу – адамның көру, есту және т.б. адам болмысынан туындайтын қабілеті. Іштей сөйлеу мен сырттай сөйлеу ойдың жемісі болғандықтан, олардың физиологиялық негізі бір. Сырттай сөйлеудің тыңдаушыға бағытталуы, ал іштей сөйлеудің адамның өзіне бағытталуы

олардың айырмашылығы болып табылады. Ішкі сөйлеудің сыртқы сөйлеуге айналуы адамның танымдық дамуының негізгі бөлігі және интеллектуалдық әрекеттерді орындаумен тығыз байланысты. Ішкі сөйлеу жеке адамдардың ойлау және мәселені шешу кезінде қатысатын үнсіз, ішкі монологтік сөйлеуі арқылы жүзеге асады. Индивидтер дамып, интеллектуалдық іс-әрекеттермен тәжірибе жинақтаған сайын бұл ішкі сөйлеу бірте-бірте сыртқы сөйлеу, әңгімелесуге айналады, себебі жеке адамдар диалогтік сөйлеу арқылы тілдесіп, мәселелерді өзара жақсы түсінісу мен ортақ шешім жасау үшін өз ойларын дауыстап жеткізе бастайды. Олар, алдымен, туындаған қиындықтарды сипаттайды, сосын одан шығуға болатын жолды жоспарлайды. Бұл жерде қиындық деп тұрғанымыз баяншының сөзін ұғыну барысында туындайтын өзара тізбектер секілді байланысқан ассоциациялардың (байлынас) жүзеге асуы. Баяншының сөзін ұғыну үдерісі жүйелік ассоциациялардың тізбегі арқылы жүреді. Сөздің мазмұны жеке фактілермен ғана байланысты болмай, жүйелілікпен іске асады. Соның нәтижесінде белгілі бір мәтіндер арқылы бірінен бірі туындайтын жүйелі репликалар негізінде диалог пайда болады. Ойдан ұғым, ұғымнан пікір, пікірден қорытынды шығады. Соның нәтижесінде сөйлеу пайда болады.

Мектептің жоғары сатысындағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім берудің мақсаты «ұлттық және әлемдік құндылықтарды салыстыра түйін жасай алатын, Қазақстан Республикасы халықтары мен әлемдік қоғамдастықтың мәдениетін игерген, қоғамда қолдануы талап етілетін тілдердің коммуникативтік құзіреттіліктерін игерген тұлғаның даралануы мен әлеуметтенуіне мүмкіндік жасайтын тілдің лексика-фразеологиялық, грамматика-стилистикалық, мәдени-этикалық және шешендік нормаларын меңгерту, жоғары деңгейде күрделендірілген түрлі жанрдағы мәтінді салыстыру, талдау, ой қорыту әрекеттерін жетілдіру, мәтін түрлеріне сай тілдік бірліктерді қолдана алу біліктілігін арттыру» деп белгіленген. Осыған орай жоғары сыныпта күтілетін білім нәтижесі оқушының тілдік қарым-қатынас жасау мәдениеті деп белгіленіп, қарым-қатынастың ең көп қолданылатын классикалық әрі маңызды түрі – диалогтік сөз мәдениетін оқытуға ерекше мән беріледі. Мектепте «Қазақ тілі» пәні ұлт мәдениетінің бөлшегі ретінде оқытылады. «Тіл – тасымал құралы, мәдениетті жеткізуші, ол ұрпақтан ұрпаққа сақталып келген ұлттық мәдениеттің жауһарларын тасымалдайды. Балалар ана тілін меңгере отырып, онымен бірге ата-бабаларының бүгінге дейін жинақталған мәдени бай тәжірибесін де игереді» [66, б.50]. Ана тілін оқытуда оқушылардың ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын дамытуға басымдылық беріледі. Диалогтік сөз мәдениетін оқытудың түпкі нәтижесі диалогтік сөздің тектері мен түрлерін, ерекшеліктерін меңгерту арқылы оқушылардың сөйлеу әдебі мен сөз мәдениетін дамыту болып саналады.

*Ана тілін оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру ұстанымы* ерекше маңызды. Психологияда баланың жас ерекшеліктерін білу балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер үшін қажет. Ол туралы белгілі психолог М.Мұқановтың пайымдауы бойынша, оқуда баланың жас ерекшелігін ескеру әрбір баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын жақсы түсінуге, баланың



кабілеттері мен дара қасиеттеріне сай оқу процесін бейімдеп, ұйымдастыруға мүмкіндік береді дейді. Яғни педагогикалық, психологиялық принциптерге сүйене отырып, мұғалімдерге әр түрлі жас кезеңдеріндегі бала психикасының дамуы, оның жетілу заңдылықтары туралы, білім беру мен тәрбиелеуге байланысты психикалық үдерістер туралы білім жинақтау аса маңызды екенін түсінеміз [119]. Сондықтан оқушылардың жалпы және жеке бас ерекшеліктерін білу ана тілінен берілетін білім мазмұнын меңгертудің кепілі болады.

Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда жоғары сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескеру нәтижелі болмақ. Психологтардың айтуы бойынша, 15-16 жас жеткіншектердің жеке бас айырмашылықтары ерекшеленетін кез. Осы кезде олардың бойында ата-ана мен мектептің бақылауынан шығып, тәуелсіздікке ұмтылуы белең алады. Сонымен қатар жеткіншек өзінің іс-әрекетін бақылап, өзін-өзі тәрбиелей бастайды. Мінездері қалыпты жағдайға ауысып, өздеріне деген сенімділігі артады, болашаққа ұмтылады.

Балалық шақтан жеткіншек кезеңге (юношество) өту 11-12 жастан 23-25 жасқа дейінгі кезеңді қамтитын үш кезеңге бөлінеді. 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі кезең жыныстық жетілу кезеңі болғандықтан, жасөспірімдер биологиялық өтпелі кезеңді бастарынан өткізеді. Бұл шақта оқушылардың алғашқы әлеуметтену кезеңі жалғасын тауып, білім алу олардың жетекші әрекеті болады. Дегенмен биологиялық өзгерістерге байланысты психологиялық дамуында қайшылықтар кездеседі. Іс жүзінде қолы жетпеген кемелдік сезімі жасөспірімдердің болашаққа қадам жасауын жаңа деңгейге көтереді. Балалықтың уақыты аяқталып, жаңа кезең басталады.

Біз қарастырып отырған 14-15 жастан 18 жасқа дейінгі жеткіншек кезең – балалықтан ересектікке өтіп, биологиялық тұрғыдан физиологиялық жетілудің аяқталатын кезеңі. Осы кезеңде олардың алғашқы әлеуметтену сатысы аяқталады. Оқушылардың белсенді іс-әрекеті басқа арнаға ауысып, ересек жастарға тән қасиеттерге ие бола бастайды. Жеткіншектердің алдында негізгі әлеуметтік міндет – мамандық таңдау. Олар ары қарай білімін жалғастыратынын немесе қандай кәсіппен шұғылданғысы келетінін анықтайтын жауапты кезеңге аяқ басады. Пәндердің білім мазмұны арнайы кәсіби біліммен толығыады. Бұл жоғары сыныптарда мамандық таңдауға байланысты ұйымдастырылған кешенді тапсырмалар негізінде диалогтік сөздің тектері мен түрлері меңгертудің жолдарын анықтауды міндеттейді. Олар оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға негіз болады. Білім мазмұнында мамандық таңдауға бейімдеп, ересек өмірге дайындайтын іскерлік дағдыларды жетілдіруге басымдық беріледі. Осыған байланысты зерттеудің тәжірибе кезеңінде оқушылардың өз икемдерін анықтауға түрткі болатын, мамандық таңдауға жол ашатын диалогтік тапсырма үлгілері ұсынылды. Тапсырмада тұтас мәтін беріліп, мәтін мазмұнына қатысты жүйелі тапсырмалар орындату арқылы оқушыларды дiттеген мақсатқа жеткізу көзделеді. Мәселен, хабарламалық диалог түрлерінің алғашқы кіріспе сабағына берілген *тапсырманың мақсаты* былай анықталды:

– екі түрлі мамандық иесінің сұхбатын оқып талдау арқылы хабарламалық диалогтің ерекшеліктерін түсіндіру;

– хабарламалық диалогте қолданылатын сөз орамдарын сабақ барысында, тапсырмаларды бірлесіп орындау кезінде, күнделікті өмірде өзара сөйлескенде қолдануға үйрету;

– хабарламалық диалог құруға дағдыландыру.

Мәтін мазмұны аясында топтастырылған тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушылар:

– хабарламалық диалогтің өзара ақпарат алмасу мақсатында жүргізілетінін анықтайды;

– диалогке қатысушылардың біреуінің әңгімені жалғастыруға мүдделі болатынын түсінеді;

– әңгіме ой алмасу мақсатында жүргізілетіндіктен, диалогті бастауға, жалғастыруға ұйытқы болатын сөз оралымдарын анықтап, өз сөзінде қолданады;

– өзі таңдайтын мамандығына қатысты кәсіби сөздерді сөйлеу мақсатына орай қолданып үйренеді.

Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру 15-17 жастағы оқушының болашақ кәсіби бағыттылығын анықтауға жол ашатын тапсырмаларды жүйелі түрде орындату негізінде іске асады. Оқу үрдісінде оқушылардың әр жас кезеңіне тән ерекшеліктерін, жетекші әрекеттерін ескере отырып берілген білім ұзақ мерзімді есте сақталатын берік білімге айналады.

Жоғары сыныпта диалогтік сөз түрлерін меңгерту – тілдік қарым-қатынасты жүргізудің негізі. Диалогтік сөз түрлерінің ерекшеліктерін саралап, оларды тәжірибеде қолдана білу – түсінісудің басты құралы.

Қыз балаларда 13 жастан 19 жасқа дейін, ер балаларда 14 жастан 22 жасқа дейін созылатын жеткіншектік (юношеский) кезең психофизиологиялық өзгерістердің кезеңі болуымен қатар рухани дамуларының да жетілетін кезеңі болып табылады. Оқушылар өздерінің бейімділігі мен ерекшеліктерін түсініп, өз өмірі өзіне тиесілі екенін түйсіну арқылы өмірлік бағдарын саналы түрде жоспарлауға талпынады. Бүгінгі жаһандану заманында оқушылардың рухани әлемін дамыту, шығармашылық бағытта жұмыс істеуін, креативті ойлау қабілетін жетілдіруде оқушылардың оқу мотивтерін ескеру жетекші мәнге ие. Оқу-тәрбие саласында оларды ескеру, біріншіден, білім сапасын көтеру мақсатында, екіншіден, дәл осы кезеңде ана тілін оқудың қажеттілігіне практикалық тұрғыдан оқушылардың көздерін жеткізу мақсатында қарастырылады. Оқу мотивтеріне сай ұсынылған білім мен білік, дағдылар тілдік тұлға үшін өмірлік тәжірибе түріндегі құндылықтарға айналады. Құндылыққа айналған білім тілдік тұлғаның есінде ұзақ уақыт бойы сақталып, кез келген уақытта қажетіне жарайтын игіліктің қайнар көзіне айналады. Яғни уәждемелерді ескеріп ұсынылған білім оқушының есінде жақсы сақталады. Л.И.Божович мотивтерді оқу әрекетінің мазмұнымен әрі оны іске асырумен байланысты және оқушының айналасымен қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болатын мотивтер деп екі категорияға бөледі: оқу әрекетінің мотиві оқуға деген белсенділікті тудыратын *танымдық мотивтер* және басқа адамдармен қарым-қатынасы арқылы пайда болатын *әлеуметтік мотивтер* болып жіктеледі [120].

Ж.Т.Дәулетбекова кейбір әдебиеттерде мотивтерді саналылық, қатынас, моральдық және т.б. деп бөлу кездесетіндігін, ал олардың мазмұн жағынан танымдық пен әлеуметтік мотивтердің аясына еніп кететіндіктен, бұлай жіктеудің мәні жоқ екендігін айтады [121, б.50].

А.К.Маркова мотивтерді зерттеуде тереңдеп, оларды танымдық мотивтер мен әлеуметтік мотивтерге топтайды. Танымдық мотивтерді:

- кең танымдық мотивтер;
- оқу-танымдық мотивтер;
- білімді өздігінен меңгеру мотивтері деп бөледі [122].

Кең танымдық мотивтерді білім алу барысында кездескен жаңа фактіге, тілдік құбылысқа қызығу; оқу материалына қызығу деп жіктейді. Оқу-танымдық мотивтерді білімді өздігінен игеру тәсілдеріне, ғылыми таным әдістеріне, өздігінен білім алу тәсілдерін ұйымдастыруға қызығу деп бөлсе, білімді өздігінен меңгеру мотивтерін қосымша материалдарды оқып-түсінуге, білімін жетілдіруге қызығуы деп саралайды.

Ал әлеуметтік мотивтерді кең әлеуметтік мотивтер, тар әлеуметтік мотивтер, әлеуметтік бірлесу мотивтері деп бөледі. Кең әлеуметтік мотивтерді қоғамға өзінің пайдасын тигізу мақсатында білім алуға ұмтылу, білімнің өмірлік қажеттілігін түсіну, білім алудағы өзінің жауапкершілігін сезіну деп қарастырады. Тар әлеуметтік мотивтерді өз достарының ортасында беделге ие болу, өзінің орнын иеленуге талпыну деп бөледі. Әлеуметтік позициялық мотивтерді оқушының өзін-өзі тәрбиелеуіне жол ашатын қарым-қатынас жасаудың жолдарын игеруге, тәсілдерін меңгеруге ұмтылуы деп жіктейді.

Жоғары сыныпта танымдық мотивтердің, соның ішінде кең танымдық мотивтердің басым болатындығын ағылшын ғалымдары Н.М.С.Уотт пен Р.У.Ричардсон-ның еңбектерінде көрініс тапқан. Аталмыш ғалымдар танымдық мотивтердің үлкен таңдамалылығын атап өтті, бұл таңдамалылыққа көбінесе адамның мамандық таңдауы әсер етеді. Себебі бұл жастағы адамдар әдетте болашақ мансаптық мақсаттарына көбірек көңіл бөледі және өздерінің оқуы мен дамуын таңдаған мамандығына сәйкес келетін салаларға бағыт алады [123]. Яғни жеткіншек жаста танымдық қызығушылықтар басымдық болып, білім мен дағдыны дамытуда кең танымдық мотивтер маңызды рөл атқарады. Жеке адамдар жаңа білімге деген құштарлықпен ынталанады және осы білімді алу үшін қиындықтарды жеңуге дайын келеді. Білімге деген қызығушылық тереңдеп, жетілдіріледі, өйткені жеке адамдар пәнді тереңірек түсініп, ғылыми негіздерін зерттей бастайды. Бұл тереңірек түсіну көбінесе тақырыптың күрделілігі мен түрлілігін бағалауға және оқушыны осы саланы әрі қарай зерттеуді жалғастыруға шабыттандырады. Осы кезеңде жоғары сынып оқушыларының өздігінен білім алу әрекеті ерекше дамиды.

Болашақ өміріне, мамандық таңдауға байланысты алға қойған мақсаттарына жету үшін оқушының өздігінен білім алу әрекеті басымдыққа ие болады. Өздігінен білім алудағы мақсаттар мен мотивтер білім алудың жаңа тәсілдерін тудырады: оқушылар тұлғалық және оқу әрекетінің ерекшеліктерін терең түсінеді, оны қоғамның талаптарымен сәйкестендіреді, өз бағытын айқындайды,

өздігінен білім алудың маңызын түсінеді, өзін бақылайды және бағалайды, әрекетін саналы түрде жоспарлап, шектейді. Оқушының өздігінен білім алу әрекеті өзін тәрбиелеуге ұласады. Осыған байланысты мұғаліммен бірге оқушылар тарапынан да өздерін бақылауға, бағалауға деген қызығушылықтары арта түседі. Өздігінен білім алу барысында жаңа танымдық мотивтер пайда болады. Оқушы оқу әрекетінің ерекшелігін талдауға ұмтылып, күшті және әлсіз жақтарын анықтай отырып, оқу барысында тұлғалық ерекшелігін түсіну мен оны ортаға жеткізуге тырысады. Жоғары сыныпта білім алудың өмірлік маңызын түсінеді, сондықтан өмірде алға қойған мақсаттарын іске асыру үшін білім алудың тәсілдері мен алған білімінің мәнін түсінуге қызығушылық танытады [124].

Жоғары сыныпта оқушылардың әлеуметтік мотивтері бірнеше бағытта дамиды. Азаматтық борыш пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуден туындаған кең әлеуметтік мотивтердің маңыздылығы да артады. Бірақ ол барлық оқушыларда бірдей дамымайды. Кейде оқушылардың бойынан әлеуметтік тұрғыдан тәуелділігінің, жетілмегендік, қоғамға деген тұтынушылық қарым-қатынас, әлеуметтік тәжірибеге өз үлесін қосқысы келмейтіндіктің нышандары байқалады. Оқушылардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы нәтижесінде дамиды әлеуметтік позициялық мотивтері де өзгеріске түседі. Өздерінің құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы ерекше маңызды болады, сыныптастары тарапынан мойындалмау оқушыны мазасыз күйге түсіріп, жағымсыз көңіл күйдің пайда болуына әкеп соқтырады. Ал бұл кезде мұғалімдермен қарым-қатынасы қалыпты жағдайға түседі. Мектеп бітірудің жақындауы, емтихан тапсыру қажеттігі мұғаліммен іскерлік бағытта қарым-қатынас жасауға итермелейді. Мұғалім тарапынан сыйластыққа негізделген бақылау түрінің орын алуын қалайды. Кейде мұғалімге сыни көзқараспен қарап, талап қоюлары басым болады. Бұл кезеңде мұғалім тарапынан тәрбиенің дұрыс берілуі маңызды. Жоғары сынып оқушылары келешекке жоспар құруда және өзінің болашақ даму жолында, қандай да бір қоғамдық құбылысты бағалауда өздігінен әрекет етуге ұмтылады [125].

Қалаған оқу орнына түсу үшін жоғары нәтиже көрсету оқушылардың жақсы баға алуға деген мотивтерін дамытады. Ғалымдар танымдық мотивтер мен әлеуметтік мотивтерді салыстыра келе, олардың қалыптасу кезеңдерінде айырмашылықтар бар екендігін айтады. Оқушылар танымдық мотивтерге қарағанда әлеуметтік мотивтерді нашар сезінеді және оны төмен бағалайды.

Жоғары сынып оқушыларының бойында әлеуметтік мотивтердің дұрыс қалыптаспауы олардың адамгершілік қасиеттерінің ақыл-ой және физиологиялық дамуынан кейін жетілетініне байланысты. Сондықтан бұл кезеңде дара тұлғаны үздіксіз қалыптастыру мен дамыту арқылы әлеуметтендірудің микрофакторы ретінде мектептегі әр пәннің тигізер ықпалы зор. Соның ішінде ана тілінің қуаты арқылы тілдік тұлғаның коммуникативтік құзіреттілігін дамыту бүгінгі лингводидактиканың да негізгі мақсаттарының бірі болып отыр. Тілдік тұлғаның толыққанды әлеуметтенуі үшін лингвистикалық білімінің болуы және тілді қатысым құралы ретінде қолдана алуымен қатар,

қазақ тілінің құралдары арқылы сөйлеу ережелері мен әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас ережелерін меңгергендігінің көрсеткіші ретіндегі коммуникативтік құзіреттілігін дамыту қажет. Коммуникативтік құзіреттілік сөйлесім әрекетін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығын құрайды [126].

«Қазақ тілі» пәні сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім әрекеттерін үнемі кешенді дамытуымен ерекшеленеді. Қазақ тілі сабақтарында мәтін оқытудың негізгі материалы болып табылады. Сабақ барысында оқушы мен мұғалім ауызша мәтіндер құрастырса, оқушы өзі тарапынан жазбаша мәтіндерді құрайды. Қазақ тілі сабақтарында субъектілер арасындағы қарым-қатынас (мұғалім мен оқушылар, оқушылар мен оқушылар) диалогтің түрлері арқылы іске асады. Сонымен, мұғалім сабақтың мақсатына орай сөйлесім әрекетін тиімді ұйымдастырып, қазақ тілінің қатысымдық мүмкіндігін толық пайдаланған жағдайда оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту арқылы әлеуметтенулеріне жол ашады. Олай болса, біріншіден, сабақта сөйлесім әрекетінің барлық түрін кешенді дамытуға мүмкіндік тудыратын тапсырма түрлерін ұйымдастыру қажет. Екіншіден, өз көзқарасын дәйектеуге, тұжырымдау мен қорғауға, өзімен пікірлесіп отырған адамның көзқарасын тындап, түсінуін, құптайтынын, келіспейтіндігін білдіруге дағдыландыратын диалог түрлерін меңгертуге бағытталған тапсырмалар мол қамтылуы керек. Үшіншіден, диалог түрлерін меңгертуге арналған тапсырмаларды сабақ үстінде ғана орындатпай, сабақтан тыс кезде үй тапсырмасы негізінде ұйымдастырған тиімді болары сөзсіз. Мысалы, сынып жетекшіңнен сұрап анықта, ата-анаңнан сұра және т.б.

Уақыт өте келе жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік және танымдық мотивтері өзгеріске түсіп, олардың өзара әсер етуі күшейеді, өзара байланысы іске асады, олардың арасындағы қайшылықтар біртіндеп азайып, жойылады. Бұл іргелі өзгеріс оқушылардың жеке танымдық көзқарастарының қоғам талаптарымен ұштасуына байланысты жүзеге асады. Өз бетімен білім алу мотиві өзін-өзі тәрбиелеу мен қоғам алдындағы жауапкершілік мотивтерімен берік қатынасқа түсіп, оқушының үйлесімді дамуына оң ықпал етеді. Әлеуметтік мотивтер де, танымдық мотивтер де тұлғалық мәнге ие болып, ішкі уәждің белсенділігін тудырады. Осыған байланысты мотивтердің барлық түрінің дербес көріну, сезіну, жете әсер ету пәрменділігі артады. Тұлғалық мәнге ие болған әрекеттердің нәтижесінде (яғни мотив арқылы мақсатқа жақындау нәтижесінде) жаңа мотивтер – кәсіби мотивтер пайда болады. Мотивтердің ішінде кәсіби мотивтер басымдыққа ие бола бастайды. Олардың пайда болуы оқытудың мотивациялық бөлігін қайта қарастыруды қажет етеді. Сол себепті білім беруде мынадай мәселелерді ескеру қажет:

1. Оқу материалы жоғары сынып оқушыларының қызығушылығына, ақыл-ойының даму деңгейіне, білім деңгейіне сай болуы;

2. Әлеуметтік, танымдық, кәсіби мотивтердің үйлесімділікте дамуын қамтамасыз ететін білім мазмұнын құру;

3. Оқытудың әдістері мен тәсілдері оқушылардың өз бетімен ізденуіне, белсенділігін арттыруға ықпал етуі;

4. Ынталандыру құралдары оқушылардың оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыруы қажет [127].

10-11-сынып оқулықтарында бұл мәселелер біршама көрініс тапқан. Диалогтік сөз түрлерін меңгерту, дұрыс сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу барысында оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту мақсаты көзделіп отыр. Яғни жоғары сынып оқушыларының психофизиологиялық дамуының өзіндік ерекшеліктерін білу оқу үрдісін ұйымдастыруға және білім сапасын жоғарылатуға негіз болатыны сөзсіз.

### **Бірінші тарау бойынша тұжырым**

1. Бірінші тарауда талқыланған жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың философиялық қағидалары мен педагогикалық, психологиялық ерекшеліктерін айқындау зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін шешуде маңызды болып табылады.

2. Диалогтік сөзді ұйымдастыруға мынадай факторлар негіз болады: екі адамның сөйлесуі, сөйлеу мақсатының болуы, сөйлеу жағдаяты, өзара пікірлесу. Сөйлесім түрі тілдік қатынасқа түсетін адамдардың санына байланысты жіктелетіндіктен, диалог екі адамның тілдік қатынасқа түсуін білдіретін сөйлесім түрі болып табылады. Диалогтік сөйлеу белгілі бір сөйлеу жағдаятына байланысты адамдардың пікір алмасуы нәтижесінде жүзеге асады, олай болса, диалогтік сөйлеуді меңгертуде қарым-қатынас актісінің мақсаты мен мазмұнын анықтау маңызды.

3. Диалогке түсуші адресаттың сөйлеу барысында тілдік материалдарды жүйесіз пайдалануы айтылған ойдың адресантқа дұрыс жетуін тежеп, эмоциялық, эстетикалық тұрғыдан қабылдануын солғындатады. Сондықтан екі адамның өзара сөйлесуі барысында ойды түсінікті етіп жеткізуі үшін тілдік материалдарды сөйлеу нормасы мен сөйлеу әдебіне сай қолдануын көздейтін сөз мәдениеті талаптарын басшылыққа алуы орынды.

4. Қазақ тілін оқытуда тілдік құбылыстарды функционалдық және тілдік қарым-қатынастағы маңыздылығына қарай іріктеу оқу мақсаттарын коммуникативтік бағытта анықтауға мұрындық болып отырған білім философиясындағы диалогтік антропоцентристік бағытпен негізделеді. Ол тұлғаға жалаң тілдік құзіреттердің жиынтығын игертумен шектелмей, сөз мәдениеті талаптарына сай диалог жүргізе алатын тілдік тұлға қалыптастыруды көздейді. Жоғары сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту барысында білім мазмұнына диалогтік сөздің тектері мен түрлерін енгізу арқылы тілдің құндылықтық және дүниетанымдық қасиеттерін бойына сіңірген тілдік тұлға қалыптастыру мақсатына жетуге болады.

5. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда ана тілінің қуатын ұтымды пайдалану, білім мазмұнына кәсіби бағдарлылық сипат беру, оқушылардың өздігінен әрекет етуіне негіз болатын интербелсенді әдістер арқылы дивергентті тапсырмалар ұйымдастыру маңызды.

6. Оқушылардың зейінін дамытуда маңыздылық, жаңашылдық, қарқындылық (интенсивность), қозғалыс факторларын ескеру маңызды. Мұнда білім мазмұнын толық меңгеру үшін әр тапсырма мақсатының айқын болуы, басымдылық беретін маңызды әрекет түрін алдын ала нақтылау, оқушыны ынталандыру мақсатында білім мазмұнына (не оны орындаудың тәсілдеріне) жаңашыл элементтерді енгізу тиімді болады. Оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеруі тапсырманы тыныш отырып орындаумен ғана өлшенбейді. Сабақ үстінде олардың интерактивті ойлауы мен өзара әрекеттестікте болуын дамыту керек.

7. Жас ерекшеліктеріне сай жоғары сынып оқушыларында өздігінен білім алу әрекеті жақсы дамиды. Олардың аталған қасиеттерін мамандық таңдауға бұру көздеген мақсатқа жетуге мүмкіндік туғызады. Өздігінен білім алу барысында олардың танымдық және әлеуметтік мотивтері өмірлік мақсаттарына сай өзгеріске түсіп, тұлғалық мәні күшейе түседі. Осылайша, жоғары сынып оқушыларының бойында жаңа кәсіби мотивтер дамиды. Бұл диалогтік сөз мәдениетін дамытуға ықпал ететін маңызды фактор болып саналды.

## 2 ДИАЛОГТІК СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

### 2.1 Жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің қазіргі жайы

Жалпы орта білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту үдерісі қарым-қатынастық, әлеуметтік және мәдени-танымдық қажеттіліктерді дамытуға бағытталғандықтан, жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру пәннің білім мазмұнын анықтайтын оқу бағдарламалары мен оқулықтарда, әдістемелік кешендерде көрініс табуына байланысты.

Әлеуметтік және мәдени жағдай талаптарына байланысты білім беру мазмұны мен әдістері білім беру теориялары мен зерттеулерінің нәтижесінде өзгеріп отырады. Білім беру жүйесі осындай өзгермелі талаптар мен күтілетін нәтижелерге сәйкес өзінің парадигмалары мен бағыттарын үнемі жаңартып, бейімдеуге тиіс. Оқу бағдарламаларының стандарттары мен нұсқаулары сияқты ресми құжаттар әр кезеңде білім берудің мазмұны мен әдістерін анықтауға негіз бола алады. Бұл құжаттар осы саладағы сарапшылармен, педагогтермен және басқа да мүдделі тараптармен бірлестікте ұсыныс жасау арқылы әзірленеді және күтілетін білім беру нәтижелеріне қол жеткізудің амалдарын қамтамасыз етуге арналады. Дегенмен бұл құжаттар тұрақты емес және өзгертін қажеттіліктер мен жағдайларға сәйкес уақыт өте келе қайта жаңғырып, жаңартылуы қажет екенін ескеру маңызды.

Қазақ тілі сабақтарында жоғары сынып оқушыларының сөз мәдениетін қалыптастыру мүмкіндігін анықтау мақсатында 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламаларына, білім мазмұнына, оның оқулықтарда берілуіне талдау жасалды. Талдауда білім мазмұны оқушылардың білім, білік, дағдысының соңғы нәтижесі ретінде өз бетінше белсенді әрекет етуін дамытуға, жүйелі ойлауын, бірізді сөйлеуін қалыптастыруға, маңызды мәселелер бойынша қорытынды жасап, шешім қабылдай алуына, тілдік-тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге, диалогтік сөз түрлерін оқытудың қажеттілігін күшейтуге, диалогтік сөз түрлерін оқыту арқылы сөз мәдениетін дамытуға өзек болуы тиіс деген қағида басшылыққа алынды.

10-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәні қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық болып екі бағытта оқытылады. Бұл зерттеу жұмысы жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру жолдарын зерттеуге бағытталғандықтан, қоғамдық-гуманитарлық бағытқа арналған оқу бағдарламасы мен оқулықтарға талдау жасалды.

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) МЖМБС сәйкес дайындалып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілген. Аталған оқу бағдарламасына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген [128].



Оқулықтар білім берудің негізгі құралы болып табылатындықтан, сөз мәдениеті аясында оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру деңгейін айқындау мақсатында 2020-2021 оқу жылына дейін қолданыста болған 10-11-сынып оқулықтарына талдау жасалды. 10-сыныпқа арналған Н.Уәли, Ө.Қыдырбекұлының авторлығымен дайындалған «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті» оқулығына [129] және 11-сыныптың Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Ш.Есмағанбетовалардың авторлығымен шыққан «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті және шешендік» [130] оқулығына талдау жасалды. Екі оқулық 2014 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен «Мектеп» баспасынан жарық көрген.

10-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығы 6 тараудан тұрады:

I. Тіл – жалпы адамзаттық құндылық;

II. Қазақ тілі қандай тіл;

III. Әдеби тілдің стильдік тармақтары және олардың айырым белгілері мен нормалары.

IV. Әдеби тіл нормалары;

V. Сөз сапасы;

VI. Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас.

Әр тарау бірнеше параграфтан түзілген.

Әр тақырып теориялық мағлұматтан басталады. Одан кейін теорияны меңгерту мақсатында оқушылардың білім, білік, дағдыларын дамытуға, сөз мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі ұсынылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәні типтік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде) құрылымы: 1. Түсінік хат. 2. Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері. 3. Пәнаралық байланыс. 4. Оқу көлемінің жүктемесі. 5. 10-11-сыныптардың қысқаша білім мазмұны. 6. Оқу пәнінің әр сынып бойынша толық білім мазмұны. 7. Бағдарлама бойынша ұсынылатын практикалық жұмыс түрлері. 8. Әр сынып бойынша оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардан тұрады.

*Түсінік хатта* 10-11-сыныптарда меңгертілетін білім мазмұнына жалпылама сипаттама беріледі. Бейіндік бағытта сөз мәдениеті мен шешендік сөзді тілдің қатысымдық, эстетикалық, кумулятивтік қызметтерімен байланыстыра оқытуды қарастырады.

Қазақ тілін меңгеруге және оны қолдану дағдысын дамытуға байланысты негізгі міндеттемелер мен мақсаттар белгіленген. Олар қазақ тілінің байлығын меңгерту үшін мәдени мұра тілін талдау, қазақ тілінің сөздік құрамының лексикалық-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерін меңгерту, жазу тарихын оқыту арқылы қазақ халқының ежелгі мәдениетімен таныстыру, тілдің қоғам дамуындағы қызметін негіздеу, тілдің табиғи және функционалдық қасиеттерін ажырату, тілдік құзіреттілікті қалыптастыру жолдарын меңгеру, сөйлеу сапасына әсер ететін тілдік шарттарды меңгеру, заттар мен құбылыстарды сипаттау тәсілдерін үйрену, тілдік бірліктерді стиль түрлеріне қарай қолдану, қарым-қатынасқа қажетті заңдылықтар мен талаптарды түсіну, сөйлеу өнерінің талабына сай тілді қолдану дағдысын дамыту, ұлттық этикет нормалары бойынша тіл мәдениетін жетілдіру, сөз мәдениеті мен

шешендік өнердің бірлігі мен сабақтастығын тану, шешендік өнердің тұлғаны қалыптастырудағы және тұлғаның әлеуметтенуіндегі рөлін қарастыру, адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде шешендік өнердің құдіретін көрсету, пікірталас мәдениетін қалыптастыру, мәтін құру және диалогке түсу тәсілдерін меңгеруді көздейді.

Бұл мақсаттар лексика мен грамматиканы ғана емес, сонымен қатар мәдени және тарихи контекстті, коммуникация дағдыларын, шешендік өнер мен көпшілік алдында сөйлеуді қамтитын тілді үйрену мен меңгерудің кешенді тәсілін ұсынады. Қазақ тілінің осы аспектілерін меңгеру арқылы оқушылар тіл мен мәдениетті тереңірек түсініп, бағалай алады және тілді әр түрлі контекстерде тиімді пайдалануға үйренеді.

Тіл қашан да дүниені тану, басқа да ғылым негіздерін меңгерудің құралы болғандықтан, *пәнаралық байланыс* бөлімінде қазақ тілін «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Жаратылыстану» циклі пәндерімен байланыста меңгеруді мақсат етеді.

Оқу көлемінің жүктемесі. Бұл қарастырылып отырған сатыда қазақ тілінің оқу жүктемесі:

1. 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
2. 11-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

Бағдарламада *білім мазмұны*, алдымен, қысқаша тараулардың аты, одан соң әр сынып бойынша көрсетіліп, толық білім мазмұны жүйеленген.

Жүйеленген білім мазмұнын меңгерудің тиімді *практикалық жұмыс түрлері* нақты ұсынылған.

Әр сынып бойынша оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар: пәндік нәтижелер, тұлғалық нәтижелер, жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша бөлінген.

Диалогтік сөз – адамдар арасындағы негізгі әрі күрделі қарым-қатынастың формасы. Диалогке толыққанды қатысу үшін оқушы сөйлеушінің ойын дұрыс түсінуі, жауап беру барысында өз пікірін жүйелі құрастыра алуы, өз ойын жеткізуде тілдік құралдарды орынды пайдалануы, қарым-қатынас кезінде психологиялық қолайлы жағдай тудыра алуы, өз сөзін бақылап, қажет болғанда түзету енгізіп отыруы қажет. Психология ғылымы диалогті адам әрекетінің бірегей ерекше түрі ретінде қарастырады. Ал педагогика ғылымында диалог оқушының негізгі тұлғалық қасиеттерін дамытатын тетіктердің бірі болып саналады. Диалог арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуі үшін оқушыға жоғарыда айтылғандай бірқатар тілдік және әлеуметтік дағдыларды меңгеру қажет [131].

Соңғы жиырма жыл ішінде диалог пен монолог сөйлесім әрекеті аясында ғана қарастырылып келгені аян. Диалог айтылым әрекетін іске асырудың бір формасы екендігі дау туғызбайды. Дегенмен диалогтік сөз өзіне қатысушылардың сөйлесім әрекетінің бір ғана түрін орындауын емес, айтылым мен тыңдалым әрекеттерін бірлікте орындауды қажет ететін ақпарат алмасу түріндегі сөйлеу актісі. Диалогтік сөйлеуде сөйлеуші мен тыңдаушы бір-бірінің

көзқарасын жан-жақты ашуға, көзқарасын қабылдауға не теріске шығаруға деген дайындығын көрсетеді [132].

Диалогтік сөз – сөз мәдениетінің аясында оқытылуы тиіс тілдік қарым-қатынастың ерекше түрі болғандықтан, талдау барысында жоғары сыныпта сөз мәдениетінен берілетін білім мазмұнының берілу жүйесі қарастырылды (кесте 1).

Кесте 1- Бағдарламада жоғары сыныпта сөз мәдениеті бойынша берілетін білім мазмұны

10-сынып		11-сынып	
Тақырыбы	Сағат саны	Тақырыбы	Сағат саны
Тіл – тарихи құндылық	2	Шешендік өнердің тарихы	7
Қазақ тілінің түп-тамыры	10	Шешендік сөздің табиғаты	18
Әдеби тілдің стильдік тармақтары және олардың айырым белгілері	14	Шешендікке машықтану жолдары	18
Әдеби тіл нормалары	8	Пікірталас мәдениеті	21
Сөз сапасы	14		
Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас	15		

Кестеде көрсетілгендей, 10-сыныпта сөз мәдениеті бойынша берілетін білім тіл тарихын танытудан басталып, біртіндеп күрделеніп, әдеби тілдің стильдері, әдеби тіл нормалары, сөздің дұрыстығы, байлығы, тазалығы, қысқалығы, нұсқалығы секілді сөз сапаларын қамтып, ұлттық сөйлеу этикетін меңгертуді көздейтін «Сөз мәдениеті және қарым-қатынас» деген тақырыппен аяқталады. Ал 11-сыныпта шешендік сөз өнерінің тарихынан бастау алып, біртіндеп, шешендік сөзге қойылатын талаптар, шешендік сөздің түрлері, шешенге қойылатын талаптар мен өзін ұстау әдебі, пікірталас мәдениетіне қойылатын талаптар мен пікірталас түрлерін меңгерту, пікірталас ұйымдастыру жолдарын тиянақты меңгертуді көздейді.

Бұл зерттеу жұмысына өзек болып отырған диалогтік сөз 10-сынып бағдарламасының білім мазмұнында мүлдем кездеспесе, 11-сыныпта «Пікірталас мәдениеті» бөлімінің аясында «Пікірталас түрлері (Диалогті, полилогті пікірталастар. Пікірталастарға тән ортақ белгілермен ерекшеленеді)» деп үстірт айтылып, диалогтің тектері мен түрлері туралы мағлұмат берілмеген. 10-сыныптың білім мазмұнындағы «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» бөлімінде амандасу, қоштасу, құттықтау, тілек айту және бата беру сынды ұлттық этикеттік қарым-қатынас әдебіне баулитын жүйелі білім ұтымды

берілген. Алайда сөйлеу әдебіне негіз болатын диалогтік сөз қамтылмаған. Бағдарлама мазмұнында көрініс таппағандықтан, «Әр сынып бойынша оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» бөлімінде диалогтік сөзді меңгеруге қойылатын талаптар анықталмаған. Болашақта аталған сыныптардың білім мазмұнын жүйелеуде сөз мәдениетінің бір тармағы ретінде оқушының тілдік тұлғаға тән қасиеттерін дамытуға жол ашатын диалогтік сөз мәдениеті, оның тектері мен түрлері енгізілгені дұрыс.

Жоғары сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасын талдаудан байқағанымыз: оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіруге бағытталған білім мазмұнын жүйелеуде тіл тарихы, шешендік өнер тарихы, стиль түрлері, тілдік нормалар, сөздің сапасы, ұлттық этикеттік қарым-қатынас, шешендік сөздің түрлері, шешен сөйлеуге үйрету жолдары, пікірталас мәдениетін меңгерту теориялық әрі практикалық тұрғыдан тиянақты ұсынылғанымен, диалогтік сөз бен оның түрлері назардан тыс қалғанына көз жеткіздік.

Сондықтан «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасын жаңа талаптарға сай мынадай бағытта жетілдіру қажет деп тұжырымдалып отыр:

1. «Қазақ тілі» пәні бойынша білім жиынтығын түпкі нәтиже ретінде ұсынатын тілдің функционалдық қызметіне басымдық беру қажет;

2. Қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын сөз мәдениетінің бір бөлшегі ретінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыратындай бағытта жетілдіру керек.

Зерттеу жұмысында диалогтің хабарламалық, прагматикалық, модальдық түрлері мен әлеуметтік-тұрмыстық, іскерлік әңгіме, сұхбат, телефонмен сөйлесу тектерін меңгерту арқылы жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру міндеті тұрғандықтан, оқулықтарда жүйеленген тапсырмалардың аталған міндеттерді шешуге қаншалықты ықпал ететінін бағамдау мақсатында талдау жасалды.

Оқулықтарда 10-11-сынып оқушыларының түсінік деңгейіне сай танымдық, ана тілінің қадір-қасиетін ұғынуға және сөздерді орнымен таңдап, талғап қолдануға үйрететін, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге баулитын, сөз әдебі негізінде қатысымдық қабілеттерін дамытуға, сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай тілдік дағдыларын қалыптастыруға қолайлы мәтіндер іріктелген.

10-сыныптың оқулығындағы 1-тарау «Тіл – жалпыадамзаттық құндылық» деген бірінші кіріспе тақырыптан басталады. Кіріспе сабағында 2 тапсырма берілген. 1-тапсырма барлық оқушылар орындай алатын міндетті деңгейде ұсынылған: «Мәтінге ат қойыңыз. А.Байтұрсынұлы өнерді қанша түрге бөлген? Ұлы ғалымның сөз өнері, шығарма туралы айтқандарына мән беріңіз» деген талаппен шағын мәтін ұсынылады. Бұл тапсырма арқылы оқушының мәтін тақырыбын анықтауы, ұлы ғалымның сөз өнері туралы айтқан пікірін ой елегінен өткізуі сұралады. Осылайша оқушы пікірді тәртіппен, қисынын келтіріп, қырын дәлдеп, кестесін келістіргенде ғана сапалы сөз шығатынын түсінеді.

2-тапсырмада мәтінді оқып, Б. Момышұлының тіл тағдыры жөнінде айтқан пікірін оқып, тіл тазалығын қалыптастыру туралы оқушының өз ойын айтуы талап етіледі. Оған қоса табиғаттың бір мезгілін суреттеп жазып, оның өнердің қай түрімен байланысты екенін түсіндіру сұралып, сабақ аяқталады. Кіріспе

сабағынан тіл және тілді жұмсау әдебі, дұрыс сөйлеудің тілдің дамуына әсері туралы оқушының ойына қозғау салу мақсатын байқадық.

2-тараудың «Қазақ тілі – түпкі түрін сақтаған байырғы тіл» атты тақырыптағы 1-сабағында 4 тапсырма берілген. Алғашқы көлемді тапсырмада (бір жарым бет) қазақ халқының басын құрайтын арғы тайпалары, ұлыс болып қалыптасуы, олардың мекені, біздің ғасырға дейін тозбай келгені туралы айтылатын мазмұнды мәтін беріледі [133, б.13]. Осы мәтін негізінде оқушыдан бүгінгі қазақ халқының өзінің түпкі тарихымен, тілімен қандай байланысы бар екенін айтып беруі, ру-тайпа атауларын теріп жазу, қайталау мақсатында мағыналық топтарын атай отырып жалқы есімдерге талдау жасау талап етіледі. Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушы ұлттың басынан кешкен тарихын бүгінгі өмірмен байланыстырып, ой қорытуға, пікір айтуға дағдыланады. Келесі грамматикалық тапсырма [133, б.15] жазылымға арналған. Мұнда кестеде берілген мәліметтен қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен дыбыстық айырмашылығын табу және фонетикалық талдау жасау сұралады (кесте 2).

Кесте 2- Түркі тілдерінің дыбыстық айырмашылығы

Тілдер	Сөздер					
Қазақ	көл	жұлдыз	төрт	мен	тас	қолдар
Ноғай	көл	юлдыз	дөрт	мен	тас	қоллар
Қарақалпақ	көл	жұлдыз	төрт	мен	тас	қоллар
Қырғыз	көл	жылдыз	төрт	мин	таш	қолдар
Татар	күл	йолдыз	дүрт	мин	таш	қуллар
Башқұрт	күл	йондыз	дүрт	мин	таш	күлдар
Өзбек	көл	юлдыз	турт	мен	таш	құллар
Ұйғыр	көл	юлдыз	төрт	мән	таш	қаллар
Әзірбайжан	көл	улдыз	дөрт	мән	таш	галлар

Мұндай сызба, кестелермен жұмыс жасай отырып, ондағы мәліметті мәтінге айналдыру тапсырмасын орындау арқылы оқушының функционалдық сауаттылық дағдылары қалыптасады.

Байқап отырғанымыздай, оқулықта жоғары сынып оқушыларына қажетті тілдік дағдылар мен білім, біліктерді дамытуды көздейтін оқушылардың ойын жүйелеуін, өзіндік пікірін айтуын, сөздің тігісін жатқызып, қисынды сөйлеуін дамытуға, мәліметтерді салыстырып талдауға бағытталған тапсырмалар соңғы сабақтарға дейін жалғасады.

Оқулықтағы тапсырмаларды сөйлесім әрекетінің түрлерін қамтуына байланысты оқылымдық, тыңдалымдық, айтылымдық, жазылымдық, тілдесімдік тапсырмалар деп шартты түрде жіктелінді. 10-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында жалпы 193 тапсырма берілген. Ол тапсырмалардың 125-і айтылымға арналған (1, 2, 3, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 14, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 28, 30, 31, 36, 37, 38, 39, 40, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 52, 54, 56, 57, 58, 59, 60, 62, 63, 65, 67, 68, 69, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 87, 88, 90, 94, 99, 100, 103, 106, 110, 111, 115, 116, 117, 118, 120, 121, 125, 131, 132, 133, 134, 137, 141, 143, 144, 146, 147, 148, 149,

150, 152, 153, 158, 159, 167, 168, 172, 174, 177, 178, 180, 181, 182, 187). 68-і жазылымға арналған тапсырма (4, 5, 11, 12, 16, 19, 24, 25, 27, 29, 32, 33, 34, 42, 44, 61, 64, 66, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 85, 86, 89, 91, 92, 93, 85, 96, 97, 98, 102, 104, 109, 112, 113, 114, 119, 13, 124, 126, 127, 128, 129, 138, 139, 142, 145, 154, 155, 156, 157, 160, 161, 163, 164, 165, 186, 169, 171, 173, 175, 176, 184). Жоғарыда көрсетілген тапсырмалардың бірқатары – айтылым, жазылым әрекеттерін бірлікте орындауды талап ететін аралас тапсырмалар. Олардың саны – 25. Барлық тапсырмалар оқылып барып орындалатындықтан, оқылымдық тапсырмаларды жеке жіктеуді жөн санамадық. Ал оқулықтан тыңдалымдық тапсырмаларды кездестіре алмадық.

Айтылымдық тапсырмалардың шарты: мәтінді оқып, өз ойыңды айт, пікіріңді баянда, сәйкестендір, оқып түсінік бер, оқып ауызша талдау жаса, сұраққа жауап бер, мәтінді мазмұндап айт, салыстыр, стилін анықта, стильдік талдау жаса, омонимдік талдау жаса, синонимдік қатарын айт, сөз саптау тәсілдерін анықта, мәтінге ауызша пікір білдір, сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшелігін ажыратып айт, талда, мағынасын аш, сабақтастықты айт, сөздікті пайдаланып түсіндір деген бағытта құрастырылған. Ал жазылымдық тапсырмалар: мазмұнын ашып жаз, теңеулерді және нақыл сөздерді теріп жаз, мәтіндегі ойға жазбаша түсінік бер, мәтіндегі мәселеге қатысты шығарма мен әңгіме жаз, тест жаса, синонимдерді теріп жаз, ойтолғау жаз, кестеге айырмашылығын толтыр, мазмұндап жаз, жазбаша пікір білдір, өз ойыңды жаз, сұрақ құрастыр, өз ойын мақала түрінде жаз және т.б. грамматикалық талдаулар болып жүйеленген [134, с.210].

Келесі міндет – берілген айтылымдық тапсырмалардың ішінен диалогтік тапсырмаларды жүйелеп шығу. 125 айтылымдық тапсырманың 10-ы диалог түрінде (46, 47, 48, 49, 54, 125, 133, 134, 181, 182, 192) берілген (кесте 3-4).

Кесте 3 - 10-сынып оқулығында сөйлесім әрекетінің түрлеріне байланысты қамтылған тапсырма түрлері

Тапсырма түрлері	Оқылымдық тапсырмалар	Айтылымдық тапсырмалар	Диалогтік тапсырмалар (айтылымнан шығады)	Жазылымдық тапсырмалар	Тыңдалымдық тапсырмалар
Сандары	193	125	68	11	0
Тапсырмалардың жалпы саны	193				

Кесте 4 - 10-сынып оқулығында сөйлесім әрекетінің түрлеріне байланысты қамтылған тапсырмалардың пайыздық көрсеткіші

Тапсырма түрлері	Тыңдалымды қ тапсырмалар	Оқылымдық тапсырмалар	Жазылымды қ тапсырмалар	Айтылымды қ тапсырмалар	Диалогтік тапсырмалар (айтылымнан шығады)
Сандары	0	100%	35,3%	64,7%	8%

Анықталған диалогтік 46, 47, 48, 49, 54-тапсырмалар «Әдеби тілдің стильдік тармақтары және олардың айырым белгілері мен нормалары» тақырыбына байланысты дайындалған. Аталмыш тақырып аясында қазақ тілін оқытудың мақсаттары сапалы білім беру, мәдени және интеллектуалдық біліктілігін арттыру көзделген. Бұл мақсаттар оқушылардың жан-жақты дамуына және олардың көркемдік құндылығы жағынан да, мәдени мәні жағынан да мәтіндерді түсінуіне ықпал етеді. Мұнда көрсетілген мақсаттарға сәйкес ұлттық білімді қалыптастыру, оқушыларды ұлттық әдеби шығармалармен таныстыру арқылы мәдени болмыс пен мұра сезімін ояту, оқушыларға әдеби мәтіндерді зерттеу арқылы өз ұлтының тарихи, әлеуметтік және мәдени жағдайын түсінуге мүмкіндік беру, өзінің мәдени ортасына деген мақтанш сезімін ояту және ұлттың көркем мұрасымен тереңірек байланыстыру, идеялық-тақырыптық мағынаны меңгеру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және әртүрлі көзқарастар қалыптастыру, ынтымақтастық қарым- қатынас жасауға ықпал ету, оқушыларды мәтіннің жалпы әсеріне ықпал ететін баяндау құрылымдарын, кейіпкерлердің дамуын және тіл таңдауын анықтауға ынталандыру міндеттелген. Негізінде, қазақ тілін оқытудың мақсаттары мәтіндерге тілдік талдау дағдыларын меңгеру ғана емес, сонымен бірге мәдени сананы, сыни ойлауды, әдеби шығармалардың көркемдік және интеллектуалдық өлшемдерін тереңірек бағалауды да қамтиды. Бұл пән өзінің мәдени мұрасымен және әдебиет әлемімен етене араласа алатын жан-жақты дамыған тұлғаларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Берілген 46-тапсырмада мәтінді көшіріп жазып, ауызекі сөйлеу стилінің өзіндік белгілерін айту, тыныс белгілерін талдау сұралады. Себебі тақырып сөйлеу тілінің белгілерін таныстыруға, оның ерекшеліктерін айыруға арналған. Тапсырманы орындау арқылы оқушы сөйлеу тілінің ерекшелігін: бейресми жағдайда өрбитінін, «басы бас-ақ!» дегендегі эмоционалдық бояуын арттыратын «-ақ» шылауының қолданылуынан фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктің пайда болатынын ескеріп, диалогтік мәтін құрып, «Тағы қандай? Тәйт, жағың қарыссын! Ура! Мен қолдаймын!» деген сөйлемдердің қолданылуынан лепті, риторикалық сөйлемдердің аралас келетін синтаксистік ерекшеліктерінің болатынын түсінеді.

46-тапсырма мәтіні.

*Қуаныш*

- *Оу, сәбиге ат қою керек емес пе?*
- *Атты, мүмкін, қойып тастаған шығар?*
- *Жоқ, қоймайды. Әкесінің еркінсіз балаға ат қойылмайды.*
- *Онда ат табыңдар. Мынау деген әйдік ат болсын.*

*Адам аттары қарша борап жсауып кетті: Бақыт, Серік, Қуаныш, Мұрат, Арман... Біреу тізіп жазып отыр.*

- *Тағы қандай?*
- *Дарын, Мақсат, Жігер...*

*Әркім дүниедегі ең соңғы, ең әсем атты айтпаққа тырысады. Сәбидің алдағы уақытта кім болып шығатыны оған бүгін қойылмақшы атқа тікелей байланысты тәрізді.*

- *Соны, соны ат болсын.*

*Соны ат оңайлықпен табыла ма? Мұндай кезде адам ойлап жарыта ма? Тіліне бірінші оралған атты айта салады:*

- *Есіл болсын.*
- *Есіл, ол - өзен аты.*
- *"Есіл ер" дейтін сөз бар емес пе?*
- *Есіл ер деп өлген адамға айтады.*
- *Тәйт, жағың қарыссын!*

*Өңешті жырта-жырта, ақыры Қуаныш деген атқа тоқтадық. Ата-анасының тұңғыш қуанышы, қазіргі нақ көңіл күйі.*

- *Ура! Мен қолдаймын!*
- *...Өйткені Қуаныш деген ат ұлға да, қызға да бірдей жарасымды.*
- *Табылған ақыл. Мынау тарихта қалатын нәрсе!*
- *Әй, осы өзі тегін емес. Осының басы бас-ақ!*

**Б.Соқпақбаев (78-бет)**

Келесі 47-тапсырма да диалогтік мәтінді оқып, ауызекі сөйлеу тілі стилінің тілдік ерекшеліктерін ауызша талдауға құрылған.

48-тапсырмада диалогті оқып, ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді анықтап, кестеге түсіру талап етіледі (кесте 5).

Кесте 5 - Мәтіннің ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктері

Лексикалық ерекшеліктер	Морфологиялық ерекшеліктер	Синтаксистік ерекшеліктер
-	-	-

49-тапсырмада диалогтік мәтіннен тек қана синтаксистік ерекшеліктерді анықтауды қажет етеді.

54-тапсырмада екі түрлі мәтін: ауызекі сөйлеу үлгісінде құрылған диалогтік мәтін және ресми ісқағаздар стилінде жазылған мәтін ұсынылған. Екі мәтінге



салыстырмалы талдау жасап, тілдік ерекшеліктерін анықтап, кестеге түсіру сұралады.

Жоғарыда талданған диалогтік тапсырмаларды талдау барысында оқушылардың сөйлеу тілі мен кітаби тіл туралы түсінігін қалыптастырып, сөйлеу тілінің қолданылатын орнын, мақсатын (екіара тілдесу) танытып, лексикалық, грамматикалық, синтаксистік ерекшеліктерін ажырату дағдыларын дамытуға арналғанын байқадық.

«Сөз сапасы» тақырыбының аясында ұсынылған 125-тапсырмада Ж.Аймауытовтың «Баушы мен бала» әңгімесі берілген. Әңгіме диалогке құрылған. Мұнда оқушыдан жазушының сөз саптауына, әр сөздің қолданылуына назар салуын, сөздерді мағынасына қарай кәсіби атауларға топтастыруын, сөздік арқылы өсімдік атауларының мағынасын ашу талап етіледі.

Тапсырманы орындау арқылы оқушы жазушы қолданған сөздердің астарына үніліп, танымын кеңейтеді, сөздікпен жұмыс істеу арқылы лексикалық қорын байытады.

133-тапсырма «Сөйлеу тілінің стильдік бедері» тақырыбына байланысты ұсынылған. Мұнда диалогті оқып, сөйлеу тіліне тән белгілерді анықтау, сөздердің ықшамдалуына назар салу, диалогті толықтыру талап етіледі.

- *Туған жерің?*
- *Оңтүстік Қазақстан.*
- *Өскен жеріңіз?*
- *Солтүстік Қазақстан.*
- *Жетілген жеріңіз?*
- *Батыс Қазақстан.*
- *Марқайған жеріңіз?*
- *Шығыс Қазақстан?*
- *Оһо! Бармаған жер, баспаған тауыңыз жоқ екен!*
- *Неге болмасын!*
- *Бармаған жер, баспаған тауым көп өзі, өте көп...*

**Ә.Тарази. "Басынан Қаратаудың..."**

134-тапсырмада көркем шығармадан алынған диалогті өмірдегі сөйлеу тілімен салыстыру ұсынылады. Көркем шығарма мен ауызекі сөйлеу тілінің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтайды.

181, 182-тапсырмаларда диалогтік мәтінді оқып, ауызекі сөйлеу тіліндегі бейресми тілдік қолданысқа, сөйлеу стиліне қарай талдау жасау сұралады.

Диалогтік мәтінмен берілген тапсырмаларды талдаудан мынадай қорытынды шығарылды: ауызекі сөйлеу тіліне тән сипаттармен танысу барысында оқушылар диалогтік сөйлеу тілінің ерекшеліктерін меңгереді. Оқулықта белгілі бір дидактикалық жүйенің құрылымын бейнелеп қана қоймай, оны іске асыруды жобалау керектігін ескерсек, оқушылардың диалогтік сөзге тән ерекшеліктерді меңгеріп қана қойғаны жеткіліксіз. Себебі меңгерген білімді дағдыға айналдырып, одан білікке ұласатын диалогтің түрлерін ажыратуға,

тектерін анықтауға жетелейтін практикалық тапсырмалар оқулықта жоқтың қасы [134, с.212].

Ана тілі сабақтарында жоғары сынып оқушыларының оқу-танымдық әрекеттерін белсендету аса маңызды. Оқулықтың білім мазмұнында оқушылардың белсенділігін арттыратын, күнделікті сабақ барысында алған білім, білік пен дағдыларын күнделікті өмірдегі жағдаяттарда қолдану арқылы әлеуметтенуге жол ашатын білім алушының өз өмірімен байланысты, қатысымға жетелейтін диалогке құрылған жағдаяттық мәтіндер, шығармашылық жұмыстар, жұптық, топтық жұмыс түрлері қарастырылмаған [136].

Еліміз егемендік алып, ұлттық сипаттағы төл оқулықтарды дайындау барысындағы білім мазмұнын анықтауда диалогті оқытудың мазмұны тереңдеп, сөз мәдениеті аясында қарастырыла бастады. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша құрастырылған оқулықтардағы тапсырмалардың сандық-мазмұндық сипаты Қосымша А-да көрсетілген. Оқулықтардағы тапсырмалардың мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасының мақсат, міндеттеріне сай құрастырылғанымен, айтылым дағдысын меңгертуге бағытталған жаттығулар түрі оқушылардың жай ғана сұрақтарға жауап беруімен шектеліп, топтық пікір алмасу тапсырмаларын орындаумен бекітілген. Қосымшада әр оқулықтағы жұптық жұмыстардың үлесі (пайыздық көрсеткіші) және жұппен орындалатын (диалог, сұхбат, интервью, жұппен талқылау) тапсырмалары саны берілген. Тапсырмаларға сандық талдау жасау арқылы жұптық тапсырмалардың саны өте аз екендігін дәйектеп, диалогтік сөйлеуді үйретуге бағытталған жұмыстарды көптеп құрастыру қажеттілігі бар екендігі анықталды. Себебі, диалогтік сөз мәдениетін меңгерту арқылы оқу процесін тиімді ұйымдастыру мүмкіндігі артады. Диалогтік сөз оқушылардың ойын тез жинақтауға, жылдам ой қорытуға дағдыландырады. Диалогке қатысушылар бір-біріне сұрақ қоюға төселеді. Сол арқылы ойлау қабілеттері дамиды. Сыни ойлауды дамыту ұстанымына сай сұрақ қоя алу ойлаудың алғашқы баспалдағы екендігі ескерілуі қажет.

«Қай пәннің болмасын жалпы білім беру жүйесіндегі маңызын танытатын негізгі сипат – сол пән мазмұны мен қоғамдық әлеуметтік сұранымның өзара сәйкестігі» екендігінде сөз жоқ [128, б. 85]. Олай болса, жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) мен «Қазақ тілі» оқулықтарының білім мазмұнында тұлғадамытушылық парадигманың талаптарына сай оқушының сөз мәдениеті мен сөйлеу әдебін меңгертумен қатар оның әлеуметтенуіне, өзін танытуына жол ашатын диалогтік сөз мәдениетін ендіру назарға алынғаны жөн.

## **2.2 Диалогтік сөз мәдениетін оқытудың ерекшеліктері**

Диалог – екі қатысушының пікір алмасуына негізделген адамның мінез-құлық формасын [11] көрсете алатын сөйлесу түрі. Диалогтік сөзге қатысудың ерекшелігі – оның реактивті сипатта болуы, яғни диалогте әрбір қатысушы

екінші қатысушының мәлімдемесіне реакция жасайды. Диалогтің барысы мен бағытын анықтайтын негізгі элементтері реплика-стимул (ынталандыру) және реплика-реакция (жауап беру) болып табылады.

Ынталандыру белгілері көрінетін «реплика-стимул» – диалогке басқа қатысушының реакциясын тудыратын мәлімдемелерді (сұрақтар, пікірлер, ақпараттар, түсініктемелер) қарастырсақ, реакциялық жауаптар санатына «реплика-реакция» форматында көрінетін басқа қатысушылардың ынталандыру реакцияларына білдіретін жауаптары (сұраққа жауап, пікірді растау немесе теріске шығару, түсініктемені қабылдау және т.б.) жатады. Ынталандыру репликалары мен жауап репликаларының өзара әрекеттесуі диалогке қатысушыларға өзара түсіністікке жетуге, идея мен пікір алмасуға, мәселелерді шешуге, тиімді қарым-қатынас жасауға, бір-бірін тыңдауға және түсінісуге мүмкіндік береді.

Диалогті зерттеуші кейбір ғалымдар оны стимул мен реакциядан тұратын диалогтік тұтастық ретінде қарастырады. Ал диалогтік тұтастық – мазмұндық дербестік пен құрылымдық-грамматикалық негіздегі диалогтің коммуникативті бірлігі. Ол белгілі бір тақырып пен бір әңгіменің желісіндегі мәліметті өрбітеді. Ол сондай-ақ – семантикалық және құрылымдық тұрғыдан өзара байланысты репликалар қатарынан тұрады. Бұл тұтастықты талдағанда, біріншіден, когеренттілік мәселесіне, яғни логика-семантикалық тұрғыдан оның компоненттері арасындағы өзара қарым-қатынасқа көңіл бөлінеді. Мұны О.И.Москальская: «мәтіндегі когеренттілік – тек мағыналық қана құбылыс емес. Ол форма, мазмұн және қызмет ретінде бір-біріне қатысты құрылымдық, мазмұндық және коммуникативтік тұрғыдан бүтін болу», – деп түсіндіреді [135]. Сонымен, ғылыми зерттеулерде диалогтің екі ерекшелігі сипатталады. Олар:

- сөйлеушіні түсіну немесе стимул-сөйлесімдегі мәліметті қабылдау және оған керек реакцияны дайындау. Бұл – бір уақыт кесіндісінде өтетін үдеріс;
- қатысымның ағымдағы оқиғамен тығыз байланысы.

Лингвистер диалогтің құрылымы [136] диалогтік тұтастықтағы репликалар арасындағы өзара байланыстың сипаты мен мұндағы синтаксистік байланыстың түрлері, диалогтің стилистикалық және интонациялық құрылымы сияқты аспектілерге қызығушылық танытқан. Дей тұрғанмен соңғы уақытта зерттеу шеңбері кеңейе түсті де, ендігі мәселелер диалогтің актуалды мүшеленуі, диалогтегі байланыстың прагматикалық аспектісі, модус-диктум тұрғысынан оның сарапталуы және тағы басқалар төңірегінде жүріп жатыр.

Диалогтің тұтастығы – оның мәнінде, тақырыбында, мазмұнында. Ондағы репликалардың арасындағы тілдік жүйенің белгілеген өзара байланысы мен келісімнің лингвистикалық заңдылықтарын ескерсек, реакцияны болжау көбіне стимулдың құрылымды-коммуникативтік түріне байланысты болады. Стимулдың семантикалық-синтаксистік құрылымы көбіне жауаптың түрін белгілей алады. Сөйлемнің құрылымы, құрамы сөйлеу жағдаятына, контекстке бағынышты болады. Себебі ауызша қатысымның болмысын ашатын бірден бір форма ретінде диалогтік тұтастықтың кезектесетін репликаларының арасында,

жоғарыда айтылғандай, міндетті түрде құрылымдық, семантикалық және функционалдық тұрғыдан өзара байланыс болатыны анық.

Диалогтегі құрылымдық, мағыналық және коммуникативтік тұтастық кез келген сөйлесіммен берілетін жалпы модальдыққа құрылады және ол диалогтік қатысымда айқын көрінеді. Себебі реплика-реакция реплика-стимулға белгілі деңгейде қатысты болады. Осы тұрғыдан диалогтің хабарлық және модальдық сияқты екі түрі бар.

Хабарлық диалогтің мақсаты мәлімет алу болса, модальдық диалогтің мақсаты – пікір алмасу.

Т.М.Власова функционалды-семантикалық тәсіл диалогтің репликаларын жинақтап сипаттауға мүмкіндік беретін бірден-бір ұтымды жол екенін айтады [137, с.15]. Бұл дегеніміз – репликалардың семантикалық-синтаксистік, коммуникативтік және логика-семантикалық сипаттарын есепке алу. Өйткені бұл тәсіл диалогтік қатысымның әр түрлі жақтарын–коммуниканттардың репликаларында жүзеге асатын сөйлеу интенциясын, белгілі жағдаяттағы олардың сөйлесімдерге деген қатысы, қабылдауы, сол сөйлесімдерді логикаға сай ұйымдастыруын ескереді. Зерттеуші жауап репликаның интенциялық және бейинтенциялық түрлерін ұсынады. Интенциялық реплика-реакция бұл стимулдың тек жауабы ғана емес, сондай-ақ стимул мазмұнына тәуелді емес жауап берушінің ішкі интенциясының жүзеге асуы.

Реплика-стимул мен реплика-реакция коммуникативті тұтастық құрайтын болғандықтан, бұл тұста реплика-реакцияның реплика-стимулмен байланысы тұрғысынан жүйелеу керек. Зерттеуші Т.М.Власова диалогтегі сөйлесімдердің семантикасын құрайтын үш түрлі семантикалық элементтерді ұсынады. Олар:

- шынайы жағдаятта көрінетін семантика-синтаксистік элемент. Стимулдың мұндай элементінің реакциясы оның негізгі қызметіне сәйкес болады;

- адамның психикалық әрекетімен байланысты интенциялы-семантикалық элементі бар стимулдың реакциясы жауап берушінің психикалық немесе сөйлеу актісіне сәйкес келісу, бас тарту, қарсы келу, қоштау, эмоциялық реакция болуы мүмкін;

- адамның ойлау қабілеттілігіндегі логикалық әрекеттің көрінісі логика-семантикалық элемент. Бұл стимулдың элементіне қайтарылатын реакция, жауап берушінің логикалық операциясының типіне байланысты, келіспеу, болмаса растау және т.б. болады.

Ауызекі сөйлеу тілінің эмоциялық деңгейі қайталаудың негізгі ерекшелігі болып табылады. Бұл – әңгімелесушінің пікіріне деген тыңдаушының субъективті қатынасының көрінісін білдіретін қайталаудың өзіндік семантикалық ерекшелігі. Мұны сөйлесімдердегі объективті-модальды мазмұнға коммуниканттар өздерінің субъективті-модальды көзқарастарын сатылай отырып білдіреді [138].

Сонымен, диалогті ұйымдастыруда тілдік бірліктер, оларды жүзеге асырудың тәсілдері мен амалдарының барлығы пайдаланылады. Дегенмен арнайы, мақсаты анық жағдайларда олар өз қасиеттерін немесе модальдылығын өзгертіп отырады. Мәселен, диалогтік қатысымға қатысушылар қайталауды бір-

біріне еліктеу үшін қолданбайды, олар өздерінің сол сөйлеу жағдаятына деген әр түрлі бағаларын білдіру мақсатымен жауап береді (– Ол сұлу ма? – Сұлу дегендей-ақ), әңгімелесушісіне мәлімет береді (– Ол сұлу ма? – Сұлу); өз репликасын әңгімелесушісінің репликасымен байланыстырады, бекітеді (– Ол сұлу ма? – Сұлуына сұлу ғой, бірақ сендердің сұлулық дегендерің басқа ғой).

Диалогтің құрамдас бөліктеріне тек лингвистикалық аспектілер ғана емес, прагматикалық аспектілер де кіреді. Прагматикалық аспект диалогке қатысу шарттарын, коммуниканттар алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді, олардың қарым-қатынасын, стратегиялары мен тактикасын сипаттайды. Репликалардың түрлерін анықтауда прагматикалық аспект де ескеріледі, себебі әрбір реплика диалогтің контекстіне және мақсатына байланысты әр түрлі функцияларды орындай алады және әр түрлі мағынаға ие болады. Репликалардың коммуникативті-прагматикалық сипатына байланысты төмендегі диалогтік тұтастықтардағы мынадай реакцияның түрлерін ұсынады [139]:

1. мәлімет талап ететін сұрақ – хабарлау, жауаптан бас тарту, қарсы сұрақ;
2. стимул-есімдіксіз сұрақ – келісу, келіспеу, жауаптан бас тарту;
3. стимул-хабар - растау, келіспеу, сұрақ, ауытқу,
4. стимул-әрекетке итермелеу – келісу, келіспеу, контрұсыныс, сұрақ;
5. стимул-өтініш – келісу, келіспеу, ауытқу;
6. стимул-бұйрық – келісу, келіспеу, қарсы келу, ауытқу.

Тілдік бірліктер сөйлеу барысында тілдік емес факторлардың әсеріне, сұранысы мен қажеттіліктеріне бейімделеді. Бұл факторларға сөйлеу жағдаяттарын, сөйлеушінің әлеуметтік-психологиялық жағдайын, жағдаят пен шындықтың арақатынасын, қатысу мақсатын, сөйлеушілердің пресуппозициясын жатқызуға болады. Сөйлеуші сөзінің мақсаты мен мағынасын түсіну үшін осы факторларды ескеру маңызды. Диалогтік сөйлеу тілдік құралдарды қолдану тәсілі ғана емес, әрекет ретінде де қабылданады. Ол қатысушылардың өзара ақпарат, идеялар және сезімдер алмасуын қамтып, екі жақтың белсенді қатысуын талап етеді. Осылайша, бұл – контекст пен қатысушылар арқылы қалыптасатын динамикалық әрі үнемі дамып отыратын үдеріс. Сонымен, диалогке тиімді қатысу үшін осы тілдік емес факторларды білу және тіл қолданысын соған сәйкес бейімдеу маңызды. Ол үшін тілдік бірліктерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар олар қолданылатын әлеуметтік және мәдени контекстерді түсіну қажет.

Адамдар диалогтік сөз арқылы өзгелермен түсінісу, өз пікірін білдіру, пікір алмасу үшін тіл, сөз арқылы қарым-қатынас жасайды. Коммуникациялық зерттеулерге сәйкес, сөздер адамдар арасындағы жалпы қарым-қатынастың үштен бір бөлігін ғана құрайды. Қарым-қатынастың қалған бөлігі мимика, дауыс ырғағы және дене қимылы сияқты бейвербалды белгілерден тұрады. Бұл адамдар сөйлеспесе де, олар әлі де байланысып, бейвербалды диалогке қатысатынын білдіреді.

Диалогті зерттеуде психологиялық және грамматикалық бағыттардың да маңызы зор, себебі диалог тек қолданылатын тілді ғана емес, сонымен қатар

контекстті, әлеуметтік жағдайды, сөйлеушілердің психологиялық факторларын қамтиды. Психоллингвистикалық бағыт осы экстралингвистикалық факторларды және олардың диалогтің құрылымы мен сипатына қалай әсер ететінін ескереді. Мысалы, сөйлеушілердің дауыс ырғағы, мимикасы, дене қимылы олар қолданатын сөздердің мағынасы мен түсіндірмесіне қатты әсер етеді. Сол сияқты әлеуметтік және мәдени факторлар, мысалы, билік динамикасы немесе сөйлеушілер арасындағы қарым-қатынас диалогтің құрылымы мен нәтижесіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан диалогті жан-жақты зерттеу лингвистикалық әрі экстралингвистикалық факторларды түсінуді талап етеді.

Диалог тек тілдік құралдарды қолдану тәсілі емес, нақты психологиялық мақсаттары бар әлеуметтік әрекеттің бір түрі. Сондықтан диалогті зерттеу оның негізінде жатқан когнитивтік және әлеуметтік процестерді, сонымен қатар сөйлеушілер өз мақсаттарына жету үшін қолданатын тілдік құрылымдар мен стратегияларды зерттеуді қамтиды. Диалог түрлеріне келетін болсақ, оларға сөйлеушінің психологиялық мақсаты әсер ете алады. Мысалы, диктальды диалогтер (нұсқау беру немесе сұрау салу), модальды диалогтер (пікірді немесе сенімді білдіру), ал регулятивті диалогтер (реттеуші келіссөздерді немесе қақтығыстарды шешу) [140, с.66]. Бірінші жағдайда диалог өзара ақпарат алмасу кезіндегі сұрақ қою сипатында; екінші жағдайда – ол еске түсіру, пікірталас, дискуссия, түсінік беру тұрғысынан; ал үшінші жағдайда – нұсқама, жоспарлау, көндіру сипатын жеткізу мүмкіндігін қарастырады. Сәйкесінше, диалогтің әрбір түрінің құрамдас бөліктері де айрықша сұрақ-жауапты диалогтік бірлік және ақпаратты хабарлау мен осы хабарламаға реакциясын ұйғаратын бірліктер немесе ұсыныстардан және осы ұсыныстарға берілген әңгімелесуші серіктестің жауаптарынан тұратын бірліктер болады. Табиғи қарым-қатынас жағдайларындағы және әсіресе оқу үдерісіндегі диалогтің ең қарапайым түрі қарым-қатынастың ақпараттық функциясын атқаратын диалог болып табылады. Диалог түрлерінің психологиялық мақсаттары мен мотивтерін түсіну адамдардың қарым-қатынасы мен әлеуметтік өзара әрекеттесу табиғаты туралы құнды түсініктерді бере алады.

Ақпараттық сипатты диалогтерді әңгімелесуші серіктестің жігерін ескере отырып топтастырып, оларды диалогтің ағымына, әсеріне қарай үш түрге бөліп көрсетеді: диалогтің өзі, эфферентті диалог және афферентті диалог. Диалогтің алғашқы түрі әңгімелесушілердің тең құқықтылығын, олардың әрқайсысының тең дәрежеде екенін білдіреді. Бұл қарсы-бағытталған сипаттағы диалог.

Қалған екі түрі қарым-қатынастағы бір қатысушының жетекші рөлімен анықталады. Диалогтің өзі әрбір диалогке қатысушының екі жақты қызықты ақпарат қорының болуымен сипатталады, мысал үшін белгілі бір уақыттан кейінгі достардың кездесуінде, түрлі кітаптарды оқып болғаннан кейін және т.б.

Афферентті диалог сұрақ қоя алу қабілеттілігін, әңгімелесушінің сөзін түсіне алу, серіктестердің сөйлеу әрекетін бақылап отыратын репликалар айта алу қабілеттілігін талап ететін ақпарат алуға бағытталған ынталы сөйлеуді қалыптастыруға арналған. Афферентті диалог әңгімелесушілердің біреуінде екіншісі білмейтін ақпаратқа немесе екіншісі білмейтін міндеттер мен құқықтар

туралы ақпарат қорына ие болуын ұйғарады. Сәйкесінше, мұндай диалогті құруға бағытталған жағдаяттарды үлгілеу оқу үдерісінде ата-ананың, тілшілердің, мұғалімнің және т.б рөлдерін пайдалануды көрсетеді.

Эфферентті диалог сауалнама жүргізілетін, анкета алынатын, сұралатын қарым-қатынас серіктесінің позициясында қарастырылады. Ол негізгі ақпарат тасушысы болып табылады, бірақ ақпаратты алуға қызығушылық білдіруші ретіндегі серіктес диалогтің мазмұнын реттеп отырады. Эфферентті диалог қозғаушы репликаға мүмкіндігінше толық және кең ауқымда жауап қайтара алу қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған. Диалогтің бұл түрі монологтік диалогке дайындайды.

С.В.Перкастың көзқарасы бойынша, оқу диалогтерін екі негізгі топқа бөліп қарастырған орынды:

- 1) «тең құқылы» диалогтер (ақпарат алмасу диалогтері);
- 2) «рөлдік» диалогтер («сатушы-сатып алушы», «дәрігер-емделуші») [141, с.6].

Қойылған міндетті жеңілдету үшін «тең құқылы» диалог оқытушы немесе аудиториядағы оқушылардың ұсынысымен әзірленген жоспарға сәйкес құрылады.

Мұндай диалогтердің артықшылығы:

– серіктестердің рөлдерге енуінің қажеті жоқ, себебі олар әңгіменің тең құқылы қатысушылары бола отырып, өз өміріндегі шынайы мәліметтер туралы пікір алмасады;

– ол оқушының жеке өмір тәжірибесіне бағытталған;

– диалогтің мазмұнын жоспарлау оңай;

– диалогті меңгерудің мәнділігі мен беріктігін қамтамасыз ете отырып, репликалардың интонациялық және лексикалық әралуандығының құрылымдық қайталануының оңтайлы үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар әдістемелік зерттеулерде диалогтің келесідей түрлері көрсетіледі [142]:

1. дайындық деңгейі бойынша: толығымен дайын, репродуктивті жаттанды диалог және ішінара трансформацияланған, таныс элементтерден-репликалардан құрылған меншікті диалог.

2. бағытталған мақсатына қарай: нысаналы және еркін диалог.

Диалогтің алғашқы түрі көптеген жағдаяттар бойынша пайдалануға келетін типтік «үлгілі» болатын болса, білімі орта деңгейдегі оқушыларға шетел тілін оқытуда қолдануға болады. Алайда диалогтің екінші түрі – оқушылар өздері дайындаған диалогті қолдану ұсынылады.

Диалогті дайындау процесі бірнеше кезеңдерден тұрады:

а) белгілі бір жағдаятпен байланысты диалогтің негізгі мазмұнын, тақырыбын жобалау;

ә) диалогтің жоспарын құру;

б) бастапқы репликаларды таңдап алу (сұрақ-реплика, бекітуші-реплика және т.б.);

в) сәйкес репликалардың көмегімен диалогті және оның өрбуін қолдау (оқытушы тарапынан);

г) диалогті жазу және жаңғырту [143, б. 35].

Қатысушылардың санына қарай: жұптық және топтық диалогтерді бөліп көрсетуге болады. Топтық диалогтерге әңгіме, қандай да бір тақырыпты талқылау, оқытушының жетекші серіктес ретінде қатысуымен және оның қатысуынсыз пікірталас жүргізу, пресс-конференциялар жатады. Мұндай топтық диалогті жүргізу белгілі бір жұптық диалогтік іскерлікті талап етеді, мысалы, қайта сұрау немесе анықтап алу, әңгіме барысында қойылған сұраққа байланысты толық немесе қысқаша реплика айта алу қабілеттіліктерінің болуы.

Ғалымдар диалогтің екі түрін ажыратады – табиғи диалог және оқу диалогі. Табиғи диалог – күнделікті өмірде ана тілінде сөйлейтіндер арасында табиғи түрде болатын диалог. Мұндай диалог тілді оқыту процесінде қолданылатын оқу диалогінен ерекшеленеді. Оқу диалогінде білім алушылар табиғи диалогте әдетте қолданылмайтын әр түрлі тілдік құрылымдар мен сөз тіркестерін пайдалана алады. Оқу диалогінің мақсаты – білім алушыларға жаңа тілдік конструкциялар мен сөз тіркестерін практикалық жағдайларда қолдануға үйрету. Табиғи диалог, керісінше, еркін және шынайы болып табылады және білім алушыларға нақты жағдайларда ана тілінде сөйлейтіндермен әңгімелесу үшін қажет болатын нақты тілдік дағдыларды үйрету үшін қолданылады. Осылайша, табиғи диалогті оқыту шынайы өмірлік жағдайларда көмектесетін тілде практикалық коммуникациялық дағдыларды дамытудың маңызды аспектісі болып табылады.

Ғалымдар табиғи диалогтің микро-диалог пен макро-диалог түрлерін атайды.

Микродиалог екі тұлғаның шағын көлемді әңгімесі ретінде қарастырылатын өзара байланысты екі жолдан тұратын диалогтік бірлікке жатады. Диалогтің бұл түрі сәлемдесу, шағын әңгіме, ақпарат сұрау сияқты күнделікті әңгімелерде кездеседі.

Макродиалог, керісінше, әңгіме, пікірталас, сұхбат, дипломдық жұмысты қорғау және сабақтағы сұрақ-жауап және т.б. нысанын қабылдай алатын ауқымды диалогтерді білдіреді. Диалогтің бұл түрі күрделірек және ресми болуы мүмкін, әрі көбінесе аудиторияны сендіру немесе ақпараттандыру сияқты белгілі бір мақсатқа қызмет етеді.

Диалогтік сөздердің табиғаты күрделі, көп қырлы болғандықтан, диалогтің ішкі жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар екені рас. Бұл олардың жіктелуіне қойылатын жалпы талаптарды анықтауды қиындатады. Дегенмен диалогті зерттеу лингвистика, коммуникация және философияны қоса алғанда, әр түрлі салалардағы маңызды зерттеу нысаны болып қала береді.

Г.С.Имангалиева психоллингвистикалық, этнолингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық факторларды пайдалана отырып, диалог типологиясы бойынша зерттеулер жүргізген. Г.Имангалиева өз зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, диалогтің үш негізгі түрін анықтайды: ақпараттық, прагматикалық, модальдық диалогтер.



Ақпараттық диалогтер – сұхбат, тергеу, хабарламалар және түсінуге негізделген диалогтер сияқты ақпаратты жеткізуге бағытталған диалогтер.

Прагматикалық диалогтерге нақты мақсатқа немесе нәтижеге жетуге бағытталған, мысалы, дәлелдер, талқылаулар, өтініштер, ұсыныстар жатқызылады.

Модальдық диалогтер түйіндеу, сәлемдесу, қоштасу сияқты белгілі бір көңіл-күйді немесе реңкті орнатуға бағытталған диалогтерді білдіреді.

Бұл классификация қарым-қатынастағы диалогтердің әр түрлі функциялары мен мақсаттарын түсіну үшін пайдалы негізді қамтамасыз етеді және оны әр түрлі тілдер мен контекстердегі диалогтерді зерттеуде қолдануға болады [143, с.17].

Диалогтік қарым-қатынастың репликалардан тұратыны ақиқат, бұл – сөйлеушілердің сөйлесудегі жеке пікірлері. Осыған орай С.Әбдіғалиев диалогтегі репликалардың екі негізгі түрін анықтады:

а) Әріптесті әңгімеге тартып, сөйлеуге итермелейтін реплика. Репликаның бұл түрі жиі сөйлесуді бастау немесе жалғастыру үшін пайдаланылады және басқа адамды жауап беруге шақыратын сұрақтарды, сұрауларды не мәлімдемелерді қамтиды;

ә) Алдыңғы жауапқа жауап болатын реплика. Репликаның бұл түрі бұрын айтылған нәрсеге негізделген әңгіменің жалғасы болып табылады. Ол алдыңғы сөйлеушімен келісу немесе келіспеу, түсініктеме сұрау немесе жаңа ақпаратты қосуды, яғни жауап, жауап-репликаны (реплика-реакция) қарастырады.

Диалогтегі репликалардың түрлерін түсіну жеке тұлғаларға сөйлесу кезінде кезек алудың функциялары мен мақсаттарын тану арқылы тиімдірек қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді [144].

С.Нұрғали, С.Әбдіғалиевтің еңбегіне сүйене отырып, диалогтік бірлікті екіден емес, үш-төрт репликадан құралады деп қарастырған. Бұл тұжырым бойынша, әңгімелер әр сөйлеуші жасаған бірнеше айналымды қамтуы мүмкін екенін және әрбір айналым әңгіменің жалпы мағынасы мен бағытына ықпал ете алатынын ескертеді [145].

Зерттеушілер жағдаят пен диалог ерекшеліктеріне байланысты диалогтің өзге де түрлерін анықтады. Р.Кинжекованың диалогтер классификациясы төрт негізгі түрді қамтиды:

1) сұрап білу ақпарат алуға бағытталған сұрақтарды қамтиды және сұхбат немесе кездейсоқ әңгімелесу сияқты жағдайларда қолданылады;

2) әңгімелесу – бейресми және жеке адамдар арасындағы әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарды құруға бағытталған әңгімелесу диалогтері. Диалогтің бұл түрі кішігірім әңгімелесуді, жеке тәжірибемен немесе пікірмен бөлісуді және басқа да тапсырмаға бағытталған қарым-қатынасты қамтиды.

3) пікірталас – белгілі бір тақырып бойынша ой-пікір алмасуға бағытталған пікірталас диалогтері. Диалогтің бұл түрі көбінесе пікірталас немесе сөзталас сияқты құрылымдық форматты қамтиды және білім беру немесе кәсіби жағдайларда қолданылады.

4) қатысымдық емес диалогтер сөйлеушілер арасындағы қатысудың немесе өзара әрекеттесудің болмауымен сипатталады. Диалогтің бұл түріне бір адам екінші адамнан жауап немесе өзара әрекеттесу күтпестен сөйлейтін монологтар, дәрістер немесе баяндамалар жатуы мүмкін.

Диалог түрлері мен мақсаттарын тану арқылы адамдар әр түрлі әлеуметтік және кәсіби жағдайларды жақсы түсіну мен тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады [145, б.92].

Диалогтік қарым-қатынас күнделікті тұрмыста ешбір дайындықсыз, ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, кенеттен, саяси, мәдени, іскери, әдеби және күнделікті тұрмыс тақырыптарында да жүре береді. Диалогтік қарым-қатынаста тіл өзінің қасиетін барынша толық көрсете алады.

Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде оқу диалогтерінің келесі түрлерін тиімді деп көрсетеді: диалог-сұрақ, диалог-әңгіме, диалог-пікірталас және диалог пікірлермен алмасу, сонымен қатар эфферентті және афферентті диалогтер және олардың түрлері жөнінде де айтылады. Оларға: диалог-сұрақ, диалог-тергеу, диалог-талқылау, диалог-түсіндіру, диалог-қарсылық білдіру сияқты диалогтерді жатқызады.

Әдіскер А.К.Соловьева диалогтің төрт түрін көрсетеді:

- 1) диалог-дау;
- 2) оңаша түсіндіру диалогі;
- 3) диалог-ұрыс;
- 4) диалог-келісім [147].

Әдіскер Н.В.Володиннің анықтауы бойынша, диалогтің үш түрін оқыта отырып сөйлету мақсаты үшін жиі қолданылады:

1) Пікірлермен алмасу диалогі. Диалогтің бұл түрінде диалогке қатысушы екі серіктес те тең дәрежеде әр қайсысы өз тараптарынан белсенділік көрсете отырып, қарама-қарсы бағытта өз пікірлерімен алмасады.

2) Эфферентті диалогтің мақсаты – барынша мол ақпарат беруге тырысу. Мұнда әңгімелесушінің бірі үнемі екіншісінің сұрағына жауап беру ниетінде болады және сол әңгімелесуші диалог барысын реттеп отырады. Әңгімелесушілер теңдігі деген түсінік жоқ. Екіншісі мүлде сұрақ қоймайды.

3) Афферентті диалогке қатысушы екі адамның біреуі ғана белсенді болады. Ол үнемі диалогті өзі жүргізіп отырады. Мақсаты – өзіне қажетті ақпарат алу, ал екінші серіктес – бірінші серіктестің сұрағына сәйкес келетін ақпаратты беруші рөлінде тұрады. Бірақ жауап беруші серіктестің кейбір мәліметтерді нақтылау үшін қарсы сұрақ қоюды да мүмкін [148, с.11-17].

Диалогтік қарым-қатынас кезіндегі серіктестердің сөйлеу себептерінің туындауына байланысты, В.Л.Скалкин диалогтің төрт түрін айқындайды:

1. тең дәрежеде өтетін диалог;
2. диалог-сұрақ;
3. диалог-пікірталас;
4. диалог-түсініспеушілік [49, б.56-64].

Тең дәрежедегі диалогте тілдесу сабырлы, байсалды жағдайда өтеді, әңгімеге екі әңгімелесуші тең дәрежеде араласып, екі серіктес те өздерін әңгімеде

еркін, тең сезінеді. Диалог-сұрақта біреуі үнемі сұрақ қояды да, екіншісі оған жауап береді. Мұны әсіресе емтихан алу кезінде оқытушылар жиі пайдаланады.

Ғалым Ә.Әлметова диалогті тіл үйрету әдістемесіне байланысты қарастырып, тіл үйретудегі ерекшеліктеріне қарай оқу сұхбаты, аутентикалық сұхбат деп жіктейді. Оқу сұхбаттарын В.Л.Скалкиннің жіктеулеріне сүйене отырып: сұхбат-сұрақ, сұхбат-пікірталас, сұхбат-түсініспеушілік, сұхбат-тергеу деп бөледі [149]. Ал аутентикалық сұхбатты сөйлеу мақсатына қарай: жақын жерден тілдесу және қашықтықтан тілдесу, тікелей және жанама, ауызша және жазбаша, сұхбаттық және монологтік, ауызша тілдесім мен мәтін бойынша тілдесім, ақпараттық және фатикалық деп жіктейді.

Ғалым Н.Ә.Ильясова диалогті арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырмағанымен, тілдік бірліктердің (сөз, сөйлем, мәтін) қатысымдық қызметін зерттеу барысында қатысушылардың санына қарай диалогті таза диалог және аралас диалог деп (Х. Кәрімов бойынша) ажырата отырып, оның мынадай түрлерін жіктейді:

- диалог-бұйрық;
- диалог-өтініш;
- диалог-түсіндіру;
- диалог-мақсат;
- диалог-талас;
- диалог-суреттеу;
- диалог-талқылау;
- диалог-әңгіме;
- диалог-жинақтық [150, б.132].

Аталмыш пікірдің басқа зерттеушілер пікірінен ерекшелігі – біріншіден, диалогті қатысушылардың санына қарай ажыратып анықтауында, екіншіден, бұған дейінгі диалогті жіктеуде кездеспейтін «диалог-суреттеу», «диалог-жинақтық» түрлерін атауында. Диалог-пікірталас, диалог-мақсат (диалог-қоштау), диалог-өтініш, диалог-талас (егес, дау, ұрыс, түсініспеушілік), диалог-талқылау, диалог-әңгіме (әңгімелеу, сұрап білу) және т.б. жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерінде кездесіп отырады. Біздің зерттеу мақсатымызға орайлас диалогке қатысты пікір айта келіп, ғалым «сөйлеу актісінде белгілі бір зат не құбылысқа сипаттама беріп, тыңдаушының назарын соған аударатын сөйлем суреттеу диалогті сөйлесім-сөйлем», ал «сөйлеуші мен тыңдаушы пікірінің нақты сұрақ пен нақты жауапқа негізделуі жинақтау диалогті сөйлесім-сөйлем болады» деп нақтылайды [151].

Білім алушылардың тілдік дағдылары мен қабілеттерін дамыту тәсілдеріне байланысты маңызды тақырыптардың бірі – диалог түрлері мен тектерін зерттеу арқылы қазақ тілін оқытуда сөз мәдениетін меңгерту мәселесі өзекті.

Қазақ тіл білімі, педагогика, психология және т.б. салаларда диалог пен оның тіл дамытудағы рөлін зерттеуге арналған еңбектерді зерделей келе, ғалымдар диалогті қазақ тілін меңгертудің тиімді жолы ретінде қарастыратынын байқадық. Диалогтік сөздердің шығу тегі мен жіктелуі туралы еңбектердің бар болғанына қарамастан, олардың саны мен мазмұнының жеткіліксіздігі қосымша

зерттеулердің қажеттігін көрсетеді. Себебі диалог тектері мен түрлерін жіктеудегі жүйелілік пен бірізділіктің болмауы диалогтік сөздер мен сөз тіркестерін әр түрлі контекстте түсіну мен қолдануды қиындатып отыр [152].

Бұл мәселелерді шешу үшін әр түрлі талдау әдістерін қолдана отырып, диалогтік сөздің шығу тегі мен жіктелуін анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеулерді, мысалы, диалогтік сөздер, сөз тіркестерінің әр түрлі контекстте, әр түрлі әлеуметтік топтар арасында қолданылуын талдау арқылы да жүргізуге болады. Диалогтік сөз тіркестерін түсініп қолдануды жеңілдету үшін диалог тектері мен түрлерін саралап жіктеуді әзірлеу маңызды. Ол үшін ғылыми еңбектерді, әдебиеттерді кең көлемде қарастыруды және бұрыннан бар жіктемелерді егжей-тегжейлі талдау, сондай-ақ жаңа жіктеу критерийлерін құрастыру қажет.

Ғалым, педагогика ғылымдарының докторы Ж.Т.Дәулетбекованың «тілдің маңызды қызметі диалогтік сөзде көрінеді» деген тұжырымы диалогті тіл білімінде ғылыми тұрғыдан зерттеу аясында бір жүйеге келтіргені анық. Педагог еңбегінде диалогті сөз өнерінің бір түрі ретінде қарастырып, оның ерекшеліктерін, тектерін, түрлерін бөліп көрсеткен [17, б.24]. Зерттеушінің жұмысында диалог жіктемелері нақтыланып, оның бағыты айқындалып, сәйкес тапсырма түрлері әзірленген. Бұл қазақ тілін оқытуда диалогтік әдістерді тиімді пайдаланып, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал ететіні сөзсіз. Осы зерттеу жұмысымыздың барысында зерттеушінің ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынып, әдістемелік сабақ мазмұнын және оқу-әдістемелік кешен тапсырмаларын әзірлеуде пайдаланылды.

Ғалым Ж.Т.Дәулетбекова диалогтік сөйлеуді үш текке бөліп, оларды қатысу жағдаяттары, сөйлеу мақсаты және әңгімелесушілердің әлеуметтік рөлі бойынша ерекшелейді:

1. хабарламалық;
2. прагматикалық;
3. модальдық.

Диалогтік сөздің осылайша жіктелуі Г.С.Иманғалиеваның зерттеулерінде де кездеседі. Г.С.Иманғалиева сонымен қатар диалогтің ішкі топтарының әңгімелесу, қарым-қатынас, талқылау, түсіну, бекіту, сұрау, қорытынды және т.б. сипаттарын атап көрсетеді [143]. Осы жіктеулерді негізге алған Ж.Т.Дәулетбекованың еңбегінде диалогтік сөздер (хабарламалық, прагматикалық, модальдық) іштей тағы да бірнеше түрге жіктеледі.

*Хабарламалық диалог* – бұл әр түрлі жағдайларда, мысалы, күнделікті өмірде, жұмыста және т.б. қарым-қатынас кезінде қолдануға болатын ақпарат алмасуға бағытталған диалог. Мұндай диалогтің мақсаты – ақпаратты беру және бір-бірін түсіну. Мұнда диалогке қатысушы тараптардың бірі екеуара тілге тиек болып отырған мәселені толық біледі, сонымен қатар диалог әлеуметтік рөлдердің теңсіздігі жағдайында өтеді. Яғни бұл түріне әлеуметтік рөлдердің теңсіздігі тән болады. Сөйлеуші мақсатының әр түрлі болуына байланысты хабарламалық диалогтер іштей бірнеше түрге бөлінеді. Хабарламалық диалог түрлері:

- диалог-әңгіме;
- диалог-сұхбат;
- диалог-кеңес [17, б. 68].

*Диалог-әңгімеде* сөйлеушілер әлеуметтік-тұрмыстық немесе қызмет орындарындағы жағдаяттарда өзара пікір алмасады. Диалог-әңгіменің ерекшеліктеріне диалогтің бейресми жағдайда өтетіні, кездейсоқ құрылуы, сөйлесетін әңгіме тақырыбының алуан түрлі болуы, сөйлеушілердің нақты бір мақсат көздемеуі, ауызекі сөйлеу стилінде жүруі жатады. Отбасындағы, қызмет және қоғамдық орындардағы бейресми диалогтер осы диалог-әңгімеге жатады. Сондықтан басқа түрлеріне қарағанда диалог-әңгіме күнделікті өмірде жиі қолданылады.

Хабарламалық диалогтің келесі түрі – *диалог-сұхбат*. Мұнда сөйлеушілер әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскерлік жағдаяттарда пікірлеседі. Диалог-сұхбат ресми жағдайда өтіп, арнайы тақырып төңірегінде өрбиді. Мұнда нақты мақсат қойылып, өзекті проблемаларға байланысты арнайы тақырыпқа құрылады. Тараптар іскерлік қарым-қатынас жағдайында тілдесіп, этикеттік сөз оралымдарын қолданады. Диалог-сұхбатқа адамдардың қызмет барысындағы іскери тілдесулері, жұмысқа қабылдау кезіндегі ресми әңгімелер, баспасөз қызметкерлері жүргізетін арнайы сұхбаттар жатады.

Хабарламалық диалогтің *диалог-кеңес* түрінде тараптардың бірі басымдыққа ие болып, диалог әлеуметтік теңсіздік жағдайында жүргізіледі. Авторлар мынадай ерекшеліктерді диалог-кеңеске тән белгілер деп көрсетеді: қатысымдық жағдаяттар әр түрлі болады, нақты тақырыпқа құрылады, танымдық мақсаттар көзделеді, тараптардың бірі басымдыққа ие болады, этикеттік орамдар қолданылады. Диалог-кеңеске отбасы мүшелері мен туыстар арасындағы, қызмет барысында тәжірибелі маман мен жас маман, ұстаз бен шәкірт, үлкендер мен жастар арасындағы танымдық сипаттағы тілдесімді жатқызылған [17, б.70].

Шынында да, хабарламалық диалог – бұл идеялар мен ақпарат алмасуға бағытталған достық және бейресми әңгіме. Мұндай диалогте әңгімелесушілер қажетті ақпаратты жылдам әрі тиімді алуға және достық ниетті, байланысты сақтауға көмектесетін этикеттік тіркестерді пайдаланады. «Кешіріңіз, айта аласыз ба...», «Рақмет, түсінікті», «Сізден білейін дегенім...», «Сіздің пікіріңізше,..», «Қалай ойлайсыз,..» деген сияқты тіркестер мен сөз оралымдарын әңгімені бастау және ақпаратты жеткізу үшін, сонымен қатар әңгімелесушінің көзқарасын түсіну және өз ойын, сезімін білдіру үшін пайдалануға болады (Сурет 5).

<p><b>Сезімді білдіру мақсатында қолданылатын сөз әдебі</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• "Өте жақсы түсіндірдіңіз",</li> <li>• "Ризалығымды білдіремін, көп рақмет!",</li> <li>• "Алғысымды қабыл алыңыз!" және т.б.</li> </ul>
<p><b>Сөзді анықтау мақсатындағы қолданылатын сөз орамы</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• "Кешіріңіз, сөзіңізді тағы бір қайталап жібермес пе екенсіз...",</li> <li>• "Не айтқыңыз келіп тұрғанын аса түсінбей тұрмын",</li> <li>• "Сіздің айтпағыңыз не?" және т.б.</li> </ul>
<p><b>Ойды түйіндеу мақсатында қолданылатын сөз әдебі</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• "Меніңпайымдауымша, Сіздің басты идеяңыз .....ғой, солай ма?"</li> <li>• "Меніңше, Сіз .....сезініп тұрған сияқтысыз",</li> <li>• "Бәлкім, Сіз ..... боларсыз" және т.б.</li> </ul>
<p><b>Сөзді қайталап пысықтау мақсатында қолданылатын сөз орамы</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• "Егер мен Сізді дұрыс түсінсем, Сіз..... деп айтқыңыз келді ғой деймін?",</li> <li>• "Сіздің ойыңызша, ..... болды ғой",</li> <li>• "Басқаша айтқанда Сіз .....деп санайсыз ба сонда?" және т.б.;</li> </ul>

Сурет 5 - Диалог барысында қолданылатын сөз әдебі орамдары

Диалогтік сөздің келесі тегі – *прагматикалық диалог*. Прагматикалық диалог – белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған диалог, мысалы, әңгімелесушіні бір әрекетке көндіру және т.б. Мұндай диалог әдетте ресми жағдайда өтеді және белгілі бір қарым-қатынас дағдыларын талап етеді.

Прагматикалық диалогтің хабарламалық диалогтен айырмашылығы – ол нақты шешімдерді қажет ететін күрделі мәселелерге әкелетін қарама-қарсы көзқарастарды қамтиды. Әңгімелесушілердің мақсаты мен белсенділігіне қарай прагматикалық диалогті бес түрге бөлуге болады.

Прагматикалық диалог нақты шешімді қажет ететін даулы, күрделі мәселеге негізделген диалог түрі ретінде анықталады. Диалогтің бұл түрінде талқыланатын мәселеге байланысты әр түрлі көзқарастар, қарама-қарсы ойлар, қарама-қайшы пікірлер айтылады. Ж.Т. Дәулетбекова прагматикалық диалогтің сөйлеу мақсаты мен әңгімелесушілердің белсенділігіне қарай бес түрге

бөлінетінін атап көрсетеді. Бірінші типте екі жақ өз пікірін білдіруді мақсат етсе, екінші түрінде бір тарап өз серіктесінің ойы мен көзқарасын мүлдем ескермеуді көздейді. Біреуінде серіктестер бір-бірімен айтысып, ақиқатқа жетуге мүдделі болса, келесі типте серіктестер өтінішті дәйектеп, қарсы жауап беруі мүмкін [17, б. 72].

*Прагматикалық диалог*: диалог-сөзталас; диалог-пайымдау; диалог-теріске шығару; диалог-егес; айтыс деп жіктеледі (сурет 6).



Сурет 6 - Прагматикалық диалог түрлері

Прагматикалық диалогтің *диалог-сөзталас* түрі күнделікті өмірде кездесетін қарапайым сөз қақтығысы түрінде болғандықтан, жоспарсыз іске асады. Мұнда егес те, қарсылық та болмайды. Диалог-сөзталасқа қарапайым қазақи ортада болатын нағашы мен жиен, құрдастар, жезде мен балдыз, жеңге мен қайын іні-қайын сіңлілері арасындағы қақпайлар мен өткір қалжыңдар жатады. Зерттеушілер туысқандар мен отбасы мүшелерінің, көршілер мен қызметтестер, кездейсоқ адамдардың арасында кездесетін даулы сөздерді де диалог-сөзталасқа жатқызады.

Диалог-сөзталас суырып салып айтатын тапқырлықты, ойды бейнелі жеткізуді, ауызба-ауыз ұтымды жауап қайтара алуды, тұспалдап сөйлеуді, әдеппен сын айтуды, ұлттық мінез бен этикалық сөз оралымдарын орынды қолдануды, сөздің эмоционалды-экспрессивтік реңктерінің болуын талап етеді.

Прагматикалық диалогтің келесі түрі – *диалог-пайымдау*. Диалог-пайымдау бір мәселеге қатысты екі адамның өз көзқарастарын ортаға салып талдауы қажет болғанда іске асады. Ол нақты бір тақырыпқа құрылып, алдын ала жоспарланып, кеңесіп, арнайы дайындық жасаған соң жүргізіледі. Бұл түрінің дәйектемелік сипаты анық болып, ресми жағдайда өтеді. Диалогке қатысушы тараптардың әлеуметтік мәртебесі мен рөлі әр түрлі дәрежеде болуы ықтимал. Қарым-қатынастың соңында тараптар бір түйінге келеді. Диалог-пайымдауда хабарламалық, модальдық диалогтердің элементтері көрініс табады. Диалог пайымдау сипатында болған соң, қатысушылар тарапынан бірінің ойын бірі құптау, ақылдасу әрекеттері кездесіп отырады.

Прагматикалық диалогтің келесі түрі – *диалог-теріске шығару*. Мұнда сөйлеушілердің бірі басымдыққа ие болып, серіктесінің ойына ашық қарсылық білдіреді. Диалог-теріске шығаруда талқыға түсетін ой, пікір, идея бір тараптан ұсынылады да екінші тараптан оған қарсы шабуыл жасалады. Шабуыл жасап отырған жақ айтылған ойдың негіздемелерін сынайды, бірақ өз тарапынан жаңа пікір айтпайды. Тек айтылған сөзді сынап, жоққа шығарады.

*Диалог-егес* – аты айтып тұрғандай, прагматикалық диалогтің ширыққан түрі болып саналады. Көтеріліп отырған мәселе туралы тараптар бірінің ойын бірі жоққа шығарып, ымыраға, бір тоқтамға келмейтіндей сөзбен сайысып, ерегестің шыңына жетеді. Диалог-егестің ерекшеліктері – мәселе бойынша мүлдем қарама-қарсы пікірлердің пайда болуымен, ой ортақтығының болмауымен және шабуылға қатысушылардың қатарласып, қабаттасып сөз таластыруымен сипатталатын диалог түрі болып табылуында. Серіктес пікіріне үзілді-кесілді қарсылық білдіре отырып, бір-бірінің ойына құлақ аспай, өз пікірін дәлелдеуге тырысу.

*Айтыс* – прагматикалық диалогтің ерекше түрі. Бұған дейін қарастырылған диалог түрлерінен айтыстың өзгешелігі – өнер түріне жататындығында. Сан ғасыр қазақ халқының сөз өнерінің шыңы болып келген айтыс тапқырлық пен алғырлықтың, сөзден түйін түйдің үлгісі іспеттес. Айтыс – қос тараптың пікірталас түрінде сөз таластыруы, сөз сайысы. Прагматикалық диалогтің бұл түрінде айтыс әуенмен әрленіп, сөз қақтығысы, ой жарысы, пікір додасы түрінде өтеді. Айтысқа түскен екі адам тапқырлықтары мен алғырлықтарын, ұтқыр ойы мен сөйлеу шеберлігін көрсете отырып, өздері өмір сүріп отырған заманның өзекті мәселелерін тілге тиек етеді.

Прагматикалық диалогтердің барлық түріне ортақ тілдік тәсілдер бар. Олардың қатарына ғалым Ж.Т.Дәулетбекова қарсыласқа «қақпан құру», «сынау», «қарсыластың ойын жоққа шығару», «сұрақпен төпелеу», «қарсы соққы», «көпшілікті бағындыру», «қарсыластың қорытындыларын сынау», «деректерді дәлелдеу» тәсілдерін атайды. Бұл тәсілдер мұқият жоспарлауды және қарсыластың дәлелдері мен әлсіз жақтарын білу мақсатында оның пікіріндегі кемшіліктерді ашу үшін жетекші сұрақтарды қолдануды, әңгімелесушінің түсіну тереңдігі мен дәлелдерінің дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін бірқатар сұрақтар немесе қиындықтарды болжау, әңгімелесушінің білімін, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін және өз ойын қорғай алу шеберлігін бағалауды қамтиды.

Әрбір тәсіл тиімді қарым-қатынас пен дәлелдеуге қатысудың нақты тактикасын қамтиды. Тәсілдер мен олардың сәйкес ерекшеліктері прагматикалық диалогтердің күрделілігі мен сан қырлылығын көрсетеді. Тиімді қарым-қатынас пен дәлелдеу сыни ойлауды, риторикалық шеберлікті, логикалық ойлауды және адам психологиясын түсінуді қажет етеді. Бұл тәсілдерді әртүрлі контексттерге бейімдеу және оларды сөйлесудің нақты динамикасына сәйкес диалогтердің саналуан түрлерінде сәтті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. (сурет 7)





Сурет 7 - Прагматикалық диалогтің тәсілдері

Модальдық диалог – сұхбаттасушылардың белгілі бір жағдайға деген қатынасын білдіруге бағытталған диалог. Мұндай диалогте олар әдетте өздерінің көңіл-күйлерін, қарым-қатынастарын, сезімдерін және т.б. жеткізе алады. Оны күнделікті өмірде де, ресми жағдайларда да қолдануға болады. Модальдық диалог сыйласымдылық қарым-қатынасқа негізделеді де, қатысушылар тарапынан бір-біріне ілтипат білдіру, қолпаштау көрініс тауып отырады. Модальдық диалог барысында диалогке түсушілер қарсыласына құрмет көрсете отырып, оның жеке басының және қоғамдағы жетістіктерін айтады. Модальдық диалогте кейде хабарламалық диалогке тән ақпарат алмасу мақсат етілуі мүмкін. Мұндай жағдайда диалогте эмоциялық-экспрессивтік сипат басым болады. Ж.Т.Дәулетбекова «Модальдық диалогтегі сөз орамдары ұлттық этикет нормаларына сай қолданылады, бата, тілек, мадақтамалық өлең шумақтарын қолдануға болады. Бірақ олар жағымпаздықтан, жарамсақтықтан биік тұруы, табиғи қалыпта, этикет нормаларына лайық болғанда ғана бағалы болады» [17, б.79.] деп, оның ұлттық сипатымен қоса адамгершілік шеңберіндегі ізгі қарым-қатынаста болуына мән береді. Шын мәнінде, өмірде адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынаста асыра сілтеу, жекелеген адамдарды әлеуметтік мәртебесіне

қарай тым көтермелеу секілді ерсі көрінетін жағдайлар кездеседі. Диалог түрлерін оқыту арқылы оқушыларды өзін кез келген ортада ұстауға, өзіне және айналасына ізгілік, сыйласымдылық қатынаста болуға, адамгершілік қасиеттерді сақтауға тәрбиелеу іске асады.

Модальдық диалогтер – арнайы ұйымдастырылмайды, қалыпты өмір жағдайында орайы келгенде туындайтын диалогтің түрі. Модальдық диалогтің түрлері:

- диалог-құптау;
- диалог-қоштау.

*Диалог-құптау* деп ортақ тақырыптағы әңгіме барысында екі адамның бір-бірін қолдап, құрмет көрсетіп, сыйластық қарым-қатынас орнататын диалог түрін айтады. Диалогтің бұл түрі қатысушылар арасындағы өзара түсіністік пен келісім сезімімен сипатталады. Диалог-құптаудың қырын қазақтың «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген түйін сөзі ашады. Диалог-құптауға: құптау сөздер арқылы үлкен адамдар өздерінен жасы кішілерге ықылас білдіруі, әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдардың өзінен кейінгі қызметкерлерге разылық танытуы, сөздің шынайы әрекетке лайық болуы, ұлттық этикеттік сөз оралымдарының қолданылуы, көтеріңкі, жақсы көңіл-күйге құрылуы тән.

*Диалог-қоштау* – қарым-қатынастың бұл түрі өмірдің қуанышты жағдайында екі адамның арасында жақсы сәттермен бөлісу, тосын сый көрсеткенде жақсылық айту, құрмет көрсету, қошеметтеу, мақтау мақсатында айтылатын диалог түрі. Диалог-қоштаудың өзіне тән белгілеріне ас та төк тілектің айқын көрінісі, мақтау сөздердің құдіреттілігі, экспрессивтік бояуы айқын сөз тіркестерінің көптігі жатады. Диалог-қоштауда ұлттық таным мен сөйлеу әдебіне тән сөз тіркестері мен сөз орамдары жиі қолданылып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтыны айтылады. Жалпы алғанда, диалог-қоштау ізгі ниетті, құрмет, жағымды және мерекелік қарым-қатынас түріндегі диалогтік сөйлесу деп қарастырылады.

Модальдық диалог барысында көтеріңкі, ризалық көңіл-күйді білдіретін «Неткен ғажап!», «Бәрекелді!», «Ғажап!», «Керемет!», «Неткен көрегендік!», «Өте тамаша!», «Жарайсың!», «Тусаң ту!», «Нағыз тұлпар!» және т.б. көптеген эмоциялық-экспрессивтік сөздер, «Беу, дүние-ай, осындай да ғажайып болады екен-ау!», «Сұңқар деп осыны айт!», «Бар бол!», «Елдің бағына туған!», «Біртуар тұлға!», «Сүйегі асыл ардақтым!», «Дарабоз!» және т.б. ұлттық этикеттік оралымдар қолданылады.

Диалогтік сөздің типтері төртке бөлінеді:

1. Әлеуметтік-тұрмыстық диалог;
2. Іскерлік әңгіме;
3. Сұхбат;
4. Телефонмен сөйлесу.

Бұлар диалогтің мақсаты мен міндетіне және қарым-қатынас жағдайына қарай жіктеледі.

Бейресми жағдайда өтетін екі адамның диалогін әлеуметтік-тұрмыстық диалог дейміз. Әлеуметтік-тұрмыстық диалог кездейсоқ құрылады. Сондықтан

ол алдын ала жоспарланбайды. Кездейсоқ құрылғандықтан мұнда әр түрлі тақырып қозғалады, сөйлеушілер бір тақырыптан екінші тақырыпқа ауыса береді, шағын бір мәселені шешудің көзделуі, бейвербалды амалдар қолданылады, ауызекі сөйлеу стилі кездеседі, сөйлеушілердің жеке көзқарастарды басым болады.

Іскерлік әңгіме – алдын ала жоспарланған және белгілі бір мақсатты көздейтін тұлғааралық қарым-қатынас түрі. Автор диалогтің бұл түрінде сөйлеушілердің мотиві айқын көрінетінін, хабарды жеткізуде вербалды да, бейвербалды да амалдар қолданылатынын атап көрсетеді. Іскерлік әңгіме қызмет көрсету саласында, әсіресе жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, қызметкерлердің міндеттерін түсіндіру, жұмыс барысында туындайтын мәселелерді талқылау мен тәртіпке қатысты мәселелерді шешу сияқты әрекеттер кезінде жиі қолданылады.

Іскерлік әңгімеге сәтті өтуіне қатысушылардан мынадай дағдылар:

– қатысушылар тез ойланып, серіктесінің айтқандарына лайықты жауап беруі;

– тақырыптан ауытқымай, талқыланатын мәселені нақты айтып, ұйымдасқан түрде қажетті ақпаратты бере алуы;

– жағдаятты бағалау және орынды сынап білуі;

– мәселелерді сәтті шешу, өз ойларын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білуі;

– өз қарсылығын әдепті түрде білдіре отырып, идеяларды еркін ұсына алуы мен серіктесінің ойын қолдауы;

– серіктесімен тіл табысуға мүдделілік таныта алу сияқты қабілеттерді дамыту көзделеді [17, б. 83].

Сұхбат – екі адамның жұртшылық алдында мәселені ауызша немесе жазбаша талқылауы, өз ойларымен бөлісуі. Сұхбат баспасөзде, соның ішінде теледидар мен радиода жиі қолданылады. Журналист пен маман қатысатын сұхбатта журналист сұрақ қойса, маман толық жауап беруші ролінде болады. Егер сұхбат қазіргі әлеуметтік мәселелер немесе ғылымдағы жаңа жетістіктер туралы болса, ол пікірталас немесе ойталқы түрінде болуы мүмкін. Сұхбатқа екі сарапшы маман тартылса, олар тең дәрежеде сөйлейді. Кез келген мәселе бойынша білім мен пікір алмасу құралы ретінде сұхбаттың маңыздылығына қарай оның түрлері мәселенің сипатына және қатысушылар мақсатына байланысты әр түрлі форматта жүргізілуі мүмкін. Бұл білім алушыларға әлеуметтік және мәдени мәселелерді түсінуді жеңілдетуге, этикалық білімін арттыру мен мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсу қабілетін де жетілдіру арқылы олардың жеке және кәсіби дамуына көмектесуі мүмкін [152].

Телефон арқылы сөйлесу – қатысушылар бір-бірін бетпе-бет көре алмайтын техникалық құралдарды қолдану арқылы өтетін диалог түрі. Қатысушылар бір-бірімен әр түрлі кеңістікте болуына байланысты қашықтықтан хабарласады. Қатысушылар бірін-бірі көрмегендіктен дауыс ырғағы мен мәнері, кешігуі, сөйлеу жылдамдығы, логикалық екпін сияқты факторлар қарым-қатынастың тиімділігіне және қатысушылардың бір-бірін түсіну қабілетіне әсер етуі мүмкін.

Телефонмен сөйлесу қарым-қатынастың құнды құралы бола алатынын және бетпе-бет кездесулер немесе жазбаша хат алмасу сияқты қарым-қатынастың басқа түрлерімен салыстырғанда оның бірқатар артықшылықтарын көруге болады:

- ақпаратты жылдам беру;
- қашықтыққа қарамастан серіктеспен жедел байланысу мүмкіндігі;
- ауызша ақпарат алмасу;
- арнайы кездесуді күтпей-ақ келісімге келу;
- телефон арқылы сөйлесулерде байланыс құпиялығын сақтау;
- құжаттарды рәсімдеу қажеттілігін азайту мүмкіндігі;
- жол жүру және уақыт тұрғысынан шығындарды үнемдеу мүмкіндігі және т.б.

Телефонмен сөйлесу кезінде сөз әдебі сақталу керек. Жалпы қоңырау шалған адам да, қоңырауды қабылдаған адам да сөйлеу әдебі мен этикалық нормаларды басшылыққа алуы тиіс. Көбінесе ол қоңырау соққан адамның мүдделілігіне байланысты болады. Қоңырау шалған адам әдеппен амандасқан соң кіммен сөйлесіп жатқанын анықтап алуы, өзін таныстыруы, қоңырау соғу себебін айтып түсіндіруі, ар жақтағы адамның сөйлей алу мүмкіндігін біліп анықтап алуы қажет. Ал қоңырауды қабылдаған адам оны әдеппен тыңдап, сыпайы жауап беруі және кім екенін, не үшін хабарласқанын білу мақсатында «Сіздің кім екеніңізді білсем бола ма?», «Қандай мақсатпен хабарластыңыз?» деген сұрақтарды анықтағаны абзал. Іскерлік жағдайға байланысты телефон шалмас бұрын сөзді күні бұрын жоспарлап, қозғалатын мәселелерді, ұсыныстарды қағазға алдын ала жазып алған тиімді. Бұл ойдың жүйелі әрі нақты айтылуын іске асырады [153].

Диалог зерттеушілері тиімді диалог құру үшін ескерілуі тиіс бірнеше ұстанымдарды сипаттайды:

1. Коммуникативті ынтымақтастық қағидасы: коммуникативті мақсатқа жету үшін белгілі бір ережелерді сақтаудың және сөйлеу әрекеттерінде бірізді болудың маңыздылығы;

2. Өзара әрекеттесу қағидасы: сұхбаттасушылардың да белсенді қатысуы және коммуникативті бағыт бойынша өзара келісімнің қажеттілігі;

3. Әсер ету қағидасы: тыңдаушыға әсер ету үшін коммуникативті ниетті вербализациялаудың маңыздылығы;

4. Коммуникативті-прагматикалық үстемдік қағидасы: әңгіменің нақты коммуникативті-прагматикалық құрылымы семантикалық құрылымның бір компонентінің, әдетте функционалдық-прагматикалық доминанттың үстемдігіне байланысты болуы;

5. Коммуникативті толықтық қағидасы: коммуникативті ниетке тек нақты және анық иллюзияны ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынастың эмоционалдық, экспрессивті және көркемдік ерекшеліктерінің де қамтылуы;

6. Алдын алу қағидасы: жинақталған тәжірибе негізінде қарым-қатынаста әр түрлі реакцияларға дайын болу маңыздылығы;

7. Сұрақ-жауап диалогі тілдің әр түрлі жағдаяттардағы қатысымдық және ақпараттық қызметінің болуы сияқты негізгі ескертпелерді атайды. Тұтастай алғанда бұл келтірілген қағидаттар тиімді диалогтің күрделілігі мен түрлілігін көрсете отырып, үйлесімділік, өзара келісім, коммуникативті ниетті вербализациялау және әр түрлі реакцияларға дайын болу сияқты түрлі факторлардың маңыздылығын көрсетеді [154].

Зерттеу жұмысының субъектісі саналатын орта мектеп бітірушілерінде белгілі бір іскерліктерді, соның ішінде шығармашылықты, сыни ойлауды, коммуникативтілік және топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту диалогтік сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды болып саналады. Аталмыш дағдылар еліміздің білім беру кеңістігіне ХХІ ғасырдың «икемді дағдылары» ретінде басымдыққа ие болып, мектеп бітіруші түлектердің бойында болуы тиіс дағдылардың қатарынан берік орын алды. Бұл үдеріс мұғалімнің оқу-тәрбие жұмыстарында аталған дағдыларды қалыптастыруға күш жұмылдыруын қажет етеді. Осыған орай жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру арқылы 4К моделін жүзеге асыру қарастырылып отыр:

– Коммуникативтік (Коммуникация/Communication) дағдылар – біреумен келісімге келіп, байланыс орната алу, сөйлесіп отырған адамды тыңдап, өз көзқарасын жеткізе алу дағдысының болуын қарастырады;

– Сыни ойлау (Критическое мышление/Critical Thinking) дағдылары – оқушының ақпараттар ағынында өзіне қажет бағытты таңдап, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу, қажетсіз ақпаратты сүзгіден өткізіп, қорытынды жасай алу қабілеті. Сәтсіздікке ұшыраған кездердің өзінде пайдалы тұстарды көңілге түйіп, жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсіне алуы керек;

– Креативтік (Шығармашыл ойлау (Творческое мышление/Creative Thinking) дағдылар өзі тап болған жағдайды әр қырынан бағалауға, өзгермелі жағдайларда өзіне-өзі сенімді болып, әдеттен тыс бейтарап шешімдер қабылдай алуға мүмкіндік береді. Шығармашылық қабілеті жоғары адам жасампаздық қасиетке ие болады. Ол жаңа идеялар тудырып, айналасындағы адамдардың бастамаларын дамытып жалғастыра алады. Қиындықтардан қорықпай, оны кезекті міндет ретінде қарастыруға дайын болады;

– Координациялық (ынтымақтастық, топтық/жұптық жұмыстарды үйлестіру/ Координация/Coordinating With Others) дағдылар кәсіби салаға қатысты және коммуникативтілікпен тығыз байланысты. Бұл қабілет жалпы мақсатты анықтай алу және оған жетудің тәсілдерін білу, рөлдерді бөлу мен нәтижені бағалай алуы қарастырады [155].

Болашақ қызметкерлерді бәсекеге қабілетті болуға жетелейтін ХХІ ғасырдың маңызды жаңа дағдыларына үздіксіз бейімдеу, ең алдымен, мектеп түлектерінің тілдік тұлғасын қалыптастырумен тығыз байланысты. Тілдік тұлғаны қалыптасыруда индивидтің өз ойын, сезімін, эмоциясын басқа адамдарға түсінікті, дұрыс жеткізуге қажетті тілдік дағдыларды, яғни коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру басымдыққа ие болады. Коммуникативтілік мәселелерді шешуде адамның ақыл-ой қабілеттерінің тіл арқылы көрініс табуымен қатар, тілдесіп отырған адамның пікіріне ықпал етуге,

онымен тіл табысуға жол ашатын ашық әрі ізгі ниетті мінезінің болуын да қамтиды. 4К моделін дамытуда белгіленіп отырған коммуникативтік дағды білім беруде алғаш қарастырылып отырмағаны белгілі. Қазіргі жағдайда бұл ұғымның мағынасы жай ғана ойын дұрыс жеткізушіден гөрі кеңейіп, тіл табыса алатын, келісімге келу үшін өз көзқарасын қорғап, оны дәйектейтін және өткізе алатын біліктіліктер жиынтығы түрінде қарастырылуда. Қоғамдағы кез келген мәселені шешудің алғашқы баспалдағы дұрыс сөйлеуге байланысты болғандықтан, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуде бұл ұғымдар ерекше мәнге ие болады. Сондықтан мектепте ана тілін оқытуда оқушының тілдік қабілетін дамытуға негіз болатын білім мазмұны мен оқытудың инновациялық әдістерін, интерактивтік формаларын енгізу – кезек күттірмейтін дәл қазіргі күннің міндеті. Білім мазмұнына диалогтік сөз бен оның түрлерін ендіру, жоғары сынып оқушыларын диалогтік сөз мәдениетіне тәрбиелеу аталған мақсатқа жетуге толық мүмкіндік береді.

Мектеп бітіруші тұлғаға қажетті келесі маңызды дағды – сыни ойлау әрекетін меңгеруі. Сыни ойлау – адамның жоғары деңгейде қабылдауын, түсінуін, өзін қоршаған әлемге деген объективті көзқарасын танытатын интеллектуалдық әрекеттің бір түрі. Ал психологиялық тұрғыдан сыни ойлау дегеніміз мақсаттылығы, жүйелілігі берілген көзқарас – ойқорытуларға негізделген тұжырымдардың жүйесі, алынған нәтижелерді жағдаяттар мен проблемаларды шешуде тиімді қолдана алу (сурет 8).



Сурет 8 - Сыни ойлау дағдысының қалыптасу сатылары

Сыни ойлау адамның өзінің (және басқалардың да) субъективтік пікіріне күмәнмен қарай отырып басқа да көзқарастарды қарастыра алуы, соның нәтижесінде ойға қонымды, шынайы әрі дұрыс шешім шығарудың жолдарын анықтай алу қабілетін дамытады. Сондықтан сыни ойлау алға қойған міндеттерді

шешуде ерекше идеялар мен жаңа мүмкіндіктерді ұсына алатын тілдік тұлға тәрбиелеуде ерекше мәнге ие. Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыратын тапсырмалар оқушылардың өзара алған білімімен бөлісу, оларды оқу міндеттерін шешуде пайдалану, теріс түсініктер мен қате пікірлерді анықтау дағдыларын дамытуға бағытталады. Нәтижесінде сыни ойлай алатын адам: «Мен не білемін?», «Мен не білдім?», «Мен алған білімді, меңгерген дағдыны не істеймін? Оларды қайда қолданамын?» деген сұрақтарға жауап іздейтін деңгейге жетеді.

Қоғамның талабына сай жастарды еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға тәрбиелеу мектептен бастау алады. Бүгінгі күні әр пәннің білім мазмұнында тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететін тетіктер қарастырылуда. Осыған орай диалогтік сөз мәдениетін оқытуда оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыратын креативтік дағдыларды дамыту қарастырылып отыр.

«Креативтілік» ұғымының қысқаша тарихына келсек, оның шығу тегі 1922 жылы алғаш рет адамның стереотиптік ойлау тәсілдерінен бас тартуына қатысты қолданылған терминмен байланысты болатын [156]. Әрі қарай американдық психолог J.P.Gilford-тың еңбектерінде «креативтілік» адамның әлеуметтік интеллект деңгейін көтеріп, оның бейімделу мүмкіндіктерін арттырады деп қарастырған. Авторлар креативтілікті адамның бірегей идеяларды тудыру, дәстүрлі ойлау үлгілерінен алшақтау, проблемалық жағдайларды шешу қабілеті ретінде сипаттап, оның жаңашылдық және бейімделуге әкелетін әлеуетін көрсетеді деп түйіндеген [88]. А. Маслоу «креативтілік» тек жаңа идеялар немесе өнімдер шығару ғана емес, дамуын жүзеге асыру үдерісі немесе адамның өзінің толық мүмкіндіктерін көбейту деп пайымдады. А.Маслоудың пікірінше, креативтілік тұлғаның өсуі мен дамуы үшін өте маңызды және оның жеке адамды ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамды байытатын әлеуеті бар [157]. Сонымен, креативтілік мәселелерді шешуде адамның шығармашылық ойлауының нәтижесінде стереотиптермен шектелмей, үйреншікті жағдайдан шығып, айырықша идеяларды тудыру, ерекше шешім шығару қабілеті болып табылады. Білім беруде креативті дағдыларды дамыту оқушылардың өзгермелі ортаның немесе қоғам тарапынан таңылған көзқарастар мен стереотиптердің ықпалында кетпей, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы өзіндік ойы мен қалыптан тыс ойлауының дамуына ықпал жасап, ерекше шешім шығаруларына бағыттайды.

Коммуникативті, креативті, сыни ойлай алатын тілдік тұлғаны қалыптастыру қоғамнан тыс жүзеге аспайды. Аталған дағдылар оқушылардың бір-бірімен әрекеттестігі жағдайында топтық жұмыстарды үйлестіру арқылы дамиды. Сондықтан сабақта оқушылардың ынтымақтастық жағдайында бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеуі, біріншіден, дұрыс сөйлеу, ойын жеткізу, дәлелдеу, тұжырым шығару және т.б. коммуникативтік дағдыларының жетілуіне жол ашса, екіншіден, бір-бірімен тіл табысу, жұп болып, топ болып, ұжым болып жұмыс істеуге бейімдейді. Оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда жұптық жұмыстарды ұйымдастыру маңызды. Диалог негізінен

екі адамның сөйлесуі болғандықтан, жағдаяттық, рөлдік, қатысымдық тапсырмаларды орындауда жұптық жұмыс түрлері тиімді болады. Сондықтан диалог түрлерін меңгертуде жұппен орындалатын тапсырмалар мол ұсынылды. Жұп болып жұмыс істеу – ақпаратты меңгеріп, ортақ шешім табуға, өз рөлі мен өзінің қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

### **2.3 Жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде интерактивтік әдістерді пайдалану жолдары**

Зерттеу жұмысының алғашқы бөлімдеріндегі диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің философиялық қағидаларын, психологиялық және педагогикалық шарттарын негізге ала отырып, жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін (диалогтік сөздің тектері мен түрлерін) практикалық тұрғыдан қалыптастыруда оқытудың инновациялық педагогикалық технологияларын қолдана отырып, дайындаған жұмыс (жаттығу) түрлерінің тиімділігін сынау мақсатында ЖББМ-нің 10-11-сыныптарына тәжірибе жүргізілді.

Жоғары сынып оқушыларына тәжірибе жүргізудегі мақсат зерттеу жұмысына өзек болып отырған диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістемелік жолдарын белгілеу және жобаланған ғылыми болжамның дұрыстығына көз жеткізу.

Диссертациялық зерттеу жұмысындағы ғылыми болжам – қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері зерделеніп, әдістемелік жүйесі жасалған жағдайда, өзгелермен қарым-қатынасқа еркін түсе алатын, өз болашағына дұрыс бағдар жасай алатын, диалогтік сөз мәдениетінің тектері мен түрлерін меңгеру арқылы әлеуметтік және тілдік дағдылары жетілген, білім мен білікті өзара бірлікте меңгерген парасатты тілдік тұлға қалыптастыруға мүмкіндік туады деген тұжырым.

Еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер жаһандық білім берудегі мегаүрдістер аясында жүруде. Білімді дара тұлғаға бағдарлау, тұлғаның қажеттілігі мен қоғам сұранысын қанағаттандыруға бейімдеу, адамның танымдық әрекеттерді белсенді меңгеруі мен өзін-өзі дамытуына мүмкіндік тудыру секілді мақсаттар әр пәннің білім мазмұнына сынамаалап енгізілуде. Бұл мақсаттардың негізгі ерекшелігі оқушыларды бейімдеу ғана емес, әлеуметтендіру, яғни мектепте берілетін білім мазмұны аясында әлеуметтік өмірдегі өзгерістерді белсенді меңгертуге бағыттау.

15-16 жастағы жасөспірім шақта оқушылар өздерінің жан дүниесіне терең үңіліп, бейімділігіне қарай кәсібін таңдайды, саналы түрде болашақ өміріне бағдар жасап есейе бастайды. Оқушылардың танымдық әрекеттері олардың диалогтік сөз мәдениетін меңгерулерімен тығыз байланысты. Өзінің білімге және өмірлік мәні бар құбылыстарға деген көзқарасын оқушы диалог үдерісінде ғана айтып дәлелдей алады. Сондықтан диалог шығармашылық сипатқа ие. Диалогтік сөз мәдениетін меңгерту қазақ тілі сабақтарында ақпараттық, танымдық мәтіндерді оқу, баяндау, өзіндік көзқарасын жеткізумен ғана шектелмейді. Оқушылардың танымдық қабілеттерін, ой-өрісі мен тілін



дамытатын, ұлттық сөз мәдениетінің мәйегін терең түсінуге тәрбиелейтін оқыту әдістерін анықтауды қажет етеді. Оқыту әдісі – мұғалім мен оқушының көздеген мақсатқа жету барысындағы бірлескен әрекеті. Бүгінгі күні үйрену мен үйретудің басты әдісі ретінде интербелсенді әдістеме педагогикалық қауымдастықтың тарапынан бірауыздан қабылдануда. Ғалымдардың пікірі бойынша, интербелсенді әдістемені таңдаудың әлемдік тенденциялары бар. Олар – қазіргі әлемнің тез өзгермелі динамикалық сипаты; біріншіден, ақпараттың мейлінше өсуі. Бұрын білім беруде ақпараттың жетіспеушілігі басым болса, қазір, керісінше, оның шамадан тыс көбейіп кетуі орын алған. Өте көп ақпарат ағынынан өзіне қажеттісін сұрыптап, пайдалану, бағалау қажет. Екіншіден, ақпараттық коммуникациялардың жаңа формаларының пайда болуы (ғаламтор, планшет, ай-ти технолологиялар) арқылы адам қоғамының қызмет көрсету қоғамына айналуы. Үшіншіден, қоғамда тұлға рөлінің өсуі, адам дамуына бағытталуы. Төртіншіден, адамның зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту, толық пайдалану міндеттерінен туындайтын «Өзің жасап ал!» идеясының белең алуы. Бесіншіден, білім жүйесінің өзіндегі өзгерістер, яғни репродуктивтік оқытудан конструктивтік оқытуға көшу. Білімді болу парадигмасынан танымдық үдеріске қатысушылардың белсенді әрекет етуін талап ететін әрекеттік парадигмаға көшу. Білім беру мақсатының интеллектуалды адам тәрбиелеу мақсатынан рефлексиялық тұлғаға айналуы [158]. Осы аталған адам және оның мәніне бағытталған парадигмалар оқытудың білім алушының талап-тілегін қанағаттандыратындай бағытқа ауыстырылуын қажет етеді. Сол себепті тәжірибе барысында оқушылардың білімді өздігінен құрастыруын қамтамасыз ететін интербелсенді әдістер қолданылды.

Көптеген ғылыми әдебиеттерде шет тілінде диалогтік сөзді меңгертуде дедуктивті және индуктивті әдістердің тиімділігі айтылады. Бүгінгі күнге дейін «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнында, зерттеу еңбектерінде де диалогтік сөз әдебін меңгерту арнайы қарастырылмаған. Диалог арқылы адамдар өмірдің әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси, оқу-еңбек аяларында қарым-қатынасқа түсіп, рухани-мәдени байланыс орнатады, бір-бірімен түсінісіп ұғынысады. Біздің бұл пікірімізді М.М. Бахтиннің «Өмір – табиғаты бойынша диалогтік құбылыс. Өмір сүру – диалогке қатысу: сұрау, тыңдау, жауап беру, келісу» деген тұжырымы адамның тіршілігі табиғатынан диалогтік, біз үнемі өзімізбен, басқалармен және айналамыздағы әлеммен диалогке түсеміз деп түсіндіреді [38, б. 178]. Былайша айтқанда, диалог белгілі бір мақсатқа немесе нәтижелерге қол жеткізу үшін қолданатын құрал ғана емес, ол өз алдына мақсат және адам болу дегеннің маңызды аспектісі болып табылады.

Сөйлеу мәдениеті қазақ тіл мәдениетінің үлкен саласы екендігі белгілі. Ал сөйлеу диалог арқылы іске асады. Олай болса, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту мен қалыптастырудың бірден бір жолы – диалогтік сөз мәдениетін оқыту. Оқушыларды диалогтік сөз мәдениетіне тәрбиелеуде оқытудың интерактивті әдістерін пайдаланудың маңызы зор. Интербелсенді әдістер соңғы жиырма жылда оқушылардың іс-әрекет тәсілдерін ұйымдастыру мен оқуға деген

жағымды мотивациясын тудырудың негізгі жолдарының бірі ретінде қарастырылуда.

Интерактивті оқыту – білім алушының белсенді қатысуын, сонымен қатар мұғаліммен және басқа оқушылармен өзара әрекеттесуді көздейтін білім беру әдісі. Оқытудың бұл түрі сыныптағы талқылауларды, топтық жобаларды, модельдеулерді және онлайн пікірталастарды қоса алғанда әр түрлі нысандарда болуы мүмкін. Профессор Ф. Оразбаева: «Интербелсенді оқыту білім алушының оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы болып табылады. Оқу үдерісінде интербелсенді әдістерді қолдану білім мазмұнын сапалы игертуге көмектеседі, ол сабақ процесінде көпжақты коммуникацияны іске асыруға мүмкіндік туғызады», – деп [159, б.425], бұл әдісті қолдануда мынадай нәрселерге көңіл аудару қажеттігін көрсетеді:

- оқу және кәсіби лексикалық терминдерді жүйелеп алып, глоссарий түзу;
- сабақ үдерісінде білім алушы іске асыратын нақты практикалық тапсырмаларды жан-жақты саралау, талдау;
- білім алушылардың барлығымен бірдей қарым-қатынас жасау;
- әр сабақта бір білім алушыны көшбасшы ретінде тағайындап, өзі тек бағыт беруші, кеңесші рөлін атқару [159, б. 425].

Интербелсенді оқытудың оқушылар үшін көптеген артықшылықтары бар, соның ішінде: белсенділіктің артуы – топтық талқылаулар, тәжірибелік іс-әрекеттер және модельдеу сияқты интерактивті оқыту әдістері оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттыруға көмектесіп, оқу тәжірибесін қызықты әрі тиімді етеді; есте сақтау – оқушыларға ақпарат пен дағдыларды жақсырақ сақтауға көмектеседі, өйткені олар материалмен белсенді түрде айналысады және оны өз тәжірибесі әрі білімімен байланыстырады; жетілдірілген сыни тұрғыдан ойлау дағдылары – оқушылардан сыни тұрғыдан ойлауды және мәселелерді шешуді талап етеді, бұл осы дағдыларды дамытуға және оқушыларды шынайы әлемдегі қиындықтарға дайындауға көмектеседі; әлеуметтік дағдыларды жақсарту – оқушыларға қарым-қатынас, ынтымақтастық пен көшбасшылық сияқты маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі; сенімділіктің артуы оқушылардың өз қабілеттеріне сенімділігін арттырады, себебі олар дереу кері байланыс алады және нақты уақытта өз күш-жігерінің нәтижесін көре алады. Жалпы алғанда, интербелсенді оқыту оқушыларға материалды тереңірек түсінуге, дағдыларын дамытуға және белсенді әрі сенімді оқушы болып қалыптасуға септігін тигізеді.

Дедуктивті және индуктивті әдістерді оқу мақсаттары мен оқушылардың қажеттіліктеріне байланысты интерактивті оқыту әдістері ретінде пайдалануға болады. Дәстүрлі қолданыстағы дедуктивті әдіс жалпыдан жеке тұжырым жасауға, ал индуктивті әдіс бірнеше жеке тұжырым негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін талдау әдістері екені белгілі. Бұл әдістер диалогтік сөз әдебін меңгертуге тиімді болғандықтан, жаттығулар кешенін дайындауда қолданылды. Кез келген сабақтың бір ғана әдіспен немесе бір ғана технологиямен өтпейтіні белгілі. Әдістердің біреуіне басымдық берілгенімен, бірнеше әдіс не технологияның жаттығу-тапсырмалар арқылы тоғысып, жүйелі

түрде іске асуы сабақтың сапалы, нәтижелі өтуінің кепілі бола алады. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру барысында оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру сын тұрғысынан ойлау технологияларының түрлі стратегиялары мен тәсілдеріне құрылған тапсырмаларды орындату негізінде жүргізілді. Мұндай тапсырмалар (сыни ойлауын қалыптастыру тапсырмалары) оқытудың командалық (топтық, жұптық) формалары арқылы іске асырылады [160].

Дедуктивті әдісті басшылыққа алып, оқушыларға хабарламалық диалогтің «диалог-әңгіме» түріндегі дайын диалогтік мәтін үлгісі ұсынылды. Жоғарыда айтылғандай, дәстүрлі дедуктивті әдіс интербелсенді формада орындалатын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегияларымен бірлікте ұсынылды. Мәтін «Инсерт» әдісімен талданды (кесте 6).

Кесте 6 - «Инсерт» әдісі

V «қанат белгісі» (хабарламалық диалогтің түрі жазылды)	– «алу» (белгісі түсінігіне қайшы нәрсе)	+ «қосу» (белгісі қызықты және тосын нәрсе)	? «сұрақ белгісі» (егер бір нәрсе анық емес, көбірек білуге құштарлық пайда болса)
-	-	-	-

Инсерт ағылшын тілінен тікелей аударғанда «тиімді оқу және ойлау үшін жазудың интерактивті жүйесі» дегенді білдіреді. Бұл әдіс бернеше сатымен жүзеге асады. Бірінші сатысында ұсынылған мәтіндегі ақпаратты бөлшектеу үшін мәтінді таңбалармен белгілейді: «қанат белгісі» V-мен оқушылар өздеріне бұрыннан таныс нәрсені белгілейді; – «алу» белгісімен өз түсінігіне қарама-қайшы келетін нәрсені белгілейді. + «қосу» белгісімен өзіне қызықты болған немесе тосын нәрселерді белгілейді; ? «сұрақ белгісімен» өзі түсінбеген нәрсені белгілейді. Екінші сатыда мәтінді оқу барысында оқушы жеке азат жолдар мен сөйлемдерді жіктейді. Үшінші сатыда оқушылар ақпаратты өздерінің белгілеуіне сәйкес келесі кестеге орналастырып, жүйелеп ұсынады.

Диалогтік сөз мәдениетін меңгерту барысында интербелсенді формада орындалатын инсерт әдісінің шарттарын диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатына сәйкес өзгертіп, диалог-әңгіменің ерекшеліктерін анықтаудың жолы ретінде пайдаландық. Инсерт әдісі 4К моделінде белгіленген сыни ойлау дағдысын дамытуға негіз болады.

Тапсырманың мақсаты:

- үлгі мәтінді талдау арқылы диалог-әңгіменің ерекшеліктерін таныстыру;
- диалог-әңгімеге тән белгілерді ажырата алуға дағдыландыру;
- алған түсінік-білімі негізінде әрекет етуге, яғни диалог-әңгіме құрастыруға дағдыландыру;
- оқушылардың ойлауы мен тілін дамыту;
- оқушылардың алған білімі мен түсінігінің білікке ұласуына жағдай тудыру;

– бірнеше үнқатымнан тұратын тұтас мәтінді талдатып, өзіндік тұжырымдар жасауға дағдыландыру;

– диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру.

**Тапсырма:** Мәтінді оқыңыз:

*Абай терезе алдынан атып тұрып, Оспанның анаған бір зорлық қылып келе жатқанын сезіп, алдынан шығып ұстай алды. Смағұл да кеп Оспанға жабыса түсті. Өз үйіне жетіп алған Оспан енді төбелеске әзірленіп, қарсы айналып:*

*– Ал, қайтесің? – деп, Смағұлды жағадан ала бергенде, Абай екеуін айырып жіберіп, Смағұлға қарады.*

*– Немене, не қылды? – деп еді, Смағұл қорсылдап, жылап қоя берді:*

*– Құлжамды, қызыл құлжамды ұрлап мынау...*

*– Қашан? Әй, жылауық! – деп Оспан әуелі күліп алып, артынан өтірік қорс-қорс етіп жылаған боп: "кіжіл күлжәм" деп, Смағұлды мазақ қыла бастады.*

*Абай Оспанға тап беріп зекіп:*

*– Бер құлжасын! – деді.*

*Оспан:*

*– Алғам жоқ, өтірік! – деп, тана берді.*

*Бірақ Абай ырық бермеді. Тінте бастады.*

*– Шығар шапшаң құлжаны! Көрсет қолыңды! – деп тұрып Оспанның құлағынан алып, аямастан жұлқып бұрай бастады. Оспан айғайын зорайта беріп, қолындағы қызыл құлжаны қымыз ішіне "шөп" дегізіп тастап жіберіп, екі қолын көтеріп, Абайға:*

*– Міне! Ойбай! Міне, түк жоқ! – деп, зарлап қоя берді. Абай мұның не қылғанын байқаған жоқ еді.*

**М.Әуезов. "Абай жолы"**

**Диалог-әңгіменің белгілерін ажыратып, ерекшеліктерін өздері тауып дағдыланулары үшін оқушыларға мәтін бойынша төмендегідей сұрақтар берілді:**

1. Диалог қандай жағдаятқа байланысты өрбіген?
2. Мәтіннің сөйлеу стилін анықтап, талдау жаса.
3. Диалог алдын ала дайындалған ба?
4. Диалог қандай қарым-қатынас түріне байланысты орын алған?
5. Мәтінге сүйеніп, кейіпкерлерге мінездеме жаз.

Оқушылар диалог-мәтін бойынша берілген сұрақтарға талдау негізінде жауап бере отырып, диалог-әңгімеге тән ерекшеліктерді меңгереді.

Оқушылар тарапынан диалогтің тосын, отбасылық жағдаятқа байланысты туындағаны, бейресми жағдаятта өрбігені, онда ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктердің орын алғаны айтылды.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушылар:

– диалогтің болған орны мен уақыты, себебін анықтау арқылы диалог-әңгіменің кездейсоқ өрбігенін түсінді;

– диалогтің стилін талдау арқылы бейресми жағдайда іске асатынын және кездейсоқ туындауын анықтау арқылы нақты мақсатқа құрылмайтынын түсінді;

– диалог-әңгімеге тән ерекшеліктерді ажырата отырып, диалог-әңгіме құрастыруға дағдыланды;

– тұтас диалогтік мәтінді талдау арқылы өздері тұжырым жасап үйренді.

Диалогті саралап оқу барысында диалог-әңгімеге тән элементтерді анықтап, лексикалық және стилистикалық тұрғыдан талдаған оқушылар тақырыпты түсінді. Келесі кезекте алған білімін тиянақтау және бекіту мақсатында оқушыларға жұптық жұмыс ұсындық. Жұптық жұмыс – оқушыларды өзінен басқаның пікірін тыңдап дағдылануға, диалог жүргізуге, өз ойын айтуға, дәлелдеуге, өзгелердің пікірімен санасуға мүмкіндік тудыратын жұмыс түрі. Түрлі формадағы қиындыларды екіге бөліп, оларды оқушыларға таратып бердік. Бір қиындының екі бөлігін сәйкестендіру арқылы оқушыларды жұпқа бөлдік. Оқушыларға бірнеше әдеби шығарманы таратып беріп, диалог-әңгімеге үзінді келтіру талап етілді. Ұсынылған әдебиеттер: Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», М. Әуезов «Абай жолы», М. Қабанбай «Мектеп», З.Жұманова «Күн нұрына шомылған ауыл» және т.б. көркем шығармалардан диалог-әңгімеге мысал келтіру болғандықтан, барлық тапсырманың мақсаты бір болды:

– хабарламалық диалогтің диалог-әңгіме түрін меңгерту;

– шығарманы оқи отырып, диалог-әңгіме үлгілерін таба алуға дағдыландыру;

– оқыған мәтіннен диалог-әңгімеге тән белгілерді анықтай отырып, ерекшеліктерін жете түсінуге дағдыландыру;

– диалогтік сөз мәдениетін жетілдіруге баулу.

Бұл тапсырманы орындау барысында инсерт әдісі қолданылды.

**1-жүп. Тапсырма.** Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесінен анықталған диалогтен үзіндіні оқыңыз:

– Ассалоумағалейком!

– Әликсалам. Төрлетіңіздер.

Ұзынды-қысқалы екі еркек аласа есікті денелерімен бітеп, қалбиып тұр. Оның бірі – тәпелтек бойлы жалпақ жігіт Ұзақбай – осындағы ауыл совет хатшысы. Екіншісі – дембелше толық денелі ақсары жігіт – бейтаныс.

Ұзақбайдың қолында папкасы бар (Мен оның папка ұстамай жүргенін көрген емеспін). Бейтаныс жігіттің де қолында кітап, қағаздары бар.

– Шайға келіңіздер, – деп, әкем мен ағаларым былай-былай сырғып, тосыннан салаң ете қалған қонақтарға төрден орын босатысып жатыр.

Папка, қағаздарын төрдегі жүктің үстіне қойды да, қонақтар отырысты. Бейтаныс жігіттің кигені қайырма жағалы сырт жейде, галифе шалбар, етік. Беліне жалпақ қайыс белбеу буынған. Кепкасын шешіп, оны да жүк үстіне қойып жатыр. Басы қасқа бас екен. Жалтыр кең маңдайы алакеуім үйдің ішінде жарқ ете қалды.

Ұзақбай үлкен басын әкеме қарай бұрып:

– *Бідіке, мына балаңыздың жасы сегізге толды ма? Нешеде?*

– *Қайтеді?*

– *Биыл біздің ауылда мектеп ашылады, – деді Ұзақбай. – Мына кісі бала оқытуға келген мұғалім. Соған мектепке баратын балалардың тізімін алып жүр едік.*

*Мектеп ашылады деген хабарға құлағым елең ете қалды. Менің жасым түгіл өз жасынан жылда шатасатын момын әкем менің қаншада екенімді дәлдеп айта алмады.*

– *Қайдам, Әсбет білмесе? – деп, өзінен гөрі зейінді шешеме қарады.*

– *Алдағы наурыз көжеде тоғызға толады. Рысжан күйеуге берілетін жылы туған, – деді шешем.*

– *Рысжан қайда, мұнда берілмеді ме?*

– *Мұндакемей-ақ, дәл осы жылы болатын. Кебеже Жәкемдікі бәріміз ана ар жақта қарасудың бойында отырғаңда туған. Молдағожаны құтырған ит талайтын жыл.*

– *Иә, иә, шөп шабыс кезі болатын, – деп, әкем есіне енді түсіре бастады.*

– *Бұның туған жылы қай жыл екенін айтсаңыз, мен есептеп шығарайын, – деді ақсары мұғалім. Ол салмақпен баптап сөйлейтін адам екен.*

*Шешем менің тышқан жылы туылғанымды айтты. Қасқа бас мұғалім саусақтарын жұмып, есептей бастады:*

– *Тышқан жылы болса, тышқаннан кейін сиыр, – бір; сиырдан кейін барыс, – екі; барыстан кейін қоян, – үш; қояннан кейін ұлу, – төрт; ұлудан кейін жылан, – бес; жыланнан кейін жылқы, – алты; жылқыдан кейін қой, – жеті; қойдан соң мешін – сегіз... Биыл мешін. Дұрыс айтасыз, балаңыз сегіз жасқа толып, енді тоғызға қараған. Оқу жасына толыпты.*

*Қасқа бас мұғалім тізімге жазбас бұрын:*

– *Оқығың келе ме? – деп сұрады. Мен құлшынып:*

– *Келеді! – дедім.*

*Өмірі тіл сындырып, оқу оқымақ түгіл, оқулық дейтін нәрсені қолға ұстап көрмеген дүм қараңғы әкем үшін оқу – ол менің қолымнан келе қоятын нәрсе емес.*

– *Бала неме миы ашып кетіп жүрмесе? – деп, ол мұғалімнің бетіне шүбәлана қарады.*

– *Ашымайды, оқимын! – дедім мен.*

*Біздің үйдегі бірден бір оқудың дәмін татып көрген адам*

*Сатылған ағайым. Ол бұдан төрт-бес жыл бұрын осы ауданның Қолтық дейтін жерінен үш класс оқып келген. Сатылған мені қостады:*

– *Оқиды!*

*Марат Қабанбай «Бауыр» <https://nursabaq.com/kazahskaja-literatura-5-klass/om306682/>*

Талдау нәтижесінде оқушылар диалог-әңгімеге тән төмендегідей ерекшеліктерді атады:

– диалог нақты бір мақсатқа құрылмаған;

– диалог әлеуметтік-отбасылық тақырыпқа құрылған;

– диалог бейресми жағдайда дайындықсыз, аяқастынан туындаған;

- диалог-әңгімеге тән ауызекі стильдің белгілерін анықтады: салаң (ете түсу), дүм (қараңғы) деген диалектілер кездеседі;
- синтаксистік ерекшелік: лепті және сұраулы сөйлемдер кезектесіп келген;
- қыстырма сөз кездеседі (қайдам) және қаратпа сөздер мол қолданылған;
- үлкен адамды құрметтеу мақсатында атын толық атамау (Ыдекең – Ұзақбай) тәсілдері орын алған.

**2-жүп. Тапсырма.** Марат Қабанбайдың «Монолог» әңгімесінен анықталған диалогтен үзіндіні оқыңыз:

*Жаудыр жанарын көтеріп:*

*– Алмас, мен жақсы қызбын, сенесің бе? – деді. Ол сенді. Мынадай тылсым түнде айтылған сөзге сенбеуге болушы ма еді.*

*– Мен де жаман жігіт емеспін.*

*Жаудыр жымыды. Қыз күлкісі жігіт үшін аманда батыллықтың бастамасы. Еркінси бастады.*

*– Сені ептеп сүйіп алайыншы.*

*– Жағыңнан тартып жіберсем қайтесің?*

*– Менің әжемнің үлкен ақ таяғы бар. Сүйгізбегеніңді білсе, қуып жүріп ұрады.*

*– Әжеңе көп-көп конфет берсем, менімен төбелеспейді.*

*Тротуар шетін кемерлей аққан бұлақ бетінде ай тыржыңдап, толқыннан толқынға қарғып, тоқтаусыз сырғиды.*

*– Қарашы, біреу алтын сырғасын түсіріп апты. – Ол еңкейіп суды іліп алды да, жоғары шашып жіберді. Тамшылар аққайраңша жылтылдап, альфальтқа топыр-топыр құлайды.*

*– Күнде кездесіп тұрайықшы, Жаудыр!?*

*– Жоқ, мен күнде, яғни күндіз емес, басқа уақытта қыдырамын. Және сенімен екен деп еш ойлама. Түн ортасы ауамаған ылғи көзі үлкен, қасықара, ұзын бойлы жігіт келіп жүреді.*

*Жұлып алғандай:*

*– О кім? – деді.*

*– Олма... Оның аты – Түс.*

2-мәтінді талдау нәтижесінде оқушылар диалог-әңгімеге тән төмендегідей ерекшеліктерді анықтады:

- диалог нақты бір мақсатқа құрылмаған;
- диалог бейресми жағдайда дайындықсыз, аяқастынан туындаған;
- диалог-әңгімеге тән ауызекі стильдің белгілері анықталды: диалогтегі әңгіменің тақырыбы тез өзгеріп отырады (қыздың әже туралы сөйлесіп тұрып, күтпеген жерден суға түсіп кеткен алтын сақина туралы сөз етеді);
- фонетикалық ерекшелік: дыбыстың түсіріліп айтылуы (ол кім дегеннің орнына – о кім) кездеседі;
- синтаксистік ерекшелік: лепті және сұраулы сөйлемдер кезектесіп келген;
- қаратпа сөздер қолданылған.

**3-жүп. Тапсырма.** Заря Жұманованың «Күн нұрына шомылған ауыл» әңгімесінен алынған диалог үзінді:

*Бүгін кешкі ас үстінде әкесі: «Қара қыз-ау, осы сен ауылға келгелі мектебіңе созып, мұғалімдеріңмен амандасып шықтың ба? - деп сұрады. Күңшуақтың өзі де мектепке кіріп, ұстаздарымен сәлемдесуге іштей талай оқталған, алайда бір түрлі жүрексінді ме, әйтеуір ол ойынан тез қайтып еді. Кезінде мектепте нашар оқыған талайлар бұл құсап алысқа сандалмай-ақ, үй іргесіндегі, ауыл маңындағы жоғары оқу орындарының студенті атанып, шіреніп жүргенде, бұның оқуға сырттай түскені ұят екен тіпті! Қаншама жылдар бойы тап бір өтірік “4”, “5” алып, жұртты алдап жүргендей. Оның бірін әке-шешесіне тіс жарып, тәптіштей айтқан жоқ.*

*– Күнікейімнің келгені кеше емес пе, түбі бір барар, - деді елеусіздеу зана әңгімеге араласқан Күңшуақтың апасы неш түбінде шай құйып отырып.*

*– Мектепте мереке сайын концерт ұйымдастырып, шауып жүретін арық келіншек таяуда қалаға көшетін болыпты, - деді әкесі тершең кең маңдайы мен жуан мойынын түкті ақ сүлгімен сұрткілеп отырып.*

*– Әлгі аты кім еді, и-и-и, атың өшкір-ай, әлгі кімнің келінін айтасың ба? Өзі кезінде әлгі аудан орталығынан келіп еді зой. Құдай-ау, аты тілімнің ұшында тұр еді...-деп қиналды Күңшуақтың апасы, – Иә, сосын?..*

*– Не сосыны бар? Енді оның орнына балалармен тіл табысып жұмыс істей алатын, елгезек жас адам іздеп жатырған көрінеді. Күңшуақтың қолынан келетін іс шығар. Мектепте қозамдық істердің бел ортасында жүріп еді зой күні кешеге дейін. Оның үстіне, кішкентайынан осы төңіректегі бар баланы өргізіп-тұрғызатын қабілеті де бар емес пе еді? - деді әкесі бет сипап, дастарханнан тұрып бара жатып.*

*– Мектеп директорына өзің барып жолығып көрсең қайтеді, - деді апасы біраз үнсіздіктен соң, – Күнікейді баласынып, сөйлесе қояр дейсің бе?*

*– “Жетелеген тазы түлкіалмас” деген. Өзі барып, сөйлесіп, үйрене берсін. Европалықтар баласы он алты жасқа толып, паспорт алысымен, таңдау еркін баланың өзіне береді екен. Оқима, жұмыс істейме, әрі қарай өз тағдыры өз қолында... Жиырма бестегіні де, отызбестегіні де әлі бала деп өбектеп, өзіміз жүгіре береміз. Қазақтың осынысы дұрыс емес! - деді не айтса да кесіп айтатын әкесі.*

*–Әкеңнің–ақ оқымайтын бәлесі жоқ осы! Шетелдіктер әрі қарай өз күніңді өзің көрдеп, қолына азын-аулақ ақша мен киім-кешегін ұстатып, үйден шығарып жібереді екен деп, іштен шыққан баланы далаға қаңғытып жіберсек, жұрт етегін ашып күлмей ме? Жәрәйді, жұрттың сөзін былай қойғанда... Баласының қайда жүргенінен бейхабар әке-шешеге қалай ас батады? Түнде қалай тыныш жатады?*

**З.Жұманова «Ақбота» Алматы: Дәуір баспасы, 2019**



3-мәтінді талдау нәтижесінде оқушылар диалог-әңгімеге тән төмендегідей ерекшеліктерді анықтады:

- диалог нақты бір мақсатты көздемейді;
- диалог бейресми отбасылық жағдайда дайындықсыз, аяқастынан туындаған;
- диалог-әңгімеге тән ауызекі стильдің белгілерін анықтады: қаратпа сөздер, қыстырма сөздер (атың өшкір-ай, Құдай-ау, аты тілімнің ұшында тұр) қолданылған;
- синтаксистік ерекшелік: сұраулы, лепті сөйлемдер араласып қолданылған;
- диалогтегі әңгіменің тақырыбы тез өзгеріп отырады (басында әңгіменің тақырыбы қызының мектебі туралы болып, соңында оны жұмысқа орналастыру жайына ауысып кетеді).

Осылайша оқушылар диалог-әңгіменің бейресми тілдік жағдаятта аяқастынан құрылатынын, диалог тақырыбының алуан түрлілігін, әңгіме барысында нақты бір мақсаттың көзделмейтінін және ауызекі сөйлеу стилінде жүзеге асатынын толық түсініп, оны іс жүзінде анықтау, дәлелдеу барысында өз ойларын жүйелі жеткізуге дағдыланды.

Тәжірибенің алғашқы кезеңінде дедуктивті әдіспен өздеріне эталон ретінде ұсынылған диалог-әңгімені талдау арқылы оның ерекшеліктерін біршама түсінген оқушылар өз беттерімен орындаған жұптық жұмыс нәтижесінде тақырыпқа қатысты білімін толық бекітті.

Бұл әдісте оқушы тілді өзінің табиғатына сай «жоғарыдан төмен» меңгереді, яғни ірі интонациялық-синтаксистік блоктан олардың бөліктерін ажыратуды, тұтас бөлікті бөлшектеуді үйренеді.

Диалог-мәтін үлгісін талдап, хабарламалық диалогтің диалог-әңгіме түріне тән ерекшеліктерін меңгерген соң *индуктивті әдіспен* орындалатын жаттығу ұсынылады. Жоғарыда индуктивті әдістің бірнеше жеке тұжырымнан жалпы тұжырым жасауға негіз болатынын айтып кеттік. Оқушылардан берілген қысқа диалог-әңгімені ары қарай өрбіту талап етіледі. Диалогті өрбіту барысында оқушылар диалог-әңгімеге тән ерекшеліктерді сақтауы тиіс. Диалог-әңгіменің жекелеген ерекшеліктерін мәтін құрау барысында қатаң ескеріп, оқушылар тұтас диалог-әңгіме құрайды.

- *Айт құтты болсын!*
- *Айтсын, жақсылығы бірге болсын!*
- *Жыл он екі айда бір келген жарықтық «айт» қой, бұл күнді көрген де бар шығар, көрмеген де бар шығар...*

**Б. Майлин. «Айт күндері» <https://abai.kz/post/10230>**

Бұл әдіс оқу және сөйлеу жағдаяттары негізінде диалогтің элементтерінен бастап ары қарай оқушылардың өз беттерімен меңгеруіне жол ашады. Диалогке түсу әрекеттесуді білдіреді. Индуктивті әдіс бірінші күннен бастап оқушыларды әрекеттесуге бағыттайды. Мұндай қарым-қатынас үдерісінде сөйлеу біліктері мен дағдылары қалыптасады.

Күнделікті қолданылатын репродуктивті диалог-әңгімеге қарағанда жоғары

сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін жетілдіруде тілдік тұлғаның интеллектуалдық, танымдық қабілеттерін дамыту мақсатын көздейтін диалог-кеңестің маңызы зор. Сондықтан зерттеу жұмысында хабарламалық диалогтің бір түрі диалог-кеңеске көлемі шағын болғанымен, мазмұны мағыналы, берер тәлім-тәрбиесі мен өнегесі мол, көкірегіне ізгілік нұрын құйып, дұрыс жолға бастайтын шешендік сөздер, ұлы ғұламалар еңбектері алынды. Қазақ халқында үлкен адамдардың «аузы дуалы, сөзі уәлі, батасы қабыл болады» деген ниетпен қоғамда әділдігімен аты шыққан, елге сыйлы шешен адамдардан бата алу дәстүрі бар. Оқушыларға диалог-кеңестің ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында ұсынған Қошқарұлы Жәнібек пен Қарабидің арасындағы болған диалог осыған дәлел.

*Абылай ханның хандық құрған кезеңінде қол бастап, жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресте батырлығымен даңқы шыққан, ханның негізгі кеңесшілерінің бірі болған, мемлекетаралық қызметке араласқан Орта жүз Қошқарұлы Жәнібек Тархан он үш жасқа келгенде ұлы жүзде Қараби деген аузы дуалы, өзі білімді би бар деген даңқын естіп, содан барып бата алуға жолға шығады. Ол қазақ пен қалмақтың жауласып жатқан кезі болса керек. Бұлардың барар жолын қалмақтар басып алып, олар өте алмай үйіне қайтып келіп үш жыл жатады. Төртінші жылда жол ашылып, Жәнібек он алты жасында Қарабидің еліне келеді.*

- Шырағым, кімнің ұлысың? – дейді Қараби.*
- Қошқарұлы Жәнібекпін, – деп жауап береді бала.*
- Мен сені осыдан үш жыл бұрын күтіп едім, неге кешіктің?*
- Жәнібек себебін айтады. Қараби қонақасын беріп ертеңіне:*
- Не қалайсың, шырағым? – дейді.*
- Сізден бата алайын және өсиет боларлық өз аузыңыздан сөз естиін деп келіп едім, – дейді Жәнібек.*

*Сонда Қараби батасын беріп былай деген екен:*

*Бедері жоқ қамқадан,  
Берік тоқылған бөз артық.  
Берекеті жоқ ағайыннан,  
Берік сөйлескен жат артық.  
Пайданы алыстан қылғайсың,  
Залалды жақыннан қылғайсың.  
Тышқан да інінің айналасына оттамайды,  
Оны да есіңе алғайсың.  
Қайтып кірер есікті,  
Қатты сертіп жаппағайсың.  
Қайтып көрер досыңа.  
Қайрылмастай сөз айтпағайсың.  
Осыны есіңе ала жүрсең, ешкімнен  
Кем де, қор да болмайсың.*

Танымдық сипаты басым шешендік сөз үлгісін беру арқылы, біріншіден, диалог-кеңестің өмірден түйгені көп үлкен адам мен жастар арасында не қызмет

бабына байланысты адамдардың қатысы теңсіздік жағдайында өтетінін; екіншіден, диалогке қатысушы екі тараптың сөз саптауы мен бір-біріне деген қарым-қатынасы арқылы диалогтің достық ниетте өтетінін (Қарабидің бозбала Жәнібекті қомсынбай, өзімен теңдей көріп жөн сұрауы, «шырағым» деген лингвомәдени қаратпа сөзді қолдану арқылы өзіне жақын тартып, қамқор болуы); үшіншіден, тілек айту, бата беру және т.б. танымдық әрі ақыл-кеңес беру сипатында жүретінін (Бедері жоқ қамқадан Берік тоқылған бөз артық. Берекеті жоқ ағайыннан Берік сөйлескен жат артық); төртіншіден, сыпайы әрі ұлттық этикеттік сөз орамдарының (Шырағым, кімнің ұлысың? Не қалайсың, шырағым?) қолданылатынына оқушылардың көзін жеткіздік.

Диалог-пайымдау тақырыбын өткенде Жиренше мен Қызылым қарттың диалогі ұсынылды. Оқушыларға Жиренше әр жасты нақты неге теңейді? Теңеуде пайдаланылған лексемалар қандай мағынада қолданылған? Сөйлеу актісінде олар өз мағынасында қолданылып тұр ма? деген күрделі проблемалық сұрақтарды бірі-біріне қойып, ойланып жауап берулерін талап еттік.

*Бір жолы қырғыз Қызылым қарт Жиреншеге кездесіп қалып:*

*- Шешен, сізден сұрайын деген бір жоғым бар еді. Он бес лақ, жиырма бес серке, отыз бес орақ, қырық бес қылыш, елу бес егеу, алтыс бес арқан, жетпіс бес шідер жоғалттым. Осыған құлағдар болыңызшы, — дейді.*

*– Жарайды, — дейді Жиренше шешен. – Жоғыңыздың жөнін айтып берейін, өзіңіз тауып алыңыз.*

*Он бес жас құйын құған желменен тең,*

*Жиырма бес дауыл ұрған перімен тең,*

*Отыз бес ағып жатқан селменен тең,*

*Қырық бес аю аспас белменен тең,*

*Жетпіс бесте көңілің жерменен тең,*

*Сексенде селкілдеген шал боларсың*

*Тоқсанда толық миың орта түсер,*

*Жүзде дүниеден күдеріңді үз,*

*Өлмесең де өліден кем боларсың, — дейді.*

*– Әттеген-ай... Өзіме жиырма бестегі жігіттей едім, көңілімнің жердей болғаның қарашы, — бекер-ақ сұраған екенмін, деп сонда Қызылым қарт жантая кеткен екен.*

Тапсырманы орындау барысында оқушылар әр жастың ерекшелігін сол жасты теңеген лексеманың қолданыстағы мәнін ашу арқылы шығармашылықпен талдап, жауап берді.

*Он бес – жел.*

*Жиырма бес – дауыл ұрған пері.*

*Отыз бес – сел.*

*Қырық бес – бел.*

*Жетпіс бес – жер.*

*Сексен – шал.*

*Тоқсан – ми орта түсер.*

*Жүз – күдеріңді үз.*

Он бес жас – жел. Бұл кезең адамның енді есейіп, ақыл тоқтата бастаған кезеңі. Жел сөзі ауыспалы мағынада, желдей жеңіл, ешқандай кедергі тоқтау болмайды деген мағынаны жеткізеді. Осылайша, оқушылар әр жасты теңеген тілдік бірліктердің мәнін ашып, тапсырманы шығармашылықпен орындады.

Дейл Х. Шунк «Оқыту теориясы. Білім беру көкжиегі» еңбегінде көрсеткен зейінді дамытудың маңыздылық, жаңашылдық, қарқындылық, қозғалыстық факторлары ескеріле отырып дайындалған жаттығулар диалог түрлері мен ерекшеліктерін меңгерту сабақтың әр кезеңінде орындалды. Дейл Х.Шунк: «Оқыту мақсатының тиімділігі оқушылардың осы мақсаттармен таныс болуы мен ақпаратты қаншалықты маңызды деп қабылдауына байланысты», – деп [62], оқытудың маңыздылық факторына әр сабақ сайын мән беру керектігін айтады. Прагматикалық диалогтің диалог-егес түрін өткен кезде оның ерекшеліктерін түсіндірген соң, оқушыларға Ғ. Мүсіреповтың «Ұлпан» романынан үзінді берілді. Оқушылардан диалогтің мазмұнын айтып беруді емес, ондағы диалог-егеске тән белгілерді анықтатуды мақсат еттік. Яғни басымдық мәтіндегі оқиғаның желісін меңгертуге емес, диалог-егестің өрбуін бақылауға, ерекшеліктерін анықтауға берілді.

*Үш салт атты қатты жүгіртіп келеді. Біреуі алдарақ, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу аяқ желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып ілесіп келеді.*

*Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында тұрған топтың алдына жақындап келіп сөйлеп кетті:*

*- Армысыздар, ағалар!.. "Қаршығалы" шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Күрлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескен деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен...*

*Аңшы Мүсіреп Есенейге жарамсақтанып жігіттің арызын аяқтатпай киіп кетті:*

*- Сүйреңдемей тоқта, бала, тоқта деген соң! Аулыңа сәлем айт: Есеней аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жеріне таласып әуре болмасын! — деді.*

*Жігіт те іркілген жоқ:*

*- Есенейі жоқ елді де ел екен жұрт екен десеңіздер қара өрттей қаптап келе жатқан жылқының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз...*

*- Мына көргенсіз неме кімнің атын атап тұр өзі! Құйрығыңды түріп тастап дүрелеп алсын деп тұрмысың?—деп анайы аңшы атын тебініп-тебініп қалды.*

*Есеней қолын сермеп тоқтатпаған да әлденеге ұрынып қалатын жайы бар.*

*Жас жігіт бұл жолы жауап қайырған жоқ. Басын төмен иіп арызына жауап күтіп тұр.*

*"Ұлпан". Ғ.Мүсірепов*

Мәтінмен танысқан соң оқушылар «Диалог не жайында?» деген сұрауға жауап іздеу барысында оның не туралы екенін анықтады: «*айтар арызымызға*

*құлақ ассаңыздар екен...»* деген сөйлем арқылы белгісіз адамдардың арыз айтып келгені белгілі болды. Қарсы тараптың арыз айта келген тараптың сөзін аяқасты етіп: *«Сүйреңдемей тоқта, бала, тоқта деген соң!»* дегені егестің пайда болағанын білдіреді. Арыз айтып келген тараптың: *«Есенейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеңіздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз...»* деп сыпайы айтса да, өз пікірінен қайтпай жауап беруі қарсы жақтың ашу-ызасын тудырды: *«Мына көргенсіз неме кімнің атын атап тұр өзі!»* деп, үзілді-кесілді қарсылық білдірді. «Екі тарап өз ойларын дәлелдеп, ортақ шешімге келе алмады» деген қорытынды жасау арқылы диалог-егеске тән белгілерді көрсетті. Олар: екі тараптың сөз таластыруы; қарсылықты пікірде болуы; ымыраға келе алмауы; ой ортақтығының жоқтығы; келіспеушілік; оң шешімнің болмауы. Осылайша, мұғалімнің жетекшілігімен оқушылар диалог-егеске тән өзгешеліктерді түсінеді.

Жаңашылдық – бұрыннан ерекшеленетін өнім, қызмет немесе идея болсын, жаңа нәрсені жасау үдерісі ретінде анықтауға болады. Ол көбінесе шығармашылық қасиеттерге ие және жаңа мүмкіндіктерді немесе бар проблемаларды шешу жолдарын анықтай алатын адамдар арқылы жүзеге асырылады. Оқытудағы жаңашылдық фактор оқу процесінде жоғары жетістікке жетуге бағытталған іс-әрекеттер кешенін қамтиды. Бұл оқу бағдарламасына жаңа әрі тартымды материалдарды не әрекеттерді енгізуді, сондай-ақ білім алушыларды материал туралы шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға ынталандырады. Ж.Аймауытовтың «жаңа мен ескінің қызықты араласуы баланың қызығушылығын тудыру үшін қажет» деген тұжырымы білім берудегі жаңашылдық ұғымына да қатысты. Таныс ұғымдар мен идеяларды жаңа әрі инновациялық тәсілдермен үйлестіре отырып, педагогтер оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын оятуға, материалды тереңірек түсінуге ықпал ету ақылы оқу үдерісінде жоғары жетістікке жетуге бағытталған іс-әрекеттер кешенін жүзеге асырады [109].

Зерттеудің тәжірибе кезеңінде оқушыларға прагматикалық диалог түрін таныстырған соң ұнтаспа арқылы прагматикалық диалогтің өнер түріне дейін дамыған диалог-айтыстан үзінді тыңдатылды. Айтыстың бұған дейін ауыз әдебиетінің ежелден келе жатқан поэзия жанрының суырып салып айтатын сөз сайысы ретінде әдебиет сабағында оқытылып келгені белгілі. Бүгінгі күнге дейін айтыс диалогтің түрі ретінде қарастырылған емес. Айтысты диалогтің түрі ретінде ұсыну оқушыларға ерекше әсер етіп, прагматикалық диалогтің табиғатын түсінуге жол ашты. Оқушыларға Аманжол Әлтаев пен Сара Тоқтамысованың айтысынан үзінді ұсынылды.

Оқушыларға ақындардың сөз саптауындағы шеберліктерін, ой жарыстарын қадағалап, ұтқыр сөздерін, көтерген проблемаларын, домбыра тартудағы шеберлігі мен әуенін келтіруін және т.б. ерекшеліктерін жіті бақылап, қажет болса, жазып отыру тапсырылды. Сөз бен әуеннің үндесуі қадағаланды

### **Аманжол:**

Нұр жұтын топырағы аспан емген  
Алла деп атқа міндім қасқа белден.  
Ақын боп ортаңызға келіп тұрмын,  
Өнердің арқасында басқа берген,  
Жыр тойы құтты болсын, Жүрсін аға,  
Ердің жасы - елу бес жасқа келген,  
Сендей ерлер шықпауы мүмкін бе еді,  
Өнері өзгелерден асқан елден,  
Досқа – ырыс, дұшпанға – қылыш  
болған,  
Бас иіп амандастым асқар елмен.  
Елеңдеп тұрса-дағы қарай-қарай,  
Кетуші ем хан қызына қарайламай.  
Қасымда күлімдеген Сара қызды,  
Өтудің өзі күнә абайламай.  
Өнеріміз тоғысса тегін емес,  
Дөңгелек өмір атты шар айнадай.  
Қылығыңмен қыттықтап жүрегімді,  
Назданып жымыясың маған қарай.  
Аң іздеген тазы дай жорта бермей,  
Атымның басын бұрдым саған қарай.  
Дидарың Сарыарқаның ақтаңындай,  
Көңілің Алатаудың ақ қарындай.  
Аршынтөс, бота көзді, алмамойын,  
Сырлысың Сегіз сері Мақпалындай.  
Ақанның Қадшасы емес пе деп,  
Қараймын кірпігіңді қаққаныңда-ай.  
Қимылың Әйгерімге ұқсайды екен,  
Керіліп жүріп келе жатқаныңда-ай.  
Еңілікті көрген дейін елеңдеймін,  
Үкіңді үлілдетіп таққаныңда-ай.  
Тастанбектің қызынан кемдігің жоқ,  
Төгілтіп тереңнен сөз тапқаныңда-ай.  
Қызғалдақтай құлтырған осы қызды,  
Менен басқа жігіттен сақта құдай!  
Еркесі елең деген даламыздың,  
Аққудай айдыныңда дара жүздің.  
Бұл үйде Сара болса "кірсем" деймін,  
"Шықсын!" деп сөзін айтпай  
бабамыздың.  
Біржанға айтқан сыны сол емес пе,  
Айтыста сенің апаң Сара қыздың.

### **Сара:**

Бісімлә, ерін салып Кертөбелдің,  
Жолымен Теккене мен Бөртелердің.  
Абай мен Мұхтар туған топырағынан,  
Байрағын биіктетіп мәрт өнердің,  
Мұхтар атам атындағы кең сарайда  
Жүрекпен сезім сырын шерте келдім,  
Қызырын күткен мына қалың елге.  
Қызыңдай мен де бүгін еркелермін,  
Наурызда Алатау баурайына.  
Қыз-зұмыр көктемімді ерте келдім,  
Киелі бұл сахнада ізі қалған,  
Қанабек, Серәлідей серкелердің. ....  
Тұнығы шайқалмаған текті жұртым,  
Тұзыры биік болсын мәртебеңнің.  
Келелі сөзін айтсам кемеңгердің,  
Өрені деп біліңдер өнерлі елдің.  
Айбынды алты алашым аман тұрса,  
Қалайша тұғырымнан төмендермін.  
Бүгінгі қыз бен жігіт айтысында,  
Бұйыртса, өнерімді дәлелдермін.  
Біржан сал, Ақансері, Батуан шолақ,  
Маржан еді түбінде терең көлдің.  
Құлтума, үкілі Ыбырай, жаяу Мұса,  
Шыңдағы шынары еді кемел жердің. ...  
Сарамен сайысуға келіп тұрған,  
Салдардың сарқытына сәлем бердім!  
Тілдескен жымыңдаған жұлдызбенен,  
Тасбұлақ сылдырынан сырды іздеген.  
Семейдей қалың елдің ақыны едім,  
Жұртым бар жергегінен жырды  
үзбеген.  
Маңдайыма шыбын да қондырмаған,  
Іргемнен құмырсқа да жүргізбеген.  
Келе салып төріме кіремін деп,  
Қайнап тұр от секілді қыз-қыз денең,  
Білесіз баяғының серілері.

Нәтижесінде оқушылар ақындардың айтысынан төмендегідей ұтқыр шыққан жекелеген жолдарды жазып алып, өзара талдады.

*Аманжолдың өлеңінен таңдалып алынған жолдар:*

- Нұр жұтып, топырағы аспан емген;
- Досқа –ырыс, дұшпанға қылыш болған;
- Қылығыңмен қытықтап жүрегімді;
- Аң іздеген тазыдай жорта бермей...;
- Аршын төс, бота көзді, алма мойын;
- Төгілтіп тереңнен сөз тапқаныңда-ай;

*Сараның өлең жолдарынан жазып алынған сөздер:*

- Жүрекпен сезім сырын шерте келдім;
- Қызырын күткен мына қалың елге.
- Қыз-ғұмыр көктемімді ерте келдім;
- Тұнығы шайқалмаған текті жұртым,
- Айбынды алты алашым аман тұрса,
- Шындағы шынары еді кемел жердің.
- Салдардың сарқытына сәлем бердім!;

Оқушылар екі ақынның шеберліктері, ой жарыстары деңгейлес, дегенмен Сараның сөздері ұтымды шықты деген тұжырым жасады. Бұл білім алушылардың әр түрлі көзқарастарды немесе пайымдауларды бағалау және талдау үшін сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалай пайдалана алатынын көрсетті. Осы орайда білім алушылар екі ақынның өнері мен ой жарысын салыстырып, олардың салыстырмалы күшті және әлсіз тұстарын бағамдап, ақындардың сөзіне баға беріп, олардың дәлелдері мен дәйектемелеріне сүйене отырып, оқушылар қай ақынның ойы ұтымды, дәлелді болғаны туралы қорытынды шығара білді. Диалогтік сөз бен сыни ойлауды дамыта отырып мұғалім білім алушыларға осындай іс-әрекеттер мен пікірталастарға қатысуға ынталандыра алады.

Білім берудегі қарқындылық факторы (интенсивность) оқу материалын меңгеруге және сыни тұрғыдан ойлауға ықпал ете отырып, білім алушылардың ойлау қабілетінің белсенділігі мен материалға деген қызығушылығын аттыруға мүмкіндік береді. Бұған интерактивті оқыту әдістеріне проблемалық оқу және оқыту тәжірибесін жақсарту үшін қоданылатын ең тиімді технологиялар мен әдістерді жатқыза аламыз.

«Сыни тұрғыдан оқу және ойлау технологиясы» білім беруде сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға және оқушылардың мәтінді оқу мен талдау қабілеттерін арттыруға арналған стратегия немесе әдіс болып табылады. Бұл тәсілдің мақсаты – білім алушылардың талдау дағдыларын дамытуға, материалды түсінуін жеңілдетуге және дәлелдер мен логикаға негізделген шешім қабылдауға көмектесу. Сын тұрғысынан оқу мен ойлау технологиясы келесі қадамдарды қамтыды:

– *мәтінді алдын ала қарау*: мәтінді оқымас бұрын білім алушылар материалмен алдын ала танысып, негізгі ұғымдарды немесе тақырыптарды анықтау ұсынылды;

– *сұрақтар қою*: білім алушыларға мәтін бойынша «Автордың негізгі дәлелі не?», «Автор олардың талаптарын растайтын қандай дәлелдер ұсынады?» деген сияқты сұрақтар қоюға үйретілді;

– *негізгі идеяларды анықтау*: білім алушылар мәтінде ұсынылған негізгі идеялар мен дәлелдерді анықтауға, ақпаратты ажыратуға төселді;

– *дәлелдерді талдау*: білім алушылардың мәтінде келтірілген дәлелдерді талдауы, автор дәлелдерінің беріктігін бағалауы көзделді;

– *ақпаратты синтездеу*: соңында шәкірттерге мәтінде берілген ақпаратты синтездеу және дәлелдер мен талдау негізінде өз бетінше қорытынды жасау ұсынылды.

Сонымен, «сыни тұрғыдан оқу және ойлау технологиясы» сын тұрғысынан ойлауға, мәтінді оқу және талдау үдерісінде негізгі ұғымдарды анықтауға, мәтіннің әр түрлі бөліктері арасында байланыс орнатуға, автордың дәлелдері мен дәйектемелерін бағалау сияқты бірнеше әрекеттердің орындалуын көздейді. Мысалы, Патриссия Уоллейстің «Интернет психологиясы» еңбегінен адамзатты толғандыратын жаһандық мәселеге қатысты үзінді алынды. Тапсырманы орындау барысында оқушылар бір-бірімен ой бөлісіп, өз пікірлерін дәлелдейді. Тапсырма аталған технологияның «Ойшыл қалпақтар» стратегиясы арқылы орындалады.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, ондағы сұрақтарды пайдаланып, хабарламалық диалогтің диалог-сұхбат түрін ұйымдастырыңыздар. Сұхбат барысында диалог-сұхбатқа тән ерекшеліктерді сақтаңыз және ойды пысықтау, анықтау, түйіндеу, көңіл білдіру мақсатындағы сөз орамдарын қолданыңыз.

*Жаңа технологиялар баланың дамуына қалай әсер етеді? Журнал саусақ қимылынан қозғалады деп күтіп тұрған балақай күндердің күні жақсы кітап оқып рақаттана ма? Жасөспірім отбасымен бірге жаймашуақ, үзіліссіз кешкі асты бірге ішу үшін өзінің виртуал әлемінен ұзақ уақыт тыс қала ала ма? Технологияның даму өрісіне орай, киберкеңістіктің бала дамуына ықпалы кеңейіп барады. Күткеніміздей, біз жағымды да жағымсыз тұстарын байқаймыз және жауабы жоқ сұрақтар да көп.*

**«Интернет психологиясы» Патриссия Уоллейс**

**2-тапсырма.** «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақты киіндер. «Жаңа технологиялардың бала дамуына әсері» туралы өз ойларыңды айтып, пікірталас ұйымдастырыңдар. Берілген сұрақтарға өз ойыңды айт. Қалпақты алмастырып, ойыңды қайта жалғастырыңдар.

«Ойшыл қалпақтар» – британдық психолог және шығармашылық ойлау туралы кітаптардың авторы Эдвард де Боно ұсынған тұжырымдама. Бұл – ойлауды жүйелеуге және мәселелерді талдауға арналған құрал. Бұл – интербелсенді және инновациялық әдістерді білім алушылардың ойлау қабілетін дамытып, оқу-тәрбие үдерісінде зейінін арттыруға болатынының тамаша көрінісі (Кесте 7). Кестеде сипатталған «Ойшыл қалпақтар» әдісі білім алушының сыни тұрғыдан ойлауға және берілген тақырып не идея бойынша бірнеше көзқарасты



қарастыруға ынталандыратын әдіс болып табылады. Білім алушы әр түрлі «қалпақтарды» немесе рөлдерді қабылдауды және әр түрлі пікірлерді ұсына отырып, олар өз көзқарастарынан тыс ойлауға және әр түрлі пікірлерді қарастыруға төселді. Бұл әдіс талдау, бағалау және синтездеу сияқты маңызды ойлау дағдыларын, сондай-ақ коммуникация мен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектесті. Білім алушыларға іс-әрекеттің осы түрлеріне қатысуға мүмкіндік беру арқылы педагогтер инновациялар мен шығармашылықты дамытатын неғұрлым серпінді және тартымды оқу ортасын құруға көмектесе алады. Жалпы алғанда, оқу материалын меңгерудің интенсивті әдістерін қолдану диалогті, сыни ойлауды және сабақта зейінді дамытуға ықпал ететін қуатты құрал бола алады.

Диалогті оқытуда «Ойшыл қалпақтар» әдісін білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлауға және берілген тақырып не мәселе бойынша көптеген көзқарастарды қарастыруға ынталандыру үшін пайдалануға болады. Диалогті оқытуда осы тәсілді қолданудың бірнеше қадамы:

1. Білім алушыларға «Ойшыл қалпақтар» ұғымымен таныстырып, әр қалпақшада бейнеленген ойлаудың әр түрін түсіндіріңіз. Ойлаудың әр түрін көрсету үшін көрнекі құралдарды немесе мысалдарды пайдалануға болады.

2. Талқылау үшін тақырыпты не мәселені тағайындаңыз және білім алушыларға талқылау үшін арнайы «қалпақ» қабылдауды сұраңыз. Мысалы, сіз оқушылардан «Ақ қалпақ» киіп, тақырып бойынша нақты ақпарат беруді немесе «Қызыл қалпақ» киіп, мәселеге қатысты эмоционалдық реакцияларымен бөлісуді сұрауға болады.

3. Білім алушылар талқылау барысында қалпақтарды мезгіл-мезгіл ауыстыра отырып, тақырыпты әр түрлі көзқараста зерттеуге ынталандырыңыз. Бұл білім алушылардың белгілі бір ойлау режимінде қалып қоюына жол бермеуге көмектеседі және шығармашылық әрі табысты диалогке ықпал етеді.

4. Білім алушыға әр ойлау режимінің күшті және әлсіз жақтарын бағалауды және әр түрлі ойлау тәсілдерінің жалпы диалогке қалай ықпал еткенін анықтауды сұрау арқылы талқылаудан кейін рефлексия мен талдауға мүмкіндік беріңіз.

5. Диалогті оқытуда «Ойшыл қалпақтар» әдісін қолдану арқылы оқушылар сыни тұрғыдан ойлаудың маңызды дағдыларын дамыта алады және берілген мәселе бойынша бірнеше көзқарас қарастыруды үйренеді. Бұл динамикалық әрі тартымды оқу ортасын ілгерілетуге көмектеседі (кесте 7).

Кесте 7 - «Ойшыл қалпақтар»

1	2
Қалпақтардың қызметі	Жауап беретін сұрақтары
Ақ қалпақ - ақ түс таза қағаз беті сияқты алалықсыз және объективті. Фактілер, ақпарат, сұрақтар негіз болады. Жана технология туралы не білетінін айтады.	Жаңа технология деген не? Қандай ақпаратымыз бар? Айтылған пікірді растайтын немесе жоққа шығаратын қандай фактілер бар? Қандай ақпарат қажет?

7- кестенің жалғасы

1	2
	Жетіспейтін ақпаратты қалай аламыз? Қандай сұрақтар қойып, жауап алуымыз керек?
Қызыл қалпақ - қызыл түс ашуды, шиеленісті білдіреді. Қызыл қалпақта адамды эмоциялар, сезу, сезімдер билейді. Жаңа технологияның баланың дамуына тигізер жағымды әсері туралы айтады.	Оның қандай пайдасы бар? Осыған байланысты менде қандай сезімдер туындайды?
Сары қалпақ - сары түс – күн көзінің, тіршілік түсі. Сары қалпақтағы адам оптимизмге толы, ол артықшылықтарды іздестіреді. Жаңа технологияны пайдаланудың бала дамуына тигізетін зияны немесе сол арқылы пайда болатын жаман әдет (кемшіліктер) туралы айтады.	Оның қандай зияны бар? Не себептен осыны істеу керек? Артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы? Артықшылықтар қалай пайда болады? Осының пайдалы жақтары бар ма? Қандай жағдайларда бұл пайдалы болады?
Қара қалпақ – қара түс қараңғылық, қаһарлық, бір сөзбен айтқанда – суық. Қара қалпақта адам қауіптілік танытады. Жаңа технологияны пайдалану туралы ойын айтады.	Оның зияны тимес үшін қалай пайдалану керек? Бұл көмектеседі ме? Қандай кателер бар? Кемшіліктері қандай? Бұл идея жүзеге аса алады ма?
Жасыл қалпақ – өсімдіктердің, молшылықтың, табыстың түсі. Жаңа идеялар туындап, шығармашылық бастауын алады. Жоғарыда айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын дәйектеп айтады.	Айтылған ойға қалай қарайсың? Осы жағдайда не істей аламыз? Баламалы идеялар бар ма?
Көк қалпақ – аспан түсі. Ол ұйымдастыру және басқарумен байланысты. Бақылау және қорытындылау: айтылған ойлардың жаңа технологияларға қатыстылығын айтады.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады? Неге қолжеткіздік? Болашақта не істеу керек?

Осы қалпақшаларды пайдалану арқылы оқушылар мәселені шешуге және тез арада шешім қабылдауға машықтанады. Тақырыпты бірнеше қырынан құрылымдық зерттеуге мүмкіндік береді, бұл жан-жақты ақпараттандырылған мен шығармашылық шешімдерді табуға үйретеді. «Ойшыл қалпақтар» әдісі әртүрлі салаларда, соның ішінде бизнесте, білім беруде және проблемаларды шешу бойынша семинарларда жиі қолданылады.

Диалогтің түрлерін меңгертуге арналған дайын мәтіндермен жұмыс жасатумен қоса оқушылардың ойлау белсенділіктерін дамыту мақсатында ғаламтор көздерінен алынған заманауи әрі интерактивті бейнежазбаларды қолданудың тиімділігі зор. Мұндай тапсырмалар оқушыларды ынталандырып, жаңа тақырыпты меңгеруге деген қызығушылығын оятатыны да сөзсіз. Мысалы, прагматикалық диалогтің диалог-пайымдау түрін түсіндіру мақсатында ғаламтордағы <https://www.youtube.com> каналынан журналист-жүргізуші Мейрамгүл Мәдәлі мен Астана қаласы адвокаттар алқасының адвокаты Абзал Бекбосыновтың «Қоғам белсенділерінің әрекетін заңдық реттеу» тақырыбында өткен сұхбаты ұсынылды.

Оқушыларды жұпқа бөліп, диалог кімдердің арасында және қандай тақырыпқа құрылған, көтерілген мәселе жөнінде сұхбатқа қатысушы екі адамның көзқарасында кереғар пікір бар ма, дәйектемелер орын алған ба, арнайы дайындық жасалған ба және т.б. осы секілді диалогтің табиғатын ашатын сұрақтарға жауап берулері тапсырылды. Бейнебаянда қоғам белсендісі Руслан атты жігіттің жол үстінде қатар келе жатқан көлік иесіне белдік тақпай заң бұзып келе жатқандығын ескертуі, оның нәтижесінде көлік жүргізуші мен қоғам белсендісінің арасында дау туғандығы туралы айтылады.

Сұхбат барысында жүргізуші мен заңгер қоғам белсенділерінің өз әрекеттерін тек заң шеңберінде ғана жасауына, атап айтқанда, қоғамда өздері куә болған келеңсіз жағдайлар туралы баспасөз беттерінде пікір айту кезінде, бейнеконтент дайындап, оны ғаламтор желісіне жүктеуде азаматтардың жеке өміріне нұқсан келтірмейтіндей және заңға қайшы болмауы жөнінде кеңес береді.

Бейнебаянды тыңдап, өзара талқылау нәтижесінде оқушылар төмендегідей ерекшеліктерді анықтады:

- диалог нақты тақырыпқа құрылған;
- диалог ресми түрде өтті;
- жүргізуші мен сұхбат беруші қоғам белсенділерінің заң шеңберінде әрекет етуі туралы мәселені талқылайды;
- диалог кездейсоқ болмаған, қатысушылар арнайы дайындықпен келген;
- диалог достық ниетте өрбіді;
- жүргізуші мен сұхбат беруші бірінің пікірін бірі қолдап отырды;
- сұхбаттасушылардың көзқарасында кереғар пікір орын алған жоқ;
- сұхбаттасушының бірі тақырыпқа арқау болған мәселені жақсы меңгерген;
- диалогтің соңында диалогке қатысушы екі тарап қоғам белсенділері тек қана заң шеңберінде әрекет етуі керек, яғни бейнеконтент әрекеті заңға қайшы болмауы тиіс, ал қоғам мүшелері заңды сыйлауға міндетті, соның ішінде, көлік жүргізушілері өздеріне қатысты заңдарды орындауы керек деген шешімге келді.

Оқушылар заң маманының жүргізушіге қарағанда мәселені өте жақсы білетіні, ал жүргізуші оның сөзін қоштап, диалогті ақылдасу бағытында жүргізуі хабарламалық диалогке де тән екенін айтты. Осылайша оқушылар бейнебаян арқылы көрген диалогтің ерекшеліктерін анықтап, оның диалог-пайымдауға тән екендігін түсінді.

Дейл Х. Шунк «Оқыту теориясы. Білім беру көкжиегі» атты еңбегінде адамдардың зейінін дамытудың бір жолы ретінде қозғалыс факторын атайды. Ол «сабақ үйрету кезінде оқушылар орындарында тапжылмастан отыра немесе тұра бермей, ілгері-кейін жүруі керек» деп есептейді. Ал мұғалім оқушылардың сыныпта қозғалып жүріп тапсырмаларды өз беттерімен не топпен бірлесе отырып орындауын бақылауына болады. Мұндай жұмыс түріне «Броундық қозғалыс» әдісі бойынша орындалатын тапсырмаларды ұсынуға болады. Мысалы, диалог-егес тақырыбында <https://www.youtube.com> каналынан журналист Аман Тасығанның «New Old Qazaqtar» жобасы аясында жүргізген сұхбатын көрсетіп, осы бейнебаян бойынша «Броундық қозғалыс» әдісімен орындалатын тапсырма ұсынылды. Тапсырманың талабы: сұхбатты көрген соң әр оқушы сыныптағы үш-төрт оқушыға сұрақ беріп, ақпарат жинайды; жауаптарды қағазға жазады; алынған ақпарат бойынша мәтін құрастырады; диалогке қатысқан тараптардың сөздерін саралау арқылы диалогтің қай түріне жататынын айқындайды. Сұхбат қонақтары тәңірші Тоқтар Абыз және имам Бақытжан Құралбайұлы тәңіршілдік және ислам діні туралы ойларын ортаға салады.

Оқушылар сыныпта қозғалып жүріп, бейнебаян туралы бір-бірінің ойын білу мақсатында мынадай сұрақтарды талқылады:

- диалогтің негізгі тақырыбы не?
- диалогке кімдер қатысты?
- диалогке неге тәңірші мен имам шақырылған?
- диалогке қатысушы тараптар қандай мәселе жөнінде пікір алмасты?
- диалогті жай пікір алмасу түрінде өтті деуге бола ма?
- егер диалог пікір алмасу түрінде өтпесе, оған не кедергі болды?
- диалог қандай формада өтті?
- диалог барысында имам мен тәңірші өзін қалай ұстады?
- диалогке түсуші тараптарда ой ортақтығы, бірінің пікірін бірі құптау

болды ма?

- пікір кереғарлығы көрініс тапты ма?
- диалогке түсушілердің қайсысының пікірі дәлелді шықты, неге?
- кімнің сөзі ойға қонымды шықты және оның себебі не?
- диалогке түсуші тараптар соңында ортақ шешімге келді ме?
- диалог барысындағы жүргізушінің рөлі қандай?

Қойылған сұрақтарға мынадай жауаптар алынды:

- диалог «Тәңіршілдік және ислам діні» деген тақырыпта өтті;
- диалогке қатысқандар: тәңірші Тоқтар Абыз және имам Бақытжан

Құралбайұлы мен жүргізуші Аман Тасыған;

– диалогке тәңірші мен имамның шақырылу себебі: тәңірші тіршілікті тәңірлік түсінік бойынша түсіндіре алады, ал имам - дүниені ислам діні тұрғысынан толық түсіндіре алатын маман;

– диалогке қатысушы тараптар тәңіршілік пен ислам дінінің қағидаттары, ұрпақ, аруақ мәселесі, дінге сыйыну, тәңірлік сенім, жұмақ, тозақ мәселесі жөнінде пікір алмасты;

- диалог жай пікір алмасу түрінде өткен жоқ, дау-дамай, егес түрінде өтті;
- диалогке қатысушылардың ұстанымы, сенімі мүлдем қарам-қарсы. Сондықтан бірінің пікірін бірі қабылдамады;
- диалог егес, тартыс формасында өтті.
- диалог барысында имам өзін сабырлы ұстады, ал тәңірші көбінесе шыдамсыздық танытып, сөзді бөле берді;
- диалогке түсуші тараптарда ой ортақтығы, бірінің пікірін бірі құптау болған жоқ;
- диалогке қатысушылардың пікірі үнемі кереғар болды;
- диалогке түсушілердің қайсысының пікірі дәлелді шықты дегенге келетін болсақ, имамның сөзі дәйекті болды. Себебі ол кісі үнемі ислам қағидаттарына сүйенді әрі сөйлеу барысында өзін сабырлы ұстауы, қарсы пікірлесіне деген сыйласымды қатынасы да сөзінің ойға қонымды болуына септігін тигізді;
- диалогке түсуші тараптар соңында ортақ шешімге келмеді, әркім өз пікірінде қалды;
- диалог барысында жүргізуші екі тараптың ой желісін бір арнаға түсіріп, диалогтің өрбуіне жағдай жасап отырды. Сонымен қатар ымыраға келтіру үшін екі тарап жауаптарының ыңғайсыз тұстарын қайта ой елегінен өткізіп, көрерменге түсіндіріп отырды.

Тапсырманы орындау барысында оқушылар мынадай қорытындыға келді:

- диалогке қатысушылардың пікірі бір-біріне кереғар болды;
- ой ортақтығы, пікір ортақтығы байқалмады;
- диалогке қатысушылар үнемі бірін-біріне тойтарыс беріп, шабуылға шығып отырды. Ол әсіресе тәңіршілдікті жақтаушы тарапынан жиі көрініс тауып отырды;
- қатысушылардың өз ойын дәлелдеу барысында келтірген негіздеме, дәйектемелерінің қарама-қайшылығы ортақ шешім шығарудың қажет емес екендігін көрсетті;
- нәтижесінде екі тарап өз пікірінде қалды.

Ал бұл аталған ерекшеліктер прагматикалық диалогтің диалог-егес түріне тән.

Оқушылардың осы уақытқа дейін диалог түрлеріне қатысты меңгерген білімі тапсырманы түсініп орындауға мүмкіндік берді. Оның үстіне диалог оқушыларға мүлде бейтаныс ұғым емес. Оқушылар диалогтік сөз мәдениетін өткенге дейін диалог тек екі адамның сөйлесуі ғана деп түсінетін, тақырыпты меңгергеннен кейін диалог өздерінің ойлағандарындай емес, оның тектерге бөлінетінін, тектер жіктеліп бірнеше түрге бөлінетінін, олардың айырмашылығы мен ерекшеліктері бар екендігін түсінді. Осындай диалог түрлерінің ерекшеліктерін ажырату тапсырманы дұрыс орындауға ғана емес, оқушының ары қарай оқуға, білуге деген қызығушылығын оятып, ынталандыруы қажет.

Дейл Х. Шунк жана мазмұнды білім беру үшін бекіту тәсілдерін дұрыс ұйымдастыру керек деп есептейді. Ол үшін: 1) мұғалімдер материалды аз-аздап үйретсе; 2) білім алушылар жай ғана тыңдап отырмай, сабаққа белсене араласса; 3) мұғалім оқушының жауабынан кейін іле-шала пікір айтып отырса; 4) оқушылар

оқу материалын өздерінің деңгейлеріне қарай игерсе, білім берудің тиімділігі жоғарылайды.

#### **2.4 Диалогтік сөз мәдениеті түрлерін меңгерудің тәжірибелік-эксперименттік жүйесі**

Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың философиялық қағидалары мен психологиялық, педагогикалық шарттарын талдай отырып, қазақ тілін оқытуда жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін интербелсенді әдістер арқылы қалыптастырудың тиімділігін сынақтан өткізу мақсатында эксперимент жұмыстарын жүргіздік. «Әдістемедегі эксперимент ғылымның дамуы үшін маңызды әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Эксперимент арқылы ғалымдар гипотезалар мен теорияларды жүйелі түрде тексеру, нәтижелермен бөлісу және ғылыми білімді нақтылау үшін бірлесіп жұмыс істейді» [160]. Аталған зерттеу мәселесі бойынша ұйымдастырылған тәжірибелік жұмыстар бірнеше кезеңге бөлінді. Әр тәжірибелік кезеңнің міндеттері мен ұйымдастырылу ерекшеліктеріне байланысты эксперименттің мақсаты нақтыланып отырды.

Эксперимент жұмысы үш кезеңге: бақылау эксперименті, қалыптастырушы және қорытынды эксперимент болып бөлінді. Бірнеше кезеңге бөлінген эксперименттің негізгі мақсаты қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеу, диалогтік сөз мәдениетін интербелсенді әдістер арқылы қалыптастырудың әдістемелік жүйесін дайындау, бүгінгі күнгі қолданыстағы білім мазмұнын жетілдірудің жолдарын белгілеу, эксперимент арқылы ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін тексеру болды.

Бақылау экспериментінің мақсаты: мектептің жоғары сыныбында диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың қазіргі жай-күйін анықтау; ана тілін оқыту үдерісінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың жолдары мен зерттеу жұмысымызда анықталған жетекші идеяларды оқу үдерісіне енгізудің мүмкіндіктерін айқындау, диалогтік сөз мәдениетіне қатысты оқушылардың білімі мен білігінің деңгейін тексеру. Аталған мақсатқа сай төмендегідей міндеттер белгіленді:

1. Мектептің жоғары сатысында (10-11-сыныптар) диалогтік сөз мәдениеті бойынша меңгерілуі тиісті білім мазмұны мен оның көлемін, диалогтік сөз мәдениетін оқыту мен үйренудің жүйесін жасауға негіз болатын материалдарға талдау жасау;

а) нормативтік құжаттар: «Қазақ тілі» пәнінің білім стандарты мен оқу бағдарламаларында диалогтік сөз мәдениетіне байланысты мәселелердің қамтылу жайына шолу жасау;

ә) 10-11-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулықтарының білім мазмұнында диалогтік сөз мәдениетіне қатысты теориялық материалдардың берілу және әдістемелік аппаратында көрініс табу мәселелерін зерттей отырып, қорытындылар жасау;

2. Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың пәнге қызығушылығын, диалогтік сөз мәдениетіне қатысты білім-біліктерін анықтау үшін сабақтарға қатысу, оқушылармен арнайы сұхбат өткізу, сауалнамалар тарату.

3. Мұғалімдердің іс-тәжірибелерімен таныса отырып арнайы әңгіме өткізу, сауалнамалар таратып, ана тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың маңызын қаншалықты түсінгендігін және оны іске асыру тәжірибелерін сараптау; оқу үдерісінде оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сай әдістемелік жұмыстарды жүргізу жолдарымен танысу.

Эксперимент барысында интерактивтік әдістер бойынша ұйымдастырылған тапсырмалар жоғары сынып оқушыларының «4К икемді дағдыларын» қалыптастыру көзделген. Қалыптастыру эксперименті барысында «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау пәні бағдарламасының мазмұндық – құрылымдық жүйесі ұсынылды (кесте 8).

Кесте 8 - «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау пәні бағдарламасының мазмұндық – құрылымдық жүйесі

№	Тақырып	Сағат саны	Мазмұны	Күтілетін нәтижелер
1	2	3	4	5
Диалогтік сөз әдебі: Теориясы мен қағидалары				
1.	Кіріспе сабақ «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау курсының пәні, мақсаты мен міндеттері.	1	Диалог туралы жалпы түсінік. Диалог арқылы сөйлеуге үйрету, диалог теориясы, диалог түрлері мен құрылысы.	Ана тілін меңгерту үдерісіндегі диалогтік сөз мәдениетінің маңызын түсіну, «Диалог» сөзіне берілген анықтамаларды салыстыру.
1.1.	Диалогтік сөз құру факторлары	1	Диалогтік сөз құру факторлары: Екі адамның сөйлесуі Жағдаят, сөйлеу оқиғасы, мақсат Өзара пікірлесу	Тілдің коммуникативтік, танымдық қызметіне сай мәдени сөйлеу дағдыларын жетілдіруге
1.2.	Диалог сөздің сипаты мен шарттары	1	Диалогтік сөздің ұтымды жүргізілуінің шарттары. Диалогтік сөздің жүзеге асуы үшін	Диалог сөздің сипатын мысалдар арқылы дәйектеу. Диалог сөз жасау шарттарының болу себебін түсіндіру.

## 8 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
			қажетті диалогтік бірліктер	Диалогтік бірліктердің сабақтастығын түсіндіру
1.3.	Репликаның сипат факторлары ұстанымдары	1	Репликалардың көлемі мен сипатын айқындайтын факторлар, ұстанымдары және сатылары	Диалог сөз ұстанымдарының маңыздылығын мысалдармен түсіндіру. Дамыту сатыларын талқылау
1.4.	Диалогтегі сұрақ және жауап түрлері	1	Сұрақ түрлері Жауап түрлері мен жауапқа қойылатын критерийлер	Диалогтің өрбуіне ықпал ететін тәсілдерді анықтау Сұрақ түрлерінің айырмашылығы мен ұқсастықтарын салыстыру Жауаптың негізгі критерийлерін талқылау
1.5.	Диалогтік сөздің тілдік тәсілдері мен ерекшеліктері	1	Диалогтік сөздің тілдік тәсілдері Диалогтік сөзге интерактивтілік, сұрақтардың стимул мен реакция тудыруы, тілдік қатынастың тосындылығы	Диалогтік сөздің тілдік тәсілдеріне мысал келтіру. Диалогтік сөздің тілдік ерекшеліктерін талқылау. Диалогтік сөздің тілдік тәсілдері мен ерекшеліктерін жағдаяттармен түсіндіру
<b>Диалогтік сөз тектері мен түрлері: қолданым мәдениеті</b>				
2.1	Диалогтік сөздің тектері мен түрлері	1	Диалогтік сөздің тектері: хабарламалық, прагматикалық және модальдық	Диалог тектерінің ерекшеліктерін салыстыру
2.2.	Хабарламалық диалог және оның түрлері	1	Хабарламалық диалогке тән белгілер.	Көркем шығармалардан достық ниеттегі ақпарат алмасу, ой бөлісу, көзқарасты білу



## 8- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
				мақсатында жүргізілген диалогтерді тауып, мысал келтіру
2.2.1.	Диалог-әңгіме	1	Әңгімеде әлеуметтік-тұрмыстық, қызмет орындарындағы жағдаяттарда пікір алмасу, өзара тілдесу	«Телеграмма» әдісі арқылы бүгінгі сабақта түсінгендерін жазу, көршісіне арнап тілек не өлең шумақтарын жазу
2.2.2.	Диалог-сұхбат	1	Сұхбатта әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскерлік жағдаяттардағы пікірлесу	«Қолдорба» әдісі. Бір парақ қағазға қолдорбаның суретін салып, бүгінгі сабақтан алып кеткіңіз келген дағдылар мен білімді салу.
2.2.3.	Диалог-кеңес Нәтиже сабақ	1	Диалог-кеңеске ата-ана мен бала, тәжірибелі маман мен жас маманның, ұстаз бен шәкірт, үлкендер мен жастардың танымдық сипаттағы тілдесім	Мәтінді диалог-кеңеске айналдыру мақсатында бірнеше сұрақ дайындау
2.3.	Прагматикалық диалог түлері	1	Диалогте әңгімелесушілер арасындағы тілдік қатынас. Таласты тақырып, нақты шешімді қажет ету, күрделі мәселелер құру.	Прагматикалық диалогтік сөзде серіктестер өзара сөз таластыра отырып, шындыққа жету, өз өтінішін дәйектеп, қарсы жауап беруі
2.3.1.	Диалог-сөзталас	1	Құрдастардың, нағашы мен жиеннің, жезде	Көркем әдебиеттерден диалог-сөзталасқа жататын диалог

## 8- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
			мен балдыздың, жеңге мен қайын іні, қайын сіңлілердің арасындағы өткір қалжыңдар	түрлерін тауып, оның ерекшеліктерін түсіндіру
2.3.2.	Диалог-пайымдау	1	Пайымдау — бір мәселе жөнінде екі адамның өз көзқарастарын ортаға сала отырып, талдау	«Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі білімін түйіндеп, бір сөйлеммен жазу, қайта сұрау іскерлігін дамыту
2.3.3.	Диалог-теріске шығару	1	Диалогке қатысушылардың бірі басымдылыққа ие болып, серіктесінің ойына ашық қарсылық білдіру, жекелеген мәліметтерді қолдамайтын жағдайда өтетін пікірталас түрі	Ұсынылған екі пікірдің бірін қорғап, диалог-теріске шығару
2.3.4.	Диалог-егес	1	Диалогтің аса ширыққан, талқыланатын мәселе жөнінде бірінің ойын бірі жоққа шығарып, ерегістің шыңына жеткен, ымыраға келмейтіндей сөзбен сайысу	Көркем әдебиеттерден, баспасөз беттерінен диалог-егеске мысал тауып, сыныпта талдау көңіл-күйді, жеке көзқарасы немесе келісу/келіспеу ниетін жеткізу
2.3.5.	Диалог-айтыс	1	Толғақты мәселелердің толғауы; ой-пікірлердің өлеңмен өрілуі, саз аспабымен	Ой қақтығысына өзек болған мәселелер жөнінде талқылау, ұсыныс жасау, оны қабылдау немесе

## 8- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
			сүйемелденіп, әнмен, әуенмен астасуы	кейінге қалдыру іскерлігін дамыту
2.3.6.	Нәтиже сабақ	1	Прагматикалық диалог түрлерінің ортақ тұстарын және жеке ерекшеліктерін кестеге түсіру	Баспасөз беттерінен, көркем әдебиеттерден прагматикалық диалогтің бес түріне мысал келтіріп, ерекшеліктерін дәйектеңіз
2.4.	Модальдық диалог түлері	1	Диалогте әңгімелесушілер бірін-бірі көтермелеп, қолпаштап, сыйласымдылық таныту мақсатында тілдесу	Модальдық диалог түрлерін ажырата білу
2.4.1	Диалог-құптау	1	Екі адамның өзара ортақ тақырыптағы ізет білдіруі, қолдау, мақтау мақсатында жағымды, ізгілікті қарым-қатынас жағдайында жүзеге асатын тілдесім	Мәтінді модальдық диалогтің диалог- құптау түріне айналдыру, шақыруды қабылдау немесе қабылдамау іскерлігін жетілдіру
2.4.2.	Диалог-қоштау	1	Екі адамның жақсылыққа ортақтасу, ықыласты пейіл таныту, құрмет көрсету, қолпаштау, мадақтау мақсатында айтылатын тілдесім.	Ұлттық сөз әдебіне тән тіркестерді қолданып, ерекше ықыласпен мадақсөз айту, алғыс айту іскерлігі, өтініш білдіру және жауап қайтару іскерлігін дамыту.

8- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2.4.3.	Нәтиже сабақ	1	Диалог мәтіндердің ортақ мәселелері мен ерешеліктерін анықтап, салыстыру	Әңгімені бастау, әрі қарай өрбіту және аяқтау;
2.5.	Жағдаяттар мен рөлдік ойындар	1	Диалогтік жағдаяттарды орындау талаптары	Рөлдерді өзара бөліп алып, рөлдік ойын ретінде орындау.
III	Қорытынды бағалау			

Берілген мәліметтерге сүйене отырып, таңдау пәні бойынша жаңа оқу бағдарламасы материалдарының тиімділігін тексеру мақсатында қалыптастырушы эксперимент жүргізілді. Эксперимент 17 сағат бойы, аптаның сенбі күндері сабақтан тыс қосымша 2 сағатпен жүргізілді. Эксперимент мақсаты - диалогтік сөз мәдениетін меңгерту арқылы оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын ояту және пәнді оқуға деген ынтасын арттыру.

Білім берудің міндеттері мен мазмұны туралы қысқаша мәлімет беру мақсатында арнайы пәннің тұсаукесері өтілді. Жаңа жүйе, интерактивті әдістердің түрлері, талаптары, жүзеге асырылуы сипаты таныстырылып, қарастырылды. Эксперименттік топ өз еркімен қатысуға және таңдау пәні бағыты бойынша білім алуға қабылданған 92 білім алушыдан құралды. Бақылау тобына таңдау пәніне қатыспаған 76 білім алушылар тіркелді.

Эксперименттік материалдардың тиімділігі 10 және 11 сынып оқушыларының білім деңгейлері салыстырылып, «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау пәні бағдарламасы материалдарының тиімділігін бағалау оқушылардың пән бойынша білімі мен дағдыларын алдын ала және кейінгі бағалауды, сондай-ақ олардың сабаққа қатысуы мен ынтасын бақылау көзделді.

Тәжірибелік-эксперименттік алаң ретінде Түркістан облысы Кентау қаласындағы №1 мектеп-гимназия, Фараби атындағы №14 мектеп-гимназия және А.С.Пушкин атындағы №6 орта мектеп алынды (Қосымша Е). Бақылау экспериментінің алғашқы кезеңінде тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерді талдау арқылы зерттеу жұмысының бағыттары айқындалды. Мектептің жоғары сыныбында «Қазақ тілі» пәнінің оқытылу жайы, оқушылардың диалог, диалогтік сөз және диалогтік сөз мәдениеті бойынша білім, білік, дағдыларын анықтау мақсатында оқушылар арасында сауалнамалар жүргізілді. Бағдарлама мен оқулықтарда жүйеленген білім мазмұны, әдістемелік аппараты диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру тұрғысынан сараланды. Оқушылардың диалогтік сөз мәдениеті бойынша алған білім-біліктері тексерілді. Мектептегі тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысып, талдау жасалынды.

Экспериментке үш мектептен жалпы саны 168 оқушы (10-11-сыныптар), 22 мұғалім қатыстырылды. Сауалнамаға эксперимент жүргізілген мектеп оқушылары мен мұғалімдерін қоса алғанда, Кентау қаласындағы басқа оқу орындарынан және Алматы қаласындағы №73, №123 мектептерінен жалпы 236 оқушы және 62 мұғалім қатысты. Экперимент басталғанға дейін оқушылардың қазақ тілін оқудағы ойларын білу мақсатында ауызша сұхбат-сауалнама жүргізілді (кесте 9/ қосымша Ә).

Кесте 9 – Бақылау кезеңіндегі сұхбат-сауалнама нәтижесі

№	Сұрақ	Жауап нұсқалары	Пайыздық көрсеткіш
1	Қазақ тілін оқытудың мақсаты қандай?	Қазақ тілінің заңдылықтарын білу	43%
		Тілдік талдау жасауға үйрету	17%
		ҰБТ-дан жоғары балл жинау	28%
		Ана тілінде мәдениетті дұрыс сөйлеуге үйрету	12%
2	Сөз мәдениеті деген не?	Өз ойын анық жеткізе білу	13%
		Сөздік қордың жеткілікті болуы	25%
		Дөрекі сөздерді қоспай сөйлеуі	42%
		Басқа адамдармен мәдениетті қарым-қатынас жасауы	20%
3	«Диалог» деген не?	Екі адамның ауызша немесе жазбаша ойын жеткізуі	32%
		Бірнеше адамның әңгімелесуі	68%
4	«Диалогтік сөз мәдениеті» деген ұғым таныс па?	жоқ	78%
		иә	22%

Сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым бөлігі (78%) «Қазақ тілін» пәнін оқытудың мақсатын дұрыс түсінбейтіні: қазақ тілінің заңдылықтарын білу; фонетикалық, синтаксистік талдау жасауға үйрету; ҰБТ-дан жоғары балл жинау деп түсінетіні анықталды. Екінші - «Сөз мәдениеті дегенді қалай түсінесің?» сауалына оқушылардың басым бөлігі «Өз ойын анық жеткізе білу», «Сөздік қордың жеткілікті болуы», «Дөрекі сөздерді қоспай сөйлеу», «Басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы» деген жауап түрлерін берді. Оқушылардың сөз мәдениетіне қатысты жауаптары толық болмағанмен жалпы бағытының оң екендігін дәлелдейді. Үшінші - «Диалог деген не?» сауалына оқушылардың көпшілігі «Бірнеше адамның ауызша немесе жазбаша ойын жеткізуі», «Екі адамның әңгімелесуі» дегеннен басқа жауап бере алмады. «Диалогтік сөз мәдениеті» деген ұғым таныс па?» деген сұраққа көпшілігі (78%) «жоқ» деп

жауап берді. Сауалнама нәтижесін талдасақ, біріншіден, оқушылардың жалпы қазақ тілі курсының мақсатын дұрыс түсінбейтіні анықталды. Екіншіден, диалогтік сөз мәдениетіне қатысты берілген жауаптарда тек қана диалогке анықтама берілуі, оқушылардың «диалогтік сөз мәдениеті» ұғымымен таныс болмауы оқулықтың мазмұнында диалог, диалогтік сөз, оның түрлеріне қатысты білім, білік, дағдыларды меңгертуге мән берілмегендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты оқушылардың диалогтік сөз мәдениетіне қатысты білімін анықтау мақсатында қосымша жауап нұсқалары бар төмендегідей сауалнама ұсынылып, келесідей нәтижелер алынды (кесте 10/ қосымша Б):

Кесте 10 –Диалогтік сөз мәдениеті туралы сауалнама нәтижесі

№	Сұрақтар	Иә	Жоқ	Ойым басқа
1	Мектепте ана тілін оқыту қажет пе?	80%	16%	4%
2	Ана тілі (қазақ тілі) сабағына қызығушылықпен қатысасыз ба?	75%	17%	8%
3	Сыныптастарыңызбен сөйлескенде сөз әдебін сақтайсыз ба?	53%	40%	7%
4	Білім алушылардың мәдениетті сөйлеуіне мұғалімдердің ықпалы бар ма?	78%	13%	9%
5	Мәдениетті сөйлеу әр адамның өзінен басталады дегенге сенесіз бе?	84%	10%	6%
6	Мектепте мәдениетті сөйлеуге үйрету дәрістерінің болғанын қалайсыз ба?	79%	13%	8%
7	«Диалогтік сөз мәдениеті» деген ұғыммен таныссыз ба?	87%	10%	3%
8	Қазақ тілі сабағында диалогтік тапсырмалар орындайсыздар ма?	52%	42%	6%
9	Диалог құру үшін дайындық керек пе?	70%	18%	12%
10	Диалог түрлерін оқу қажет пе?	73%	20%	7%

Оқушылардың басым бөлігі (80%) мектепте ана тілін оқудың қажеттілігін түсініп, қызығушылықпен қатысатыны (75%) белгілі болды. Тең жартысы өзара сөйлесу барысында сөз әдебін (53%) сақтайтындарын айтқан. Оқушылардың жартысына жуығы сөз әдебін сақтамауы (40%), сабақта диалог және оның түрлерін меңгертуге бағытталған тапсырмалардың аздығы (52%), оқушылардың диалог түрлерін оқытудың қажеттілігін түсінуі (73%) эксперименттің негізгі бағытын айқындауға мүмкіндік берді.

Бақылау экспериментінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға кедергі келтіретін объективті және субъективті себептері көрсетілді.

Сауалнамалар нәтижесінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға кедергі келтіретін төмендегідей факторлар анықталды:

- қазақ тілін оқытудың мақсатын оқушылардың қазақ тілінің заңдылықтарын білу деп түсінуі;
- қазақ тілі пәнінің білім мазмұнына диалогтік сөз мәдениетін оқытудың қарастырылмауы;
- диалогтік сөз бен оның түрлерінің сөз мәдениетінің аясында қарастырылмауы;
- диалогтің жай ғана адамдардың сөйлесуі деген тар ұғымның шеңберінде қалуы;
- адам өмірінің мәні мен мақсаты сөйлесу, ұғынысу арқылы жүретініне мән берілмеуі және білім беруде әлі де адам факторының толық ескерілмеуі.

Бұл анықталған факторлар эксперименттің келесі кезеңінің бағытын анықтап, диалогтік сөзді оқытуға байланысты әдістемелік жұмыстарды жоспарлауға негіз болды.

Білім беру үдерісінің тиімділігі мен сапасын қамтамасыз етуде мұғалімнің рөлі ерекше және шешуші. Мұғалімдер оқушылардың оқу тәжірибесін, жеке дамуын және жалпы табысын қалыптастыруда көп қырлы және ықпалды рөл атқарады. Осы себепті келесі кезекте жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін оқытуға байланысты жүргізілетін жұмыстардың деңгейін анықтау мақсатында мектеп мұғалімдеріне сауалнама жүргізілді (кесте 11/ қосымша В). Сауалнама сұрақтарында мұғалімнің диалог түрлерін оқыту арқылы оқушылардың (жеке ерекшелігін ескере отырып) жұпта, топта жұмыс істеуін, сабақ үстінде бір-бірімен қарым-қатынаста болуын, тапсырманы бірлесіп орындауларын қамтамас ететін әдіс-тәсілдермен қаншалықты таныс екендігін анықтау көзделді.

Кесте 11 - Мұғалімдерге арналған сауалнама

Төменде көрсетілген әдіс-тәсілдердің қайсысын қолданасыз?	жиі	кейде	жоқ
1	2	3	4
1. Түсіндіру-көрнекілік әдісі Оқу материалдарын кеңінен түсіндіре отырып, көрнекілік құралдарын қолдану арқылы тақырыпты жеткізуді көздейді. Оқытудың бұл түрінде тындап-түсіну және есте сақтау үрдісі басым болады.	78%	18%	4%
2. Репродуктивті әдіс Тақырыпты меңгеру үлгі немесе ереже негізінде жүзеге асырылатын әдіс, білім алушылардың қызметі алгоритмдік сипатта орындалады, яғни нұсқаулықтар, ұйғарымдар, ережелер бойынша көрсетілген үлгіге ұқсас жағдайларда жүргізіледі.	82%	11%	7%

11-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<p>3. Проблемалық оқыту</p> <p>Проблемалық оқыту - мұғалімнің басшылығымен проблемалық жағдайларды жасай отырып, білім алушылардың танымдық қызметін дамыту, белсенділігін арттыру, өзіндік жұмыстарды жүргізу және жағдаяттардың болжамды шешімін табуға арналған сабақтар түрлерін ұйымдастыру, соның нәтижесінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыларды, шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>М. Н.Скаткинге сәйкес проблемалық оқыту келесі әдістердің көмегімен мыналар жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. тақырыпты проблемалық сұрақтармен бастау,</li> <li>2. ақпаратты проблемалық баяндау,</li> <li>3. ішінара іздеу немесе эвристикалық әдіс,</li> <li>4. зерттеу әдісі.</li> </ol>	85%	10%	5%
<p>4. Оқытудағы проблемалық мазмұндау әдісі</p> <p>Әр түрлі ақпараттық көздер мен оқыту құралдарды пайдалана отырып, мұғалім материалды баяндамас бұрын мәселемен таныстырады, танымдық қызметін қалыптастырып, содан кейін дәлелдемелерді тізбектеп, әр түрлі тәсілдерді салыстыра отырып, қойылған міндетті шешу амалын көрсетеді.</p>	74%	20%	6%
<p>5. Ішінара-іздеу немесе эвристикалық әдіс</p> <p>Мұғалімнің басшылығымен немесе бағдарламалар, нұсқаулар негізінде оқудағы танымдық қызметтерін белсендіру, шешім табуды ұйымдастыру. Ойлау процесі продуктивті сипатқа ие болады, бірақ бұл ретте мұғалім немесе оқушылар кезең-кезеңмен бағдарлама (соның ішінде компьютерлік бағдарламалар) және оқу құралдары арқылы негізінде өздерін бағыттайды және бақылайды.</p>	83%	10%	7%
<p>6. Оқытудың зерттеу әдісі</p> <p>Тақырыпты талдағаннан, проблемалар мен міндеттерді анықтағаннан соң және ауызша немесе жазбаша нұсқаулықтардан кейін білім алушылар өз бетінше әдебиеттерді, ақпарат көздерін зерделейді, бақылау мен өлшеулер жүргізеді және ізденімпаздық сипатындағы басқа да іс-әрекеттерді орындайды). Бастамашылық, өзбетінше жұмыс жасау, шығармашылық ізденіс қабілеттерін зерттеу барысында</p>	85%	9%	6%



11-кестенің жалғасы

1	2	3	4
барынша толық көрінеді. Оқу жұмысының әдістері тікелей ғылыми зерттеу әдістеріне ұласады.			
7. Оқытудың үлгілеу әдісі Іскерлік ойындар түріндегі сабақтар, сабақ-сот, сабақ-аукцион, сабақ-пресс-конференция және т. б.	79%	14%	7%
8. Жоба әдісі Белгілі бір проблеманы оқушылардың өздігінен немесе ұжыммен біріге отырып шешуге бағыттайтын, міндетті түрде жұмыс нәтижесін ортаға жария етуге мүмкіндік беретін оқу-танымдық тәсілдер жүйесі.	72%	19%	9%
9. Ізгілік-тұлғалық технологиялар Баланың жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеу, жаны мен жүрегіне жылулық ұялату, танымдық қызметін қалыптастыру және дамыту, алған білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасау. Рухани жетілдіру. Бала психологиясын дамытуға, есейтуге және еркіндік құштарлығын қалыптастыруға баулу. Әдістеме ерекшеліктері: адамгершілік; жеке ықпал; қарым - қатынас шеберлігі	86%	10%	4%
10. Бінтымақтастық технологиялары Білім алушымен мен мұғалімнің арасындағы қарым – қатынастың тең дәрежеде жүзеге асуы, бірлік одақта қызмет етуі, мұғалімнің оқушыға басымдылық көрсетпеуі, оқушыға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиелеуді ұштастыру, бір мақсатқа жетуге бағытталған, бірлескен іс - әрекет.	81%	15%	4%
11. Еркін тәрбие технологиясы Білім алушыға үлкен немесе аз таңдау жасау еркіндігін беру. Өз таңдауын жасай отырып, білім алушы сыртқы әсерден емес, ішкі ниеттің нәтижесінде жетістікке жету, субъективтік ұстанымын жетілдіру.	72%	18%	10%
12. Сын тұрғысынан ойлау – Ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.	77%	15%	8%
13. Кластерлер/ой шақыру Тақырыпты таныстыру кезеңінде де, рефлексия кезеңінде де қолданылады. Мәтінде сипатталған қандай	82%	14%	4%

11-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<p>да бір ұғымға, құбылысқа, оқиғаға қатысты ақпарат өрмек-тор түрінде жүйеленеді. Өрмек-торда негізгі ұғым беріледі. Оның әр тармағына білім алушылар негізгі ұғымға логикалық байланысты анықтамалар мен тұжырымдарды орналастырады. Нәтижесінде тақырып бойынша тірек сөздер алынады.</p>			
<p>14. Болжамдар ағашы Бұл әдіс әңгіме айту, баяндау, сюжеттік мәтіндер желісін дамытуға болжам жасауға көмектеседі. Орындалу ережелері мынадай: оқушылардың ықтимал болжамдары әңгіменің соңын үлгілейді. Ағаш діңгегі - тақырып, бұтақтар - екі негізгі бағыт бойынша жүргізілетін жорамалдар - «мүмкін» және «ықтимал» («бұтақтар» саны шектелмеген) және ақырында «жапырақтар». Бұл жорамалдардың негізі, әр пікірдің дәлелдемелері. «Болжамдар ағашын» қандай да бір проблеманы талдау, мәтінді талқылау, оқиғаларды болжау мақсатында лексиканы бекіту кезеңінде пайдаланған жөн.</p>	74%	18%	8%
<p>15. Инсерт «Инсерт» технологиясы және «Инсерт» кестесі ақпаратты жинақтау процесі, «ескі» білімнен «жаңаға» жол ашу. Орындалу реті: - кестеге енгізілген жазбаларды немесе мәтінді талқылау « V « - білгенмін « + « - жаңа ақпарат «- « - басқаша ойладым, «? « - түсінбедім, сұрақтар бар.</p>	65%	28%	17%
<p>16. Жұмбақ Тілді оқытудың кез келген сатысында лексикамен жұмыс істеу кезінде тиімді. Оқыған лексикалық бірліктерді білім алушының жадында белсендіруге мүмкіндік береді және жадының әр түрлі түрлерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл әдісті лексикалық бірліктерді енгізу үшін тақырып бойынша сабақтың бастапқы кезеңінде қолдануға болады.</p>	69%	21%	10%
<p>17. Зигзаг-2 Білім алушылардың белгілі мәселе бойынша жұппен немесе шағын топтарда жұмысын ұйымдастыру талап етіледі. Жұмыс барысында жаңа идеялар ұсынылады. Бұл идеялар мен пікірлер талқыланады</p>	73%	20%	7%

11- кестенің жалғасы

1	2	3	4
талданады. Шешімдер ымыраласу негізінде де, әріптестерінің ұсынған құнды пікірдің бірін таңдау негізінде жүзеге асады.			
18. Борт журналы Борт журналдары- жазуға үйретуге бағытталған түрлі тәсілдерінің жалпылама атауы, оған сәйкес оқушылар тақырыпты тану кезінде өз ойларын жазып отырады. Оқуға немесе жазуға үйретуге арналған тапсырмаларды орындауда Борт журналы әдісі қолданылып, білім алушылар келесі сұрақтарға жауап жазады: - осы тақырып бойынша маған не мәлім еді? - мәтіннен не білдім?	58%	30%	12%
19. Жеке қос күнделік Білім алушыға мәтін мазмұнын өзінің жеке тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді.	64%	30%	6%
20. Үзілістермен оқу (көру, тыңдау) Проблемалық мазмұнды мәтінді оқу кезінде, сондай-ақ аудиалды және көрнекі құралдармен жұмыс кезінде тиімді. Бұл тәсіл материалды егжей-тегжейлі өңдеуге көмектеседі, білім алушылардың қиялына ерік беріп, жағдаятты немесе оқиғаны сыни бағалайды, өз пікірін айту мүмкіндігіне ие болады. Лексика-грамматикалық дағдылары қалыптасқан болу керек, себебі білім алушылардан монологтік пікір айту талап етіледі.	68%	24%	8%
21. Су бетіндегі шеңберлер Білім алушылардың білімін және олардың сөйлеу белсенділігін арттыру. Бұл тәсіл бойынша тақырыпқа қатысты басты ұғым, құбылыс тірек сөз бола алады. Сол тірек сөз бағанаға жазылады және тірек сөздің әр дыбысынан басталатын тақырыпқа сәйкес сөздер (зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, тұрақты сөз тіркестері) таңдалады. Бұл жұмыс сыныпта басталып, үйде жалғасуы мүмкін шағын зерттеу жұмысы.	79%	16%	5%

Ұсынылған сауалнама нәтижелері бойынша мұғалімдер жиі қолданатын әдістер репродуктивті әдіс (82%), проблемалық оқыту (85%), эвристикалық әдіс (83%), кластерлер/миға шабуыл (82%), оқытудың зерттеу әдісі (85%), және ізгілік-тұлғалық технологиялар (86%). Бұл әдістер мұғалімдер арасында ең танымал болып көрінеді, себебі аталған әдістер білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуына және тақырыпты талдау барысында қызығушылықтарын

арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар сыни ойлау мен тұлғаның өсуіне ықпал етеді деп түсінеді.

Мұғалімдердің басқа әдістерді қолдану көрсеткіштері бойынша түсіндіру-көрнекі әдіс (78%), оқытудың жобалау әдісі (79%), болжау ағашы (74%) және Зиг-заг-2 (73%). Бұл әдістер оқыту мен оқудың түрлі стильдері мен қызығушылықтары әртүрлі білім алушының сұранысын қанағаттандыру мақсатында сирек қолданылғанын байқаймыз. Тұтастай алғанда, сауалнама нәтижелері мұғалімдердің оқыту әдістерінің әртүрлі спектрін қолданатынын көрсетеді, кейбір әдістер басқаларға қарағанда танымал, жиі қолданылатынын көрдік. Әдісті таңдау көбінесе оқытылатын пәнге, оқушылардың жасы мен деңгейіне, мұғалімнің оқыту стилі мен білім алушының сұранысына байланысты таңдалатынын байқалды.

Мұғалімдердің сабақтарына қатысу, күнделікті сабақ жоспарларын талдау, сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстарының жоспарымен танысу, тәжірибелі мұғалімдермен әңгімелесу нәтижесінде диалогтік сөз мәдениетін оқытудың қажеттілігі айқындала түсті. Өкінішке орай, диалогтік сөз мәдениетінің білім мазмұнына енгізілмеуі оқушылардың түрлі өмірлік жағдаяттарда, өз қатарластарымен тіл табысуда, ресми тілдік қарым-қатынаста, күнделікті сөйлеу мәдениетінің төмендеуіне әкеліп отыр.

Ата-аналар да оқушының сөйлеу дағдыларының төмен болуының себебін қазақ тілі пәнінде білім мен өмірдің арасындағы байланыстың әлсіздігінен деп санайды. Қазақ тілін оқыту үрдісінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға кері ықпал ететін себептер: қазақ тілі пәнінің мазмұнында диалог адам мен адамның, адам мен қоғамның ұғынысатын негізгі құралы ретінде қарастырылмауында, яғни диалогтік сөз мәдениетін меңгертуге қажетті әдістемелік жүйенің жеткіліксіздігі; оқушының өміріне қажетті дүниелік білімнің кем болуы; мектеп мұғалімдерінің басым бөлігінің тілдің практикалық жағына мән бермей, білімді өмірлік дағдымен байланыстыра алмауы; диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру заман талабы екендігін толыққанды түсіне алмай отырғандығы; жоғары сынып оқушылардың әлеуметтенуіне жол ашатын топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстардың өз деңгейінде жүргізілмеуі.

Зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін жетілдіруге жол ашатын бағыттар айқындалды. Екіншіден, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-әдістемелік еңбектер мен айқындалған жаңа бағыттар талданды. «Қазақ тілі» пәнінің білім стандарты мен оқу бағдарламасының, қазақ тілі оқулықтарының білім мазмұнында диалог және оның түрлерінің жүйеленуіне сараптамалық талдау жасалып, пәннің нормативтік-базалық құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендеріндегі жетістіктер мен кемшілік тұстары сараланды. Талдау нәтижесінде: біріншіден, жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін оқытудың мақсаты, ұсынылатын білім мазмұны мен оны меңгертудің нәтижелері анықталды. Екіншіден, қазақ тілі бойынша меңгертілетін тілдік дағдыларды диалогтік сөз мәдениетінің талаптарымен ұштастыра отырып жетілдірудің жолдары айқындалды.

Үшіншіден, қалыптастыру экспериментін жүргізудің жоспары әзірленді. Нәтижесінде: қолданыстағы пәннің стандарты мен оқу бағдарламаласындағы жаңашылдық сипаттарды білім берудің жаңа талаптарының үлгісіне сәйкес жетілдіруде, пәндік күзіреттіліктерді жүйелеу барысында өзек етіп алуға толық болатыны анықталды:

- білім стандарты мен оқу бағдарламасында диалогтің теориялық жағын, оның тектері мен түрлерін, ерекшеліктерін оқытуға мән бермей, диалогтік мәтіндерден бейресми ауызекі сөйлеу тіліне тән белгілерді анықтау, сөйлеу стиліне қарай талдау жасау, сөздердің ықшамдалуына назар аударылумен шектеліп, оқушылардың диалогтік сөйлеу мәдениеті мен дағдыларын дамытуға мән берілмеген;

- пәннің білім стандартындағы сөйлесім әрекетінің түрлеріне қойылатын талаптарда оқушының диалогтік сөйлеу дағдысына қатысты талаптар жүйеленбеген;

- оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптарда негізінен оқып баяндау, талдау, өз ойын білдіру, негіздеуді қажет ететін монологтік сөз мәдениетін дамытуға басымдылық берілген.

Нәтижесінде жоғары сыныпта диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың, диалогтің тектері мен түрлерін оқытудың жағдайы талданып, төмендегідей мәселелер өзектендірілді:

1) жоғары сыныпта қазақ тілі пәнін оқытудың қатысымдық бағдарын жетілдіру;

2) қазақ тілінің білім мазмұны айқындалатын оқу бағдарламасында диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға қатысты талаптарды ендіру;

3) оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда диалогтің тектері мен түрлерін, тілдік ерекшеліктерін меңгерту мақсатында жүйелі тапсырмалар кешенін ұйымдастыру;

4) кәсіби-бағдарлы жағдаяттарға байланысты диалогтік сөз мәдениетін меңгертуге бағытталған тапсырмалар мен жаттығулар құрастыру;

5) білім алушылардың қажеттіліктері мен жеке бас ерекшеліктеріне сай диалогтің тектері мен түрлерін меңгерту арқылы сыни ойлауға жетелейтін, креативті тапсырмалар ұйымдастыру;

6) қазақ тілін меңгертудің нәтижесі білім алушылардың сөз мәдениеті талаптарына сай қарым-қатынасқа түсе алуы;

7) оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарын құрастыруда білім алушылардың талап-тілектері мен қажеттіліктерін ескеріп, диалогтік сөз мәдениетін меңгертуге басымдылық беру.

Келесі кезекте қазақ тілінің мазмұнын белгіленген бағыт бойынша жетілдіруге қатысты көзқарастары мен ұсыныстарын анықтау, диалогтік сөз мәдениетін оқытудың мәнін түсіну, оның пән мақсатымен бірлігін қалай шешетіндігін, оқыту үдерісінде диалогті оқытуға байланысты қандай әдістерді қолданатынын зерттеу мақсатында мұғалімдерге арнайы дайындалған сауалнамалар таратылып, әңгіме өткізілді (кесте 12).

Кесте 12 - Эксперименттен кейінгі мұғалімдерге арнайы сауалнамалар

Сұрақтар	Пайызы
Қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсатыңыз не? - пәнді оқытудағы басты мақсатымыз ана тілінде сауатты әрі еркін қарым-қатынасқа түсіп, - өз ойын жүйелі түрде дәл жеткізуге үйрету	80% 20%
Қазақ тілін оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді жиі қолданасыз? - классикалық сұрақ-жауап - танымдық әдісті қолданамын - білім берудің жаңа технологияларын қолданамын	45% 35% 20%
Қазақ тілінен диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру дегенді қалай түсінесіз? - ана тілінде дұрыс, орынды және жүйелі сөйлей алуы; - ауызекі сөйлеуде этикалық норманың сақталуы; - сауатты сөйлеу; - бағдарламадағы анықталған талаптарға қол жеткізуі; - тілдік талдауларды сауатты жасау.	45% 25% 18% 8% 4%
Оқушы білімін қалай бағалайсыз және оны бағалауда қандай ұстанымға сүйенесіз? (Ашық сұрақ) - әділ бағалаймын; - оқушылардың өздеріне бағалатамын, сосын өз бағамды беремін; - талдау түрлерін дұрыс жасауын; - ережелерді жатқа айтуын; - сөздік қорының молдығын; - ойын жүйелі жеткізуін бағалаймын.	

Әңгімелескен мұғалімдердің 80%-ы «Қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсатыңыз не?» деген сұраққа «пәнді оқытудағы басты мақсатымыз ана тілінде сауатты әрі еркін қарым-қатынасқа түсіп, өз ойын жүйелі түрде дәл жеткізуге үйрету» деп жауап берді. «Қазақ тілін оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді жиі қолданасыз?» деген сауалға 45%-ы «классикалық сұрақ-жауап», 35%-ы «танымдық әдісті қолданамын» десе, 22%-ы «білім берудің жаңа технологияларын қолданамын» деп жауап берген. Қалған мұғалімдер сатылай кешенді технология, талдау түрлері, жазбаша жұмыстарды орындату және т.б. әдістерді атады. «Оқушы білімін қалай бағалайсыз және оны бағалауда қандай ұстанымға сүйенесіз?» деген сауалға «әділ бағалаймын», «оқушылардың өздеріне бағалатамын, сосын өз бағамды беремін», «талдау түрлерін дұрыс жасауы», «ережелерді жатқа айтуы», «сөздік қорының молдығына қараймын», «ойын жүйелі жеткізуін бағалаймын» және т.б. жауаптар түрлері ұсынылды.

Эксперименттің бақылау кезеңінің нәтижесі отандық және шет елдердің білім беру саласындағы жетекші пікірлерге бағыт ұстанып, жоғары сынып оқушыларына ана тілін оқытуда келесідей тұжырымдарды басшылыққа алуын көздеді:

- ана тілін оқытудың негізгі мақсатын қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру деп нақтылау;

-қазақ тілін қатысымдық-танымдық тұрғыда меңгерту;

-ана тілінің коммуникативтік, білімділік, әлеуметтік, ұлттық негіздерін бірлікте оқыту;

- қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың креативті және сыни ойлауын, жұптасып жұмыс істеуін оның даралық қабілеттерін жетілдірудің өзегі ету;

-«Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын оқушының өмірлік дағдыларын жетілдірудің қайнар көзі ретінде ұсыну;

- сөз мәдениетін дамытуда ана тілінің қуатын пайдалану; жоғары сыныпта қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесін зерттеу мақсатына сай жүйелеу.

Осы аталған бағыттардың қай-қайсысы да оқушының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға айрықша мән берудің қажеттігін бекіте түсті. Қазақ тілі сабақтарында оқушының тілдің әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынастық, тұлға қалыптастырушылық қызметін түсінуін қамтамасыз ету қажет. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру, алдымен, оқушының қарым-қатынастық, ойлау, тыңдау, сөйлеу қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асады. Білім алушы мектептегі пәндердің өзінің болашақ өміріне қажеттілігін түсінгенде (мамандық таңдау, ЖОО-на түсу, жақсы жұмысқа орналасу және т.б.) оқуға деген саналы көзқарасы қалыптасып, әлеуметтік мотивтері ояна бастайды. Бұл мәселелер диалогтік сөз мәдениетін меңгертумен тығыз байланысты, себебі өзін таныту, қоғамға кірігу тіл арқылы жүретіні белгілі. Сондықтан диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға байланысты айқындалған зерттеудің болжамы белгіленген мақсат-міндеттердің дұрыстығын, шынайылығын айқындады.

*Бақылау кезеңіндегі сараптау нәтижелері* оқушылардың тілді үстірт оқитындықтарын байқатты. Өз ойларын ана тілінде жүйелі жеткізуге қиналу, диалогтің түрлерін білмеу; ерекшеліктерін ажырата алмау; этикеттік орамдарды қолданбау, диалог тектерін білмеу олардың басым бөлігіне тән болды. Жазбаша және ауызша диалогтік мәтіндердің түрлерін ажырата алмай, диалогтік сөз түрлерінің ерекшеліктерін түсінбей, оқушылардың диалог құру барысында ойын жүйелі жеткізе алмайтындары, қате сөздерді жиі қолданатыны анықталды. Бұдан байқалғаны оқушылар диалогтің тектерін білмейді, түрлерін ажырата алмайды. Оқушылар білімін тәжірибе жүзінде, сөйлеу практикасында қолданбайды. Мәтіндерді диалогтік сөз түріне қарай талдамаған, түрлерін ажыратпаған.

Алынған нәтижелерді талдау барысында оқыту үдерісінде кездесетін кемшіліктер мен олардың туындау себептері айқындалып, тұжырым жасалды. Болашақта жасалатын эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің мақсаты мен міндеттері белгіленіп, эксперименттің келесі сатысында өткізілетін іс-шаралар және оларды жүзеге асырудың жолдары нақтыланды.

Тәжірибенің қалыптастыру кезеңінің мақсаты – жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға қажетті таңдау пәнінің білім мазмұнын іріктеу, зерттеу мәселесіне қатысты ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік бақылау арқылы анықтау.

Белгіленген мақсатты іске асыру үшін төмендегідей міндеттер айқындалды:

- қалыптастыру экспериментінің ұйымдастырушылық-әдістемелік шаралар жоспарын жасау;

- эксперимент сыныптарын нақтылау;
- тәжірибе өткізетін мұғалімдермен арнайы сұхбат өткізу;
- эксперимент сабақтарының жоспарын құрастыру;
- тәжірибелік байқаулар ұйымдастыру.

Білім беру эксперименті екі кезеңнен тұрды: бірінші кезеңде 10-11-сынып «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламалары, оқулықтары және зерттеу тақырыбына қатысты оқыту үдерісіне талдау жасалды. Бағдарлама берілген пәннің білім мазмұны негізінде заманауи оқу-әдістемелік кешендер мен интербелсенді әдістерді қолдану арқылы зерттеу мәселесі бойынша қосымша тапсырмалар жүйесі дайындалып, олардың тиімділігі сынақтан өткізілді.

Қолданыстағы оқулықтарға жасалған талдау нәтижелері осы тараудың 3-бөлігінде баяндалды. Келесі кезеңде бақылау сыныптарына 10-сыныптың Н.Уәли, Ө.Қыдырбекұлының авторлығымен дайындалған «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті» оқулығына және 11-сыныптың Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Ш.Есмағанбетовалардың авторлығымен шыққан «Қазақ тілі» оқулықтарының материалдары негізінде қосымша тапсырмалар жүйесі дайындалды.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде зерттеу тақырыбының көздеген мақсатына сай ұсынылған білім мазмұны, оны игертудің интерактивтік әдістері мен тапсырмалар экспериментке қойылды. Оқу үдерісін бақылау арқылы диалогтік сөз мәдениетін жетілдіру осы кезеңдегі негізгі міндеттердің бірі етіп белгіленді.

Қалыптастырушы эксперименттің бастапқы кезеңінде 10-11-сыныптарды «Қазақ тілі» пәнінен сабақ беретін мұғалімдермен диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың жолдарына байланысты алдын-ала әңгіме-сұхбат жүргізіліп, эксперименттің мақсаты түсіндірілді. Сабақтарға қатысу нәтижесінде оқушылардың диалогтік сөйлеуін қадағалауға мүмкіндік туды. Интербелсенді әдістер негізінде оқушылардың креативті ойлауын дамытатын түрлі тапсырмалар білім алушылардың алған білім, білік, дағдыларын шынайы жағдаяттарда қолдануларына жол ашты. Келесі кезекте қалыптастыру экспериментінің мақсаты анықталып, міндеттері нақтыланды.

*Эксперименттің қалыптастыру кезеңін ұйымдастыру шаралары жасалды:*

- зерттеу мәселесі сыналатын эксперимент және бақылау сыныптары анықталып, жоспар жасалды;

- қолданыстағы білім мазмұнына сәйкес қосымша тапсырма үлгілері дайындалды;

- сынақтың (эксперименттің) негізгі кезеңінде зерттеу мәселесіне қатысты зерттеу мақсатына сай ұсынылып отырған әдістемелік жүйеге сәйкес арнайы сабақтар жүргізілді.

Зерттеу қорытындылары бойынша бейіндік мектеп оқушыларына арналған «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау пәнін оқытудың әдістемелік жүйесінің моделі



жасалды (қосымша Д). Модельде жоғары сынып оқушыларының сөз мәдениетін дамытудың әдістемелік жүйесі көрініс тапты. Атап айтанда:

1. жоғарғы сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін оқытудың мақсаты мен мәндеттері айқындалып берілді;

2. «Диалогтік сөз мәдениеті» таңдау пәнінің білім мазмұны анықталып ұсынылды: мазмұны екі модульден тұрады.

I модуль - Диалогтік сөз әдебі: Теориясы мен қағидалары

II модуль - Диалогтік сөз тектері мен түрлері: қолданым мәдениеті»;

3. Оқыту ұстанымдары нақтыланды:

- кәсіби бағдарлылық ұстанымы

- интерактивтік оқыту ұстанымы

- креативтілік ұстанымы

4. Сөз мәдениетін оқытудың ұжымдық, жұптық формалары және оларды жүргізудің тәсілдері: «Бірге ойлаймыз» проблеманы шешуге немесе шешім қабылдауға топтық немесе ұжымдық тәсіл ұсынылды, мұнда оқушылар ұжымдық шешімге келу үшін идеялар мен пайымдауларды бөлісу үшін бірге жұмыс істеу көзделді. «Иық тірескен шеңбер» шеңберде тұрып, қолдарын бір-бірінің иығына қою арқылы бірлік сезімін немесе топтық рухты қалыптастыру үшін қолданылды. «Сұхбат алу» оқушылар бір-бірінен түсінік алу үшін сұрақтар қоя отырып, қарым-қатынас жасап, ақпарат жинау әдісін қолданды. «Аквариум» жұп терапиясы кеңес беру мақсатында қолданылды. Бұл оқыту формалары ұжымдық және жұптық контексте бірлесіп жұмыс істеуді және ынтымақтастықты дамытуды көздеді.

5. Сөз мәдениетін оқытудың интерактивті әдістері мен технологияларының тиімділігі (коммуникативті, ізгілендіру, жобалау, тұлғалық бағдарлау, сыни ойлау, ақпараттық-сандық) эксперимент жүзінде дәлелденіп ұсынылды;

6. Диалогтік сөз мәдениетін оқытуда орындалатын жаттығулар («ойшақыру», «Блум таксономиясы» деңгейлеріндегі жаттығулар, «шығармашылық шабыт», «еріксіз дебат», сұхбат) мен тапсырма түрлері («телеграмма», «тақырыптық теннис», «ойшыл қалпақтар», «инсерт» әдісі, «сөздер банкасы», «желпуіш» әдісі, «блиц кездесу») жүйеленді;

7. Жоғары сыныпта диалогтік сөз мәдениетін оқыту нәтижесінде оқушылардың әлеуметтік-қоғамдық ортада қазақ тілінде сөз мәдениеті талаптарына сай қарым-қатынас жасауына негіз болатын, ХХІ өмір сүретін Z ұрпаққа қажетті 4К моделінің икемді дағдылары: сыни және шығармашылықпен ойлау, коммуникативтілік, топта жұмыс жасау алу қабілеттері дамиды.

**Қалыптастырушы кезеңде ұсынылған сабақ үлгісі**

**Диалог-сұхбат**

**Ойшақыру кезеңі**

**1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Ресми кездесулерде сұхбат қандай стильде жүреді?

2. Ресми сұхбаттарда қандай сөз оралымдары қолданылады?

3. Диалог-сұхбаттың тақырыбы неге арналады?

4. Пікірлесушінің ойын қолтағанда қандай сөз оралымдарын қолданасың?

## **Мағынаны тану кезеңі**

Диалог-сұхбатта тараптар әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскерлік жағдаяттарда пікірлеседі. Диалог-сұхбатқа тән белгілер: ресмилік, арнайы тақырыпқа құрылуы, белгілі бір мақсаттың қойылуы, өзекті проблеманың көтерілуі, іскерлік қатынас тілінде жүзеге асуы, этикеттік сөз орамдарының қолданылуы. Диалог-сұхбатқа қызмет бабындағы іскерлік әңгімелер, жұмысқа қабылдау алдындағы ресми әңгімелер, БАҚ қызметкерлері жүргізетін арнайы сұхбаттар және т.б. жатады.

## **Оқылым**

**1-тапсырма. «Ақjunis7 kz» журналының тілшісі Сәуле Әбединова мен белгілі режиссер Болат Ұзақовтың сұхбатын оқы.**

*Сәуле Әбединова:*

– Сіз басқа режиссерлер секілді пьеса, инсценировка жазасыз ба?

*Болат Ұзақов:*

– Қазақ театрын әлемге танытқан – инсценировка. Оны дамытқан – режиссер Әзірбайжан Мәмбетов. Ол Ш.Айтматовтың «Ана – Жер Ана», «Ғасырдан да ұзақ күн», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» және т.б. шығармаларды сахналады. Үлкен полотнолар тудырды. Сол арқылы режиссер ретінде өзі де әлемге танылды, қазақ театрын да биік белеске көтерді.

Пьеса жазу үшін драматургияның не екенін, оның заңдылықтарын білу керек. Пьесаның не екенін білмей, бір пьеса оқымай, драматургияға баруға болмайды. Дулат Исабеков, Әкім Таразилер драматургияның майталмандары. Бұл қаламгерлер драматургияның биік белесіне шыққан қаламгерлер.

*Сәуле Әбединова:*

– Менің байқауымша, тарихи шығармаларға деген қызығушылығыңыз ерекше сияқты?

*Болат Ұзақов:*

– Ол рас, сіз дұрыс байқадыңыз, мені қазақ тарихы ерекше қызықтырады. Өйткені өз ұлтымды ерекше жақсы көремін, өзге ұлттарға ұқсамайтын қасиеттерін қастерлеймін. Қазақ ұлты қабілетті, нені болса да тез меңгеретін ерекше талантты ұлт. Осындай ұлы халықтың адал ұлы ретінде еліме қызмет етіп, өз үлесімді қосқым келеді. Өз-өзіңе «бұл өмірде не істедім?» деп сұрақ қойғанда, жауабыңа өзің аз да болса қанағаттануың керек қой... Сондықтан менің мақсатым – ұлтымның тарихын сахнада бейнелеу. Тарихи шығарманы сахналау өте қиын. Ол үшін ұзақ іздену және көп оқу керек.

*Сәуле Әбединова:*

– «Абылай ханның арманын» қойдыңыз. Менің пайымдауымша, Абылайдай тарихи алыпты сахнаға шығару үшін жүрек жұтқан батыр болу керек

*Болат Ұзақов:*

– Театрдың «батыры» болу керек... Абылай ханды бұған дейін мықты режиссерлер сахнаға шығарды. Мен оларды қайталамауым керек. «Абылай қазақтың ел болуына еңбек сіңірді» дейміз. Ал «қандай еңбегі бар? Нақты не істеді?». Ол мықты саясаткер болған. «Абылай» деген екі томдық тарихи-деректі

кітапты тауып оқып, зерттедік. Үш жүздің басын қалай қосқаны, елді қалай аман сақтағаны, Қытайға, Ресейге қалай елші жібергені, шиеленістерді қалай шешкені... – бәрі анық жазылған. Нақты құжаттармен берілген. Мұнда Абылайдың даналығы, көшбасшылығы, саясаткерлігі, батырлығы дәлелді жазылған. Қойылымда Абылайдың осы образын сомдауды көздедік.

*Сәуле Әбединова:*

– Әңгімеңізге рахмет! Шығармашылық табыс тілеймін!

*Сұхбаттасқан*

*Сәуле Әбединова*

*«Ақжүніс-Астана» журналы*

### **Айтылым**

#### **2-тапсырма. Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Сұхбатқа қатысушылар кімдер?
2. Диалог қандай мақсатта жүргізілген: ақпарат алу, ой-пікірді жеткізу, көзқарасты білу, сұхбат берушінің деңгейін бағалау ма? Ойынды дәлелде.
3. Тілші өзіне қажет ақпаратты алуы үшін қандай этикеттік сөз орамдарын қолданған? Олардың диалогті өрбітудегі рөлі қандай?
4. Диалогке қандай мәселе арқау болған?
5. Диалог аяқасты болған ба, әлде арнайы ұйымдастырылған ба? Ойынды дәлелде.

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықта. Сол туралы парталас оқушымен сұхбат құру мақсатында бірнеше сұрақ дайында, сұхбат жүргіз.

3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сен журналист болсаң, Б.Ұзақовқа тағы қандай сұрақ берер едің? Сұрақтарыңды дайындап, біреуің тілші, біреуің режиссер болып, парталас оқушымен сұхбат құрыңдар. Ұлттық сөз әдеби оралымдарын қолданыңдар.

4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Парталас оқушымен бірігіп, әрқайсысың өздеріңнің болашақ мамандықтарыңа байланысты еңбек етіп жүрген тұлғадан сұхбат алу мақсатында бірнеше сұрақ дайындаңдар. Сұрақтарды дайындау барысында сол салаға қатысты кәсіби сөздерді пайдаланыңдар. Кезектесіп сұхбатты орындаңдар.

5-тапсырма. Көркем шығармалардан достық ниеттегі ақпарат алмасу, ой бөлісу, көзқарасты білу мақсатында жүргізілген мамандықтың қыр-сырын анықтауға бағытталған диалогтерді тауып, мысал келтір.

6-тапсырма. «Кейіпкерлер рөліне еніңдер» рөлдік ойыны.

Тақтаға бірнеше пікір жазылады. Оқушыларға белгілі бір кейіпкер жазылған кеспе қағаздар таратылады. Оқушылар кейіпкер рөліне еніп, жауап беруі қажет. Кейіпкерлер тобы: оқушы, дәрігер, құрылысшы, мұғалім, кәсіпкер, зейнеткер, президент, заңгер, отан қорғаушы.

1. Қазақ халқының өзге ұлттарға ұқсамайтын бір қасиеті бар. Соның бірі ...
2. Қазақ ұлты қабілетті, нені болса да тез меңгеретін ерекше талантты ұлт.
3. Қазақтай ұлы халықтың адал ұлы ретінде еліме қызмет етіп, өз үлесімді қосқым келеді...
4. Менің мақсатым – ...

## Оқылым

3-тапсырма. BAQ.KZ порталының тілшісі мен Анар Фазылжанованың сұхбатын оқы.

### Айтылым

4-тапсырма. Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінге тақырып қой. Неліктен ол тақырыпты қойғаныңды дәйекте.
2. Диалог қандай жағдаятқа арналған?
3. Диалог қандай мақсатта құрылған?
4. Хабарламалық диалогтің ерекшеліктеріне қарай талдап, қай түріне жататынын анықта.
5. Қандай этикеттік сөз оралымдары қолданылған?

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары Анар Фазылжанмен сұхбаттасып, жаңа әліпбиге қатысты пікірін сұрап көрдік.

- Анар ханым, қазір елімізде латын әліпбиіне өтуді қолдау науқаны жүріп жатыр. Парламентте ұсынылған нұсқа жұрттың сынына қалды. Осы жағдайдан соң "латын қарпіне көшудің не қажеті бар?" деген сыңайдағы пікірлер пайда бола бастады. Бұл ненің белгісі?

- Парламентте ұсынылған латын графикасы негізіндегі әліпби жобасына қатысты, әсіресе, әлеуметтік желілерде көп сын айтылып жатыр. Оны тілтанушы мамандар бақылап отырмыз. Сыздардың ішінде кертартпа пікірлер де бар. Көшпейміз дегендер де жоқ емес. Негізінде, бұл дұрыс емес. Елбасының рухани жаңғырудағы көздеген мақсаты – ұлттың санасын жаңғырту, бізді артқа тартатын кертартпалықтан арылту. Барымызды жүйелеп, жоғымызды түгендеп, жаңа дүниелер жасап, мобильдеп, алға қарай ұмтылу. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы бізге сол жолдағы әрекетіміздің алгоритмін модельдеп берді. Сондықтан халық президенттің осы бастамасын бірауыздан қолдады. Шынайы қолдау болды. Ал латын қарпіне көшу туралы кері пікірлер халықтың бағдарламаға деген сенімін әлсірете алмайды. Біз қалай да латын графикасындағы жаңа әліпбиге көшетініміз анық. Себебі бұл – өркениеттік таңдау.

- Ел болып талқылап жатқан 25 әріптен тұратын нұсқаның біз үшін ұтымды тұсы мен кемшілігі қандай?

- Тілтанушы мамандар сарапқа салып жатқан сын пікірлер бойынша ұсынылған жобаның артықшылықтары мен қателіктерін айта кетейік. Бұл жоба, біріншіден, ықшамдылығымен ұнамды. Қазақтың төл дыбыстық жүйесінде 28 дыбыс бар, ал біз жазуда 42 әріпті қолданып жүрдік. Мына жобада 28 дыбысты таңбалау үшін 25 дара әріп қана ұсынылып отыр. Дара дегенім, 8 қосар әріп те бар. Дегенмен әріп саны дыбыс санынан кем болса, мұндай әліпби тілтанымдық тұрғыдан өте тиімді болып саналады.

<https://baq.kz/kk>

### Жазылым

5-тапсырма. «Броундық қозғалыс» әдісі. Сыныптағы 4 оқушыдан латын негізді қазақ әліпбиіне көшу туралы пікірін сұрап, жауаптарынан мәтін құрастыр.

6-тапсырма. Берілген мәтіндердің немесе «Егемен қазақстан», «Жас Алаш» газеттерінен екі диалог-сұхбатты тауып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін жазбаша талда.

Рефлексия

7-тапсырма. «Қолдорба» әдісі. Бір парақ қағазға қолдорбаның суретін салып, бүгінгі сабақтан алып кеткің келген дағдылар мен білімді сал.

### Қалыптастыру эксперимент қорытындысы

Бақылау эсперименті кезінде оқушылардың ойын толық білу мақсатында қосымша жауап нұсқаларымен берілген сауалнаманы қалыптастыру экспериментінің соңында қайта ұсындық. Ондағы мақсат – оқушылардың диалогтік сөз мәдениетіне қатысты білім, біліктерінің өсу динамикасын бақылау болды (кесте 13 / қосымша Г)

Кесте 13 - Қалыптастыру кезеңіндегі сауалнама нәтижесі

№	Сұрақ	Жауап нұсқалары	Пайыздық көрсеткіш
1	Қазақ тілін оқытудың мақсаты қандай?	Қазақ тілінің заңдылықтарын білу	5%
		Тілдік талдау жасауға үйрету	4%
		ҰБТ-дан жоғары балл жинау	18%
		Ана тілінде мәдениетті дұрыс сөйлеуге үйрету	73%
2	Сөз мәдениеті деген не?	Өз ойын анық жеткізе білуі	16%
		Сөздік қордың жеткілікті болуы	13%
		Дөрекі сөздерді қоспай сөйлеуі	14 %
		Басқа адамдармен мәдениетті қарым-қатынас жасауы	57%
3	«Диалог» дегеніміз не?	Екі адамның ауызша немесе жазбаша ойын жеткізуі	77%
		Бірнеше адамның сөйлесуі	23%
4	«Диалогтік сөз мәдениеті» деген ұғым таныс па?	Иә	89%
		Жоқ	11%

Қатысушылардың басым бөлігі қазақ тілін оқытудағы мақсат – жеке тұлғаларды ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету деп есептейді, себебі жауаптың 73%-ы өз жауабы ретінде осы нұсқаны көрсеткен. Сөз мәдениеті тұрғысынан респонденттердің пікірінше, бұл өз ойын анық жеткізу және басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетін қамтиды, қатысушылардың жауаптары сәйкесінше 57% осы нұсқаларды таңдаған. 14% пайызы жеткілікті сөздік қордың

болуы және балағат сөздерді қолданбай сөйлеу сөз мәдениетінің маңызды аспектілері деп санайды. «Диалогтік сөз мәдениеті» түсінігіне келетін болсақ, жауаптың көпшілігі (89%) бұл терминмен таныс және респонденттердің 77% диалогке қатысатын екі адамның ауызша немесе жазбаша сөйлеуін білдіреді деп санайды. Қорытындылай келе, қатысушылардың 18%-ы қазақ тілін оқытудың мақсаты – ҰБТ-дан жоғары балл алу деп санайтын көрінеді, ал аз бөлігі (тиісінше 5% және 4%) тілді оқытудың мақсаты – тіл заңдылықтарын білу немесе тілдік талдауға үйрету.

Тәжірибеге екі топ қатысты: бақылау сыныбы (БС) және эксперимент сыныптары (ЭС). Оқушыларға диалогтік сөз мәдениетін меңгеру деңгейін анықтайтын тапсырмалар беріліп, оларды орындау нәтижесі бес тілдік дағдыларын бағалау критерийі бойынша мынадай көрсеткіштерге ие болды: диалогті өрбіте алуы және диалогтің түрлеріне сай тапсырма құрастыра алуы қабілеттері бойынша екі топтың көрсеткіші ЭС-ы (85%) БС-нан (45%) қос тапсырмада да айтарлықтай асып түсті. ЭС бұл екі аспектіде айтарлықтай жақсы нәтижеде болды; диалогтік сөз түрлерін ажырата алуы және сөз тіркесін сауатты қолдана алу критерийі бойынша ЭС (79%) көрсеткіші БС-нан (45%) жоғары болғанымен, айырмашылық алдыңғы аспектідегідей жоғары емес; диалогтік сөздің тілдік ерекшеліктерін талдай алуы біліктілігі бойынша ЭС (95%) ең үлкен нәтижеде БС-нан (61%) басып озды; диалогтік сөз мәдениетінің мағыналық байланысын жете түсіну тұрғысынан ЭС (87%) нәтижесі БС (48%) қарағанда 1.8 есе жоғары болды. Жалпы айтқанда, ЭС диалогтік сөз мәдениетіне қатысты барлық бес тілдік дағдыларды бағалау критерийлері бойынша БС-нан тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсетті. Бұл тәжірибе сабақтары қазақ тілін оқыту үдерісінде интербелсенді әдістер мен тәсілдердің тиімді қолдану нәтижесінде оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін меңгеруіне оң ықпал еткенін көрсетті (кесте 14 / қосымша F)

Кесте 14 - Диалогтік сөз мәдениетін оқытуда оқушылардың тілдік дағдыларының даму көрсеткіші

№	Тілдік дағдылар көрсеткіші	БС	ЭС
1	Диалогті өрбіте алуы	45%	85%
2	Диалогтік сөз түрлерін ажырата алуы және сөз тіркесін сауатты қолдана алуы	59%	79%
3	Диалогтік сөздің тілдік ерекшеліктерін талдай алуы	61%	95%
4	Диалогтің түрлеріне сай тапсырма құрастыра алуы	45%	85%
5	Диалогтік сөз мәдениетінің мағыналық байланысын жете түсінуі	48%	87%

Қорытынды эксперименттің нәтижесі бойынша зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытындыланды. Жоғары сыныптарда оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатында нормативтік құжаттар мен оқу бағдарламаларына, 10-11-сынып оқулығына, берілген білім

мазмұнының ұсынылуына, оқулықтың әдістемелік аппаратына талдау жасалды. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін жетілдірудің жолдары анықталды. Бақылау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалды. Зерттеу негізінде оқу құралы әзірленді. Зерттеу жұмысының нәтижелері докторлық диссертация түрінде жинақталды. Қазақ тілінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру оқытудың басты міндеттерінің бірі ретінде белгіленді.

### **Екінші тарау бойынша тұжырым**

1. Екінші тарауда жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін меңгерудің жайы талданып, диалогтік сөз мәдениеті түрлерін интерактивті әдістер арқылы оқытудың тәжірибе арқылы дәйектелуі білім алушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың жолдарын айқындауға негіз болды.

2. Қазақ тілі оқу бағдарламасы мен оқулықтардағы жаттығу-тапсырмаларды талдау барысында білім мазмұнында диалогтік сөз мәдениеті, оның тектері мен түрлері қарастырылмағаны анықталып, болашақта мазмұнға диалогтік сөйлеу мәдениетін ендіру арқылы оқушыларға тілдің функционалдық қызметін тануға жол ашатын, сөз мәдениетінің бір бөлшегі ретінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға мән беру қажеттігі белгілі болды.

3. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, диалогтік сөздің тектерін жіктеуде бірізділік жоқ екендігіне көз жеткізілді. Зерттеуші ғалымдардың басым бөлігі диалогтік сөздің түрлері мен жіктелуін қарастырған. Алайда олардың жіктеулерінде диалогтік сөздің түрлері әртүрлі, әрі мазмұндық тұрғыдан да бір-бірімен сәйкеспейді.

Зерттеу жұмысында білім алушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда қазақ тілінің теориясы мен оқыту әдістемесі ғылымында диалогті ғылыми тұрғыдан зерттеп, бір жүйеге түсірген ғалым Ж.Т.Дәулетбекованың жіктеуі негізге алынды. Ғалым сөз өнерінің бір түрі ретіндегі диалогтің түрлерін (хабарламалық, прагматикалық, модальдық) анықтап, ерекшеліктері мен тектерін жіктеп берген. Ғалымның тұжырымдары мен жіктемелері білім алушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға арналған тапсырмалар жүйесін құрастыруда пайдаланылды.

4. Кез келген қоғам мүшесінің жаңа ортаға кірігуі алдымын оның тіл табыса алу қабілетіне, қажет болған жағдайда кесімді пікір айтып, өзекті мәселенің ұтымды шешімін табар ұшқыр ойды көпшілік ортасына сала алатын қабілеттердің тұлға бойында көрініс табуымен байланысты. Сондықтан коммуникативті, креативті, сыни ойлай алатын тілдік тұлғаны қалыптастыруды топта, ұжымда жұмыс істеу арқылы қол жеткізуді көздейтін, 21 ғасырдың «икемді дағдыларына» басымдық беретін 4К моделі оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылды.

5. Диалогтік сөз мәдениетін оқытуда дедуктивті және индуктивті әдістерді сабақтың әдістемелік мақсатына орай интерактивті оқыту әдісі ретінде қолдануға болады. Білім беруде бұрыннан қолданылып келе жатқан бұл әдістер диалогтік сөз әдебін қалыптастыруда тиімді пайдалануға болатындығы

жаттығулар арқылы дәлелденді. Сонымен қатар оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы сөйлеу мәдениетіне тәрбиелейтін белсенді әдістер молынан көрініс тапты.

6. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда зерттеу жұмысы ұсынған әдістемелік жүйенің тиімділігі үш кезеңде жүргізілген тәжірибелік жұмыстар арқылы дәйектелді. Әдістемелік жүйенің диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға тиімді әсер еткені анықталды.

7. Жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың біз ұсыныған жаңа моделі (қосымша Д) – кешенді жүргізілген зерттеу жұмысының түпкі нәтижесі. Модельде айқындалған диалогтік сөз мәдениетін оқытудың әдістемелік жүйесі жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастыруға, білім сапасын арттыруға ықпал етеді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілін оқыту ережелер мен қағидаларды үйретумен шектелмей, ана тілінің қатысымдық қызметіне басымыдылық беріліп, сөйлеу жағдаятына сай тілдік бірліктерді таңдап, талғап қолдануға дағдыландыру оқушының тиімді қарым-қатынас жасауы үшін маңызды болмақ.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде төмендегідей түйін жасалды: диалогтік сөз мәдениетін меңгерту қазақ тілі мазмұнының ажырамас компоненті ретінде ұсынылып, білім алушылардың даралық қасиеттерін дамытатын, қалыпты ойлау шеңберінен шығып, креативті ойлауға жетелейтін, қатысымдық күзiретгiлiгiн жетiлдiретiн маңызды тетiк ретiнде жүзеге асыру қажет.

Диалогтік сөз мәдениетін меңгерту білім алушының өмірлік дағдыларын дамытудың негізгі механизмдерінің бірі ретінде қарастырылып, білім берудің тұлғалық бағытын күшейтеді, оқушы өміріндегі білімнің мәнін түсінуге септігін тигізеді. Қазақ тілін оқушының өмірге етене араласуына, өзін танып, дамуына жол ашатын әрі танымдық, әрі қатысымдық құрал ретінде ұсынғанда оқытудың жаңа мақсаттарын ендіруге, білім мазмұнын жетілдіруге және оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Жеткіншек кезеңде оқушылардың өзара тіл табысуы, мәселелерді бірлесіп шешуі маңыздылыққа ие. Тілді оқыту үдерісінде диалогтік сөз мәдениетін меңгерту жеткіншектердің өзара тиімді қарым-қатынас орнатуына ықпал ететіні сөзсіз. Олай болса, қазақ тілін оқытуда диалогтік сөз мәдениетін меңгертуге басымдылық беріп, оқытудың түпкі мақсаты білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту болып табылады. Аталған мақсатқа оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін меңгертуге бағытталған оқу әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болады. Мектепте берілетін білім мазмұны жаңа дүниені баяндап, таныстырып қана қоймай, алған білім білікке ұласатындай, оқушылардың белсенділігін арттыруға және оны шынайы өмір жағдаяттарында пайдалануға қызмет етуі қажет. Бұл талаптар ескерілсе, білім берудің нәтижесі маңыздырақ және тиімді болатыны сөзсіз. Себебі оқушылар сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, проблемаларды шешу іскерліктерін және өздерінің жеке тұлғалық дамуына ықпал ететін өзге де маңызды білік, келесідей дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік алады:

–Білімді саналы меңгертудің басты шарты – балалардың бойындағы сапалық өзгерісті, олардың өзіндік санасының қалыптаса бастауын, әлеуметтік қатынас жүйесіндегі құндылық бағдарының шешуші рөл атқаратынын ескере отырып оқыту. Жалпы білім берудің міндеті мен білім алушылардың өмірлік қажеттеліктерінің үйлесімді сабақтасуын қазақ тілін оқытудың өзегі етіп алғанда ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туады. Диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде ұсынылатын білім мазмұны оқушының диалогтік сөз түрлерін өзінің сөйлеу мақсатына сай қолдана алатындай ұсынылуы, тілдік бірліктерді таңдап қолдануы, мұғалімнің жетекшілігімен креативті ойлауға жетелейтін, қарым-қатынас мәдениетін меңгертуге бағытталған жұптық тапсырмаларды орындау диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың негізгі шарты болып саналады.

Зерттеу нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды:

1. Мектептің жоғары сыныбында қазақ тілін оқытудың нәтижесі оқушылардың икемді дағдыларын (коммуникативтілік, кретивтілік, сыни ойлау, үйлесімді жұптасып жұмыс істеу) жетілдіру арқылы диалогтік сөз мәдениетін меңгерту болып саналады. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсатын қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен ұштастыру үшін білім мазмұнына диалогтің тектері мен түрлерін оқытуды енгізу арқылы қол жеткізуге болады.

2. Қазіргі мектептердегі білім беру үдерісіне енген оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп тану парадигмасы оқушыларға тілді қатысымдық тұрғыдан меңгерту талаптарымен толық үндеседі. Өйткені оқушы өздігінен машықтанып игерген білімді ғана өмірдің кез келген жағдаятында қолдана алады. Сол себепті жетекші әрекет қарым-қатынас болып саналатын жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөздің түрлерін меңгертудің мүмкіндіктері мол. Бұл қазақ тілін оқытуда оқушылардың даралық қасиеттерін дамытуды, кәсіби бағдарлылығын күшейтуді көздейді.

3. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру оқушыларды әлеуметтендірудің бір жолы ретінде қарастыру, оқушылардың коммуникативтік және кретивті ойлау қабілеттерін жетілдірудің шарты ретінде тану, диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің арнайы ұстанымдарын нақтылауды талап етеді. Аталған ұстанымдарға сүйене отырып ұсынылған білім, білік, дағдылар жеткіншектердің ана тілін оқуға мүдделілігін оятып, диалогтік сөздің түрлерін меңгеруін, тіл арқылы әлеуметтенуін жүзеге асырады. Осыған байланысты қазақ тілін оқытуды ана тілінің қуатын пайдалану, интерактивтік оқыту, кретивтік оқыту және кәсіби бағдарлылық ұстанымдарына негіздеу оқушының тілді қатысым әрі таным құралы ретінде қолдануын дамытады.

4. Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру үшін диалогтік сөзді ұйымдастырудың факторларына сүйену маңызды. Зерттеу барысында диалогтік сөзді ұйымдастырудың мынадай факторлары белгілі болды: екі адамның сөйлесуі; жағдаят, сөйлеу оқиғасы; сөйлеу мақсатының болуы; өзара пікірлесу.

5. Оқушының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру біртұтас әдістемелік жүйенің жасалуын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұны оқушының қарым-қатынасына негізделіп, белсенділігін арттыратын, күнделікті сабақ барысында алған білім, білік және дағдыларын өмірде кездесетін жағдаяттарда қолдану арқылы әлеуметтенуге жол ашатын білім алушының өз өмірімен байланысты, қатысымға жетелейтін диалогке құрылған жағдаяттық мәтіндер, шығармашылық жұмыстар арқылы беру тиімді болмақ.

6. Жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда интербелсенді әдістер арқылы орындалатын диалогтік тапсырмаларды кешенді ұйымдастырудың тиімділігі жоғары болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілде №319-III Заңы (ҚР 03.27.2023ж. № 216-VII сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- 2 Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» // II сессия VII сайланым Қазақстан Республикасы парламенті сенаты қызметінің қорытындылары. – 2021. –қыркүйек – 27. [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)
- 3 Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы// Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030>
- 4 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> в
- 5 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. 15.04.2020.
- 6 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>. 14.03.2022.
- 7 Assessment of Transversal Competencies: Policy and Practice in the Asia-Pacific Region Bangkok: UNESCO Bangkok, 2016, 50p. Retrieved from <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000246590> 23.02.2023
- 8 Partnership for 21st Century Skills (2009). A Framework for Twenty-First Century Learning. Retrieved from <http://www.p21.org/> 11.01.2023
- 9 Meunier, F., & Granger, S. A dialogic approach to language teaching: From theory to practice // Language Learning Journal, Taylor & Francis online. – 2020.– № 48(1). – P.101-115.
- 10 Выготский Л. С. Педагогическая психология. / под ред. В.В.Давыдова. – М.: АСТ Астрель: Хранитель, 2008. – 672с.
- 11 Якубинский Л.П. О диалогической речи . Избранные работы: Язык и его функционирование / Отв. ред. А.А.Леонтьев. – М.: Наука, 1986. – С. 17–58.
- 12 Саломатова К.И Проблемы обучения диалогической речи // ИЯШ, – М.: Просвещение, 1967. – С.29
- 13 Әмір Р. Қазіргі қазақ тілі құрмалас сөйлем жүйесі.– Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 110 б.
- 14 Оразбаева Ф. Шығармалар жинағы. Тілдік қатынас. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. – 584 б.

- 15 Мешімбаева Б.Ш. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: п.ғ.к. ... дисс. Алматы, 1999. – 163 б.
- 16 Әлметова Ә.С. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007. – 316 б.
- 17 Дәулетбекова Ж.Т., Рай Қ.М. Сөйлеу білу – өнер. – Алматы, 2013. – 120 б.
- 18 М.Балақаев, М.Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: «Зият Пресс», 2006ж. – 140б.
- 19 Сыздықова, Р. Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты.– Алматы: Ғылым, 1970.– 175 б.
- 20Қабдолов З. Сөз өнері– Алматы, 1983. – 365 б.
- 21Қордабаев Т.Р., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 2004. – 120б
- 22Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. – Алматы: «Арыс», 2010. – 640 б.
- 23Манкеева Ж.А. Х. Досмұхамедұлының тұлғасын танудың тілдік негізі //Тілтаным – Алматы, 2013. –№ 1 – 43-48 б.
- 24Уәлиев Н.. Сөз мәдениеті. – Алматы «Мектеп», 1984ж. – 117б.
- 25Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с
- 26Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М., 2003. – 280 с.
- 27Қалиұлы Б. Дискурс және оның тілдік бірліктері // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 27– 28 мамыр 2011. 1-том. – Ақтөбе, 2011.– 8-14б.
- 28Дейл Х. Шунк. Оқыту теориясы. Білім беру көкжиегі. / Жетінші басылым. 2016 by Pearson Education, Inc. or its affiliates.»Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. – Астана, 2019. – 608 б.
- 29Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность : учебное пособие /2-е издание, стереотипное. – М.: Смысл Академия, 2005. – 352 с.
- 30Қазақстан–2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы / Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – 11.10.1997 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030>
- 31Жұбаева О. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы / құраст. О. Жұбаева – Астана: Алаш Орда, 2017. – 752 б.
- 32Berkinbayeva G.O. Communicative approach to language teaching in methodology of F.Sh.Orazbayeva’s works //ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология» ғылымдары сериясы. – Алматы, 2020. – №4(74). – 364-367 бб.
- 33The Cambridge Dictionary of Philosophy <https://doi.org/10.1017/CBO9781139057509> – online by Cambridge University Press, 2015.– P. 234 – 292
- 34Философиялық сөздік. Редкол: Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энци. баспасы. 1996. – 525 б.
- 35Oxford dictionary of Politics. – Iain McLean & Alistair McMillan. – 2016.– P.778.
- 36Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 616 б.

- 37 Oxford Dictionary of Sociology – Fourth Edition John Scott Current Online Version – 2015 [DOI:10.1093/acref/9780199533008.001.0001](https://doi.org/10.1093/acref/9780199533008.001.0001)
- 38 Collins English Dictionary – 13th Revised Edition., 2018.– P. 2336. <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english>
- 39 Тіл білімі терминдерінің орысша–қазақша сөздігі. С.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов. – Алма-ата. Қазақ ССР–нің «Ғылым» баспасы, 1966. – 211 б.
- 40 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3 том. / Жалпы ред. басқарған А.Ы.Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1978. – 735 б.
- 41 Тіл білімі сөздігі /Жалпы ред. басқарған проф. Э.Д.Сүлейменова.– Алматы: Ғылым, 1998.– 540 б.
- 42 Қазақ тілі энциклопедия / Қазақстан даму институты.– Алматы: Жедел басып шығару баспаханасы, 1998.– 508 б.
- 43 Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. – 344 б.
- 44 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. /Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 45 Әлеуметтік лингвистика сөздігі / Абасилов А. – Алматы, 2016.– 168б.
- 46 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
- 47 Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы /Құрастырған: С.А.Итеғұлова, А.Қ.Қожахмет. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру- әдістемелік орталығы. – Алматы, 2016. – 150 б.
- 48 Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Эстетика, 1972. – 363 с.
- 49 Скалкин В.Л.Обучение диалогической речи на материале англ. языка. – Киев: Рад. – Шк., 1989. – 156 с.
- 50 Гойхман О. Я., Т. М. Надеина. Речевая коммуникация. Учебник (в соав. и под ред.). – М.: ИНФРА, 2008. – 272 с.
- 51 Коллектив. Личность. Общение: Словарь социально-психологических понятий В. С. Агеев, С. П. Безносков, В.А.Богданов и др./Под ред. Е.С.Кузьмина, В. Е. Семенова Л. – М.: Лениздат, 1987. – 144 с.
- 52 Ладыженская Т.А., Педагогическое речеведение. Словарь–справочник – М.: Наука, 1998. — 312 с.
- 53 Әмір Р. Жай сөйлем синтаксисі: оқулық /әл-Фараби атын. ҚазҰУ.– толық., өңд. – 2– ші бас. – Алматы: Қазақ уни-ті, 2003.– 198 б.
- 54 Щерба Л. В. Фонетика французского языка. – М.: Книга, 2013.– 308с.
- 55 McKee R. Dialogue: The art of verbal action for page, stage, and screen. – Hachette UK, 2016. – P. 336.
- 56 Collins COBUILD Advanced Learner’s Dictionary. – Ninth Edition. Collins Cobuild, 2018. – P.1968 <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/discourse> 26.02.2023
- 57 Бенвенист Э. Общая лингвистика / ред.– сост. Ю. С. Степанов ; пер. Ю. Н. Караулов. – М.: Едиториал УРСС, 2002. – 436 с.

- 58 Хабермас Ю. Философский дискурс о модерне.– М.: Весь мир, 2003.– 416 с.
- 59 Николаева Т.М. Краткий словарь терминов лингвистики. – М.: Прогресс, 1978. – 480 с.
- 60 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы: Экономика, 2007. – 450 б.
- 61 Әуезов М. шығармаларының елу томдық толық жинағы. /М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014. – 424 б.
- 62 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы: оқу құралы. Т.4. – Орал, 2010. – 312 б.
- 63 Ильясова Н.А. Тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні. Ғылыми монография. – Алматы, ТОО «Нұр– ДИАс баспасы», 2017. – 328 б.
- 64 Кәрімов Х. «Диалектология және әдеби тіл тарихы мәселелері» – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 290 б.
- 65 Креативті педагогика. Болашақ мұғалімдер үшін оқу құралы. /Құраст.: Беркімбаев К. және т.б. – Түркістан: Қ.А.Ясауи ат. ХҚТУ, 2018. – 300 б.
- 66 Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация.– Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
- 67 Олпорт Г. Становление личности: Избранные труды. Пер. с англ. Л.В.Трубицыной и Д. А. Леонтьева / под общ. ред. Д. А. Леонтьева. – М.: Смысл, 2002. – 320 с.
- 68 Роббинс С., Джадж Т. Ұйымдық мінез-құлық негіздері, 14-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.– 488 б.
- 69 Биекенов К., Садыров М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
- 70 Жарықбаев Қ.Б. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь баспасы, 2006. – 387 б.
- 71 Тәжібаев Т. Жалпы психология: оқу құралы /алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған Қ.Жарықбаев, Ж.Түрікпенұлы, Т.Тәжібаев. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 240 б.
- 72 Тугаринов В.П. Природа, цивилизация, человек. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1978, – 128 с.
- 73 Chamorro-Premuzic T. Personality and individual differences. – John Wiley & Sons, 2016.– p. 483.
- 74 Потебня, А. А. Мысль и язык. Избранные работы – М.: Издательство Юрайт, 2019. – 238 с.
- 75 Вайсгербер Й.Л. Родной язык и формирование духа / пер. с нем. 2-е изд.– М.: Едиториал УРСС, 2004. – 232 с.
- 76 Виноградов В.В. Избранные труды: О языке художественной прозы. – М.: Наука, 1980. – 360 с.
- 77 Богин Г. И. Современная лингводидактика: Учебное пособие. – Калинин: КГУ, 1980. — 61 с.



- 78 Богин Г.И. Концепция языковой личности: Автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Ленинград, 1982. – 31 с.
- 79 Чудинов, В. А. Проблемы языкового субъекта/ Режим доступа: <http://chudinov.ru/problema-yazykovogo-subekta> Дата обращения: 02.02.2019.
- 80 Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері //Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы).– Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.
- 81 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 311 б.
- 82 Абдуллина З.А. Балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы (Б.Сокпақбаев, М.Гумеров, М.Қабанбаевтың шығармалары бойынша) // Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2008.– 24 б.
- 83 Қожахметова Ф.Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2004. – 124 б.
- 84 Имашева Г.Е. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі». Фил. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2009.– 56 б.
- 85 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі. Фил. ғыл. докт. автореф. – Алматы, 2009. – 303 б.
- 86 Хасанұлы Б. Махамбеттің тілдік тұлғасы. Әлеуметтік лингвистиканың сыр- сипаты // Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 230– 235 б.
- 87 Караулов Ю.Н. Русская языковая личность и задачи ее изучения // Язык и личность. – М., 1989. – С. 129– 140.
- 88 Hymes, D.H. Ways of speaking. In R. Bauman & J. Sherzer (Eds.), Explorations in the ethnography of speaking Cambridge: Cambridge University Press., 1974. – P. 433–452.
- 89 Зотов А.Ф. Современная Западная философия. – М.:Высшая школа, 2012. – 454 с.
- 90 Gilford J. P. Creative talents: Their nature, uses and development /J.P.Gilford. – Buffalo: New York, 1986. – 360 p.
- 91 Айталы А. Ұлттың ең басты қуаты – оның ішкі бірлігі. // Elana. – 2018. №3 <https://elana.kz>.
- 92 Кюхельбекер В.К. Путешествие. Дневник. Статьи – Издание подготовили Н.В.Королева, В. Д. Рак – Ленинград: Наука, 1979. – 789с.
- 93 Қанатты (нақыл) сөздер: <https://www.zharar.ru/kz/quote/35542-uezov.html> 15.06.2020
- 94 Ұлағатты сөздер <https://bilim-all.kz> 23.02.2023
- 95 Білімділер сайты bilimsite.kz <https://bilimsite.kz> 10.10. 2022
- 96 Жарықбаев Қ.Б. Ақылдың кені. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.
- 97 Южанинова Е.В. Гуманистическая концепция Вильгельма фон Гумбольдта: к 250-летию со дня рождения. – Нижний Тагил: Историко-педагогический журнал. – 2017. – №. 2. – С. 36-50.
- 98 Ана тілі туралы даналардан жеткен сөз <https://martebe.kz/ana-tili-turaly-danalardan-zhetken-s-z/> 24.11.2020

- 99 Абайдың қара сөздері – <https://laro.kz/abai-kara-sozder/> 10.10. 2022
- 100 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шыңғыс хан шежіресі - Abai.kz <https://abai.kz/post/13422> 15.10. 2021
- 101 С. Пинкер. Тіл – инстинкт: тіл мен сана туралы жаңа ғылым. – ауд.: Ш.Құрманбайұлы, С. Абдрасилов, С. Иманбердиева; жауапты шығ. С.Үркінбаев.– Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019.– 383 б.
- 102 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
- 103 Мамиков Ғ. «Біздің қазақ баласында не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі хақында біраз кеңес» // Айқап газеті. – 1915. – №1.
- 104 Айтбайұлы Ө. Мемлекет құрушы ұлтқа тән елдік келбет.// <https://egemen.kz/article/17101-memleket-qurushy-ultqa-tan-eldik-kelbet> 15.12.2011.
- 105 Күмісбайұлы Ш. Тілді құрметтеуді Ғабеннен үйренсек... <https://anatili.kazgazeta.kz/news/9392> 24.05.2012
- 106 Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. //Құраст.: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиев, Ж.Сандыбаев. –Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 656 б.
- 107 Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр–1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. –Алматы: Атамұра, 2012. – 344 б.
- 108 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 35-36
- 109 Аймауытов Ж. Шығармалары: алты томдық шығармалар жинағы / Ж.Аймауытов, Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Алматы: Ел шежіре, 2013.– 384 б.
- 110 Дегтярев С.Н. Качественные и количественные методы в педагогическом исследовании креативных способностей учащихся. –М.: Образование и наука, 2013. 1(3): С 3– 13. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2013-3-3-13>
- 111 Дружинин В. Н. Психодиагностика общих способностей. М.: Академия, 1996. – 224 с.
- 112 Berkinbayeva G. et al. 4C-based learning model as an effective tool in language classrooms: the case of Kazakh schools //International Journal of Innovation and Learning. – 2023. – Т. 34. – №. 1. – P. 81-95.
- 113 Беркинбаева Г.О. Диалогтік сөз мәдениетін меңгертуде интерактивтік әдістерді пайдалану жолдары //»Globally Interconnected: New Opportunities And Challenges For Sustainable Development» атты IV халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция материалдар жинағы. – Алматы,– 2023. – P. 254-256
- 114 Янутш О.А. Дидактика Я.А.Коменского как философско-культурологический проект» детства» //Общество. Среда. Развитие (Terra Humana). – 2019. – №. 4 (53). – С. 68-71.
- 115 Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б



- 116 Ушинский К. Воспитание человека. Избранное. – М.: Карапуз, 2000.– 210с
- 117 Беркинбаева Г.О., Исаева Ж.И. Психология ғылымындағы диалогтің зерттелу жайы //Еуразия Гуманитарлық Институты Хабаршысы. «Педагогика» сериясы. – Астана, 2019. – №1. – 171-174 б.
- 118 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.– 581 б.
- 119 Мұқанов М. Педагогикалық психология очерктері. Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы. – Алматы, 1962.– 211 б.
- 120 Божович Л.И. Проблемы формирования личности.– М.: Воронеж, – 2001.– 352 с.
- 121 Дәулетбекова Ж.Т., Ж.И.Исаева, А.Ш.Ермекбаева. тілді оқыту мотивациясы. Оқу құралы. – Алматы, 2018. – 206 б.
- 122 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. – М., 1983. – 192 с.
- 123 Watt, H. M. G., & Richardson, P. W. Motivational factors influencing teaching as a career choice: Development and validation of the FIT-Choice scale. //Journal of Experimental Education, Taylor & Francis online, 2007.– 75(3), P.167–202.
- 124 Berkinbayeva, G., Dauletbekova, Z., The significance of dialogue speech in native language teaching classrooms – Қазақ ХҚЖӨТУ Хабаршысы.– Педагогика сериясы.– Алматы, 2022.– № 4 (67) – 186-199 б.
- 125 Wentzel K. R. Peer relationships, motivation, and academic performance at school. // Handbook of competence and motivation Guilford Publications. – 2017. P.279–296
- 126 Issayeva Z., Berkinbayeva G., Kanalbekkyzy A. T. The significance of communicative approach in teaching dialogue speech //Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems. – 2019. – Т. 11. – №. 5. – P. 419-426.
- 127 Zhubanova Sh., Berkinbayeva G., Meirbekova G. Digital educational content as an innovative pedagogical technology and its didactic potential in the foreign language professionally oriented teaching. // Ad alta– journal of interdisciplinary research, – The Czech Republic: Magnanimitas Assn, 2018.– P. 57-67.
- 128 Қазақ тілі: Жалпы орта білім беру деңгейінің гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015.– <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>
- 129 Уәли Н.М., Қыдырбаев Ө.І. Қазақ тілі. Сөз мәдениеті: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт.– Алматы: Мектеп, 2006. – 264 б.
- 130 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Есмағанбетова Ш. «Қазақ тілі сөз мәдениеті және шешендік»: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, 2007.– 223 б.
- 131 Беркинбаева Г.О., Исаева Ж.И., Бұғыбаева Ж.Б. Тілді оқытуда оқушылардың диалогтік сөз мәдениетін жетілдіру //Қазақстанның ғылымы

мен өмірі.– Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал.– Астана. 2017. – №5 (49). Б. 70– 74.

132 Berkinbayeva G.O., Issayeva Zh.I., Dauletbekova Zh.T. The importance of communication requirement in teaching dialogic speech // Innovation And Global Issues, In Social Sciences III Congress book.– Antalya, 2018.– P. 943-949

133 Рауандина А.Қ. Оқушылардың тілдік функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Монография. – Алматы: Балауса, 2018.– 165 б.

134 Berkinbayeva .O. Bugybayeva Zh.V. Students’ engagement in collaborative pair work //»Сөз Мәдениеті: Ғылым. Білім. Әдістеме» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық семинардың материалдар жинағы. – Алматы, 2021.– Б. 208-212

135 Москальская, О. И. Грамматика текста. – М.: Высшая школа, 1981. – 183 с.

136 Орлова М.Н. Структура диалога в современном русском языке: авторефер.... канд.филол.наук. – Саратов, 1968.– 17с.

137 Власова Т.М. Функционально-семантические типы реплик-реакции в диалоге пьес среднеанглийского периода: авторефер.... канд.филол.наук. – Ленинград, 1980.– 27 с.

138 Томанов М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырмалар. – Алматы, 1983.– 466 б.

139 Қаңлыбаева Ж.С. Коммуникативті акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі. Филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 24 б.

140 Филатов В.М. Теория и практика раннего обучения иностранным языкам : Для пед. колледжей, яз. педвузов / Филатов В.М., Филатова Г.Е.; Под общ. ред. В.М. Филатова; Рос. акад. образования. Юж. отд-ние. Образоват. центр «АНИОН». – Ростов н/Д.: Anion, 1999. – 383 с.

141 Перкас С.В. Учебный диалог на уроках английского языка// Иностранные языки в школе, – М.: Просвещение – 2000. – № 5, – С.6

142 Фазлов Р.Л. Проект на уроках иностранного языка// Иностранные языки в школе, – М.: Просвещение, 2002.– № 6. – С. 35-36

143 Иманғалиева Г.С.Типология диалога (на материале казахского и русского языков). 10.02.01-русский язык.10.02.02-казахский язык: автореф.дис.на соиск.учен.степ.канд.фил.наук. – Алматы, 1999. – 26 с.

144 Әбдіғалиев С. 5-класта неміс тілін оқыту – Алматы: Рауан, 1993. – 108 б.

145 Нұрғали С. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі үстеулерін ғылыми әрекеті арқылы оқыту әдістемесі (заң факультеті орыс бөлімінің жалғастырушы топтары үшін): пед.ғыл.канд. ...автореф.: 30.10.03.– Алматы: Абай ат. АлМУ, 2007.– 27 б.


146 Кинжекова Р.С. Жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде есімдіктерді оқытуда қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырудың теориялық негіздері: пед.ғыл.канд.,.... диссерт. – Алматы: Абай ат. АлМУ, 1998.– 141 б.

147 Соловьева А. К. О некоторых общих вопроса диалога// Вопросы языкознания, 1965.– №6.– С. 103-110.

- 148 Володин Н.В. Аффективный учебный диалог// Иностранные языки в школе. – М.: Просвещение, 1971, №4. С. 8-23
- 149 Әлметова Ә.С. Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздері, пед.ғыл.докторы ғыл. дәр. алу үшін дайын.диссертация. – Алматы, 2007. – 14 б.
- 150 Ильясова Н.А. Тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні. Ғылыми монография. – Алматы, ТОО «Нұр-ДИАС баспасы», 2017. – 328 б.
- 151 Беркинбаева Г.О. Қазақ тілін сабағында диалогтік сөз мәдениетін оқытудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі. // «Сөйлеу мен Тілдегі Сөз: Филология Ғылымындағы Қазіргі Зерттеу» атты VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. – Кокшетау, 2023.– Б.278– 283
- 152 Yelubayeva, Perizat & Mustafina, Aliya. 2020. Developing Kazakh students' intercultural awareness and communication through collaborative technologies. *European Journal of Language Policy*, Liverpool University Press, – 12(2). – P. 235–255.
- 153 Grevemeyer, Bernard, Larry Betance, and Elpida Artemiou. «A telephone communication skills exercise for veterinary students: experiences, challenges, and opportunities.» *Journal of Veterinary Medical Education*, University of Toronto Press, 2016, – 43(2). – P.126-134.
- 154 Беркинбаева Г.О. Диалогтік тілдесімді ұйымдастырудың негіз ұстанымдары //ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2019.– №3(69). – Б. 30-34
- 155 Dauletbekova, Z., Berkinbayeva, G., Meirbekova, G., Yelubayeva, P., & Shalabayeva, Z. Experimental system of learning the culture of dialogue speech through 4c modeling skills in education. *Talent Development & Excellence*. Germany: IRATDE, 2020, – 12(2s), – P. 3051-3060
- 156 Simpson, Ray M. *Creative imagination*. // *The American Journal of Psychology* – University of Illinois Press, 1922. – P. 234-243.
- 157 Abraham, Maslow. *Motivation and personality*. – New York: Harper & Row, Publishers, 1954. – 335 p.
- 158 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2009.– 263 б.
- 159 Оразбаева Ф.Ш. Шығармалар жинағы. Деңгейлік қазақ тілі. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. – 558 б.
- 160 Gelman, A., & Hill, J. *Data analysis using regression and multilevel / hierarchical models*. Cambridge University Press. – 2019


## ҚОСЫМША А

Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныбына арналған оқулықтардағы тапсырмалардың сандық-мазмұндық сипаты



Сурет А.1 - 10-сыныбына арналған оқулықтардағы тапсырмалардың сандық-мазмұндық сипаты

Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныбына арналған оқулықтардағы тапсырмалардың сандық-мазмұндық сипаты



Сурет А.2 – 11-сыныбына арналған оқулықтардағы тапсырмалардың сандық-мазмұндық сипаты

## ҚОСЫМША Ә


Бақылау кезеңіндегі сұхбат-сауалнама нәтижесі




Сурет Ә.1 - Қазақ тілін оқытудың мақсаты



Сурет Ә.2 - «Сөз мәдениеті» дегеніміз...




Сурет Ә.3 –«Диалог» дегеніміз ...



Сурет Ә.4 –«Диалогтік сөз мәдениеті» деген ұғыммен таныспын

## ҚОСЫМША Б


### Диалогтік сөз мәдениеті туралы сауалнама



Сурет Б.1 - Сауалнама нәтижесі

## ҚОСЫМША В

### Диалогтік сөз мәдениетін меңгеруде қолданылатын интерактивті әдіс-тәсілдер




Сурет В.1 - Мұғалімдерге арналған сауалнама нәтижесі




## ҚОСЫМША Г

### Қалыптастыру кезеңіндегі сауалнама нәтижесі




Сурет Г.1 - Қазақ тілін оқытудың мақсаты



Сурет Г.2 -Сөз мәдениеті дегеніміз ...




Сурет Г.3- Диалог дегеніміз



Сурет Г.4 - «Диалогтік сөз мәдениеті» деген ұғыммен таныспын

## ҚОСЫМША Ғ


### Диалогтік сөз мәдениетін меңгертудегі тілдік дағдылар



Сурет Ғ.1 - Оқушылардың тілдік дағдыларының көрсеткіші

## ҚОСЫМША Д

Жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру жүйесі



Сурет Д.1 - Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру моделі

## ҚОСЫМША Е

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Түркістан облысы, Кентау қаласы

Ыбырай Алтынсарин атындағы №1 мектеп-гимназиясы

«Бекітемін»

Түркістан облысы, Кентау қаласы

«№1 мектеп-гимназия» КММ

директоры М.О.Аманжолов

« 25 » 04 2019

### ЕНДІРУ АКТІСІ

Біз төменде қол қоюшылар, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Филология факультетінің «БД011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Г.О.Беркинбаеваның «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының 10-11 сынып оқушыларына «Диалогтік сөз мәдениеті» атты қосымша таңдау курсы, қосымша кесте бойынша оқу үдерісіне енгізілгенін растаймыз.

Оқыту үдерісінде оқушылардың білім деңгейін, тілдік дағдыларды дамыта отырып, болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында әртүрлі тақырыптық тапсырма-жаттығулар жүргізілді. Таңдау пәні мазмұнына сай теориялық материалдар мен жаттығу тапсырмалары қазақ тілінің танымдық, коммуникативтік қызметіне сай мәдени сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, сыпайы әрі ұтымды диалогтік қарым-қатынас талаптарымен ұштастырылған прагматикалық іскерліктерді қалыптастыруға бағытталған. Диалогтің тектері мен түрлеріне байланысты ғылыми тұжырымдар олардың әрқайсысының мақсатын, тілдік-құрылымдық ерекшеліктерін ажырата алуға бағыт берді.

Г.О.Беркинбаеваның ғылыми-әдістемелік жұмысын оқу үдерісіне қосымша таңдау курсы ретінде қосымша кесте бойынша енгізу жалпы білім беретін мектептердің жоғарғы сынып оқушыларына «Диалогтік сөз мәдениеті» атты таңдау пәні ретінде енгізілді

Қалалық білім бөлімінің әдіскері

Т.Н.Асанов

Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Г.Кеншембаева

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

А.Дайрабасва

с и

Сурет Е.1 – Ендіру актісі